[2] Мастер Даулет-Нийаз Серкеш-байуглы из рода адай кырыкмылтык. Мастер, известный в западном регионе Казахстана, строитель многих известных купольных мавзолеев. Его имя упоминается в кулпытасе под № 43, на мавзолее под инв. № 47 – мазар № 5.

Примеч.: Слово «уста» записано в двух формах: اوسطا [Ūsṭā] и اوسدا [Ūsdā].





Рис. 4. Мазар №3. Работы Уста Даулатнийаз Серкешбайуглы и Уста Алдарбай.

Кулпытас религиозного деятеля Иклас-Максыма, сына Иламан-Хаджжи (Инв. № 31) (Рис. 5). В конце эпитафии указано имя мастера Чуфа, сын Даулат-Нийаза.

Эпитафия	Перевод:
ادای روغی قرق ملتق طایفهسی تو رده غول بولمی ایلامن حاجی اوغلی ایقلاس ماقسم وفات بولدي ۳۳ یشنده ۱۳۰۲ نجي یلده بتلدی عملی چوفه ابن داولت نیاز	[Усопший-представитель] рода адай, племени кырыкмылтык, отделения турдыгул, Иламан-Хаджжи, сын Иклас-Максыма скончался в возрасте 33 лет. Запись нанесена в 1302/1884-1885 году. Работа Чуфа ибн Даулет-Нийаза.



Рис. 5. Кулпытас религиозного деятеля Иклас Максыма сына Иламан Хаджжи

Кулпытас № 43. [рис. 6]

Эпитафия	Перевод
ادای روغی قرق ملتق طایفه سی جراس بولمی سا... مس بلاسی خدای نظر حلالی منار با یبجه وفات ۷۶ یاشنده یازدی بلاسی موسی بای مرزا ۱۲۹۷ نچی یلده یازغوچی اوستاد دولت نیاز ابن چرکاچ بای و ینه یازغوچی مولا قلان ملانظر اوغلی ده ب بلاسز	[Усопшая-представительница] рода адай, племени кырыкмылтык, отделения жарас, Мунар Байбиче, супруга Са…мыса, сына Худай-Назара, скончалась в возрасте 76 лет. Ее сын Муса-бай Мырза нанес (эту) надпись в 1297/1879-1890 году. Знайте, что исполнитель – Устад Даулет-Нийаз ибн Черкач-бай. (Другой) исполнитель – Маула/Мулла Кулан, сын Мулла-Назара.

Имя отца Уста Даулет-Нийаза – Серкеш-байа на памятниках №3 и 47 дано в форме سركش باى [Серкеш-бай], в данном случае – چركاچ [Черкач-бай].



Рис. 6. Кулпытас работы Уста Даулатнийаза и Маула Калан Мулланазар

Как правило, эпитафии в своей начальной части (сар-лауха) имеют коранические *айаты*, и каждому региону свойственно определенный набор коранических формул и цитат из *хадисов*. Однако в некрополе Даут-Ата зафиксировано незначительное количество кулпытасов, где эпитафии начинаются с *басмалы или айатов Корана: №* 30, 32 (внутри мазара), 39, 40, 42, 72. Вместо этого, в некрополе Даут-Ата в большинстве случаев эпитафии начинаются с упоминания родовой принадлежности усопшего. Редко встречаются цитаты из *хадисов*, которые обычно пишутся по бокам кулпытасов. В Даут-Ата мы зафиксировали их в памятниках под № 3 и 5. При этом памятники, где эпитафии начинаются со слов «ал-мархум ал-магфур» (прощенный, помилованный) всего два: № 5 и 6. Кроме этого, в некрополе не были зафиксированы памятники вместе с *марсийа*, или стихами, посвященными покойному. В эпитафиях упоминаются имена мастеров-каменщиков, построивших данное здание или изготовивших данный култытас: Уста Даулет-Нийаз Серкеш-байуглы в памятниках №12, 28, 34, 43, 47; Уста Утали Ажибекуглы (№ 12); Алдарбай Уста (№ 28); Джуфа ибн Даулет-Нийаз (№ 31); Жылкычы Кудайбергенулы (№ 31), Уста Бал-Мухаммад ибн Калак … (№ 39).

Следует отметить, что памятники некрополя Даут-Ата не отличаются от памятников Западного региона Казахстана по своей архитектуре, оформлению, содержанию надписей и т. д. Здесь работали одни и те же известные мастера по постройке купольных мавзолеев, изготовлению кулпытасов. Всего мавзолеев в некрополе Даут-Ата пять (5), и они были пронумерованы участниками экспедиции под инвентарными номерами 12, 13, 28, 32, 47. По установленным правилам, сначала комплекс должен быть закреплен на местности по координатам его местоположения по широтам и долготам. Затем была изготовлена карта расположения объектов внутри комплекса. Четыре из изучаемых мавзолеев – купольные мавзолеи, со шлемовидным куполом, а один – *саганатам*. Все мавзолеи богато украшены цветными растительными узорами, остатки которых сохранились до нашего времени. Внутри них видны цветные узоры, их надписи частично утеряны.

Мазар инв. № 12 – Купольный мавзолей, работы Уста Утали Ажибекулы.

Мазар инв. № 13. – Купольный мавзолей, внутри которого находятся стилизованные цветные ниши, разрушенный *уштас* или *койтас*; стены также начали разрушаться, плиты отходят от стен, где-то они упали со своих мест.

Мазар инв. № 28 – Купольный мавзолей, работы двух мастеров: Даулет-Нийаз Серкеш-байуглы и Алдар-бай Уста.

Сагана под инв. № 32 – (*сағанатам*) или торткулак (*төртқұлақ*) там (здание), на задней стене с внутренней стороны сохранились цветные геометрические узоры, фрагменты надписей, цитат из Корана; в верхней части врезан пояс батыра – «*қамар белдік*», на левой стене изображен раскрытый *дастархан* (чайник и четыре чашки с блюдцами), рядом самовар с чайником, внутри находится череп коня и тряпичная кукла (ритуальная?).

Мазар инв. № 47 – купольный мавзолей, работы Даулет-Нийаз Серкеш-байуглы. Внутри него имеются цветные узорные рамки. Мавзолей разрушается, сзади него плиты отошли.

Все мавзолеи и сагана построены с использованием ракушечника (*ұлутас*), видимо, доставленного из Мангыстау. Архитектор М.М. Мендикулов отметил в своей книге «Памятники народного зодчества Западного Казахстана», что большинство памятников каменной архитектуры долины реки Эмбы, Устюрта и Мангышлака было построено из ракушечника – прекрасного строительного и декоративного материала. Действительно, месторождения ракушечника повсеместно встречаются на Устюрте и Мангышлаке, но наиболее крупные из них находятся на северо-западе чинка Устюрта (в горах Желтау, Коленкели) и около форта Шевченко на Мангышлаке (Мендикулов, 1987: 147).

В некрополе очень много *койтасов, саганатамов, сандыктасов*. К сожалению, они тоже разрушаются под воздействием погодных условий, агрессивной соляной почвы. Много кулпытасов сломаны на две и более части, изъедены солью; нижние части эпиграфических надписей утеряны. Мавзолеи разрушаются: отходят их цветные узоры, падают плиты и т. д. Потребуются работы по реконструкции памятников некрополя.

На территории некрополя зафиксирована одна христианская могила с крестом и памятной надписью: Воскобойникова Владимира Викторовича (1895–1959).

Заключение

Следует отметить важность подобных экспедиционно-исследовательских работ, во-первых, для мониторинга состояния памятников культуры; во-вторых, для сохранения памятников культуры важна их фотофиксация; в-третьих, введение в научный оборот корпуса надежно датированных письменных источников в виде эпиграфических текстов заметно обогатит историческую науку новыми данными.

Материалы, собранные в ходе полевой экспедиции в Хорезмский регион, были использованы для сравнительно-сопоставительных исследований с материалами Казахстана, дагестанского и волго-уральского регионов. Также для анализа был привлечен весь существующий круг источников: данные эпиграфики, генеалогии, архивные документы, агиографические произведения, артефакты, устная историческая традиция и существующая ныне практика паломничества (зийарат) к святым местам.

Результаты осуществленной полевой экспедиции и собранные материалы показали, что эпиграфические памятники – надежный источник при проведении сравнительных исследований. Они также представляют интерес для исследователей архитектурных стилей, камнерезного искусства, символов, каллиграфии. Анализ материалов показал, что текст эпитафий имеют единую структуру, присущую для всего постзолотоордынского пространства. Однако, имеются региональные особенности, которые отражают специфику локальной культуру и традиции. Содержащиеся в надписях лексический материал, проявления социальной титулатуры имеют ценность при обобщении данных эпиграфических памятников Казахстана, дагестанского, хорезмского и волго-уральского регионов. Они обладают большими возможностями для прослеживания преемственности и трансформаций в традициях и культуре постзолотоордынских обществ.

Литература:

Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. 654 с.

Есбергенов Х. Қоңырат. Тарихый хәм мәдений естеликлери. Нөкис: Билим, 1993. – 120 б.

Қазақ батыры Дәуіт Асауұлы / Құрастырған Н.Ы. Жетпісбай, А.А. Абылаев. – Алматы, 2017. – 240 бет + 16 бет жапсырма.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. Том 3. 720 б.

Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. – Алма-Ата, Онер, 1987. 160 с., илл.

Толстов С. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук СССР (1945–1948 гг.) // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. I. Москва, 1952.

References:

Azhigali, Serik E. Arkhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kul’tury Evrazii (pamiatniki Aralo-Kaspiiskogo regiona) [Nomadic Architecture – A Phenomenon of the History and Culture of Eurasia (Monuments of the Aral-Caspian Region)]. Almaty: Nauchno-izdatel’skii tsentr «Ghylym», 2002. 654 p. [in Rus.].

Esbergenov Khojakhmet. Qonyrat. Tarihyi ham madeni estelikleri [Qongghirat. Historical and Cultural Memoirs]. Nökis: Bilim, 1993. 120 p. [in Karakalpak].

Mendikulov Malbagar M. Pamiatniki narodnogo zodchestva Zapadnogo Kazakhstana [Monuments of the Folk Architecture of Western Kazakhstan]. – Alma-Ata: Öner, 1987. – 160 p., illustrations [in Rus.].

Qazaq batyry Dauıt Asauuly [Kazakh Hero Dauit Asawoğlu] / Qurastyghan N.Y. Zhetpısbai, A.A. Abylaev. Almaty, 2017. – 240 p. + 16 p. japsyrma [in Kaz].

Qazaqstan. Ulttyq entsiklopediia [National Encyclopaedia] / Bas redaktor A. Nysanbaev. Almaty: «Qazaq entsiklopediiasynyng» Bas redaktsiiasy, 2001. T. 3. – 720 p. [in Kaz.].

Tolstov Sergei. Khorezmskaia arkheologo-ètnograficheskaia èkspeditsiia Akademii nauk SSSR (1945–948 gg.) [Khorezm Arkheological and Ethnographical Expedition of the Academy of Sciences of the Union of Soviet Socialist Republics (1945-1948 Years)] // Trudy Khorezmskoi Arheologo-Ètnograficheskoi Èkspeditsii. I. Moscow, 1952 [in Rus.].

[1]Нурманова А.Ш. [2] Медерова Д.Е. [3] Муминов А.К.

[1,2,3] Р.Б. Сулейменов атындағы , Алматы, Казахстан

E-mail: [1]anurmanova@mail.ru, [2] dina_m71@list.ru, [3]muminov9703@yahoo.com

ДӘУІТ-АТА ҚОРЫМЫНЫҢ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ: ХОРЕЗМ АЙМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Ғылыми зерттеудің мақсаты мен маңызы Хорезм аймағының ескерткіштерін зерттеу бойынша жоспарлы экспедициялар барысында жиналған жаңа материалдарды ғылыми айналымға енгізу. Материалдар Қазақстан мен көршілес аймақтардың эпиграфикалық ескерткіштерін салыстырмалы зерттеуде пайдаланылады. Дәуіт ата қорымы бұрын кешенді зерттеу объектісі болмаған, мақалада ескерткіштер әртүрлі: сәулет стилі, тас қащау өнері, символдар, каллиграфия, жазбалар мазмұны, лексикасы, жазбалар

мәтіндеріндегі әлеуметтік титулатура және т.б. параметрлері бойынша зерттелді. Мақаланың ғылыми міндеттері Хорезм өңірі құлпытастарының түпнұсқа мәтіндерін оқу, аудару, фотофиксация жасау және жаңа материалдарды пайдалана отырып ғылыми түсініктеме беру. Мұндай зерттеулер тек исламтанушылар, шығыстанушылар үшін ғана емес, сонымен қатар империялық тарих пен ғылымның әртүрлі аспектілерімен айналысатын славянтанушы ғалымдар үшін де маңызды. Авторлар тарихилық, объективтілік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігі және тарихи-мәдени процестерді зерделеудегі диалектикалық көзқарас принциптерін ұстанды. Негізгі нәтижелер мен талдау, зерттеу жұмысы бойынша қорытындысы – ол Дәуіт ата қорымы зерттелді, онда 88 эпиграфиялық жазба оқылды. Тайпалар, таңбалар, хиджри және милади жылдары, безендіру, тас қашаушы шеберлердің есімдері туралы статистика жасалды.

Алғыс: Мақала ЖТН BR18574063 «Алтын Ордадан кейінгі қоғамның дәстүрі мен мәдениетіндегі сабақтастық пен өзгерістер (Батыс Қазақстан, Еділ-Орал, Дағыстан, Хорезм аймақтарындағы эпиграфикалық ескерткіштерді салыстырмалы зерттеу)» атты жоба аясында дайындалды.

Түйін сөздер: Хорезм, Даут-Ата қорымы, эпиграфикалық ескерткіштер, құлпытас, эпитафия, арабжазулы эпиграфика.

[1]Nurmanova A.Sh. [2]Mederova. D.E. [3]Muminov A.K.
R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]anurmanova@mail.ru, [2] dina_m71@list.ru, [3]muminov9703@yahoo.com

STUDY OF WRITTEN MONUMENTS OF THE DAUT-ATA NECROPOLIS: BASED ON THE EXPEDITION TO THE KHOREZM REGION

Abstract. The aim and significance of this research work is to introduce new materials collected during the Khorezm expedition to study inscriptions on stones in Arabic script. The materials were used for comparative study of epigraphic monuments of Kazakhstan and neighboring regions. This article analyzes materials had been fixed in one of the cemeteries in Khorezm, Uzbekistan. Field work was done by the authors of this article in the Daut-Ata necropolis. This necropolis did not become the object of any complex research before. The necropolis of Daut-Ata was investigated, where 88 epigraphic inscriptions were recorded. The new material have been studied according to various parameters: architectural styles, stone-cutting art, tamgha symbols, Arabic calligraphy, content of inscriptions, vocabulary, social titles in the texts of inscriptions, and others. The authors collected the original texts of stelas from the necropolis through their photo-fixation, translation and scientific commentary. Such research is important not only for specialists in Islamic studies, but it is also interesting for scholars in Slavic studies dealing with various aspects of imperial history and science.

Acknowledgement: This research is funded by the Ministry of Science and High Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No BR 18574063 «Continuity and Transformation in the Traditions and Culture of Post-Golden Horde Societies (Comparative Study of Epigraphic Monuments from the West of Kazakhstan, Volga-Ural, Dagestan, Khorezm Regions)».

Keywords: Khorezm, Daut-Ata Necropolis, Inscriptions, Qulpytas, Epitaph, Arabic Script

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрманова Айтжан Шаймерденқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Медерова Дина Есіркепқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы (ОИС) жанындағы Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA), бас директордың ұйымдастыру қызметі (Орталық Азия) бойынша кеңесшісі, Стамбул, Түркия.

Информация об авторах:

Нурманова Айтжан Шаймерденовна, кандидат исторических наук, главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Медерова Дина Есиркеповна, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, профессор, – Институт востоковедения имени Р. Б. Сулейменова**,** главный научный сотрудник, Казахстан, Алматы, Исследовательский центр исламской истории, искусства (*IRCICA*) при Организации исламского сотрудничества (OIC), консультант генерального директора по организационной деятельности (Центральная Азия), Стамбул, Турция.

Information about the authors:

Nurmanova Aitzhan, Candidate of History Sciences, Chief Researcher at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Mederova Dina, Candidate of History Sciences, Leading Researcher at Ramazan B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Muminov Ashirbek, Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at Ramazan B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan, Research Center for Islamic History, Art and Culture (IRCICA) at the Organization of Islamic Cooperation (OIC), Consultant to the Director General on organizational activities (Central Asia), Istanbul, Turkey.

Келіп түсті 20 сәуір 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

МРНТИ 03.19 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.54

***[1]Керім Ш. [2]Жеменей И. [3]Әмірбекова С.К.**
[1]Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Казахстан
E-mail: [1] shamshadin.kerim@mail.ru, [2]Jemeneyislam@yahoo.com,
[3]sagynysh.amirbekova@mail.ru

ҮНДІСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ДЕЛИ СҰЛТАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ МӘМЛҮКТЕР КЕЗЕҢІ

Аңдатпа. Үндістанның сан ғасырлық тарихындағы түркілердің ойып алар орны туралы жан-жақты әрі кезең-кезеңімен байыпты түрде зерделеніп, зерттеу жүргізудің біздің елде де мәні бар. Үндістандағы түркілердің билікті ұстаған кезеңдері толқын-толқын, жалғастықта болған. Мақаланың мақсаты – түркілер құрған Дели сұлтандығының мәмлүктік кезеңі дербес нысана ретінде қарастырылып, осы тақырыпқа қатысты мәліметтердің ең бастыларын іріктеп, жүйелі түрде ортаға салып, таныту көзделді. Аталмыш кезеңге қатысты мәліметтерді түгендеп, соның ішінде шет тілдеріндегі түпнұсқалық қайнаркөздерге сүйеніп, арнайы тарата сөз етіледі. Орта ғасырлардағы мұсылмандық кеңістіктегі мәмлүктік көріністер елеулі белес ретінде бағамдалып, күрделі кең ауқымды құбылыс жеке институт ретінде зерттеудің қажеттігі аталады. Зерттеудің жаңалығы – мақалада аталмыш мәмлүктік кезеңдегі ең көрнекті сұлтандар: Құтыбуддин Айбек, Шәмсуддин Елтұтмыс (1210–1236), Разия Елтұтмыс қызы (1236–1240), Ғиясуддин Белбан Үлұқ-хан (1266–1287) арнайы бөлініп, талдау өзегіне айналған. Үндістан тарихында түркілер саяси элитаға айналып, үстемдік, көшбасшылық етуімен ислам дінінің қанат жаюы мен тұрақтануына қол жеткізді, сондай-ақ жетекшілік тізгінді ұстап, мемлекет, ұлыс болып ұйысуда тарихи міндет арқалған. Зерттеуде Дели сұлтандығы тұсында өркениеттің жаңа бағытта дамып, өзіндік сыр-сипат алғаны дәйектелді, беймәлім, қолжетімсіз болып келген мағұлматтар ұсынылды. Сол дәуіріндегі жаңа стильдегі ғимараттардың салуы, сәулеттік үрдістің Делиде түрлене өрістеуі Құтыб мұнарасының мысалында баяндалады. Билік басындағы түркілердің діни ұстанымы, ислами құндылықты қадірлеуі, өнер мен әдебиетке қызығушылығы, қамқорлығы көрсетілді. Еңбек отандық тарих, шығыстанушылық, түркітанушылық саланы тың деректерімен толықтыруға септесуімен практикалық тұрғыдан пайдалы болмақ, әрі алдағы жаңа жұмыстарға қозғау салады. Алда бұл тақырыпқа қатысты үнді тарихшыларының жұмыстарын еркін игеру және сол кезеңдегі тарихи-шежірелік шығармаларды айғақтық дәйектеме ретінде молынан ұштастыра қолдана отырып жалғап, жалғастыру да ойластырылуда.

Түйін сөздер: сұлтан, Мәмлүк, түркілер, ислам, Құтыбеддин Айбек, Разия

Кіріспе

Үндістанның тарихында түркі жұртынан шыққан тұлғалар мен олардың ұрпақтарының ерекше із қалдырғанын атап өткен жөн. Дели сұлтандығын да құрған түркілер еді. Одан кейін Зәһируддин Мұхаммед Бабыр (1483–1530) және оның ұрпақтары 1858 жылына дейін Үндістанды биледі. Әйгілі қоғам қайраткері, тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) Үндістанды паналаған, 11 жыл Кашмирді билеп тұрған, осында өзінің атақты қазақ хандығының пайда болу уақытын айқындауда өте маңызды дереккөздік мәнге ие «Тарихи Рашидиді» жазған.

Үндістандағы Ислам тарихын шолғанда күреспен алғаш толықтай мойындатқан түркілік лек Ғазнауи мемлекетінің билеушілері болғанын біле аламыз. Ғазнауилерден кейін екінші рет Үндістанды қол астына қаратқан Ғур сұлтандығы (1170–1215) парсы тілді, сүнни мұсылман еді. 1206-1526 жылдар аралығында өмір сүрген солтүстік Үндістандағы дербес Дели сұлтандығының іргетасын Орта Азиялық түркі тектес ғулам(мәмлүк) Құтыбуддин Айбек қалады. Ол 1193 жылы Делиді ұрыспен басып алып, өзі құрған жаңа сұлтандықтың астанасы етті. Осы бытыраңқы елдегі географиялық тұрғысынан қолайлы мекендегі кентті Құтыбуддин Айбек тұңғыш бекініс-тірекке айналдыруы мән-маңызын арттыра бастады. Құтыбуддин Айбек Хорасаннан Үндістанның солтүстігіне дейін билік жүргізген Ғур династиясы патшалығында қолбасшылық міндет атқарған. Ол 1193 жылы Мұхаммед Ғури сұлтанның бұйрығымен (1149–1206) солтүстік Үндістанды жаулап алды. 1206 жылы Мұхаммед Ғури сұлтан қаза тапқан соң Айбек жеке дара билігін жариялады. Осылайша Делиде мәмлүк сұлтандығы дүниеге келді. Сөйтіп Үндістанда алғашқы мұсылман мемлекеті пайда болды. Бұл 1206–1526 жылдардағы Үндістандағы бұл орталықтанған қуатты тәуелсіз мемлекет «Дели сұлтандығы» деген атпен танымал. Бетбұрысты дәуірдің басында түркілердің мәмлүк сұлтандығы тұрды.

Шам мен Мысырдағы мәмлүк дәуірі, тегі қыпшақ сұлтандар, әсіресе, олардың арасындағы шоқтығы биік Байбарыс сұлтан турасында елімізде көбірек айтылғанымен, басқа елдердегі түркілік мәмлүктер, соның ішінде Үндістандағы мәмлүк сұлтандары еленбей келеді. Орта ғасырлар мәмлүктік өзгеше кезеңдік құбылыс, жеке институт ретінде уақыттық һәм кеңістік шеңбері кеңейтіле таразыланып бағалануы тиіс. Оған қосымша биыл Байбарыс сұлтанның 800 жылдық мерейтойының республикамызда ресми сипат алуы мәмлүктанушылық зерттеудің салмақтануының зәрулігін, көкейкестілігін айғақтайды. Үндістанның терең сан ғасырлық ұзақ тарихындағы түркілердің ойып алар орны туралы біздің елде де жан-жақты әрі кезең-кезеңімен байыпты түрде зерделеудің мәні бар. Соның ішінде Дели сұлтандығы, ондағы мәмлүк дәуіріне қатысты елімізде жасалған бірде-бірде жеке жұмыс болған емес. Зерттеудің мақсаты – жаңа дербес мемлекеттер құрып, қалыптастырудағы, ислам дініне дем беріп, қанатынан жаюдағы елеулі фактор Дели сұлтандығы мысалында мәмлүктердің саяси қызметін саралау.

Мақалада тек Дели сұлтандығының мәмлүктер кезеңіне қатысты мәліметтерді шет тілдеріндегі, негізінен парсы, араб, ағылшын тілдеріндегі түпнұсқалық қайнаркөздерге сүйеніп, арнайы тарата сөз етілмек.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Біз осы мақаламызда Дели сұлтандығының мәмлүктік кезеңі хранологиялық-проблемалық әдіспен арнайы мәліметтердің ең бастыларын реттелігін сақтап, тарихи себептік сабақтастықта зерделеп, жүйелі түрде ортаға сала танытуды көздедік. Мақалада Үндістандағы мәмлүк сұлтандарының ең көрнектілеріне тоқталып өту арқылы, саяси үдерістерді тізбекті мысалдармен нақтылап, көмескіленген оқиғаларды қолға түскен деректерді саралап, аша түсуді жөн көрдік. Бұл тақырыпқа байланысты еліміздегі мәліметтердің тым жұтаңдығын ескеріп, қазақ тілінде танымдық-ақпараттық жағынан молырақ жеткізуге баса назар аударылды. Айтылмыш кезеңге қатысты ұғынымды түсінік қалыптастыруды діттегендіктен идеографиялық (сипаттап-баяндау) әдісімен ахуал мен оқиғаларға және тұлғалардың тағдыры, басынан кешкендерін баяндауға тура келді, сондай-ақ тарихи-салыстырмалы талдау әдістерін қолдандық. Мақалада табантірер дереккөздер ретінде құндылығы жағынан айырықша Минһаж Сираж Жузжани (1193–1266), Ибн Батута (1304–1368/1369) жазбалары қаперге алынып, Үндістан тарихына арналған әдебиеттер, Р.Калкинс, П.Джексон, Дж Бриджбхушан, С.Кумар т.б пікірлері бағдарға ұсталды.

Халифат тұсында сатып алынған құлдар, негізінен әскери мақсатта пайдаланылған.

«Мәмлүктер» IX ғасырмен XIX ғасыр аралығында 1000 жылға мұсылман әлемінде бой көрсеткен саяси да мән бар құбылыс. Енді терминге келсек, «Мәмлүк сұлтандығы» 1250-1517 жылдар арасында Мысыр мен Шамдағы мемлекет атауы. Ал енді мемлекет атауындағы *мәмлүк* арабтың مملوك — «иелігіндегі, иесі бар» деген сөзінен шыққан. *Мәмлүк* сөзі әу баста арабтың «абд мәмлүк» тіркесінде «иеліктегі құл» мағынада жұмсалғанымен, уақыт өте келе әскери мақсаттарға пайдаланылған еріксізге, одан соң осы мәмлүктердің мемлекеттік құрылымдағы әлеуметтік-иерархиялық орындарының жоғарлауына байланысты олардың ресми титуылдарына айналған, кейін осы сөздің асқақтағаны сондай бұрын құл атанған сұлтан өздерінің титулдарына оны мақтанышпен қосатын әдет қалыптасқан(Сәки, 2006:15). Ислам мемлекеттерінің әскери құрылымдарына кірген құл аты бар түркілер әр түрлі формада болса да, сол кезеңдегі жалпы құлдық түсінік бойынша қаралмаған, керісінше ешқашан өздерін бұл төмен деп санамай, өздерін жоғары қойған.

Бұрынырақ мәмлүк ұғымының орына «ғулам» сөзі қолданғанын байқалады, бұл сөз арабтың غلام— «бала», «жасөспірім, жігіт, малай, қызметші» деген сөзі негізінен туындаған. Мәмлүк(ғулам) жүйесі тым әріден орта ғасырлардағы ислам мемлекеттеріндегі құлдық жүйеден бастау алады. Исламның қоғамдық өмірінде кездесетін құлдықтан көбірек қайтарым алу үшін олардың мәртебесіне қатысты әртүрлі құқықтар беру арқылы ғұлам жүйесі орнықты. Ислам мемлекеттеріндегі жауынгерлік құрылымның кәсіпқойлануы маула сарбаздардың ақсүйектер тобына айналдырумен жүзеге асты. Жүйе тиімді әскери күшті нығайтты әрі басқару-әкімшілік құрылымға қажетті адал, білікті әрі мықты менеджерлерді өсіріп шығарды. Аталған ерекше құбылыстың күрделі болмысын кешенді түрде тарихи, саяси, әлеуметтік және әскери әсері тұрғысынан бағамдалып, бағалануы дұрыс. Шындығында, олар билік иерархиясында көтерілген, араларында талай тұғырлы тұлғалар жарқырап шыққан. Тіпте мемлекеттердің әскери-саяси тағдырын анықтауда ықпалын тигізген. Орта ғасырлардағы Ислам тарихында, халифаттың саяси өмірінде де сандаған ғасырлар бойы мәмлүктер институты өзіндік рөл атқарған. Оған қосымша биыл Байбарыс сұлтанның 800 жылдық мерейтойының республикамызда ресми сипат алуы мәмлүктанушылық зерттеулердің салмақтануының зәрулігін, көкейкестілігін айғақтайды. Жұмыс түркілік ислам мемлекеттерінің құрылуына мәмлүктану бағытына қатысты ғылыми ізденіс аясын кеңейтіп, осыған байланысты мәліметтерді жинап, талдаумен, ой түйіндеулерімен бағалы. Еңбек шығыстану, орта ғасырлардағы Орта Азия мен Шығыс елдері тарихы, ислам тарихын зерттеу де, оқыту да теориялық-практикалық тұрғыдан пайдасы тимек.

Талқылау

Үндістандағы түркілердің билікте үстемдік еткен уақыттары қым-қуыт, қат-қабат, толқын-толқын, жалғастықта ұзаққа созылған.

Құтыбуддин Айбек (1206-1210) – Үндістандағы Дели патшалығының негізін қалаушы. Одан кейін тақта отырған мәмлүк сұлтандары:

1. Арам шаһ. Құтыбуддин Айбектің ұлы 1210-1211 жылдары сегіз ай билікте болды;
2. Шәмсуддин Елтұтмыс (1210-1236). Айбектің өгей ұлы, күйеу баласы;
3. Рукнуддин I Фируз-шах (1236). Ол бірнеше ай анасы Шаһ Түрканның қолдауымен билікте болды;
4. Разия Елтұтмыстың қызы Джалалатуддин (1236–1240) – Үндістан құрлығындағы сұлтан тағына отырған тұңғыш әйел;
5. Сұлтан Бәһрам шаһ Елтұтмысұлы Муиззуддин (1240–1242);
6. Әлауддин I Мәсуд Фируз-шахұлы (1241–1246);
7. Насыруддин I Маһмұд шаһ Елтұтмысұлы (1246–1266);

8. Ғиясуддин Белбан Ұлұғ-хан (1266-1287). Үндістан мәмлүк сұлтандарының арасындағы соңғы аса ірі патшасы;

9. Мүәззуддин Кейқобад Белбанұлы Муизаддин (1287–1290).

10. Муәззуддин Киюмәрс Шамсуддин Кейқобадұлы (1290).

Құтыбуддин Айбек

Құтыбуддин Айбек – Түркістан аймағындағы Айбек руынан шыққан. Ол жас кезінде Иранның Нишапур қаласының құл базарында саудаға түскен. 1186 жылы шамасында сол жерде қади Фәхруддин Әбдул Әзиз Куфи оны сатып алып, өз қамқорлығында тәрбиелеп, жетілдіреді. Айбек қадидің үйінде иесінің балаларымен бірге оқумен қатар оқ ату, атқа отыруға жетік машықтанады. Болашақ сұлтанның ислам қағидаларын ұстанған жан болуы осы жолдағы тәлімді бойына сіңіре өскендігін дәйектейді. Фәхруддин қайтыс болғаннан кейін Айбекті басқа саудагерге сатылады. Сол саудагер Айбекті Ғазни қаласына алып барып, сұлтан Муиззуддин (Шаһабуддин) Мұхаммед Сам Ғуриға аса қымбат бағаға өткізеді. Айбек қожаның жанында шынайы адалдықпен беріле һәм жанын сала қызмет жасай келе қысқа мерзімде сұлтанның сенімді адамына айналды. Оның шендік дәрежесінің тез көтерілгені сондай үлкен мансап болып есептелетін қызметке «атқа жауапты әмір» (амир-и ахур) болып тағайындалады. Осылайша шені көтеріле келе патшаның әскер басшысы болып тағайындалады. Муиззуддин Мұхаммед сұлтанға етене жақын болғандықтан «әзіз жан» лақабын иеленеді. Мұхаммед сұлтан дін жолындағы ғазауаттық күреске дайындауға мақсатында жасөспірім ғуламдарды(құлдарды) көптеп сатып алып, оларды тәрбиелеуге айрықша көңіл аударған.

Айбек тарихи дереккөзде «сыртқы келбеті көріксіз», алайда «рухы жоғары және қолы ашық» сипатталған (Prasad, 1931:74).

Біраз уақыт өткеннен кейін Ғур сұлтандары мен Хорезмнің Сұлтан Шаһы арасында шайқаста Айбек асқан қайсарлық танытады, жауға күш-қайратын аямай қарсы тұрады. Бірақ жанындағы әскер саны жеткіліксіз болғандықтан тұтқынға түсті. Кейінірек Ғур сұлтаны Сұлтан Шаһты жеңген соң Айбек қамаудан босатылады. Аталған ұрыста Айбек көрсеткен ерен ерлігі Мұхаммед Сам сұлтан тарапынан лайықты бағаланады. Соған орай Мұхаммед Сам сұлтан оның жеке меншігіне Күһрам аймағын сыйға тарту етеді.

Мұхаммед Сам Ғури сұлтан 1192 жылы Үндістанға жорыққа шығады. Осы жорықта Айбек оның үзеңгілесі болып жүреді. Мұхаммед Сам Дели басшысы ража Притойдан басым түсіп, ража Гандиды қуып шыққан соң Һанси, Әжмир, тағы бірнеше қаланы тізе бүктірді. Мұхаммед Сам сұлтан жеңістен кейін астанасы Ғазниге қайтып бара жатқанда Үндістандағы қосынының қолбасшысы етіп Айбекті тағайындайды. Сонда жаулап алған Әжмир және Сәмане екі қаланы Айбектің дербес билігіне тапсырады. Айбек бұл жаңа жетістігінен кейін басқару аймағын кеңейте түсіп, әуелі Мирет, кейін Дели қалаларын өз хұзырына бағындырды. Сосын Гүжратқа шабуыл жасап, мол олжаға кенеледі. Делиге қайтып оралғанда құтпаны Мұхаммед Сам сұлтанның атына оқытады. Және теңгені оның атынан соқтырады. Айбектің осындай қайрат-жігерінің арқасында сол кезден бастап Делиде ислам үкіметінің байрағы желбіреді. Айбек 1194 жылы Көлді өз қарауына иілдіреді.

1194 жылы Құннуж бен Бенарес қалаларын жаулап алуға Ғазниден Үндістанға келгенде Айбек қосынның алдағы шебінде соғысып, Бенарес ражасын тізе бүктіреді. Сол кезде Мұхаммед Самның туған баласы болмаған соң Айбекті өз перзентіндей қабылдап, оған арнап бұйрық шығарды. Айбек осы жеңістен кейін өз қосынының әмірі Бақтияр Хәләжиді Бahар мен Лəкһұнутиді қаратып алуға жөнелтті, әмірі ойдағыдай әлгі екі шаһарды бас идіреді. Айбек өзі 1195 жылы Тәһенкәрді жеңіп, Гәжрат өлкесінің Нәһрвалеге шабуыл жасап, ол жерден мол олжаны қолға түсірді. Бірақ ол аймақты өз қармағына бірден мойынсұндыра алмады. Өйткені кейбір деректер Нәһрваленің жаулап алу мерзімін 1197 жылы деп жазса, араб тарихшысы Ибн Әсир (1160–1234) сияқтылар 1202 жылы екенін қағазға түсірген.

Алайда аталған қаланы екі рет жаулаған деген топшылау да бар. Себебі Әжмир қаласында екі рет шабуылдаған еді. 1203 жылы Каленжерге басып кірді. Мұхаммед Сам сұлтанның бір жыл өлімінен бұрын 1205 жылы Көкери қауымының көтерілісін басуға Лаһур мен Мүлтан тауларының арасында қоныстанған наразы дихандардың тұрағына соққы беріп, оларды талқандап жаныштады. 1206 жылы Мұхаммед Сам сұлтан қайтыс болған соң оның орынбасары, бауырының баласы сұлтан Ғиясуддин Айбекке «Үндістандағы патшалық тағын, құтпасын және дербес билігінің шатыр әмірлік хатын» жолдады. Бұл хатпен Айбектің тәуелсіз хүкіметін ресми мойындап, жария еткен болды. Өйткені Мұхаммед Сам өлгеннен кейін «шатыр әмірлігін» алмай тұрып құтпа мен теңге Айбек атымен оқылып, басылды. Ал Ғиясуддин сұлтан жолдаған хатындағы пәрмен және шапаны Айбектің тәуелсіздігін тек іс жүзінде мойындау болып табылады. Тарихшылардың айтуына қарағанда, Айбек дербестігі расталғаннан соң Лаһурға аттанып, сонда патшалық таққа отырды. Содан кейін өзінің астанасы Делиге кері оралды.

Айбектің соңғы шайқасы 1207 жылы Тәжуддәуле Йілдізбен арада өткен. Тәжуддәуле Мұхаммед Сам сұлтанның құлдарының бірі еді. Ол Ғур патшалығының астанасы Ғазни қаласының билеушісі болысымен Лаһур шаһарын өзіне қаратуды көздейді. Айбек онымен қан майданда кездесіп, тас-талқан еткен соң Ғазниге барып, жеңісін қырық күн думандатып тойлады. Айбектің соншалықты қызықшылыққа әбден бой алдырып, масайып кеткеніне мезі болған Ғазни тұрғындары бастапқы ұрыста Айбекке төтеп бере алмай қашқан Тәжуддәулені қайтып келуге шақырады. Тәжуддәуле тез ес жиып, кенеттен Айбектен қарымта қайтаруға бел буды. Айбек оның тегеурінді шабуылына тойтарыс жасай алмайтынын бағамдап тайсақтағандықтан Ғазниді тастап, Лаһурге шегініп кетті. Одан кейінгі өмірін сонда жалғастырды. 1210 жылдың бір күні шөген ойнап жүргенде аттан құлап көз жұмды.

Айбек Делиді жаулап алғаннан кейін жиырма жыл ғұмыр кешті. Соның ішінде төрт жылдам астам мерзімде дербес сұлтандық тағында отырған уақытында касталық жүйе дамыған үнділік жағдайда түрлі топтармен дұрыс теңдікті қарым-қатынас орната алды. Айбек сайыпқыран қолбасшы, әділетті тұлға, жомарт, пақырлардың қолдаушысы, жәрдем берушісі ретінде есте қалды. Оған ақшалай көмегін жүз мыңдап тарататын мырзалығы үшін үнділер оған «ләк сыйлаушы» атағын теліген еді. Өйткені «ләк» үнді тілінде *жүз мың* мағынасын білдіреді. Дегенмен темірдей тәртіпті сақтау үшін аяусыз қан төгетін қимыл-әрекеттерге де барған. Минһаж Сираж Жузжани (1193–1266): «сыйлығы мың-мыңдап таратылса, мың-мыңдап та өлтіргені бар» деп жазған. Бірақ Айбек сандаған шайқастарда жеңіске жетіп, талай кенттерді бағындырып, ауқымды аймақтарды жаулап алған ірі табыстарына мастанып, ішімдікке бой алдырғаны, өмірінің ақырын думанды дүрмекпен өткізгені туралы да мәліметтер сақталған. Соған қарамастан ол тұрғызған салтанаты үшін «Исламның қуаты» деп аталған Құтыб мешіті, өз кезінде әлемдегі биік мұнара санатымен мәшһүр Құтыб мұнарасы қалаларды абаттандыруға еңбегі айрықшалығын дәлелдейді, бұған күні бүгінге дейін ағылып жатқан туристерді тамсандыруы айғақ тәрізді.

Шәмсуддин Елтұтмыс

Дели мәмлүк сұлтандары арасында жарқырап әйгіленген тағы бір ірі тұлға, қайраткер – Шәмсуддин (Діннің күні) Елтұтмыс. Құтыбуддин Айбек 1210 жылы қаза тапқан соң оның ұлы Арамшаһ (*арам* парсы тілінде *жуас, момын, момақан* деген мағынада) таққа отырады. Бірақ ол мемлекеттік деңгейдегі келелі мәселелерді шешуге келгенде ақыл-парасатының кемдігі мен үкіметті басқаруға дарынсыздығын байқатты. Шәмсуддин Елтұтмыс – Үндістан мәмлүк сұлтандығының үшінші билеуші. Оның сұлтандық жылдарының кереметтігі болу керек ел тарихында сол кезді «Шәмшінің Үндістаны», өзін «Үндістан Сүлеймені» деп аталып кеткен. Айбектің қазасынан кейін оның орнын басқан ұлы Арамшаһ тақтан тайдырылып, мемлекет тізгіні ұзамай Шәмсуддин Елтұтмыстың қолына өтеді

Елтұтмыс– қара-қытай түркі тегінен, Елханұлы, Елберді (Елбөрлі) тайпасынан шыққан. Оның тағдыр тәлкегімен басынан өткергендері Жүсіптің аңыз әңгімесіне ұқсайды. Елтұтмыс көрікті, парасатты, салиқалы жан болғандықтан іші тар бауырлары көре алмай қызғаныштыққа салынған. Сөйтіп бір күні оған «Жазыққа барып жылқы үйірлерін тамашалап келейік» деп ұсыныс айтады. Ауылдан алдап сыртқа шығарған соң бір саудагерге құлдыққа сатып жібереді. Әлгі саудагер оны Бұхараға алып барып, Сәдр Жаһан Бұхаридің жақын адамына саудалайды. Елтұтмыс ол үйде түрлі мүмкіндікпен тәрбие алып, өседі. Содан тағы бір рет Қажы Бұхари атты саудагерге сатылады. Ол тағы Жамалуддин Чұслқаба саудагерге қайта сатып жібереді. Жамалуддин оны Ғазни қаласына алып барып Мүәзуддин Сам сұлтанға Елтұтмыс көрікті, жақсы мінезді, тәрбие көргендігі өн бойынан көрініп тұрғанын құлақтандырады. Сұлтан Елтұтмысты жанындағы құлмен бір мың динар ақшаға сатып алуға бұйрық етеді. Бірақ саудагер мың динар ақшаны азсынып, бермей қойды. Сұлтан оған қарсы ешкім әлгі саудагердің құлдарын ешкім сатып алмасын деп үкім шығарды. Содан саудагер екі құлын Бұхараға қайта алып кетті. Ол жерде тағы сата алмай, қайта Ғазнинге оралады. Ғазниде оның хабары Құтыбуддин Айбектің құлағына жетті. Бірақ сұлтанның жарлығы бойынша оларды Ғазниде сатуға шектеу қойылған еді. Содан амалсыз саудагер оларды Делиге алып барып саудаға салды. Елтұтмыс жанындағы ғуламның(құлдың) аты да Айбек еді. Қос құлды, яғни Елтұтмыс пен серігін Құтыбуддин Айбек сатып алды. Айбек атты құлды Үндістанның Тәбәр аймағының әмір етіп бекітті. Бұл «Айбек» кейін Құтыбуддин Айбектің Тәжуддин Йілдізпен шайқасында ажал құшты. Ал Шәмсуддин Елтұтмысты өз жанына жақындатқан әмірші өгей ұлы қылады, сарай күзетінің басшысы етіп тағайындайды. Бұл әңгіме аңыздық сарынмен ойдан тоқылған оқиға болуы да ықтимал. Десек те қиырдағы ата жұрты Түркістаннан еріксіз әкелініп, оған жат ел Үндістаннан патшалық тақ бұйырғаны оның Жүсіп хикаясының аңызына жақын әсерлі баяндалуы да ғажап емес. Өйткені ел ішінде Елтұтмыс Алланың назарына ілініп, Жаратушының қолдап-жебеуімен бағы жанған деген сенім орныққан. Осылайша Елтұтмыс Құтубуддин Айбектің қызметінде көзге түсіп, күн өткен сайын абыройы артып, мерейі өсе берді. Елтұтмыстың ержүректі жауынгерлік қасиеті мен басқаруға биімді дарынын аңғарған Айбек оны Бедауын аймағының әмірі етіп қояды. Сөйтіп белгілі бір ауқымды аймақтың билеушісі болып таңдалу арқылы шені көп созылмай көтерілген. Осылайша Елтұтмыстың мәртебесі бұрынғыдан да жоғарылай түседі. Осы орайда Муиззуддин Сам сұлтан Көкран тайпаларымен соғысқанда Елтұтмыс шайқасқа қатысып, ұрыс майданында ерлік пен батырлығымен ерекшеленеді. Сұлтан оның жауынгерлік, батылдық харизмалық қасиетімен тәнті етіп, наразына ілінді.

Елтұтмысқа «жайдары, ақылды және көркем мінезді» деген сипаттама берілген (Minhaj-ud-din, 1970: 630).

Содан Айбекке Елтұтмысқа қамқорлық танытып, айрықша тәрбиесіне көңіл бөлу керектігін баса тапсырды. Сонымен қатар жазба түрде құлдықтан бостандыққа шыққан Елтұтмыс өзінің саяси-әскери қабілетін байқатуымен тез арада «әмірлердің әмірі» атағына қол жеткізді.Сұлтан Құтыбуддин оны қызы Түрканға үйлендірген.

Елтұтмыс қандай жолмен билікке жеткені жөнінде түрлі әңгіме бар. Біріншісінде Құтыбуддин Айбек сұлтан Лаһурда қайтыс болғанда Әлі Исмаил басқарған әмірлер жиналып Елтұтмысқа хат жолдап, одан Бедуыннан келіп Делиді басқаруды өтінген. Екіншісінде Құтыбуддин Айбек 1210 жылы қаза тапқаннан кейін орнына баласы Арамшаһ таққа отырды. Бірақ ол басқаруда осалдық танытып, мұндай үлкен мансапқа лайықсыз екені білінді. Соған наразы болған әмірлер Әлі Исмаилдің бастамасымен Елтұтмысқа Бедуыннан Делиге келіп, таққа отыруын сұраған. Үшіншісі бойынша Ибн Батута (1304-1369) жазғандай: Құтыбуддин Айбек қайтыс болғаннан кейін Елтұтмыс өзін тәуелсіз патша ретінде жариялап, халықты мойындауға мәжбүр еткен.

Бірақ шариғат тұрғысынан таққа отыру үшін басы азат болуы керек еді.

Сондықтан Делидің бас қадиы Вәжиһуддин Кашани бастаған бір топ ғұлама осы мәселе хақында әңгімелесуге Елтұтмыстың алдына келеді, дәстүр бойынша қазы оның жанында отырды. Елтұтмыс олардың келу мақсатын түсініп, сұлтан Муиззуддин Самның «өзін құлдықтан босатқан» деген бұйрықты шығарып көрсетті. Бас қади мен жанындағы ғұламалар әлгі құжатты қолға ұстап, оқыған соң оған дауысқа салып, дербес билігін мақұлдаған, ант берген. Елтұтмыс 1210 жылы Шәмсуддин Елтұтмыс атаумен салтанатты түрде жеке билеуші ретінде сұлтандықты қолына алды. Ол мемлекетті нығайту мақсатында Елтұтмыстің атымен Мәлики Шәмс немесе Чихилгани, яғни «қырық» деп аталатын кеңес құрды. Шәмсуддин қалыптастырған осы кеңеске кіретін әскери-саяси элита әмірлер кімдер еді? Жүзжани оларды Елтұтмыштың айрықша мәртебелі құлдары(ғұлам) болған сарай немесе астана түркілерін «түркан-и хазрат» деп көрсеткен (Jackson, 1999: 185).

Осылайша Шәмс тағы «түркі ақсүйектері қолдаған таза түркілік билік болды» (Brijbhushan, 1990: 12). Ол Жүзжани Шәмси ғұламдарының жиырма бесін анықтап санаттарға бөлген (Juzjani, 1963: volume II, 389) Түркі тілдерінде «қырық» нақты санмен қатармен, «көп» мағына да қолданылады. Ертұтмыштың тұсында осы топ әскери, жер, лауызымдарды бөлуде ерекше артықшылықтарға иеленді(Ашрафян,1960: 45).

Сұлтан Елтұтмыштың екі мыңнан астам мұқтысы, яғни ықта ұстаушылары болды. Мұқтидің қызметі тұрақты емес, сұлтанның қалауына байланысты болды(Khan, 1983: 1–9). Ықта жалпы түрде «жерді пайлану және оған иелік ету» дегенді білдіреді. Ислам шариғатына сәйкес аталған тәжірибені ортағасырлық Үндістанға түркілік билеушілер енгізген.·Бұл өз қожайынына берік адал орта қалыптастырып, ықпалды күшке айналды.

Сұлтан әділеттілік орнықтыруды көздеп, қиянат көрген адамды боялған киім киіп жүруге пәрмен етті, себебі үнді дәстүрінде ақ киім киетін. Осындай боялған(қызыл) киіміне қарап шындық іздеген адамды оңай анықтап, шағымын тыңдап, шешуге көмек көрсетілетін.

Шәмсуддин Елтұтмыс өзінен бұрынғы Ғур патшалығынан тәуелсіз болып, хүкім жүргізді. Аббас халифасы Абу́ Мансу́р әл-Фадл ал-Мустаршѝд Биллаһ 1229 жылдың басында Елтұтмыстың билігін ресми түрде мойындады. Содан ол ақша жүйесінде жаңа үрдіспен күміс теңгені Аббас халифасының атын, жанына өз атын жаздырып соқтырып шығаруды бастаған. Сондай-ақ моңғолдар шабуылынан қашып, аласұрған Хорезм мемлекетінің соңғы патшасы сұлтан Жәләлуддиннің Үндістанды жаулап алуына жол бермеді. Бір тараптан Лаһорды басып алған моңғолдардың шапқын-қаупі төніп тұруы да алаңдатпай қоймады. Сондай геосаяси тұрғыдан сын-қатерлі мезгілде Елтұтмыстың әкімшілік-басқару, мәдени-қоғамдық шаралары елдің еңсесін көтеріп, өмірлеріне жаңа үкіметке деген сенімін нығайтты. Ол сұлтандыққа қарайтын территория аясын әдеуір кеңейтті.Елтұтмыс тұсында түркілік ғуламдарды(құлдарды) тұрақты сатып алып, олардың саны артуына айрықша назарда ұстаған. Сұлтан ғуламдардың саны ғана емес, сапалық жағына да ден қойып, сауда алдында олардың жеке қасиеттері туралы сұрастырып, білген.

«Делиді моңғолдардың әлем жойқын шапқыншылығымен бетпе-бет келген уақытта «Исламның киелі мекеніне» айналдыруға күш салған» (Kumar , 2010: 239). Жылдам дамып келе жатқан қалалық орталық Делиді Жузжани оны тек құрметті хазірет (ұлы мәртебе) деп атаған. Бір ғасырдан кейін Ибн Баттута Делиді «күш-қуаты әдемілігімен үйлескен кең және ғажайып қала» деп сипаттайды. Ол ешбір елде теңдесі табылмайтындай белгісіз қабырғамен қоршалған дүние жүзіндегі және Үндістанның ең үлкен қаласы, керісінше Шығыстағы барлық ислам қалаларының ең үлкені» (The Travels, 1971: 618). Моңғол шапқыншылығынан қашып, босып келгендерге бұл қала пана болды. Ақындар мен суретшілер, жазушылар мен ғалымдар, суретшілер мен қолөнершілер Делиге тек, патша сарайының қайырымды демеушілігін көру мақсатымен қоныс аударатын.

Ержүрек жауынгер және әділ Елтұтмыс өте діндар болған (Brijbhushan, 1990: 11). Ол

мешіттер салуға көңіл бөлді. Үндістанның солтүстігінде бірнеше медресені қалыптастырды. Солардың арасын сұлтанның тұңғыш ұлы мен мұрагерінің есімімен аталған Насирия медресесі айрықша әйгілі болған. Бұл оқу орталықтардың материалдық әлеуетіне мырзалықпен қолдау жасалды, Үндістанның әр түкпірінен бірнеше көрнекті ұстаздар тартылды (Brijbhushan, 1990: 65).

Разия (Радия) Елтұтмысқызы (1205–1240)

Разия 1205 жылдың 10 қарашасы күні Үндістанның Будауын қаласында туды. Будауын қаласын алғаш рет Құтыбуддин Айбек 1198 жылы жаулап алған. Разия 1240 жылдың 14 қазанында көз жұмды.

Тарихта «Разия сұлтан» атымен мәшһүр және мұсылман әйел арасынан тұңғыш сұлтандық дәрежеге қол жеткізіп топжарумен танымал болды.

Оның анасы Түркан хатун Құтыбуддин Айбек сұлтанның қызы болатын.

Сұлтанның сүйікті құлы Шәмсуддинге үйлендіретін қызы Түркан хатун туралы аз мәлімет сақталған. Разия жастайнан ислами білім алған, «Құранды тәжиуд мақамымен оқи алатын» (Mobasher, 2013: 111).

Елтұтмыс сұлтан 1236 жылы 4 сәуірде қайтыс болды. Бастапқыда сұлтан өзінің мұрагері ретінде өзінің тұңғыш ұлы Насыруддин Махмудты – сонымен бірге кіші ұлының есімі және Шәмси әулетінің соңғы сұлтаны деп атады (Juzjani, 1963: 454). Алайда тағдырдың жазуымен ұлы әкесінен бұрын 1229 жылы қайтыс болды. Ол сұлтанның қызының саяси дарындылығын мойындағанын және оның көшбасшылыққа бейімділігін жоғары бағалайтынын атап өтеді.Сарай шежіресі Жузжани сұлтан мен оның қызы арасындағы жақын әрі сүйіспеншілікке толы байланысты бірнеше рет атап өтеді. Ол 1232 жылы Гвалиорға әскери жорықта жүргенде «ол дербестігі болса да, оның атын паналаған болса да, оның атын шығаруға бұйрық берді».(Minhaj-ud-din, 1970: 638; Juzjani, 1963: 458; Brijbhushan, 1990: 12). Раверт былай дейді: «Бәлкім, оған халықтың көзі түскен болар, бірақ Елтұтмыс өзінің талантты қызы Разия хатунды мұрагер етіп қойған болатын» (Minhaj-ud-din, 1970: 631-638).

Кейбір зерттеушілер бұл кезде тарихшы Жузжани Делиде емес, Гвалиорда болғандықтың бұл бұйрыққа күмәнмен қарайды (Jackson, 1999: 183).

Ақырында Рукнуддин Фируз шаһтың анасы Түркан хатунның ықпалымен Рукнуддин Фируз шаһ билікке келді. Рукнуддин «әдемі, жомарт, жүрегі жұмсақ, ақжарқын, көпшіл, жас ақымақ еді, ол ақшасын әншілер мен сайқымазақтарға және одан да жаманын әрекеттерге жұмсап, мас күйінде теңселіп жүрді.Ол пілі базарда пілімен жүріп тамашалаған қалың топқа қызыл алтын шашады» (Lane Poole, 1903: 73; Juzjani, 1963: 457). **Ол ішкіш болғандықтан мемлекетті Түркан хатун басқаруға кіріседі.**

Рукнуддин билік еткеніне алты айға жуық уақыт өткенде мемлекет істері қараусыз қалды, қазына тез ортайып, саяси хаос күшейіп, халықтың наразылығы күшейе түсті. **Билікте орын алған бұл дағдарыс салдарынан Түркан хатун мен Разия хатун арасы әбден ушыға түсті. Олардың екіарадағы қарым-қатынасы асқынғаны соншалық Түркан хатун Разия хатунды өлтіру ниеті ел ішіне өсек болып кеңінен тарап кетті.**

1236 жылы қарашаның бір күнінде **Разия** барынша көзге түзу үшін «жұма намазы үшін мешітке» жиналған халық алдында үлкен сөз сөйледі (Brijbhushan, 1990: 14). Қызыл көйлек киген, әдетте бұндай түсті киімді әділдік іздеген адамдар киетін. Исами өлеңінде жырланғандай ол жұртқа өзін кез келген еркектен жақсырақ көрсетуге уәде берді және егер ол уәделерін орындай алмаса, халықтың «менің тәжімді тартып алуға» құқығы бар екенін айтып серт етеді... Оның жалынды сөзін тыңдап наразылыққа бой алдырған көпшілік сұлтан сарайына баса көктей кіріп, Туркан хатуынды қолға түсірді. (Brijbhushan, 1990:13; The Travels, 1971: 631). Түркі Шәмси

әмірлері Разияның таққа отыруына бұрынғы қарсылықтарын қайта қарастырды, оның ағасын биліктен тайдырды, Разияға таққа отырғызып, оған ант берді (Juzjani, 1963: 456). **Разия хатун билік тізгінін қолына ала сала, Рукнуддин Фируз шаһ қамауға алынып, 1236 жылы түрмеде қайтыс болды (**Juzjani, 1963: volume I, **457).**

1236 жылдың 19 қарашасында Разия билікке келді. Тарихта отыз бір жасар бойдақ Разия Дели сұлтанатының әйелзаты арасынан бірінші және жалғыз билеушісі болды.

Разияның таққа отыруына әкесінің адал әскері, Шәмси әмірлері, аймақ әкімдерінің мен иқта' иелерінің адалдығы үшін емес, керісінше Турканды құлатқан Дели азаматтарына да қарыздар еді (Jackson, 1999:184). Калкинстің тұрымдауынша, Разияның беделі мен заңдылығының негізі оның Дели тұрғындары арасындағы танымалдылығына және олардың саяси қолдауы болған (Calkins, 1968: 906–908). Енді сұлтанның алдында билікті теңестіру және түркілік Шәмси әмірлерінің, әскери-саяси элитаны бақылауда ұстау сияқты күрделі міндет тұрды. Осы теңдік сақталмағандықтан Шәмси әмірлері Разияны мойындамай, билігіне қарсы бас көтеріп, Делиді қоршауға алды (Brijbhushan, 1990:18; Jackson, 1999: 184; Kumar 250). Астананы қоршауында біраз уақытқа созылып кеткендіктен Разия бетперде киіп, өз піліне мініп, әскерін бастап «қаладан шығады, Джамуна жағасына сұлтанға адалдығынан айнымағандар мен жаулардың бірнеше шайқас болды, қарсыластарын талқандады» (Brijbhushan, 1990: 18; Juzjani, 1963: 458). Разияның қайсарлығы мен әскерінің күшін бағамдаған бүлікшілер ойланып, тарап кетті. Олар опасыздықтары үшін жазаға тартылып, жоғары дәрежелі жеті көтерілісші әмірдің екеуі қарсылықтан бас тартып, өкініш білдіріп, ант береді. Осы кешірім сұраған әмірлер сұлтан әскеріне қосылып, бағынбай қалғандарды жеңуге ант береді. Бүлікші әмірлерді тұтқынға алу, түрмеге жабу немесе жою ниетімен жасырын жиынға шақырылады. Бұл қастандық туралы қауесеттен құлақтанған көтерілісші әмірлер қашып, Разия әскері соңынан қуады. Олар тұтқындалып, «шайқаста жойылды не түрмеде тұншықтыру арқылы көздері құртылады» (Brijbhushan, 1990: 18). Көтерілісшілердің кейбір жетекшілері Гималай тауларының етегіне қашып бас сауғалады, сонда оқшауланды және өз ажалдарымен қаза тапты.

Көтеріліс басылған соң «сұлтандық тынышталды және мемлекеттің билік аумағы кеңейді». «Лахнавати [Батыс Бенгалия] аумағынан Дивал мен Дамрилаға (төменгі Синд) дейін барлық мәликтер(билеушілер) мен әмірлер Разия сұлтанға мойынсұнып, бағынады» (Minhaj-ud-din, 1970: 641; Juzjani, 1963: 459). Тәртіп қалпына келтірілді.

Разия теңгеге алдында әкесінің атын жаздыртса, 1237–1238 жылдары өз атымен соқтырған. Сұлтан теңгеге «Билкис-и Жиһан» деп жаздыртқан, яғни «Әлем ханшайымы» деген мағынада. Аңыз бойынша Билқис – ежелгі араб мемлекеті Сабаның әйел патшасының есімі. Оның патшалық белгісін көрсететін басқа жолдар: «*әл-Сұлтан әл-ʿАзам Жәләлат әд-дүния уә ад-дин Разия*»(Жер жүзі мен діннің ұлы мәртебелісі, ұлық сұлтан). Рәзия сұлтанның ақшаға осындай жолдар жаздыртып, өз билігінің дербестігін асқақтата бейнелейді.

Хижраның 634 жылы (1236/1237 жылға сәйкес) қарай карматтар сүнниттердің басымдылығы мен мемлекеттік тұрғыдан қолдауға иеленуіне қарсы бас көтереді. Карамат пен мулхиди жолындағылар Нұр-и Түрк дегеннің «бір даналарының» үндеуімен Үндістанның түкпір-түкпірінен, соның ішінде Дуаба, Гуджарат, Синд және оның шеткі аймақтарынан Делиге топтасуға ұмтылады. Ханафи және шафиғи ғұламаларын ашық қаралады. Мыңға жуық қаруланған карамат пен мулхиди тобы жұма мешітіне басып кіреді.

Олардың шабуыл кезінде қылыш пен тапталудан біраз мұсылмандар мерт болған. Мешіт пен базардың ішінде және айналасында болған қатты қақтығыстардан кейін «төбеге қашқан діндарлар төбелеске қосылды» «бүлікшілердің басына кірпіш пен тас лақтырды». Осындай жағдайда Разия сұлтан шалт әрі батыл қимылдап, бүлікшілерге күш қолданып, көпшілігінің көзін жойып, тастады (Juzjani, 1963: 461; Minhaj-ud-din, 1970:646; Brijbhushan, 1990: 18; Ашрафян,1960: 209-210). Осылайша мемлекеттің діни ұстанымын сәтті қорғап, әрі қарай жалғасуына кепілдік берді.

Жузжани оған: «*жауынгер, ер жүрек, батыл, көркем мінезді, ғұламаларды қолдаушы жан болған»* деп мінездеме береді. Разияны «әділ», «халқының қамқоршысы» (ра'ият парвар) және Елтұтмыстің «әскери басшы» (лашкар киш) деп атауға лайық жалғыз мұрагері деп мақтаған. Разия сұлтан өзінен кейінгі ағаларының билігімен салыстырғанда, «ұлы монарх: дана, әділ, жомарт, өз патшалығының жанашыры, әділдіктің таратушысы, халқы мен қолбасшысы» ретінде есте қалды. Жузжани оның көшбасшылық сипатын бағалаумен бірге кемшін тұстарын атап өтеді: «Оның жынысын есептемегенде бойында патшаға тән басқа барлық қасиеттер болды және бұл ерекшелік оның түгел жақсы қасиеттерін жоққа шығарды.Әсері ерлердің көзінде. Құдай оны рақым етсін» (Lane Poole, 1903: 74; Juzjani, 1963: 457).

Организации гражданского общества призваны сыграть свою роль в оказании поддержки частному сектору в повышении доступности занятости для женщин и обеспечении гендерного равенства, включая следующие функции:

- Оказание помощи правительствам в осуществлении трудового законодательства и положений, направленных на стимулирование гендерного равенства в частном секторе;
- Участие в оценке, присуждении и сертификации гендерного равенства;
- Повышение качества и квалификации женщин, участвующих в экономической деятельности, будь то с помощью профессиональных навыков или программ обучения предпринимательству;
- Помощь в предоставлении точной и своевременной информации о потребностях рынка (с точки зрения качества продукции, возможностей цепочки поставок или потребностей в рабочей силе);
- Помощь в создании благоприятных и безопасных условий для участия женщин в компаниях и экономике частного сектора, например, предлагая решения для политики борьбы с дискриминацией на рабочем месте, обеспечивая обучение и рекомендации по вопросам сексуальных домогательств и т.д.;

Рекомендации для частного сектора

- Поддержка гендерного равенства на самом высоком уровне: Гендерное равенство поддерживается высшим руководством, которое должно назначать менеджеров и выделять средства для его реализации. Компании должны без колебаний устанавливать квоты для женщин при приеме на работу и на руководящих должностях, а советы директоров должны сделать разнообразие и гендерное равенство неотъемлемой частью стратегии компании;
- Разработка институциональной политики в поддержку гендерного равенства: кадровая стратегия должна запрещать все формы дискриминации или притеснений, а равные возможности для всех сотрудников должны соблюдаться во всех областях (заработная плата, продвижение по службе, обучение) и т.д.;
- Использование подхода, основанного на широком участии: все сотрудники и заинтересованные стороны участвуют в определении стратегии и действий в пользу гендерного равенства;

- Принятие оперативных мер по содействию гендерному равенству: важно сосредоточиться на конкретных стратегиях и инструментах, которые могут быть внедрены относительно быстро, не создавая финансового давления на компании, и могут проложить путь к позитивным изменениям и изменить ситуацию к лучшему;
- Обеспечение гендерного равенства в цепочке поставок: включить женщин или предприятия, возглавляемые женщинами, в число поставщиков, субподрядчиков и других деловых партнеров. Крупные компании, в рамках своей политики, должны поддерживать предприятия, принадлежащие женщинам, путем их интеграции в цепочку поставок.;
- Участие в программах сертификации по вопросам гендерного равенства, таких как получение печатей о гендерном равенстве, сертификатов о равенстве и т.д., и содействие ведению бизнеса с компаниями и организациями, сертифицированными по вопросам равенства;
- Создание безопасной и надлежащей рабочей среды: путем разработки инициатив, повышающих безопасность, здоровье и благополучие сотрудников, и, по возможности, предоставления вариантов, улучшающих баланс между работой и личной жизнью, таких как гибкий график работы, удаленная работа, дневной уход за детьми в компании, безопасный транспорт, и программы по борьбе с домогательствами;
- Рассмотрение возможности спонсирования НПО и совместной работы с ними над проектами и инициативами, направленными на расширение экономических прав и возможностей женщин и включение их в сферу корпоративной социальной ответственности;
- Распространение и документирование передового опыта политики и стратегий и пропаганда гендерного равенства посредством своих ежегодных отчетов и аудитов, во время встреч бизнес-ассоциаций и ассоциаций менеджеров по персоналу;
- Разработка показателей оценки и мониторинга для оценки усилий и прогресса в области гендерного равенства. Компаниям было бы полезно использовать принципы расширения прав и возможностей женщин, разработанные организацией «ООН-женщины» и Глобальным договором ООН (www.cawtar.org, 2024).

Предложенные Hands Along the Nile Development Services, Inc рекомендации выглядят крайне актуально, причем не только для египетского общества, но и других арабских стран. Благодаря им можно четко определить стратегии внутренней политики по устранению гендерного разрыва между полами и достижения гендерного равенства, в частности, через систему мер и посредством следующих инструментов:

Интеграция: необходимо рассмотреть области сближения, в которых гендерное равенство может быть улучшено, не создавая при этом нереалистичной и дорогостоящей нагрузки на компанию. Будут изысканы способы избежать вмешательств, требующих структурных или функциональных изменений. Например, содействие созданию безопасной среды для женщин в связи с борьбой с домогательствами и уважением к частной жизни.

Стимулы: нужно подумать о стимулах, которые могут побудить частный сектор принять изменения и внедрить их в соответствии с целями проекта. Например, Коптское евангелическое управление социальных служб предложило Министерству трудовых ресурсов идею присуждения египетской премии за гендерное равенство для частного сектора.

Возможно, было бы полезно начать с компаний, которые служат образцом для подражания, чтобы можно было убедить другие компании последовать их примеру. Кроме того, важно выделить финансовые ресурсы со стороны правительства, например, Министерства трудовых ресурсов, для охвата большего числа компаний и оказания им требуемой технической поддержки.

Роль организаций гражданского общества: помимо привлечения правительства, этот проект продемонстрировал важность усиления роли организаций гражданского общества в содействии наращиванию потенциала частного сектора для улучшения экономического равенства женщин.

Публичность: важно повышать осведомленность, делиться передовым опытом и документировать успешные примеры компаний частного сектора, которые добились значительных успехов в области гендерного равенства и прав женщин на рабочем месте, чтобы побудить другие компании последовать их примеру и стать проводниками перемен.

Заключение

Ситуация с гендерным равенством в странах Востока в целом, и в Египте, в частности, свидетельствует о том, что данная проблема все еще далека от полного и всестороннего решения, и изучение ее остается по-прежнему актуальным. Концепции и принципы, заимствованные из западных теорий, частично находят свое подтверждение в современном египетском обществе. Решение проблемы неравенства следует начинать с разъяснения и анализа таких вопросов как гендерная идентичность, гендерные роли и гендерные стереотипы, что подчеркивает сложность проблемы и способствует поиску эффективных стратегий ее решения. Далее актуализируется вопрос достижения социальной справедливости и продвижения устойчивого социально-экономического развития в стране.

Анализ современного положения гендерных отношений в странах арабского мира и, в частности, в АРЕ, выявил наличие серьезных проблем в современном обществе и влияние различных факторов, способствующих сохранению неравенства. Религиозно-культурные факторы могут оцениваться в качестве ключевых триггеров такого влияния, что, хотя и позволяет идейную модернизацию общественного сознания в исламском обществе, однако не спасает от неравноправия и давления, экономического, психологического, даже физического, на женщин. Тем не менее меняющиеся нормы, принятые законы и дополнения к существующим, активная работа международных и национальных неправительственных организаций, разработка обновленных концепций и рекомендаций, часть из которых находится на пути реализации, свидетельствуют о об общей положительной динамике в осознании важности данных проблем. Основные концепции и принципы, лежащие в основе стремления к гендерному равенству, являются ценными инструментами для формирования гендерной политики и изменения дискриминационных условий в быту и в профессиональной деятельности женщин.

References:

Activating the Role of the Private Sector in Promoting Gender Equality in the MENA Region. Pilot Project Experience in Egypt, Tunisia, and Morocco 2023 [Electronic resource]. URL: https://cawtar.org/index.php/laravel-filemanager/files/shares/64b669358a6d2.pdf (Accessed: 27 March 2024)

Saadi M. Al-Khattab.(2011) Human Rights and Their Constitutional Guarantees. – Cairo: Al-Halabi Legal Publications, American University in Cairo Press.

Egypt Population [Electronic resource]. URL: https://countrymeters.info/ru/Egypt#google_vignette (Accessed: 2 May 2024).

Egypt Human Development Report 2021 [Electronic resource]. URL: https://mcit.gov.eg/upcont/Documents/Reports%20and%20Documents_2092021000_EN_Egypt_Human_Development_Report_2021.pdf (Accessed: 2 April 2024).

Muhammad Jamil A. Feminist Theory and Its Trends. – Research in Cultural Anthropology // Yarmouk College Journal, Issue (5), Part (2), Volume (18) // Baghdad, Iraq. – P. 938-958.

National Strategy for the Empowerment of Egyptian Women 2030 [Electronic resource]. URL: https://nwm.unescwa.org/index.php/resources/212 (Accessed: 01 September 2024).

Official 2014 Constitution [Electronic resource]. URL: http://www.sis.gov.eg/Newvr/consttt%202014.pdf (Accessed: 5 May 2024).

Rai S. (2001) M. Dilemmas of Political Participation. Women's Citizenship and Political Rights. – Palgrave Macmillan, Houndmills // Basingstoke, Hampshire. – New York.

Hellsten S. K., Holli A. M., Krassimira D. (2006) Women's Citizenship and Political Rights. – Palgrave Macmillan, Houndmills // Basingstoke, Hampshire. – New York.

World Values Survey. Online Data Analysis. 15 August 2022 [Electronic resource]. URL: https://www.worldvaluessurvey.org/WVSOnline.jsp (Accessed: 1 May 2024).

[1]Надирова Г.Е. [2]Мустафа Ф.
[1, 2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]gulnad@mail.ru, [2]mustafa.farah@inbox.ru

АРАБ ӘЛЕМІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК: МИФ ПЕ ӘЛДЕ ШЫНДЫҚ ПА?

Аңдатпа. Бір жағынан, жаһандану және ақпараттандыру дәуіріндегі идеялар мен теориялардың жылдам таралуын, екінші жағынан, араб әлемі елдерінде әйелдердің өз қабілеттерін лайықты түрде іске асыру құқықтарының бұзылуына бей-жай қарамайтын азаматтық қоғамның бас көтеріп, дамып келе жатқанын ескеретін болсақ, XXI ғасырда әлемдегі гендерлік теңдік тақырыбы өте өзекті болып тұр. Араб қоғамындағы әйелдер құқығы мен гендерлік теңдік тақырыбына консервативті көзқарастардың болуы және жас ұрпақтың жаңа идеялары мен құндылықтарының әсері модернизацияланған әлемде пікірлер мен құндылықтардың әралуандығын қалыптастырады. Авторлардың мақсаты – жағдайды талдау және Мысырды мысалға келтіре отырып, өңір елдеріндегі гендерлік теңдік саласындағы проблемаларды шешу үшін қабылданатын нақты шараларды анықтау. Қойылған міндетті шешу үшін осы мәселе бойынша қолда бар зерттеулер, халықаралық және жергілікті ұйымдар мен институттардың құжаттары, Египет үкіметінің заңнамалық шаралары, қолданыстағы статистикалық деректер зерделенді. Жағдайға әртүрлі факторлардың: экономикалық, саяси, діни және мәдени факторлардың тигізген әсері анықталды. Тәжірибеде тұрақты даму мен әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу үшін азаматтық қоғам мен билік құрылымдарының осы проблемалардың маңыздылығын түсінуінде оң өзгеріс байқала бастады. Өңір елдерінде гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша халықаралық ұйымдардың көп аспектілі және көп векторлы ұсынымдарына баға берілді.

Түйін сөздер: гендерлік теңдік, араб елдері, әлеуметтік әділет, ықпал ету факторлары, заңнама.

[1]Nadirova G.E. [2]Mustafa F.
[1, 2]al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]gulnad@mail.ru, [2]mustafa.farah@inbox.ru

GENDER EQUALITY IN THE ARAB WORLD: MYTH OR REALITY?

Abstract. In the 21st century, the issue of gender equality is highly relevant due to the rapid spread of ideas and theories facilitated by globalization and informatization. Concurrently, the

growth of civil society in the Arab world, which is increasingly intolerant of violations against women's rights, highlights the tension between traditional conservative views and emerging progressive values. This abstract aims to analyze the current situation of gender equality in the region, with a focus on Egypt as a case study. The authors evaluate measures implemented to address gender equality issues by examining existing research, documents from international and local organizations, legislative actions by the Egyptian government, and relevant statistical data. The study reveals the impact of various factors – economic, political, religious, and cultural – on gender equality. Notable progress is observed in the recognition by both civil society and government structures of the importance of these issues for achieving sustainable development and social justice. The abstract also assesses the diverse recommendations of international organizations aimed at advancing gender equality in the region.

Keywords: gender equality, Arab world, social justice, influencing factors, legislation.

Сведения об авторах:

Надирова Гульнар Ермуратовна, д.филологических наук, профессор факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Мустафа Фарах – студент 4 курса факультета востоковедения факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет:

Надирова Гульнар Ермуратовна, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультетінің профессоры, филол.ғ.д.

Мустафа Фарах әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультетінің 4 курса студенті.

Information about the authors:

Nadirova Gulnar Ermuratovna, Doctor, Professor, Faculty of Oriental Studies, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Mustafa Farah – 4th year student, Faculty of Oriental Studies, Faculty of Oriental Studies, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Келіп түсті 24 сәуір 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР13.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.83

***[1]Әшім Б.Ә.** **[2]Бұрханов Б.**
[1,2] ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]ashim.baglan@gmail.com, [2]burkhanov.b@inbox.ru

МОҢҒОЛИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ НЕКРОТОПОНИМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI Ғ. БІРІНШІ ШИРЕГІ)

Аңдатпа. Мақала Қазақстан мен Моңғолия қазақтарының жерлеу ескерткіштерін (некротопонимдерін) зерттеуге арналған. Бұл ретте Моңғолия туралы айтатын болсақ, әңгіме қазіргі таңда осы елдің қазақтарының басым көпшілігі тұратын батыс өңірлері болып табылады. Аталмыш кезеңде ұйымдастырылған әртүрлі экспедициялардың барысында Қазақстан мен Моңғолияның тарихы, географиясы, этнографиясы, сондай-ақ топонимикасы бойынша мол материалдар жинастырылды. Сонымен қатар, біз қарастырып отырған тақырып аясында ғылыми экспедициялар мен жеке зерттеушілердің сапарлары арнайы топонимикалық сипаттан гөрі, Моңғолия мен Қазақстан өңірлерінің тарихы мен географиясын, сондай-ақ этнографиясын жалпы зерттеу аясында жүзеге асырылғанын атап өткен жөн. Бұл мақаланың мақсаты Қазақстан мен Моңғолия қазақтарының некротопонимдерін зерттеудің мазмұны мен негізгі бағыттарын талдау болып табылады. Зерттеу жүргізу барысында факторлық және диахрондық талдау әдістері, сонымен қатар синтез әдісі қолданылды. Осы мәселені зерттегенде авторлар қазақ некротопонимдерін зерттеу қазақтардың дәстүрлі мәдениетін, атап айтқанда, жерлеу рәсімдерін зерттеудің бір бөлігі ретінде жүргізілді деген қорытындыға келді. Жиналған материал дәстүрлі қазақ қоғамында некротопонимдердің әртүрлі таза практикалық және этномәдени қызметтер атқарғанын көрсетеді. Соның ішінде, халықтың тарихи жадын сақтау (тарихи оқиғаларды еске түсіру), адамдардың ұлан-ғайыр дала кеңістігінде жүріп-тұруы кезінде жер бетінде бағдарлану, қазақтардың ата-баба территориясының шегін белгілеу және т.б. функциялары туралы мәліметтер қарастырылды.

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Орталық Азияның тарихи географиясы» (ЖТН BR21882416) ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Түйін сөздер: Моңғолия қазақтары, қазақ диаспорасы, қазақ некротопонимдері, зираттар, жерлеу ескерткіштері, ғылыми экспедициялар, дәстүрлі мәдениет.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, 2024 жылдың басындағы жағдай бойынша, Қазақстанда 20033842 кісі тұрады, соның ішінде қазақтар ел-жұрттың 70,9%-ын құрайды (Численность населения..., 2024). Қазақтардың басым көпшілігі Қазақстанда өмір сүргенімен, бірнеше миллион қазақ шекаралас елдерде, сондай-ақ Түркия мен Орта Шығыс елдерінде тұрады. Атап айтқанда, 1990 жылы олардың Моңғолиядағы саны 120 мыңға жетті (Ковальская, Хизат, 2012: 56). Қазіргі тарих ғылымында «некротопоним» ұғымы некрополь, пантеон, қорым, зират сияқты географиялық объектілерді қамтиды[3] (Майоров, 2010: 90–91).

[3] «Некротопоним» терминін ресей ғалымы М.В. Майоров ұсынған. Өзінің 2010 жылы шыққан «Некротопоним как новый термин в ономастике» («Некротопоним ономастикадағы жаңа термин ретінде») мақаласында ол некротопонимге мынадай анықтама берді: «... бұл қабірлерге ғана емес, ескерткіштануға

Тарихи ескерткіштердің әлеуметтік және ғылыми маңызы зор. Әлеуметтік жақтан қарағанда, некротопонимдер жергілікті тарихтың ажырамас бөлігі болғасын, бұлар өскелең ұрпақты Отан сүю рухында тәрбиелеуге ықпал етеді. Ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ, некротопонимдер саласындағы зерттеулер тарих және этнология ғылымдарының өзекті әрі даулы ғылыми мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ халқының этникалық территориясын нақты көрсететін сенімді әрі шынайы ғылыми дәлел болып, Қазақстанның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ететін ғылыми «қару» болып табылады. Алайда, өкінішке қарай, біз көтерген мәселе қазіргі ғылыми еңбектерде жан-жақты зерттелмей қалды. Зерттеу Қазақстан мен Батыс Моңғолияны қамтиды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында бірнеше топқа жататын деректер пайдаланылды. Біріншіден, орыс зерттеушілерінің XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңіне жататын далалық және экспедициялық мәліметтері болып табылады. Екіншіден, қазақ зерттеушілері (соның ішінде осы мақала авторларының бірі Б.Ә. Әшімнің) 2018 және 2023 ж. проф. С.Е. Әжіғалидің жетекшілігімен Моңғолия мен Солтүстік Қазақстанда жинаған этнографиялық-этноархеологиялық материалдарының кейбір нәтижелері қамтылды. Бұлардың эмпирикалық материалдарды қамтитын еңбектері ең алдымен нақтылығы әрі шынайылығымен құнды. Үшіншіден, өлкетанушылар жинаған этнографиялық, археологиялық һәм табиғаттанушылық материалдар пайдаланылды. Қосымша деректер ретінде қазіргі зерттеушілердің біздің тақырыбымызға қатысы бар кейбір аспектілерді қамтитын еңбектері пайдаланылды. Зерттеу әдістері туралы айтатын болсақ, ең алдымен зерттелініп жатқан әртүрлі тарихи үрдістер мен құбылыстардың жалпылама сипатын айқындап, бұлардың ішкі мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін *факторлық талдау* әдісі қолданылды. Ал осы жұмыста қолданылған *диахрондық талдау* әдісі үрдістің немесе құбылыстың белгілі бір мерзімнің ішінде өзгеруін зерттеуді көздейді. Нәтижесінде бұлардың әр алуан тарихи кезеңдерде орын алған ерекшеліктерін анықтауға болады. Жалпығылыми әдіс болып табылатын *синтез* талдау барысында анықталған қасиеттер мен сипаттарды біріктіріп объектіні танып білуге мүмкіндік береді.

Тақырыпты зерттеу дәрежесі

Қазіргі таңда қазақтың жерлеу кешендеріне арналған мәселелер бірқатар қазақ және ресей зерттеушілерінің мақалаларында баяндалады (Кошман, 2022: 76–95; Мусагажинова, 2015: 134–136; Смагулов, 2002: 61–64; Ахметова, Толпеко, 2018: 288–296; Ахметова, Толпеко, 2022: 160–172). Бірақ олардың еңбектерінде біз көтерген мәселенің кейбір аспектілері ғана зерттеледі деп айтуға болады. Мысалы, Ш.Қ. Ахметова мен И.В. Толпеконың «Детский погребальный обряд казахов юга Западной Сибири» («Батыс Сібір оңтүстігі қазақтарының баланы жерлеу рәсімі») (Ахметова, Толпеко, 2022: 160–172) жұмысы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне арналған. Алайда осы мақалада нәресте-сәбилерді көмудің мазмұны мен негізгі ерекшеліктері талданғанымен, сонда біздің тақырыпқа байланысты топонимикалық аспектінің бар екенін көріп отырмыз. Атап айтқанда, авторлар Омбы қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан бір зираттың «Қайыр Ықсан» («Хаир Ихсан») деген атауын келтіреді (Ахметова, Толпеко, 2022: 163). Ал тағы бір басқа мақаласында Ш.Қ. Ахметова мен И.В. Толпеко Омбы облысының Павлоградка ауданындағы «Ұку-Куған» деп аталатын бір бейітті зерттегендерін баяндайды (Ахметова, Толпеко, 2018: 291). А.А. Мусагажинова өзінің «Этноархеологический метод в изучении погребального обряда казахов

тікелей байланысты әдет-ғұрыптарға, сондай-ақ басқа да процестерге қатысы бар көптеген географиялық объектілерді қамтитын бір топ атау». Сонымен қатар, «некротопоним» сөзі қазіргі заманғы және ескі зираттар, некрополь, пантеон, мемориалдық қорым, эпиграфикалық ескерткіш, таңбасы һәм естелік тақта, дегенді білдіреді (Майоров, 2010: 90–91).

Павлодарского Прииртышья» («Павлодар өңірі қазақтарының жерлеу рәсімін зерттеудегі этноархеологиялық әдіс») (Мусагажинова, 2015: 134–136) еңбегінде қазақ зираттарын зерттеу методикасын «Әулиекөл» атты кешеннің мысалында көрсетеді (Мусагажинова, 2015: 135). Топонимика мәселесінің кейбір аспектілері Т.В. Кошман, М.К. Хабдулина және А.Т. Дукомбайевтің Астана қаласының аумағындағы бейітке арналған мақаласында да қозғалады. Атап айтқанда, осы мақалада жерлеу кешенінің атауы беріледі (Кошман, Хабдулина, Дукомбайев, 2022: 76–80). Жалпы алғанда, Солтүстік Қазақ жазығындағы жерлеу кешендері жайлы жазған авторлар зираттарды топонимикалық нысан емес, этнографиялық немесе этнографиялық-археологиялық кешен деп зерттеді. Бұл зиратты зерттегенде оны этнография немесе археология объектісі ретінде зерттеуді де қажет етсе керек. Яғни іс жүзінде мәселенің топонимикалық аспектілері зерттелмей қалды деп айтуға болады. Ал енді революцияға дейінгі кезеңде Солтүстік Қазақ жазығында орналасқан қазақтың жерлеу ескерткіштеріне қатысы бар зерттеулер туралы айтатын болсақ, қазіргі ғалымдар бұларды сөз арасында айтып сонымен шектеледі.

Талдау

Моңғолиядағы қазақтар туралы айтатын болсақ, бұл ретте Г.Е. Грумм-Гржимайлоның «Батыс Моңғолия мен Ұрыңқай өлкесі» («Западная Монголия и Урянхайский край») деген еңбек ерекше маңызға ие (Грумм-Гржимайло, 1914). Осы еңбекте автор қазақ қыстауларының жанында орналасқан қазақ зираттарына байланысты кейбір мәліметтер келтірді. Бірақ өкінішке қарай, Г.Е. Грумм-Гржимайло осы мәселе жөнінде жалпылама сипаттаумен ғана шектеліпті. Соған қоса осы автор да жерлеу кешендерін топонимика тұрғысынан емес, этнографиялық және шаруашылық жақтан шолып шықты (Грумм-Гржимайло, 1914: 261). Жоғарыда айтылғандай, 2018 жылы қазақ этнографтары мен археологтары Батыс Моңғолияда (Баян-Өлгий аймағы) жүргізген этнографиялық-археологиялық жұмыстары барысында ерекше атаулары бар қазақ зираттарын зерттеді («Ақ арал», «Жамантөбе», «Көкадыр-1», аумағында 50 шақты бар «Қараңғыты-4», «Кенен» зираттары, «Кіші таңбалы» кешені, «Мешітсай», «Бақсы Есік» некропольдері және т.б.). Аталған жұмыстар атқарылған кезде географиялық орналасуы, планиграфия және т.б. мәселелер талданды.

Ресей империясындағы қазақ некротопонимдерін зерттеуді айтқанда, XVIII ғ. бастап Ресейде Қазақ өлкесіне қатысты іргелі еңбектер жарық көргенін айта кету жөн. Өйткені Қазақ даласын Ресей империясына қосу барысында орыс зерттеушілері мен билік өкілдері қазақ халқының этнографиясы мен тарихы, қазақ жерінің географиясы мен табиғаты сынды мәселелерді зерттеуге кірісті. Ал XIX ғ. аяғына қарай қалың қауымға арналған жалпылама энциклопедиялық басылымдар да шыға бастады. Атап айтқанда, 1885 жылы жарияланған «Живописная Россия» («Құлпырып жатқан Ресей») деген көптомдық еңбектің «Русская Средняя Азия» («Орыстың Орта Азиясы») атты 10-томында қазақтың қабір ескерткіштеріне көңіл бөлінген. Сонда, Нұра өзенінің бойында, оның сағасынан 27 шақырымдық жерде Ботақай қабірі орналасқан... Қаракеңгір өзеншігінің жиегінде есімі қазақ аңыздарында белгілі болған Жансейіт батырдың қабірі бар... Сол сияқты қазақ тәуелсіздігінің қорғаушысы болған тағы да бір батырдың қабірі аталған өзеншіктің бойында орналасқан және Жыға хан қабірі деп аталады. Дәл сол есімі қазақ тарихында белгілі Алаша ханның да Кеңгірдің бойында орналасқан қабір ескерткішінің қалдықтары тамаша көрінеді, делінген (Живописная Россия..., 1885: 26). Яғни орыс зерттеушілерінің қазақ ескерткіштерінің тарихи маңызына ерекше мән бергендерін көруге болады. Қазақтың дәстүрлі жерлеу ескерткіштеріне арналған мәліметтер 1903 жылы жарық көрген «Россия: полное географическое описание нашего Отечества» (Ресей: Отанымызды география тұрғысынан толық сипаттау) атты іргелі еңбекте де келтіріледі. Авторлардың айтуынша, «өлікті жерлеу үшін, көп жүретін даңғыл жолдардың

бойындағы жерді және міндетті түрде төбе, шоқы немесе тау таңдалады; солай марқұмдарға құрмет көрсетіледі. Қабір үсті ескерткіштердің пошымы әртүрлі болып келеді; басым көбі шымнан салынған, бірақ Алаша хан, Көрпеш және Абылай сынды мавзолейлер де кездеседі. Қазақтар киелі орын деп қабірлерге ерекше құрмет көрсетеді» (Россия..., 1903: 220). Осы жайт бұрын, яғни 1879 жылы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, әдет-ғұрыптарына арнап шығарылған «Народы России. Киргизы» («Ресей халықтары. Қазақтар») іргелі басылымында да құрмет көрсету жөнінде былай айтылады: қазақтар «далада өсіп тұрған жалғыз ағашқа, ұлан-ғайыр жазықта жатқан ерекше тасқа, ішінде мөлдір бұлағы ағып жатқан тау үңгіріне және батырлар жерленген орындардың барлығына дерлігі құрмет көрсетеді. Қазақтар батыр жерленген бейіттің жанынан аттан түсіп намаз оқымай, өтпейді...» (Народы России..., 1879: 12, с. 37–38).

1878 жылы Императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің ұсынысы бойынша И.Я. Словцов Қазақ даласы солтүстік бөлігінің Есіл өзенінің оң жағалауы және Ертістің сол жағының арасында орналасқан аумақты зерттеп шықты[4] (Словцов, 1881). Сапар барысында И.Я. Словцов қазақтың зираттарын атап өтіп, халық арасында оған байланысты наным-сенімдеріне көңіл аударады: «ерте заманнан келе жатқан аңыз-әпсанаға толы тау үңгірлерді, тарихи тұлғалардың бейіттерін қазақтар бүгінгі күнге дейін киелі деп санайды» (Словцов, 1881: 39).

Некротопонимдерге байланысты кейбір мәліметтер В.К. Шнэнің 1894 жылы жарияланған «Ақмола облысы көшпелілерінің қыстаулары және басқа да тұрақты құрылыстары» («Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области») мақаласында келтіріледі. Оның осы жұмысы негізінен қазақ қыстауларына арналғанымен, қабір үсті ескерткіштеріне де қатысты материалдар қамтылған: «далада жалғыз орналасқан бейіттер – бай қазақ немесе кезінде әйгілі би болған, сондай-ақ жай ғана жақсы адам жерленген мазар болып табылады; осындай белгілі тұлғалар ғана бөлек, жолдың бойында, ерекше жерлерде орналасқан ...» (Шнэ, 1894: 39). Мысал ретінде автор Петропавлдан 22 шақырымдық жерде жерленген Байғабыл Бұқаевқа тиесілі мазарды келтіреді (Шнэ, 1894: 15–16).

1898 жылы жазда (маусым-тамыз айларында) Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің, сондай-ақ Мәскеу әуесқой жаратылыстанушылар қоғамының тапсырмасы бойынша, орыс зерттеушілері Ақмола облысы Омбы уезінің оңтүстігінде Сілетітеңіз, Теке және Қызылқақ сияқты көлдер орналасқан территорияны «географиялық әрі арнайы зоологиялық» тұрғыдан зерттеп шықты (Берг, Елпатьевский, Игнатов, 1898; Берг, Игнатов, 1901). Осы экспедицияның барысында некротопонимдерге байланысты біршама мәліметтер жиналғанын байқауға болады. Атап айтқанда, авторлар «екі жерде (Сілетітеңіз көлінің шығыс жағалауында, Қарақоға қыстағының жанында және көлдің солтүстік-батыс жағалауында, Бестөбе шоқыларының бірінде) төрт бұрышты қоршаулары жасыл бояумен сырланған ағаш шарбақ қабірлерді көрдік; бұларды орыстың кішкентай шіркеуіне ұқсатып жасағандарына еш күмән жоқ» (Берг, Игнатов, 1901: 86) деп жазды. Осы зерттеуде қазақтың жерлеу кешендеріне қатысты топонимикалық атаулар берілген: «Мысал ретінде оңтүстік жақтан Қызылқақ көліне құйылатын Жұсамбайсай өзеншігінің жиегіндегі Сұлтан Нұрар қабірін көрсетуге болады. Сілетітеңіз көлінің солтүстік жағалауында Жарқайың тоғайына жақын жерде Өлмесек орналасқан; ол өте ескі көрінеді…» (Берг, Игнатов, 1901: 85).

Соғыс жылдарынан кейін қазақтың жерлеу кешендерін зерттеуге үлесін қосқан омбылық өлкетанушы С.Р. Лаптев болды. Оның Солтүстік Қазақ жазығы аумағында тұратын қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты мәліметтерді қамтитын жол естеліктері (мысалы,

[4] 1897 жылы И.Я. Словцовтың осы мақаласы толықтырылып қайтадан жарияланды (Словцов, 1897; Катанаев, 1897)

қазақтардың зиратқа байланысты наным-сенімдері) һәм сапар кезінде өзі түсірген фотосуреттер қазақтың жерлеу рәсімін зерттеу үшін өте құнды эмпирикалық материал болып табылады (Омбы облысы Мемлеттік тарих архиві. 2118-қ. 1-т. 28-іс; 34-іс; 1-сурет). Бірақ, өкінішке қарай С.Р. Лаптев далалық зерттеулері барысында зираттың атауларына қатысты мәліметтерге аса көңіл аудармаған.



1-сурет. Даладағы қазақ зираты. «1957 жылы жаздыгүні Қазақстанның солтүстік-шығыс жағына жасалған сапар» (фотоқұжаттар) (Омбы облысы Мемлеттік тарих архиві. 2118-қ. 1-т. 34-іс. 10-п.).

Соңғы жылдары Қазақстанның солтүстік өлкелерін кешенді зерттеу жұмыстары қолға алына бастады. Соның ішінде, этнографиялық ескерткіштану бағыты аясында некротопоним, эпоним сынды тарихи төл атауларға да мән берілуде. 2023 ж. маусым және шілде айларында мақала авторларының бірі Б.Ә. Әшімнің қатысуымен, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен Солтүстік Қазақстан облысында «Солтүстік Қазақстан этноархеологиялық экспедициясы» (СҚЭАЭ) зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедицияның басты мақсаты аталған өңірдің жылжымайтын тарихи-мәдени ескерткіштерін және этнографиясын зерттеуге арналды. Әсіресе, ауыл төңіректерінде орналасқан, кейбірі шалғайда жатқан XIX–XX ғ. жататын қазақ ескерткіштерін (зираттар, қорымдар және қыстаулар) іздеп табу, тіркеу және зерттеу, өңірдегі аудандық мұражайлардың ерекше жәдігерлерін фототіркеу, суретін салу, жергілікті информаторлардан этнографиялық мәліметтер жинақтау болды. Экспедицияның маршруты Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар, Мағжан Жұмабаев, Ақжар, Уәлиханов, Тайынша, Айыртау, Шал ақын аудандарын қамтыды. Алайда, осы мақалада Қызылжар және Мағжан Жұмабаев аудандарында жүргізілген зерттеу жұмыстарының кейбір нәтижелері ғана баяндалады (айта кету керек, келешекте Солтүстік Қазақстан экспедициясының нәтижелері туралы арнайы мақала жарияланатын болады).

Экспедиция барысында жергілікті информаторлар өлкедегі қазақтардың біршама көне зираттары жөнінде берген мәліметтер бойынша қазақтың жерлеу кешендері зерттелді. Атап айтқанда, Жамбыл ауданына қарасты Благовещенка ауылынан батысқа қарай 7–8

шақырымдық жерде орналасқан «Толыбай» деп аталатын қорымда Толыбай Дәленұлы (Толыбай сыншы, 1603 ж.), Қожаберген Толыбайұлы (Қожаберген жырау, 1763 ж.), Қарабас, Асқап, Шақшақ, Жанкісі, Салғара, Маманай, Дәстем сал жерленген. Сол аудандағы Петровка ауылан батысқа қарай 4–5 шақырым қашықтықта керейдің көшебе руына тиесілі «Бертіс» атты қорымы да орналасқан.

Кейбір зираттардың атаулары тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған. Мысалы, Петровка ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2–3 шақырымдық жерде орналасқан Баянбай қорымының атауы Абылай хан заманында өлкенің шорасы болған Баянмен байланысты.

Қызылжар ауданы Соколовка ауылының маңында ескі үлкен мұсылман қорымы орналасқан. Бұл қорымда ел ішіндегі мәліметтер бойынша 400 ж. бұрын жерлене бастаған. Осы күнге дейін қорымда жергілікті халық қайтқан туыстарын жерлеп келеді. Сонымен қатар жоғарыда белгіленген территорияда басқа да зираттардың орналасқанын айту жөн (Мағжан Жұмабаев ауданындағы Аралағаш қорымы; Петровка, Астраханка төңірегіндегі Жұбан қорымы, Қызылжар төңірегіндегі Елсау зираты, Қызылжар қаласының маңындағы Дәулеткелді, Бәйтерек қорымдары (Дүйсенбі қажы), Боголюбово ауылы жанындағы Өрнек қорымы, Арқан ауылы қорымдары және т.б.). Негізінен осы экспедиция барысында тіркелген қорымдар көне кезеңге тән болғанымен, құлпытастары сақталмаған, барлығы дерлігі төбе күйіндегі іздері қалған. Тек Дәулеткелді қорымында сақталған араб графикада жазылған бір құлпытас 1912 жылға жатады.

Мазмұнды мәлімет берген информатор Баян батырдың 6-шы ұрпағы Зейнолла Олжабаев қазақтың ескі зираттарын картадан көрсетіп, Баян батырдың ұрпақтары және ертедегі қазақ ауылдарының атаулары жөнінде құнды мәліметтер айтты. Оның сөзінше, Жұмабаев ауданының Аралағаш ауылында көне зират бар. Ол зиратта батыр Баянның ұрпақтары жерленген. Батыр Баянның алты баласы болған: Бұлан, Құлжан, Қарақол, Тасыбай, Құлтерек және Бәйтерек. Олардың бәрі дерлігі Аралағаш ауылында орналасқан ескі зиратта (қазір «Аралағаш» зираты деп аталады) жатыр. Бұланнан тараған алты баласы да (Байтоқа, Жантоқа, Мұсабай, Жылқыбай, Малыбай, Талыбай) Аралағаш зиратында жерленген. Оның Байтоқа ұлы би болған. Сондай-ақ, Аралағаш зиратында ертеде он шақты үй болған қарауыл руынан Домалақтың (шын есімі Нысанбай/Нысаналы) Омары, Жиенбай, Жүкен, Шәрім Қожабайлар (Қозған руы) жатыр. Сонымен қатар, Баян батырдың жерленген орнын көп жылдар ізденгендігін айтып, ол туралы былай дейді: Баян батыр 1714–1771 жж. аралығында өмір сүрген. Батырдың зираты Қарағанды облысы Шет ауданының Қарабұлақ ауылының маңындағы Сары-Баян жотасынан табылды. Қорымда 60–70 сарбаз жерленген. Қорымның ұзындығы 80–90 м, ені 4–5 м шамасында. Жергілікті халық арасында осы күнге дейін Баян батырдың зираты деп киелі жер ретінде саналып келген, дейді. Әрине, біз бұны ғылыми негізделген деректерінсіз толыққанды қуаттай алмаймыз. Бұл жерде біз информатордың мәліметі ретінде ғана ұсынып отырмыз. Негізінен мұндай мәселені ғылыми негізде кешенді зерттеу арқылы ғана толық айқындалады. Бұл мәселені келешекте толыққанды кешенді түрде зерттеу қажет екенін атап айтқымыз келеді.

Экспедицияның барысында Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты ауылдардың төңіректерінде орналасқан, кейбірі шалғайда жатқан қазақ зираттары, қорымдары есепке алынды. Ең алдымен, ауданның оңтүстік-батыс бөлігіндегі Ганькино ауылынан оңтүстікке қарай 5,4 шақырымдық жерде, Половинное көлінен батысқа қарай орналасқан қазақ зираты тіркелді. Зираттың орналасу жоспарына қарағанда біршама ірі болғанға ұқсайды, оңтүстік-шығыс бөлігі қазіргі заманғы шағын бейіттер болса, ал зираттың басым бөлігін ескі бейіттердің төбешік үйіндісінің іздері шоғырланған (2-сурет).



2-сурет. Қазақ зираты. Жоғарыдан жалпы көрінісі

Зиратты жағалай терең ор қазылған. Зираттың қазіргі заманғы бөлігінде (1930–1970 жж.) арғынның қаракесек, қозған, құлсары, қарауыл, найманның бағаналы руларының өкілдері жерленген. Ескі бөлігінің молалары жоғарыда айтып өткеніміздей, төбе үйіндіге айналған іздері ғана қалған. Информаторлардың айтуынша, бұл маңдағы көне құлпытастар колхоздастыру кезеңінде қора, диірмен т.б. салу кезінде фундаментке жұлып алынып салынған, кейін тың игеру кезеңінде де бұзылып ескі мола орындарының көбі жыртылып, егін егіліп кеткенді-міс. Дегенмен, зираттың солтүстік, солтүстік-шығыс бөлігінде XX ғ. басына жататын қызғылт граниттен қойылған, әйел адамға тиесілі жалпақай араб эпиграфикалық жалғыз құлпытас сақталған (3-сурет).



3-сурет. Қазақ зираты. 1917 ж. құлпытас. Суретті түсірген Б. Әшім

Құлпытастың жоғарғы бөлігі сынған, қалған бөлігі құлап қалмас үшін жергілікті тұрғындар жан-жағын темірмен бекітіп, құрсаулап қойған. Құлпытастың батыс бетінде араб жазуы қашалып, жоғарғы бөлігінде үш мұнаралы етіп, ұшар басында айшықтары бар мешіттің суреті салынған. Оның төртқұлақ түрінде жасалған темір қоршауына 30 жуық ақтық (ақ мата) байланған. Зираттан оңтүстік-шығысқа қарай Қызылту сайында, Хлеборобное ауылының оңтүстік-батысында 7,3 шақырымдық жерде Қызылту зираты (GPS т. 7) зерттелді. Зираттың орналасуы, шығыстан батыс бағытта созылып жатыр. Әдеттегідей зиратты жағалай екі қатар етіп ор қазылған. Шығыс бөлігінде татар молалары, батыс бөлігінде қазіргі заманғы қазақ бейіттері шоғырланған (1940–2012 жж.). Онда арғынның қанжығалы, бабасан, баба, қаракесек, есентаңырық және уақ руларының өкілдері жерленген. Ал зираттың орта бөлігінде ескі моланың іздері төбе үйіндісіне айналған. Зираттан оңтүстікке қарай 3 км жерде Атығай баба және қожа зираты (GPS т. 8) тіркелді. Зират далалық жолдың бойында, тоғайдың ішіне қарай ене орналасқан. Зираттың шығыс бөлігінің орта тұсында қызыл кірпіштен тұрғызылған зираттың қақпасы (арка түрінде) орналасқан. Оның жоғарғы бөлігінде «Атығай баба және қожа руларымызға» (2010 ж.) деп жазылған. Біз осы жазуға қарап зираттың атауын бердік. Зиратты жағалай әдеттегі ор қазылған. XX ғ. 20–80 жж. аралығына жататын 30 жуық жалпақай эпиграфикалық құлпытас сақталған. Ең көнесі 1925 ж. араб графикасымен жазылған.

Экспедицияның келесі зерттеу нысандары Булаев ауылынан солтүстік-шығыс өлкесіндегі Лебяжье ауылының маңында орын тепкен Құралай қорымы, Әміре зираты және Ортақшы ауылының зираты болып табылды (бұл ауыл информатордың мәліметінше 1970 жж. тарап кеткен). Құралай қорымы Лебяжье ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4,17 шақырымдық, Құралай ауылынан солтүстік-батысында 1,5 шақырымдық жерде орналасқан. Қорым солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытта созыла үлкен аумақты алып жатыр және жан-жағын қоршай ор қазылған. Қорымның орталық бөлігінде көне бейіттің іздері байқалды. Олардың барлығы дерлігі топырақ үйіндісіне айналған. Ескі бейіттің жан-жағын қоршай қазіргі заманғы жерлеулер шоғырланған. Онда негізінен соғыс жылдарынан кейінгі және қазіргі заманғы құлпытастар сақталған (4-сурет).



4-сурет. Құралай қорымы. 1970 жж. құлпытас және темір қоршауымен.
Суретті түсірген Б. Әшім

Қорымнан солтүстік-батысқа қарай 12 шақырымдық жерде тоғай ішінде орын тепкен Әміре зиратының жоспары квадрат болып келген, әдеттегідей жан-жағын қоршай ор қазылған. Қорымда сақталған ең көне құлпытас 1931 ж. жатады. Зиратта қазіргі күнге дейін мәйіт жерлейді (2016 ж.). Қорымның басым бөлігі темір қоршаумен төртқұлақ түрінде жасалған; төрт бұрышында төрт айшық көтерілген. Әміре зиратынан оңтүстік-батысқа қарай Ортақшы ауылының зираты 1960 жылдардан кейінгі бейіттерден тұрады. Атығай-қарауыл руларының өкілдері басым жерленген. Шығысында зират үй орналасқан. Кейбір құлпытастарда ішінара латын әріппен жазылған жазулар кездесті.

Зерттеу нәтижелері

Батыс Моңголия мен Қазақстандағы қазақтың жерлеу кешендерінің зерттеу тарихын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы) қазақтың жерлеу рәсімі мен қабір ескерткіштерін, сондай-ақ қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысы бар некротопонимдерді зерттеуге арналған еңбектер негізінен орыс ғылыми әрі қоғамдық қайраткерлерінің қаламынан шықты. Бірақ сол кезде жарияланған мақалаларында зерттеушілер нақты топонимикалық объектілерді зерттейміз деген мақсат қоймағасын, бұлар бөлек емес, қазақтың дәстүрлі жерлеу кешендерінің ажырамас бөлігі ретінде зерттелінді. Топонимика (соның ішінде некротопонимдер) ғылыми зерттеулердің бөлек бағыт болмағаны сондықтан болса керек. Екіншіден, кеңестік дәуірде этнография саласындағы зерттеулер көбінесе жергілікті өлкетанушылар (С.Р. Лаптев сынды) тарапынан жүргізілді. XX ғ. 70 жылдарының екінші жартысынан бастап ғылыми орталықтардың бірі Омбы қаласында қазақ дәстүрлі мәдениетін зерттеуге жаңа серпін берілгенімен, некротопоним мәселесі ғалымдардың назарынан тыс қалды. Қазіргі таңда Қазақстанда тарих және филология ғылымдарында топонимикаға қатысты мәселелер топонимдердің шығу тегі, құрамы һәм мазмұны сияқты проблемаларды қамтиды.

Қорытынды

Талданған материал келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу көрсеткендей, некротопонимдер саласындағы ғылыми зерттеулер бірқатар ғылыми мәселелерді шешуге көп мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, біз белгілі бір халықтың, оның ішінде қазақтардың да, этникалық тарихына қатысты мәселелерді айтып отырмыз. Сонымен қатар, некротопонимдерді жергілікті халықтан алынған мәліметтермен байланыстыра отырып зерттеу, некротопонимдердің белгілі бір түрінің таралу шегін және ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретіндерін айта кету жөн. Бірақ мұндай мәселелер бірнеше ғылымдардың (география, этнология, тарих, филология және т.б.) тоғысқан жерінде болғандықтан, бұлар кешенді әдіс-тәсілді қолдануды қажет етеді.

Әдебиеттер:

Ахметова Ш.К., Толпеко И.В. Мемориально-культовые комплексы как сакральное пространство в традиционной культуре казахов Омского Прииртышья // Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки». 2018. № 3 (19). С. 288–296.

Ахметова Ш.К., Толпеко И.В. Детский погребальный обряд казахов юга Западной Сибири // Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки». 2022. Т. 9, № 4 (36). С. 160–172.

Берг Л., Елпатьевский В., Игнатов П. О соленых озерах Омского уезда. СПб., 1898. 23 с.

Берг Л., Игнатов П. Соленые озера Селеты-Денгиз, Теке и Кызыл-Как Омского уезда. Физико-географический очерк // Записки ЗСО ИРГО. М.: Синодальная тип., 1901. 86 с.

Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1914. Т. 1. 569 с.

Живописная Россия. Отечество наше в земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении / Под общей ред. П.П. Семенова. Т. X. Русская Средняя Азия. Санкт-Петербург, Москва: Изд. Товарищества М.О. Вольф, 1885. 452 с.

Ковальская С.И., Хизат А. Возвращение казахов-препатриантов из Монголии на историческую родину // История повседневности. 2012. № 4. С. 50–64.

Кошман Т.В., Хабдулина М.К., Дукомбайев А.Т. Некрополь Караоткель: сакрально-религиозная функция кладбища // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2022. Т. 139. № 2. С. 76–95.

Майоров М.В. Некротопоним как новый термин в ономастике // Русская речь. 2010. № 4. С. 89–93.

Мусагажинова А.А. Этноархеологический метод в изучении погребального обряда казахов Павлодарского Прииртышья // Вестник Омского университета. 2015. № 2. С. 134–136.

Народы России. Киргизы. Санкт-Петербург: Типография Товарищества «Общественная польза», 1879. 58 с.

Россия. Полное географическое описание нашего Отечества: настольная и дорожная книга для русских людей / Под ред. В.П. Семенова. Т. XVIII. Киргизский край. Санкт-Петербург: Издание А.Ф. Девриена, 1903. 448 с.

Словцов И.Я. Путевые записки, веденные во время поездки в 1878 году в Кокчетавский уезд // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1881. Кн. III. С. 1–152.

Словцов И.Я. Путевые записки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1897. Кн. XXI. С. 1–199.

Смагулов Б.К. Погребальный обряд казахов юго-восточных районов Омской области // Вестник Омского университета, 2002. № 3. С. 61–64.

Катанаев Г.Е. От редакции (примечание) // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1897. Кн. XXI. С. 1–2.

Омбы облысының мемлекеттік тарих архиві. 2118-қ. 1-т. 28-іс. «Поездка на озеро Боровое в Северном Казахстане, 1957 г.».

Омбы облысының мемлекеттік тарих архиві. 2118-қ. 1-т. 34-іс. «Альбом с фотографиями к поездкам по Омской области. По Черлакскому тракту; в Курумбельскую степь, Оконешниковский район, 1958 г.»).

Шнэ В.К. Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области // Записки Зап.-Сиб. отдела ИРГО. Кн. XVII. Омск, 1894. Вып. I. С. 1–18.

Численность населения по отдельным этносам Республики Казахстан. На начало 2024 года. Сер. 18. Демографическая статистика. Дата релиза: 22.04.2024. Астана, 2024.

References:

Akhmetova Sh.K., Tolpeko I.V. (2018) Memorialno-kultovye kompleksy kak sakralnoye prostranstvo v traditsionnoy kulture kazakhov Omskogo Priirtyshya [Memorial-cult complexes as sacral spaces in the traditional culture of the Kazakhs of Omsk Irtysh region] // Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Istoricheskiye nauki». № 3 (19). P. 288–296. (in Rus.)

Akhmetova Sh.K., Tolpeko I.V. (2022) Detsky pogrebalny obryad kazakhov yuga Zapadnoy Sibiri [Children’s funeral rite of the Kazakhs of the south of Western Siberia] // Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Istoricheskiye nauki». T. 9, № 4 (36). P. 160–172. (in Rus.)

Berg L., Yelpatyevsky V., Ignatov P. (1898) O solenykh ozerakh Omskogo uyezda [About the salt lakes of Omsk district]. SPb., 23 p. (in Rus.)

Berg L., Ignatov P. (1901) Solenye ozera Selety-Dengiz, Teke i Kyzyl-Kak Omskogo uyezda. Fiziko-geograficheskiy ocherk [Salt lakes Selety-Dengiz, Teke and Kyzyl-Kak, Omsk district. Physico-geographical sketch] // Zapiski ZSO IRGO. M.: Sinodalnaya tip. 86 p. (in Rus.)

Chislennost naseleniya po otdelnym etnosam Respubliki Kazakhstan. Na nachalo 2024 goda. Ser. 18. Demograficheskaya statistika. Data reliza: 22.04.2024 [Population size by individual ethnic groups of the Republic of Kazakhstan. At the beginning of 2024. Ser. 18. Demographic statistics. Release date: 04/22/2024]. Astana, 2024. (in Rus.)

Grumm-Grzhimaylo G.E. (1914) Zapadnaya Mongoliya i Uryankhaysky kray [Western Mongolia and Uriankhai region]. T. 1. 569 s. (in Rus.)

Katanayev G.E. (1897) Ot redaktsii (primechaniye) [From the editor (note)] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba. Kn. XXI. P. 1–2. (in Rus.)

Kovalskaya S.I., Khizat A. (2012) Vozvrashcheniye kazakhov-prepatriantov iz Mongolii na istoricheskuyu rodinu [Return of pre-patriate Kazakhs from Mongolia to their historical homeland] // Istoriya povsednevnosti. № 4. P. 50–64. (in Rus.)

Koshman T.V., Khabdulina M.K., Dukombayev A.T. (2022) Nekropol Karaotkel: sakralno-religioznaya funktsiya kladbishcha [Necropolis Karaotkel: sacred-religious function of the cemetery] // Vestnik YeNU im. L. Gumileva Seriya: Istoricheskiye nauki. Filosofiya. Religiovedeniye. T. 139. № 2. P. 76–95. (in Rus.)

Mayorov M.V. (2010) Nekrotoponim kak novy termin v onomastike [Necrotoponym as a new term in onomastics] // Russkaya rech. № 4. P. 89–93. (in Rus.)

Musagazhinova A.A. (2015) Etnoarkheologichesky metod v izuchenii pogrebalnogo obryada kazakhov Pavlodarskogo Priirtyshya [Ethnoarchaeological method in the study of the funeral rites of the Kazakhs of the Pavlodar Irtysh region] // Vestnik Omskogo universiteta. № 2. P. 134–136. (in Rus.)

Narody Rossii. Kirgizy (1879) [Peoples of Russia. Kyrgyz]. Sankt-Peterburg: Tipografiya Tovarishchestva «Obshchestvennaya polza». 58 s. (in Rus.)

Omby oblysynyn memlekettik tarikh arkhivi. 2118-k. 1-t. 28-is. «Poyezdka na ozero Borovoye v Severnom Kazakhstane, 1957 g.») [«A trip to Lake Burabay inNorth Kazakhstan, 1957»]. (in Rus.)

Omby oblysynyn memlekettik tarikh arkhivi. 2118-k. 1-t. 34-is. «Albom s fotografiyami k poyezdkam po Omskoy oblasti. Po Cherlakskomu traktu; v Kurumbelskuyu step, Okoneshnikovsky rayon, 1958 g.») [«Album with photos for trips in the Omsk region. Along the Cherlak tract; In the Kurumbel steppe, Okoneshnikovsky district, 1958»]. (in Rus.)

Rossiya. Polnoye geograficheskoye opisaniye nashego Otechestva: nastolnaya i dorozhnaya kniga dlya russkikh lyudey / Pod red. V.P. Semenova [Russia. A complete geographical description of our Fatherland: a reference and travel book for Russian people]. T. XVIII. Kirgizsky kray. Sankt-Peterburg: Izdaniye A.F. Devriyena, 1903. 448 p. (in Rus.)

Shne V.K. (1894) Zimovki i drugiye postoyannye sooruzheniya kochevnikov Akmolinskoy oblasti [Wintering quarters and other permanent structures of nomads of the Akmola region] // Zapiski Zap.-Sib. otdela IRGO. Kn. XVII. Omsk. Vyp. I. P. 1–18. (in Rus.)

Slovtsov I.Ya. (1881) Putevye zapiski, vedennye vo vremya poyezdki v 1878 godu v Kokchetavsky uyezd [Travel notes kept during a trip in 1878 to Kokchetav district] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. Shtaba. Kn. III. P. 1–152. (in Rus.)

Slovtsov I.Ya. (1897) Putevye zapiski, vedennye vo vremya poyezdki v Kokchetavsky uyezd Akmolinskoy oblasti v 1878 godu [Travel notes kept during a trip to Kokchetav district of Akmola region in 1878] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba, 1897. Kn. XXI. P. 1–199. (in Rus.)

Smagulov B.K. (2002) Pogrebalny obryad kazakhov yugo-vostochnykh rayonov Omskoy oblasti [Funeral rite of the Kazakhs of the south-eastern regions of the Omsk region] // Vestnik Omskogo universiteta. № 3. P. 61–64. (in Rus.)

Zhivopisnaya Rossiya. Otechestvo nashe v zemelnom, istoricheskom, plemennom, ekonomicheskom i bytovom znachenii / Pod obshchey red. P.P. Semenova [Picturesque Russia. Our Fatherland in land, historical, tribal, economic and everyday meaning]. T. Kh. Russkaya Srednyaya Aziya. Sankt-Peterburg, Moskva: Izd. Tovarishchestva M.O. Volf, 1885. 452 s. (in Rus.)

[1]Ашим Б.А. [2]Бурханов Б.
[1,2] Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан
E-mail: [1]ashim.baglan@gmail.com, [2]burkhanov.b@inbox.ru,

ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСКИХ НЕКРОТОПОНИМОВ МОНГОЛИИ И КАЗАХСТАНА (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX – ПЕРВАЯ ЧЕТВЕРТЬ XXI ВВ.)

Аннотация. Статья посвящена изучению погребальных памятников (нектротопонимов) казахов Казахстана и западных районов Монголии, где в настоящее время проживает подавляющее блышинство казахов этой страны. Организованные в указанный период различного рода экспедиции собрали обширный материал по истории, географии, этнографии, а также топонимики Монголии и Казахстана. При этом в контексте рассматриваемой нами темы следует особо отметить, что научные экспедиции и поездки отдельных исследователей не носили специального топонимического характера, а проводились в рамках общего изучения истории, географии и Монголии и Казахстана. Цель данной статьи – проанализировать содержание и основные направления изучения некротопонимов Казахстана и западных районов Монголии. При написании работы использовались методы факторного и диахронного анализа, а также метод синтеза. В ходе изучения данного вопроса автор пришел к выводу, что изучение казахских некротопонимов проводилось в рамках исследования традиционной культуры казахов, в частности, погребального обряда. Собранный материал показывает, что в традиционном казахском обществе некротопонимы выполняли различные как чисто практические, так и этнокультурные функции. В частности, речь в том числе идет о функциях сохранения исторической памяти населения (памяти об исторических событиях), ориентации людей на местности во время их передвижения по обширным степным пространствам, обозначения пределов родовых территорий казахов и др.

Благодарность: Данная статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта BR21882416 «Историческая география Центральной Азии».

Несмотря на довольно сильное влияние исламской культуры на все аспекты жизнедеятельности Золотой Орды, важной спецификой женщин из средневекового кочевого общества являлось отсутствие паранджи и обычай нанесения густого макияжа, что весьма удивляло европейских и арабских путешественников и дипломатов. Также они подчеркивали политическую и общественную активность средневековой женщины в жизни Золотой Орды.

Женщины аристократки столь хорошо известные нам по письменным источникам конечно же представляли не норму, а исключение. В тоже время анализ погребальных комплексов, содержащих женские останки, показывает, что в целом женщины должны были обладать рядом привилегий. Достаточно богатый погребальный инвентарь доказывает сравнительно высокий статус женщины как жены или родственницы. Конечно же данное положение было не характерно для рабынь, упоминаниями о которых пестрят разного рода источники. Женщина как обладательница статуса могла выступать наследницей в случае отсутствия других претендентов мужского пола. Это как правило исключительное условие

могло быть связано с мором или интенсивными военными действиями. В доминирующем ряде случаев женщина была напрямую связана с деятельностью мужчин, и даже ее родные сыновья располагали преимущественным статусом. Как правило, после смерти мужа, вдова переходила на попечение сыновей или братьев, а ее имущественные права не воспринимались в качестве иска. Такое положение дел касалось конечно же прежде всего мусульманских регионов Золотой Орды или же оседло-земледельческих районов с преимущественно мусульманским населением. В кочевой среде нам также не встречаются сведения об аулах, управляемых женщинами, однако ее статус был несоизмеримо выше. Женщины – воины вовсе не воспринимались как отход от норм или правил. Это явное несоответствие, когда ограниченная женщина в правах могла претендовать на статус воина, породило множество трактовок и толкований. Воинский статус всегда имел большое значение, будь то кочевое или какое-нибудь другое общество, и тот факт, что женщина имела на него права, должен вызывать определенные сомнения как в самом статусе, так и в реальности подобных претензий. Исходя из сообщений источников до нас не дошли сведения о женщинах охотниках или женщинах ремесленниках (кузнецов) и т.д. здесь следует отметить, что охота всегда была дополнительным промыслом у кочевников и имела коллективный характер, что было связано с восприятием охоты как военных сборов. Сама тактика облавы была в целом предтечей военных маневров и служила проверкой боеспособности и слаженности целых отрядов. Конечно же существовали отдельные лица, для которых охота играла большую роль и была весьма прибыльной формой пополнения ресурсов, но их статус не мог быть высоким или выше рядового кочевника. Нестабильность охоты как основного поставщика продовольствия заставлял вести комплексный характер хозяйства. Поэтому занятие индивидуальной охотой или же малыми группами, постепенно становится элитарной формой проведения досуга. Женщине в абсолютном большинстве не подходила на роль охотников, хотя, конечно, были знакомы со страшным оружием кочевников, луком и стрелами не понаслышке. Кузнец же в средневековом представлении не только был проводником между мирами или народом и богом, но и воспринимался через образ войны. Сами тюрки, создатели одной из первых кочевых империй, были знатоками кузнечных дел.

Женщина играла большую роль в хозяйстве и на нее возлагались прежде всего уход за домашним хозяйством и семьей. Тем не менее в условиях кочевого быта, женщины по мере возможности были вовлечены и в уход за скотом, а также несли основную тяжесть при кочевке. В оседлых районах, в строящихся оседлых поселениях и городах статус и обязанности женщин должен был измениться, по крайней мере на первых порах. Трудности, с которыми должны были столкнуться первые переселенцы, как правило большинство которых были вынужденными, так или иначе способствовали их вовлечению в процесс строительства, и как можно предполагать в ведение земледельческого хозяйства, что ранее было прерогативой дехканина.

Тем не менее, достаточно свободное положение женщин вовсе не отменяло тот факт, что золотоордынское общество было консервативным в плане власти мужчин, где любой мужчина прежде всего хозяин. Он имел право распоряжаться не только хозяйством, но и семьей. Довольно частно при описании ужасающего положения рядовых кочевников упоминаются факты продажи детей в рабство. Следовательно, дети также могли входить в состав наследия или имущества. Продажа детей стало настолько широким способом пополнения государственного бюджета Золотой Орды, что способствовало формированию и пополнению численности мамлюков в далеком Египте. Лишь с распространением ислама, продажа детей стала ограничиваться юридически, что в итоге и привело к крушению кыпчакской власти в Египте. Сами дети также находились в разном юридическом статусе, и были разграничены в своем положении, если вели свое происхождении от законных жен и от

наложниц при обязательном преимуществе сыновей от старших жен. Сами старшие жены имели право распоряжаться имуществом мужа в случае его гибели, по крайней мере до взросления сыновей. Средневековые источники сообщают что продажа детей была вызвана необходимостью оплачивания налогов, что может являться главной, но отнюдь не единственной причиной. Дело в том, что все свободные кочевники были обязаны служить в армии, а снаряжение стоило достаточно дорого, что в итоге и приводило к распространению продажи детей в рабство.

Заключение

Значение изучения повседневной культуры трудно переоценить, поскольку само понятие повседневной культуры охватывает почти все сферы жизнедеятельности любого государства. Богатейшее наследие Золотой Орды включает в себя не только предметы или сооружения материальной культуры, но и духовные практики, а также ментальные установки. Само понятие исследования повседневной культуры должно включать в себя не только описание и анализ выявленных артефактов, но и изучение социальных норм и групп. Кроме того, любой исследователь должен понимать специфику этого исследования, в том числе и хорошее знание западных пределов Золотой Орды и сравнительно слабое изучение ее восточной части.

Материальная культура населения средневековых городов Золотой Орды развивалась в активном взаимодействии и взаимовлиянии с культурами других народов, как кочевых, так и оседлых, в процессе урбанизации в новых городах. Культура степных городов Золотой Орды, действительно, не опиралась на локальные урбанистические традиции (исключая территорию Юго-Восточного Казахстана, которая, впрочем, не входила в орбиту ее влияния). И сам факт, что города возникали там, где до и много после, их не существовало, говорит о мощи и организованности государства, а также о налаженном аппарате влияния на гетерогенный социум. И в этом заключался один из секретов успеха Золотой Орды как государства – ее социальная гетерогенность. Данные факты должны быть безусловно приняты во внимание и нуждаются в углубленном изучении. Если теория о исторической преемственности городов Казахстанского Урала найдет свое подтверждение, то следует наладить поиск, отбор и анализ всех видов письменных свидетельств.

Литература:

Абусеитова М.Х. Золотая Орда и Казахское ханство в XIII-XV вв. // Сборник материалов круглого стола, посвященный 750-летию государства Золотой Орды «Золотая Орда как исторический формат взаимодействия культур». Алматы, 2019. С. 36–52.

Блохин Г.В. Градостроительные традиции Золотой Орды (на материалах Нижнего Поволжья). Автореферат дис. на соискание уч. степени к.и.н. Волгоград, 2001. С. 22.

Васильев Д.В. О местоположении города Саксин//Проблемы археологии Нижнего Поволжья. Первая Международная Нижневолжская археологическая конференция. // Тезисы докладов. Волгоград, 2004. С. 269

Выступление Президента страны Касым Жомарта Кемеловича Токаева на национальном курултае в Атырау. 15 марта 2024. // https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116.

Галкин Л.Л. Отчет о работах в Гурьевской области в 1975 г. Москва, 1975 // Архив Института археологии Российской Академии наук. Р-1. №5668. Лл. 1–4.

Галкин Л.Л., Касенов М.С. Афанасьев В.К. Средневековое городище Актобе-Лаэти (XIII–XVвв.). Атырау, 2013. С. 100 (с приложениями).

Дробышев Ю.И. Роль климатического фактора в политической истории Центральной Азии. Москва: ИВ РАН, 2018. 264 с.

Дунаева Ю.В. Современные контексты и подходы к изучению истории Золотой Орды // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Сер. 5, История: Информационно-аналитический журнал. 20.05.2020 г. С. 24–41.

Зеленеев Ю.А. Золотоордынские города Поволжья: возникновение время существования и этнокультурная характеристика. // История и современность. №1. 2010 (март). С. 113–122.

Зиливинская Э.Д. Архитектура Золотой Орды. Часть I. Культовое зодчество. Москва-Казань, 2014. С. 219.

Карпини И.П. История монголов. Сборник. Санкт-Петербург, 2008. 472 с.

Крамаровский М.Г. Человек средневековой улицы. Золотая Орда. Византия. Италия. Санкт-Петербург: Изд. «ЕВРАЗИЯ», 2012. С. 496.

Мулдахметова Ж.И. История этнографического изучения традиционного уклада жизни, быта и культуры тюрков-монголов Золотой Орды в наследии российских исследователей. Qazaqtanýý, 2020. №3 (7). С. 11–16.

Недашковский Л.Ф. Золотоордынский город и его округа: на материалах Нижнего Поволжья. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Ижевск, 2011. С. 43.

Недашковский Л. Земледелие, скотоводство, промыслы и ремесло // Золотая Орда в мировой истории. Казань, 2016. С. 551.

Пигарев Е.М. Гончарное производство золотоордынского города Сарай (Селитренное городище). Йошкар-Ола: Марийский гос.ун-т, 2015. 208 с.

Сагидуллаев Д.З. Золотоордынские поселения Северо-восточного Прикаспия: география, топография, домостроительство. // The Volga River Region Archaeology Vol.2 (40) 2022. С. 159–174. https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40.

Саламат С., Кипиев М.К. Актобе-Лаэти қалашығы. // Атырау облысында тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын киелі жерлер. – Атырау: Ағатай баспасы. 2018. 96.

Хасанова Б. Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық Ақтөбе-Лаэти қалашығы. // «Ибн Батутаның Ұлы Жібек жолымен саяхат: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жолы). С. 130–132.

Шамильоглу Ю. Изменения климата в Центральной Евразии и Золотой Орде // Золотая Орда в мировой истории: Коллективная монография. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. С. 665–678.

Яворская Л.В. Домашние животные в быту и экономической системе Золотой Орды: письменные свидетельства и археозоологические реалии// III Международный конгресс средневековой археологии евразийских степей «Между Востоком и Западом: движение культур, технологий и империй». Владивосток, 2017. С. 313–318.

References:

Abuceitowa M.Kh. (2019) Abuceitowa M.Kh. Solotaja Orda i Kasachckoe chanctwo w XIII-XV ww. [The Golden Horde and the Kazakh Khanate in the XIII-XV centuries]. // Cbornik materialow kruglogo ctola, pocwjashennyj 750-letiju gocudarctwa Solotoj Ordy «Solotaja Orda kak ictoritscheckij vormat wsaimodejctwija kul'tur». Almaty, 2019. S. 36–52. (in Rus.)

Blochin G.W. (2022) Blochin G.W. Gradoctroitel'nye tradizii Solotoj Ordy (na materialach Nizhnego Powolzh'ja) [Urban planning traditions of the Golden Horde (based on materials from the Lower Volga region]. Awtoreverat dic. na coickanie utsch. ctepeni k.i.n. Wolgograd, 2001. S. 22. (in Rus.)

Cagidullaew D.S. (2022) Cagidullaew D.S. Solotoordynckie pocelenija Cewero-woctotschnogo Prikacpija: geogravija, topogravija, domoctroitel'ctwo [The Golden Horde

settlements of the Northeastern Caspian region: geography, topography, house building] // The Volga River Region Archaeology Vol.2 (40) 2022. S. 159–174. https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40. (in Rus.)

Chacanowa B. (2017) Chacanowa B. Ұly Zhibek zholy bojyndaғy ortaғacyrlyқ Aқtөbe-Lajeti қalaschyqy [The medieval city of Aktobe-Laeti on the Great Silk Road] // «Ibn Batutanyң Ұly Zhibek zholymen cajachat: mədenietter aracyndaғy dialogty alғa bactyru» chalyқaralyқ ғylymi-praktikalyқ konverenzijanyң bajandamalar zhinaғy (8 қarascha 2017 zholy). S. 130–132. (in Kaz)

Drobyschew Ju.I (2018) Drobyschew Ju.I. Rol' klimatitscheckogo vaktora w polititscheckoj ictorii Zentral'noj Asii [The role of the climatic factor in the political history of Central Asia]. Mockwa: IW RAN, 2018. 264 s. (in Rus.)

Dunaewa Ju.W (2020) Dunaewa Ju.W. Cowremennye kontekcty i podchody k isutscheniju ictorii Solotoj Ordy [Modern contexts and approaches to the study of the history of the Golden Horde]// Cozial'nye i gumanitarnye nauki. Otetschectwennaja i sarubezhnaja literatura. Cer. 5, Ictorija: Invormazionno-analititscheckij zhurnal. 20.05.2020. S. 24–41. (in Rus.)

Galkin (1975) Galkin L.L. Ottschet o rabotach w Gur'ewckoj oblacti w 1975 g. Mockwa, 1975 [Report on the work in the Guryev region in 1975] // Archiw Inctituta archeologii Roccijckoj Akademii nauk. R-1. №5668. L. 1–4. (in Rus.)

Galkin L.L i dr. (2013) Galkin L.L., Kacenow M.C. Avanac'ew W.K. Crednewekowoe gorodishe Aktobe-Lajeti (XIII–XVww.) [The medieval settlement of Aktobe-Laeti (XIII–XV centuries)]. Atyrau, 2013. S. 100 (c prilozhenijami). (in Rus.)

Jaworckaja L.W. (2017) Jaworckaja L.W. Domaschnie zhiwotnye w bytu i jekonomitscheckoj cicteme Solotoj Ordy: pic'mennye cwidetel'ctwa i archeosoologitscheckie realii [Domestic animals in everyday life and the economic system of the Golden Horde: written evidence and archaeozoological realities] // III Mezhdunarodnyj kongrecc crednewekowoj archeologii ewrasijckich ctepej «Mezhdu Woctokom i Sapadom: dwizhenie kul'tur, technologij i imperij». Wladiwoctok, 2017. S. 313–318. (in Rus.)

Karpini I.P. (2008) Karpini I.P. Ictorija mongolow [The History of the Mongols]. Cbornik. Cankt-Peterburg, 2008. 472 s. (in Rus.)

Kramarowckij M.G. (2012) Kramarowckij M.G. Tschelowek crednewekowoj ulizy. Solotaja Orda. Wisantija. Italija [The man of the medieval street. The Golden Horde. Byzantium. Italy.] Cankt-Peterbur: Isd. «EWRASIJa», 2012. S. 496. (in Rus.)

Muldachmetowa Zh.I. (2020) Muldachmetowa Zh.I. Ictorija jetnogravitscheckogo isutschenija tradizionnogo uklada zhisni, byta i kul'tury tjurkow-mongolow Solotoj Ordy w nacledii roccijckich iccledowatelej [History of ethnographic study of the traditional way of life, way of life and culture of the Mongol Turks of the Golden Horde in the generation of Russian researchers]. Qazaqtanу́, 2020. №3 (7). S. 11–16. (in Rus.)

Nedaschkowckij L.V (2011) Nedaschkowckij L.V. Solotoordynckij gorod i ego okruga: na materialach Nizhnego Powolzh'ja [Zolotoordynsky city and its districts: based on the materials of the Lower Volga region]. Awtoreverat diccertazii na coickanie utschenoj ctepeni doktora ictoritscheckich nauk. Izhewck, 2011. S. 43. (in Rus.)

Nedaschkowckij L.V. (2011) Nedaschkowckij L.V. Semledelie, ckotowodctwo, promycly i remeclo [griculture, cattle breeding, crafts and handicrafts] // Solotaja Orda w mirowoj ictorii. Kasan', 2016. S. 551. (in Rus.)

Pigarew E.M. (2015) Pigarew E.M. Gontscharnoe proiswodctwo solotoordynckogo goroda Caraj (Celitrennoe gorodishe) [Pottery production of the Golden Horde city of Sarai (Saltpetre settlement)]. Joschkar-Ola: Marijckij goc.un-t, 2015. 208 s. (in Rus.)

Salamat C., Kipiew M.K. (2018) Salamat C., Kipiew M.K. Aktobe-Lajeti қalaschyqy [Aktobe-Laeti settlement] // Atyrau oblycynda tarich zhəne mədeniet eckertkischteri bolyp tabylatyn kieli zherler. Atyrau: Ағataj bacpacy. 2018. S. 96. (in Kaz)

Schamil'oglu Ju. (2016) Schamil'oglu Ju. Ismenenija klimata w Zentral'noj Ewrasii i Solotoj Orde [Climate Change in Central Eurasia and the Golden Order] // Solotaja Orda w mirowoj ictorii: Kollektiwnaja monogravija. Kasan': Inctitut ictorii im. Sch. Mardzhani AN RT, 2016.S. 665–678. (in Rus.)

Vacil'ew D.W. (2004) Vacil'ew D.W. O mectopolozhenii goroda Cakcin [About the location of the city of Saxin]//Problemy archeologii Nizhnego Powolzh'ja. Perwaja Mezhdunarodnaja Nizhnewolzhckaja archeologitscheckaja konverenzija. Tesicy dokladow. Wolgograd, 2004. S. 269. (in Rus.)

Vyctuplenie (2024) Vyctuplenie Presidenta ctrany Kacym Zhomarta Kemelowitscha Tokaewa na nazional'nom kurultae v Atyrau [Speech by the President of the country Kassym Jomart Kemelevich Tokayev at the National Kurultai in Atyrau]. 15 marta 2024. // https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116. (in Rus.)

Zeleneew Ju.A. (2010) Zeleneew Ju.A. Solotoordynckie goroda Powolzh'ja: wosniknowenie wremja cushectwowanija i jetnokul'turnaja charakterictika [The Golden Horde cities of the Volga region: origin, time of existence and ethnocultural characteristics] // Ictorija i cowremennoct'. №1. 2010 (mart). S. 113–122. (in Rus.)

Ziliwinckaja Je.D. (2014) Ziliwinckaja Je.D. Architektura Solotoj Ordy [Architecture of the Golden Horde]. Tschact' I. Kul'towoe sodtschectwo. Mockwa-Kasan', 2014. S. 219. (in Rus.)

[1] Шотанова Ғ.А. [2] Шамшиденова Ф.М. [3] Табынбаева З.С.

[1] ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Казахстан,

[2]Алматы технологиялық университеті, Алматы, Казахстан,

[3] ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан,

E-mail: [1]galia8.09@mail.ru , [2]fakiya_sh@mail.ru ,[3]zauret@list.ru

КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ ЖОШЫ ҰЛЫСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Алтын Орданың тұрмыстық мәдениеті аз зерттелген мәселе болып саналады, оны зерттеу еліміздің ортағасырлық кезеңдегі өткенін қайта құруға ықпал етеді. Алтын Орданың этносаяси тарихы Еуразияның ұлан-ғайыр аймағында болған ішкі процестерді негізінен көлеңкелейді. Оған деген қатты қиғаштық және негізгі тарихи оқиғаларды бекітуге деген айқын бейімділік көшпелілер империясының мәдени құрамдас бөлігін бағаламауға ұшыратты. Сөзсіз, бұл күйде болған этномәдени үдерістер ғылыми әдебиеттерде көрініс тапты, бірақ күнделікті мәдениеттің өзі ешқашан арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналған емес. Ал жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениеттерді зерттеу этнос пен мемлекеттің одан әрі дамуының қажетті шартына айналады. Қазіргі тарих ғылымының басты міндеті – тұрмыстық мәдениеттің негізгі аспектілерін ашып, оның қазақ халқының ұлттық мәдениетімен байланысын анықтау. Сонымен қатар, мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының өткенін қайта қарауда отандық тарих ғылымында жаңа ашылымдардың мәліметтерін пайдалану және жаңа тәсілдерді қолданумен тікелей байланысты. Қазіргі уақытта қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің күш-жігерімен Алтын Орданың тарихына, оның мемлекеттік және қоғамдық құрылымына, көрші мемлекеттермен мәдени және рухани қатынастар жөнінде эмпирикалық материалдардың едәуір қабатын жүйелеу және жалпылау бойынша көп еңбекті қажет ететін жұмыс жүргізілді.

Алғыс: Мақала AP23489009 «Алтын Орда дәуіріндегі Батыс Қазақстан отырықшы елді мекендерінің тарихы: тұрмыстық материалдық мәдениетін қайта құру» ғылыми жобасын орындау аясында дайындалған.

Түйін сөздер: тарих, Алтын Орда, тұрмыстық мәдениет, Қазақстан, Орта ғасыр, қазақтар.

[1] Shotanova G.A. [2] Shamshidenova F.M. [3] Tabynbayeva Z.S.

[1] Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan,

[2]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan,

[3] R.B. Suleymenov Institute of Orıental Studıes of Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan,

E-mail: [1]galia8.09@mail.ru, [2]fakiya_sh@mail.ru, [3]zauret@list.ru

EVERYDAY CULTURE AS A BASIS FOR STUDYING THE ULUS OF JOCHI

Abstract. The study of the everyday culture of the Golden Horde is a little-studied problem, the study of which will help reconstruct the past of our country in the medieval period. The ethnopolitical history of the Golden Horde largely shades the internal processes that took place across the vast territory of Eurasia. A strong bias towards it and a clear bias towards fixing the main historical events led to an underestimation of the cultural component of the nomadic empire. Of course, the ethnocultural processes that took place in this state were reflected in the scientific literature, but everyday culture itself never became the object of special scientific research. Meanwhile, the study of national cultures in the era of globalization becomes a necessary condition for the further development of the ethnic group and the state. The main task of modern historical science is to reveal the main aspects of everyday culture and show its relationship with the national culture of the Kazakh people. In addition, the relevance of the problem is directly related to the use of information from new discoveries and the application of new approaches in domestic historical science in rethinking the past of the Republic of Kazakhstan. Currently, through the efforts of Kazakh and foreign researchers, a huge amount of labor-intensive work has been done to systematize and generalize a significant layer of empirical materials concerning the history of the Golden Horde, its state and social structure, and cultural and spiritual relationships with neighboring states.

Acknowledgement: The reported study article is part of project AP23489009 «History of sedentary settlements in Western Kazakhstan during the Golden Horde period: reconstruction of material culture of everyday life»

Keywords: History, Golden Horde, everyday culture, Kazakhstan, Middle Ages, Kazakhs.

Информация об авторах:

Шотанова Галия Айтжановна, кандидат исторических наук, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Шамшиденова Факия Мешведеновна, Ассоцированный профессор кафедры СГД Алматинского технологического университета, Алматы, Казахстан.

Табынбаева Зауре Сыздыковна, кандидат исторических наук, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Шотанова Ғалия Айтжанқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

Шамшиденова Факия Мешведенқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы технологиялық университеті Әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Табынбаева Зауре Сыздыққызы, тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Shotanova Galiya Aitzhanovna, Candidate of Historical Sciences, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Shamshidenova Fakiya Meshvedenovna, Candidate of Historical Sciences, Associate professor of the Social and humanitarian disciplines of Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan.

Tabynbayeva Zaure Syzdykovna, Candidate of Historical Sciences, R.B. Suleymenov Institute of Orıental Studıes of Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 27 мамыр 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 03.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.131

[1] Морякова М.Т. ***[2]Смағұлов Б.Қ.**
[1] ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан,
[2] ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан,
E-mail: [1]malika-94kz@mail.ru, [2] bolat.smagulov.76@list.ru

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҮРІК ТАРИХ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГИЯСЫ (XX Ғ. 30 ЖЫЛДАРЫНЫҢ БАС КЕЗЕҢІ)

Аңдатпа. Мақала XX ғ. 30 жылдарының бас кезеңіндегі Түркияның ең ірі ғылыми қоғамдарының бірі болып табылатын түрік мәдениеті мен тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеп, насихаттайтын қоғам ретіндегі конституциялық мәртебесі бар Түрік тарих қоғамы (бұдан әрі – ТТҚ) қалыптасуының негізгі кезеңдері мен идеологиясын зерттеуге арналған. Зерттеу барысында авторлар мемлекеттің тікелей қатысуымен құрылған ТТҚ елдегі тарих, археология және этнография салаларындағы зерттеулердің негізгі ғылыми бағыттары мен мәселелерін айқындады деген байламға келді. Түрік қоғамының өзінің тарихи және этникалық тамырын іздеуге ұмтылысы Осман империясы мен Селжүк мемлекеттері құрылуына дейінгі Түркияның тарихын ғана емес, Орталық Азия мен Сібірдегі түркі халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуге қызығушылықты тудырды. Бұл түрік ғалымдарының зерттеу мәселелерінде, шетелдік зерттеушілердің туысқан халықтардың тарихы мен этнографиясына қатысты ғылыми еңбектерін түрік тіліне аударуды ұйымдастыруда және бұл ғылыми қоғамның түрік ғылыми жұртшылығын басқа елдерде, ең алдымен КСРО-да, осы тақырыптардағы жүргізілген зерттеулермен жүйелі түрде таныстыруында көрініс тапты. ТТҚ-ның құрылуы Түркия тарихына байланысты ұлттық тарихнаманың қалыптасуына қолайлы жағдай жасады.

Алғыс: Мақала BR20281006 «Шығыс елдері: заманауи және өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер және жаңа перпективалар» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

Түйін сөздер: Түрік тарих қоғамы, Түркия тарихы, Мұстафа Кемәл Ататүрік, Түркиядағы реформалар, түрік тарих ғылымы, ғылыми мәселелер, түркі халықтарының тарихы, идеология.

Кіріспе

Осман империясының I дүниежүзілік соғыстағы 1918 ж. жеңілуі және одан кейін 1923 ж. Лозан келісімшартына қол қоюмен аяқталған Түркия тәуелсіздігі үшін соғыс Таяу Шығыс өңірі мен Балкан түбегінде жаңа геосаяси жағдайдың қалыптасуына әкеп соқты. Түріктердің бұрынғы империяның ұлан-ғайыр жерлерінен бас тартуға мәжбүр болғаны һәм Түркия Республикасының іс жүзінде Анадолы мен Шығыс Фракия аумағымен ғана шектелуі мемлекеттің саяси әрі интеллектуалдық ортасында түрік халқының тарихи өткені, оның этникалық территориясы, сондай-ақ ежелгі және ортағасырлық дәуірде аталған өңірді мекендеген халықтар мен қазіргі түрік халқының арасындағы этникалық сабақтастық жайлы ой-толғаулар тудырды. Соның бәрі түрік мемлекетінің жаңадан бекітілген шекарасын мойындатуды және түріктердің Анадолы жерінде автохтондық халық екендігін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеуді, сондай-ақ түркі халықтарына байланысты әртүрлі жағымсыз әлеуметтік және саяси мифтерге жол бермеу үшін ғылыми қауымға (ең алдымен Батыс Еуропа елдерінің ғылыми жұртшылығына) түркілердің бай әрі бірегей мәдениетімен

таныстыруды қажет етті. Осы ретте бұл үкімет тарапынан Түркияның бүкіл аумағында тарихи, этнографиялық һәм археологиялық зерттеулердің жүргізілуін қолдауды көздейді. XX ғ. 30 жылдарының бас кезеңінде ашылған ТТҚ (TTK – Türk Tarih Kurumu) елдегі ғылыми жұмысты ұйымдастырып жүргізуге құқығы бар зерттеу құрылымы ретінде танылды.

Мақаланың мақсаты ТТҚ қалыптасуының негізгі кезеңдері мен идеологиясын, сондай-ақ соған әсер еткен факторларды зерттеу болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазғанда біз ең алдымен эмпирикалық материал ретінде ТТҚ ғылыми қызметкерлері құрастырған есептер мен баяндамаларды, сондай-ақ олар жазған мақалалар мен кітаптарды пайдаландық (**Belleten, Çambel, Göker, İğdemir, İnan және т.б.**). Аталмыш қоғам тарихының жекелеген аспектілерін қамтитын еңбектердің, жоғарыда айтылғандай, түрік зерттеушілерінің қаламынан туғанын айта кету жөн (**Yücel, Çapanoğlu, Çoker, Eyice, Halaçoğlu және т.б.**). Бұл ретте ескерер жайт – тақырыпқа байланысты жұмыстарын жазған түрік ғалымдарының басым көпшілігі Түркияның мемлекет басшысы Мұстафа Кемәл Ататүрікпен таныс болды және ТТҚ-ның ғылыми қызметіне, сондай-ақ республиканың тұңғыш президенті тұсында орын алған қоғамдық әрі саяси оқиғаларға тікелей қатысты[5]. Сондықтан осы тұрғыдан қарағанда олардың мақалалары, естеліктері және аталмыш қоғамға байланысты баяндамалары өте маңызды әрі құнды деректер болып табылады, яғни бұлар ең алдымен тарихнамалық жақтан емес, деректану тұрғысынан көңіл тартады. Сонымен қатар қосымша деректер ретінде қазіргі зерттеушілердің ТТҚ-ның кейбір қырларын ашатын еңбектері де пайдаланылды.

Мәліметтерді жинап оларға ғылыми интерпретация жасағанда, талдау мен синтез сынды жалпығылыми әдістерден басқа келесі арнайы әдістерді қолдандық. Ең алдымен ТТҚ-ның қызметіне қатысқан тұлғалардың есептері мен естеліктерін, сондай-ақ баяндамаларын тікелей зерттеуді көздейтін *текстологиялық әдісті* қолданғанымызды айтып отырмыз. Осы әдіс фактілерді ғана емес, авторлардың идеологиялық ұстанымдарын да анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мақаладағы *контекстілік әдістің* қолданылуы зерттеушілер мен тарихи тұлғалардың ұстанымдарына әсер еткен сан алуан факторларды айқындауды көздейді. Үшіншіден, *диахрондық әдіспен* белгілі бір үрдістің дамуын немесе тарихи кезеңдердің алмасуын зерттейді.

Талқылау

Қазіргі таңда XX ғ. 20–30 жылдарындағы Түркия тарихына арналған ғылыми мақалаларында қазіргі қазақ және ресей авторлары саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық реформаларға талдау жасағанда, бұлардың мазмұны мен негізгі бағыттарына тоқталады (Egamberdiyev, 2023: 223–231; Эгамбердиев, 2023: 96–105; Дятленко, 2007: 49–59; Жигульская, 2022: 70–76; Сергеев, 2012: 134–151; Сулейманов, 2015: 37–45; Сулейманова, 2017: 19–20; Сулейманова, 2017: 40–42; және т.б.). Бұл еңбектерде шын мәнінде ТТҚ тарихына қатысты мәліметтер жоқтың қасы деп айтуға болса да, сонда келтірілген ақпарат сол кездегі Түркиядағы ғылым, білім, мәдениет және саясат салаларындағы һәм қоғамдық өмірдегі үрдістерге әсер ететін күрделі әрі қарама-қайшылықтарға толы факторларды көруге мүмкіндік береді. Өз кезегінде әртүрлі факторлардың ТТҚ-ның елдегі ең ірі де беделді

[5] Мысалы, белгілі түрік тарихшысы, қоғамтанушысы әрі саясаткері *Әфет Инан* (*Âfet İnan*) (1908–1985) Ататүріктің асыранды қызы еді, көп жылдар бойы ТТҚ-да қызмет атқарды; мемлекеттік қайраткер, тарихшы *Хасан Жеміл Шамбел* (*Hasan Cemil Çambel*) (1879–1967) кезінде аталмыш қоғамды басқарған; жазушы *Ұлық Иідемір* (*Uluğ İğdemir*) (1900–1994) ТТҚ-ны басқарды және бұл қоғамның бас хатшысы, *Мұзаффер Гөкер* (*Muzaffer Göker*) аталмыш қоғамның бас хатшысы болған (Çambel, 1939: 1; Göker, 1938: 13; İğdemir, 1939: 355; Özkaya, 2018: 65–122; және т.б.).

ғылыми мекемелердің бірі ретінде қалыптасуына әсер еткені сөзсіз.

Кейбір ғалымдардың ғылыми жарияланымдары ТТҚ іс-қызметінің жекелеген аспектілерін қамтиды. Алайда авторлар ТТҚ тарихына байланысты мәселелерді жол-жөнекей ескертіп өтеді. Мысалы, ресей зерттеушісі Д.М. Усмановаңың мақаласы негізінен 2018 ж. ТТҚ-ның Анкарада өткен XVIII Тарих құрылтайына арналғанымен, автор қоғамның құрылуына қатысты қысқаша мәліметтер келтіреді. Автордың айтуынша, Түркияның тұңғыш Президенті Ататүріктің бастамасымен құрылған бұл қоғам 1931 жылғы 15 сәуір күні ашылып, әуелде, яғни 1931–1935 жылдар аралығында «Түрік тарихын зерттеу қауымдастығы» (Türk Tarihi Tetkik Cemiyeti), ал кейін «Түрік тарихын зерттеу қоғамы» (Türk Tarih Araştırma Kurumu) деп аталды (Усманова, 2018: 195). Белорус тарихшысы С.В. Олюнин ТТҚ-ның «Belleten» атты мерзімді басылымында 1937–1980 жылдар аралығында Анадолы аумағындағы Осман империясына дейінгі көне мемлекеттер мен халықтардың тарихына 466 мақаланың (яғни 51,5%-дың), Осман империясына 275-тің (30,4%-дың), ал қалғандардың Түркияның Республика кезеңіндегі тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ Мұстафа Кемәл Ататүріктің өмір жолы әрі мемлекеттік қызметіне арналғанын айта отырып, Түркияда «Осман империясының тарихына ресми деңгейде менсінбей қараса да», ТТҚ осы жылдары «ұлттық тарихнаманың негізін қалады» деген қорытынды жасады (Олюнин, 2022: 106, 108). Басқаша айтқанда, бұл сол кезде түрік қоғамындағы орын алған үрдісті, яғни Түркияның Осман империясына дейінгі тарихына қызығушылықтың артқанын көрсетті. Осыған байланысты зерттеуші П. Шлыковтың айтуынша, көпұлтты һәм көпдінді Осман империясы кезеңінде мұсылман және христиан халықтарын, сондай-ақ яһудилерді біріктіруге бағытталған османизм әрі панисламизм идеологиялары іс жүзінде дәрменсіз болып шықты (Шлыков, 2011: 135–137). Соның бәрі Зия Гөкәлп сынды түрік зиялы қауым өкілдерінің Түркияның тарихы мен мәдениетіне жаңа тұрғыдан қарауына жағдай жасады (Eroğlu, 2002: 75–85; Turan, 1988: 849–867).

Тақырыбымыздың тарихнамалық шолуын қорытындылайтын болсақ, бұл ғылыми әдебиеттерде толық қамтылмағанын айта кеткен жөн. Жарияланған мақалалардан ТТҚ-ның құрылу тарихына қатысты қысқаша мәліметтерді ғана көріп отырмыз. Сонымен қатар, бұрынғы КСРО елдері зерттеушілерінің жарияланымдарында түрік тіліндегі дереккөздерді (мақалаларды) сирек қолданылады. Авторлар көбінесе осы қоғамның ресми сайтында орналастырылған ақпаратпен шектеледі. Ал түрік авторларының еңбектері туралы айтатын болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей, жарияланған жұмыстардың сипатына байланысты бұлардың эмпирикалық деректер ретінде құнды екені сөзсіз.

Зерттеу нәтижелері

Республика жариялағаннан кейінгі кезеңде Түркияда экономика, саясат және мәдениет салаларында ауқымды реформаларды жүзеге асыру барысында күн тәртібіне ғылыми тарихи зерттеулерді тікелей жүргізуге арналған орталық құру мәселесі қойылды. Ең алдымен осы кезеңге дейін АҚШ, Ұлыбритания, Франция, КСРО сынды елдерде ғылымның әртүрлі бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп жатқан орталықтардың әлдеқашан ашылғанын айта кету жөн. Сонымен бірге сондай жүйелі түрде зерттеулер жүргізе алатын ұйымның керек екен деген ой-пікір Түркияның өзінде де қалыптасты. Осындай ой-пікір түрік үкіметі тарапынан да қолдау тапты**.** Жалпы алғанда, ТТҚ құрудың түрткі себептері түрік қоғамын жетілдіруге бағытталған реформалардың жалпы бағыты ғана емес, сонымен бірге идеологиялық сипаттағы ерекше себептер болды. Атап айтқанда, бұл Батыс Еуропаның отаршыл мемлекеттерінің билеуші топтарының түрік мәдениеті – артта қалған мәдениет және түрік халқының екінші сұрыптағы халықтарға жатады деген ұстанымдарына ғылыми тұрғыдан қарсы тұру қажеттілігі. Сонымен бірге басқа елдердің түріктің жеріне көз тігуі негізсіз екенін дәлелдеу керек болды (Yücel, 1984: 377**).**

Түрік тарихын зерттеу қауымдастығынан Түрік тарих қоғамына дейін. 1930 ж. 23 сәуір күні Түркияның астанасы Анкара қаласында «Түрік ошақтары» (Türk Ocakları) атты қауымдастықтың[6] VI Құрылтайы ашылды. Қауымдастықтың Орталық комитетіне (Merkez Heyeti) тиесілі жаңа ғимаратта (кейінірек – Халық үйі (Halkevi) (İnan, 1947: 173) өткен Құрылтайда күн тәртібіне дүние жүзі өркениетінің қалыптасуындағы түріктердің орны мен рөлі қандай және қандай болуға тиіс деген Түркия тарихына қатысты өзекті мәселе көтерілді. 1930 ж. 28 сәуірде осы Ататүріктің өзі қатысқан Құрылтайда тарих пәні мұғалімі Әфет Инан бір топ түрік ғалымдарының атынан (соның ішінде Садри Максуди (Арсал) мен Решид Галип) Түркия тарихын жүйелі түрде зерттеу керек екеніне назар аударды: «Түрік тарихы мен мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін ерекше әрі тұрақты түрде істейтін топ құруға шешім алуды және осы топтың мүшелерін сайлау құқығын Орталық комитетке беруді ұсынамыз» (Halaçoğlu, 2012: 547). Сол күні Құрылтайда өткен жиналыстың нәтижесінде Түрік ошақтары туралы Заңға (Türk Ocakları Kanunu) «Түрік тарихын зерттеу жөніндегі комиссия («Türk Tarihi Tetkik Heyeti») құрылады» деген 84-бап енгізілді. Осы 16 мүшеден[7] тұратын комиссия 1930 ж. 4 маусым күні өзінің алғашқы отырысын өткізді (Halaçoğlu, 2012: 547). Келесі жылы 12 наурыз күні Түрік ошақтары таратылған соң 1931 ж. 15 сәуірде бөлек бір мекеме ретінде «Түрік тарихын зерттеу қауымдастығы» құрылды (Halaçoğlu, 2012: 547–548). Белгілі түрік жазушысы Ұлық Иідемір осы қоғамның алғашқы хатшысы болып тағайындалды. Ақыры осы қауымдастыққа Анадолы ме Шығыс Фракияның тарихын мен мәдениетін зерттеу байланысты бірқатар өкілеттіктер берілді, яғни Қауымдастық ғылыми мәселелер бойынша пікірталас ұйымдастырып соған қатысуға, түркілердің тарихына байланысты деректерді жинастырып зерттеуге, түркілер тарихына қатысты даулы мәселелерді шешу үшін қажетті құжаттар мен заттарды жинау үшін қызметкерлер топтарын экспедицияға жіберуге және т.б. жұмыстарды орындауға құқылы болды (İnan, 1971: 524).

Қауымдастықтың атауы 1935 ж. әуелде «Түрік тарихын зерттеу қоғамы» («Türk Tarih Araştırma Kurumu») (*1-сурет*), ал сол жылы (3 қазан күні) «Түрік тарих қоғамы» («Türk Tarih Kurumu») деп өзгертілді (Halaçoğlu, 2012: 547–548).

Осы ретте ескерер жайт – сол кезде Түркияда қызмет саласы жақын әрі бір-біріне байланысты бірнеше ғылыми қоғамдар құрылды. Мысал ретінде 1932 ж. ТТҚ-ға «бауырлас Түрік тіл қоғамы (Türk Dil Kurumu)» да құрылғанын айтуға болады (Çapanoğlu, 1932). Осы екі қоғамның алғышқысы өз жұмысын идеология, экономиканың дамуы, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, латын әліпбиін енгізу сынды мәселелерге арналған әртүрлі конференцияларды ұйымдастыратын «Халық үйінің» ғимаратында жүргізді. 1940 жылдардың аяғында Анкара тарих және география факультетінің есебінен ТТҚ-ға қосымша үй-жай берілді (Олюнин, 2022: 105). Жалпы, Әфет Инан айтқандай, Мұстафа Кемәл Ататүрік ТТҚ-ға көп мән берді (Ünal, 2017: 575; Türk Tarih Kurumunun...2017; Yüceer, 2024). Сондықтан жыл сайын Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінде (Türkiye Büyük Millet Meclisi) баяндама жасағанда тұңғыш Президент аталмыш Қоғамның рөлін атап өтетін (İnan, 1947: 179). Соған байланысты сол кезде Ататүріктің тікелей қатысуымен түрік ғалымдары Түрік

[6] Мақсаттарының бірі «ұлттық сананы нығайту» болған Түрік ошақтары қауымдастығы 1912 ж. құрылды (İnan, 1947: 176).

[7]Топтын төрағасы – Тевфик (Быйыклыоғлу) (Tevfik (Bıyıklıoğlu)) (1931 ж. 14 сәуір – 1932 ж. 8 сәуір аралығында ТТҚ-ны басқарды), төрағаның орынбасарлары – Юсуф Ақшора (Yusuf Akçura) (1932 ж. 8 сәуір – 1935 ж. 11 наурыз аралығында аталмыш қоғамның төрағасы болды) мен Сәмих Рифат (Sâmih Rifat), бас хатшысы – Решид Гәлип (Reşid Galip), мүшелері – Әфет Инан (Âfet İnan), Исмайыл Хаққы (Ұзыншаршылы) (İsmail Hakkı (Uzunçarşılı), Хамит Зүбейір (Қошай) (Hamit Zübeyir (Koşay), Хәліл Етхем (Елдем) (Halil Ethem (Eldem), Рағыб Хулуси (Ragıb Hulûsi), Решид Сәффет (Атабинен) (Reşid Saffet (Atabinen), Зәкир Қадири (Уган) (Zakir Kadiri (Ugan), Сәдри Мақсуди (Арсал) (Sadri Maksudi (Arsal), Месарош (Mesaroş) (Анкарадағы Этнография музейінің қызметкері), Мүкримин Хәліл (Йінанш) (Mükrimin Halil (Yinanç), Уәсиф Шынар (Vâsıf Çınar) және Юсуф Зия (Өзер) (Yusuf Ziya (Özer) (Halaçoğlu, 2012: 547–548).

тарихын зерттеу қоғамы «Түрік тарихының негізгі мәселелері» («Türk Tarihinin Ana Hatları») деп аталатын тарих кітабын (tarih kitabı) әзірледі. Сол іргелі еңбектің мақсаттарының бірі түрік халқының тарих, мәдениет, сондай-ақ тіл тұрғысынан Анадолы, Шығыс Фракия, Таяу Шығыс сынды өңірлерді ежелгі дәуірде мекендеген халықтармен (хеттер, шумерлер және т.б.) тығыз байланыстары бар екенін дәлелдеу болды (İğdemir, 1963: 22; İğdemir, 1973: 33).



1-сурет. Түрік тарихын зерттеу қауымдастығының 1931 жылғы 19 шілде күні Анкара халық үйінде (Ankara Halkevi) Мұстафа Кемәл Ататүріктің төрағалығымен өткен жиналысы. Дереккөз: 28, sf. 548.

Түрік тарих қоғамының міндеттері. ТТҚ-ға ғылыми мақсат, яғни «түрік әрі Түркия тарихына және соларға байланысты тақырыптарды, түріктердің мәдениетке қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан зерттеп, танытуып, тарата отырып, бағдарлама жасап, сондай-ақ соған сүйене отырып түрік тарихы мен Түркия тарихын жазу» жүктелді (Yücel, 1984: 375). Қойылған мақсатқа жету үшін ТТҚ-ға келесі міндеттер, атап айтқанда:

– түркі және Түркия тарихына қатысты деректерді зерделеп, осы мәселеге байланысты ғылыми құндылығы бар зерттеулер мен еңбектерді жариялау;

– түркі және Түркия тарихына қатысты дереккөздерді жинап, зерттеп қажетті болып танылғандарын түрік тіліне аудару, тарату және басып шығару;

– түркі және Түркия тарихын зерделеуге жарайтын құжаттар мен заттарды жинау, архив және құжаттама орталықтарын ашу, сипаты белгілі болған мәліметтерге қол жеткізу үшін қажетті зерделеу, зерттеу жүргізу, археологиялық қазба жұмыстарын жасау;

– айтылған деректерге сүйене отырып түркілер тарихы мен Түркия тарихын жазып жариялау;

– ғылыми жаңалықтар мен ғылыми тақырыптарды зерттеу және әйгілеу үшін ғылыми отырыстар жүргізіп, конгрестер мен кормелер, сондай-ақ экспедициялар ұйымдастыру;

– ұлттық игілігіміздің сақталуына негізгі компоненттердің бірі болып табылатын тарихқа деген қызығушылықты арттырып ұлттық сананы нығайтатын, тарих саласындағы зерттеулер мен жұмыстарды ынталандыратын әртүрлі шара қабылдау, қажетті жұмыс жоспарлары мен багдарламаларды әзірлеу;

– мақсаты мен міндеттеріне сәйкес елдің ішінде және шет елде түркі және Түркия тарихы бойынша жұмыстар, зерттеулер жүргізіп жатқан қоғамдар мен ұйымдар, сондай-ақ және ғылыми орталықтармен ынтымақтастық жасау, кітап, бағдарлама және түпнұсқа құжат алмасу;

– Жоғарғы әкімшілік (Yüksek Kurul) келісе отырып елдің ішіндегі немесе шетелдегі ғылыми ұйымдардың мүшесі болу, өкілін жіберу, конгрестерге қатысу, осындай ұйымдарда бірлесіп ғылыми зерттеу мен жұмыс жүргізу;

– Жоғарғы әкімшілік, Жоғарғы мекеме (Yüksek Kurum) тапсырған және заңда көзделген басқа да міндеттерді орындау жүктелді (Yücel, 1984: 375–376).

Зерттеу бағыттары. Түркияда тарих саласындағы ғылыми зерттеулерге ерекше мән берілді. Түркия Республикасы 1940 жылғы 25 мамыр күні осы ТТҚ-ның Жарғысын бекітті. Бұл құжаттың 1-тармағына қарағанда, ТТҚ «Есімі өшпес көсем» («Ebedî Şef») Ататүріктің жоғары қамқорлығымен» Анкарада құрылып, ал 2-тармағы бойынша «Ұлттық көсем – президент» («Millî Şef Reisicümhur») Исмет Инөнүдің [8] жоғары қамқорлығымен» қызметін атқарады. Жарғының 7-тармағына сәйкес, «Қоғамның мақсатын орындау үшін қызмет атқара алатын тұлғалар қай ұлттан болса да, Қоғамның толық, құрметті немесе корреспондент мүшесі бола алады» (Türk Tarih Kurumunun..., 1940: 298). Және сол жылы Түрік тарих қоғамы Түркиядағы қызметі қоғамдық мүддеге сай ұйым ретінде танылды (Türk Tarih Kurumu Umumi..., 1941: 175).

Түрік ғалымдары мыңдаған жылдар бойы Анадолы аумағындағы мәдени дәстүрдің сабақтастығын көрсетуге ұмтылғандықтан Түркияда археологиялық қазба жұмыстарына ерекше мән берілді. ТТҚ құрылған соң зерттеушілер әртүрлі тарихи дәуірлерге жататын археологиялық ескерткіштерді зерттей бастады. Мәселен, 1933 ж. білім беру министрлігінің бұйрығы бойынша Хамит Зүбейір Қошайдың жетекшілігімен түрік ғалымдары Анкарадан 16 шақырымдық жердегі Ахлатлыбелде мыс дәуіріне жататын қамалдың үйінділерін зерттеп шықты. Сол жылы Ремзи Оғыз Арық басқарған тағы бір топ Анкарадан 60 шақырым қашықтықтағы Қараларда галаттардың бір қалашығында археологиялық қазба жұмыстарын атқарды. Түрік зерттеушілері 1935 жылдан бастап бірнеше жыл бойы хеттердің астанасы Хатуссаның жанындағы Алаша-Хөйүкте (Alaca-Höyük) археологиялық жұмыстарын жүргізді (İnan, 1938: 294). Қолдағы деректерге қарағанда, осындағы жұмыстар ТТҚ-ның қызметкері Хамит Зүбейір Қошайдың жетекшілігімен атқарылған жұмыстар 1940 ж. да жалғаса берді. Зерттеу барысында әртүрлі тарихи кезеңге жататын мәдени қабаттар анықталды (Koşay,) (Koşay, 1940: 2–5). XX ғ. 30 жылдарының аяғында түрік зерттеушілері Топқапы Сарайы (Topkapı Sarayı) орналасқан жерде де жұмыс атқарды (Ogan, 1940: 317–328).

Тарих пәнінің мұғалімдерін Түркия тарихы жөніндегі жаңа концепциямен таныстыру мақсатында 1932 жылғы 11 шілде күні Түркия астанасы Анкарада Бірінші тарих құрылтайы (Birinci Tarih Kurultayı) болып өтті. Осы Құрылтайға 232 мұғалім мен университет өкілі қатысты (Göker, 1938: 4; Çapanoğlu, 1932; Усманова, 2018: 195). ТТҚ-ның өкілдері атап өткендей, «Республикаға дейінгі кезеңде мектептерде оқытылған тарих кітаптары тарихи шындыққа сай келмеді. Бұдан әрі жағдайдың осындай болуы мүмкін емес еді. Қоғам (ТТҚ. – *авт.*) ең алдымен лицейлер үшін тарих пәнінен оқулықтарды әзірлеуді жоспарлап, осы жұмысқа кірісті...» (Göker, 1938: 13). 1937 ж. қыркүйегінде ұйымдастырылған Екінші тарих құрылтайы халықаралық сипатқа ие болды – соған 40-тан астан шетелдік (Германия, Аустрия, Болгария, Франция, Ұлыбритания, Грекия, Румыния, Мажарстан, Швеция, Швейцария, Чехословакия, АҚШ, Югославия) ғалымның баяндама жасағаны белгілі (Göker, 1938: 4; Çapanoğlu, 1932: Усманова, 2018: 195). Тілдік кедергінің алдын алу мақсатында арнайы топ құрылып, түрік тілінде жасалған баяндамалар шетел тілдеріне, ал шетел тіліндегі баяндамалар түрік тіліне аударылып жинақ түрінде шығарылды (Göker, 1938: 2).

[8] Исмет Инөнү (İsmet İnönü) (1884–1973) – Түркия Республикасының екінші (Мұстафа Кемәл Ататүріктен кейін) президенті (1938–1950).

ТТҚ-ның ғалымдары Халықаралық тарих білімі конгресі (Париж, 1932 ж.), I Халықаралық көне дәуір жөніндегі ғылымдар конгресі (Лондон, 1932 ж.), I Халықаралық антропология және этнология ғылымдары конгресі (Лондон, 1934 ж.), Халықаралық археология конгресі (Ленинград, 1935 ж.), II Халықаралық көне дәуір жөніндегі ғылымдар конгресі (Осло, 1936 ж.), Әфет Инанның жетекшілігімен XVII Халықаралық археология және антропология конгресі (Бухарест, 1937 ж.) сынды халықаралық іс-шараларға қатысты. Аталған конгрестерде түрік зерттеушілері әлемдік ғылыми жұртшылықты сол кезде Түркияда Алаша-Хөйүкте жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен, сондай-ақ тарих саласындағы зерттеулермен таныстырды (Göker, 1938: 13, 16).

Бұл кезеңдегі түрік зерттеушілерінің жарияланымдары түрік халқының Таяу Шығыстың ежелгі халықтарымен терең тарихи және этникалық байланыстарының бар екенін көрсететін дәлелдерді табуға бағытталған. Мәселен, Хамит Қошай түрік және неміс тілдерінде жарық көрген «Түрік тілінің әлем тілдері арасындағы орны» («Türkçenin Dünya Dilleri Arasındaki Mevkii») атты мақаласында бір жақтан шумер және элам тілдері және екінші жақтан түрік тілі лексикасының ұқсастығы туралы жазды (Koşay, 1939: 363–364).

Түрік тарих қоғамының мерзімді басылымы. ТТҚ-ның «Belleten» деп аталатын мерзімді басылымы болды. Осы ретте ескерер жайт – Осман империясы кезінде Түркияда «Осман тарихы жөніндегі комитет»(«Târîh-i Osmânî Encümeni») «Осман тарихы жөніндегі комитеттің журналын» («Târîh-i Osmânî Encümeni Mecmuası») шығаратын. Бұл 1923 ж. атауын «Түрік тарихы жөніндегі комитеттің журналы» («Türk Tarih Encümeni Mecmuası») деп өзгерткен журнал 1931 жылдың көктемінен бастап (I дүниежүзілк соғыстан кейін онсыз да сирек шыққан) мүлдем шықпай қалды (Eyice, 1992: 424).

Журналға жариялауға ұсынылатын мақалалардың бәрі бес айдар бойынша бөлінді, атап айтқанда: 1) ғылыми зерттеулер (жеке зерттеулер, маңызды аудармалар және т.б.); 2) құжаттар (түпнұсқалар немесе түсініктемесі бар құжаттар); жазулар ресми немесе ерекше құжаттар; 3) ғылыми хабарлар (археологиялық қазу жұмыстарының нәтижелері, Қоғамның атқарылған жұмыстары, тарих жөніндегі зерттеулер, конгрестер және т.б.); 4) библиография; 5) қосымша дереккөздер (деректер, ескі мәтіндер, заңдар мәтіндері және т.б.) (Önsöz, 1937: 2). ТТҚ кітапханасының қорында 1938 ж. 20 мыңнан астам кітап болды (Göker, 1938: 17).

ТТҚ-ның «Belleten»-інде революцияға дейінгі орыс және кеңес зерттеушілерінің Орталық Азия мен Сібірдегі түркі және моңғол халықтарының тарихы мен этнографиясына қатысты еңбектеріне шолулар тұрақты түрде жарияланып тұрды (Köprülü, 1941: 397–436). Бұл жан-жақты шолуларды бұрынғы Ресей империясынан Түркияға қоныс аударған зерттеушілер тарапынан жазылды. Мысалы, 1942 ж. Әбділқадір Инан қаламынан КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институты кеңес шығыстанушысы С.А. Козиннің «Моңғолдардың құпия шежіресін» (1941) шығарған, сондай-ақ Д.К. Зелениннің «Сібірдегі онгон культі: Сібір халықтарының идеологиясындағы тотемизмнің қалдықтары» (1936) еңбектеріне арналған шолу мақалалары шықты (İnan, 1942: 121–126; İnan, 1942: 311–315). Осы ретте Әбділқадір Инан шолу мақалаларын жазумен ғана шектелген жоқ. Мысал ретінде оның «Белтір түркілерінде көк Тәңіріге құрбан шалу рәсімі» («Beltir Türklerinde Gök Tanrıya Kurban Töreni») мен «Сібірде исламның таралуы» («Sibirya'da İslâmiyetin Yayılışı») (İnan, 1991: 215–221; İnan, 1968: 331–338) еңбектерін келтіруге болады. Сонымен қатар, 1942 ж. Түркияда Орта Азияның көне тарихына, сондай-ақ Орталық Азия өңіріндегі түркі және моңғол халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналаған іргелі еңбектер түрік тіліне аударыла бастады, соның ішінде кеңес тарихшысы Б.Я. Владимирцовтың 1934 ж. жарық көрген «Моңғолдардың қоғамдық құрылысы. Моңғол көшпелі феодализмі» («Moğolların İçtimaî Hayatı»), Түрікменстанның аумағындағы XX бас кезеңінде археологиялық жұмыс

жүргізген американдық геолог әрі саяхатшы Рафаел Пумпеллидің «Анау археологиялық мәдениеті» («Anav Hafriyatı») және т.б. енбектер (Türk Tarih Kurumunun..., 1942: 131).

Ежелгі және орта ғасырлар дәуіріндегі түркі ру-тайпаларының тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ олардың орналасу географиясын зерттеу мақсатында Еуропа елдерінен Түркияға арнайы шақырылған ғалымдар жұмыс жүргізді. Мысалы, белгілі мажар тарихшысы Ласло Расони (Laszlo Rásonyi) (1899–1984) жылдар бойы түркілер мен мажарлардың арасындағы этникалық байланыстарын зерттеумен айналысып, Түркиядағы угртану ғылымының негізін қалады. Өзінің 1939 ж. жарияланған «Дунай өзенінің алабындағы қыпшақтар» («Tuna Havzasında Kumanlar») көлемді мақаласында орта ғасырлар кезеңінде Қыпшақ даласы мен Мажар пуштасында (Орта Дунай ойпатында) орын алған күрделі этногенетикалық үрдістерді корсетті (Rasonyi, 1939: 401–422).

Түрік ғалымдарының түрік халқының тарихи-этникалық тамырларын табуға ұмтылысы көне және қазіргі түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықты арттырды. Атап айтқанда, бұл ТТҚ журналының атауын таңдауда айқын көрініс тапты. Ұлық Иідемірдің естелігіне қарағанда, бұл қоғамның мерзімді басылымының атауына байланысты мәселе 1936 ж. қаралған. Бастапқыда оны *«Bülten»* деп атау ұсынылды. Түрік ғалымдары (Ататүріктің тікелей қатысуымен) француз, итальян және латын тілдерінің этимологиялық сөздіктеріндегі бұл сөздің (ит. «*bulletino*», фр. *«bulette»*) мән-мағынасын зерттеу барысында оның латын тіліндегі *«bulla»* [9] сөзінен шыққандығы деген қорытынды жасады. Сонда Ататүрік ұқсас сөзді түркі тілдерінен іздеуді ұсынды. Түрік ғалымдары белгілі зерттеуші Э.К. Пекарский құрастырған саха (якут) тілінің сөздігін зерттей келе, *«белиетен»*[10] сөзіне назар аударды. Ататүрік осы саха сөзіне мағынасы мен фонетика тұрғысынан ұқсас сөзді түрік тілінен қарауымыз керек деген ұсынысы бойынша зерттеушілер тарапынан *«bel», «belge», «belli», «belletmek»* сөздері табылды. Нәтижесінде ғалымдар түркі тілдеріндегі (түрікмен, қырғыз, татар, ұйғыр және т.б.) және түркі жазба ескерткіштеріндегі *«bel»* лексемасы бар сөздерді талдап, сондай-ақ бір жақтан саханың *«белиетен»* сөзіне ұқсас, екінші жақтан Батыс Еуропа тілдеріндегі *«bulletin»*-ге жақын *«belleten»* сөзі ұсынды (Belleten, 1937: 3–9; İğdemir, 1939: 355–356). Содан бері ТТҚ-ның журналы *«Belleten»* деп аталатын болды. Оның 288 беттен тұратын алғашқы нөмірі 1937 жылғы 1 қаңтар күні шықты (Eyice, 1979: 394).

Қорытынды

Ұсынылған материал келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. ТТҚ-ның Мұстафа Кемал Ататүріктің тікелей басшылығымен мемлекеттің тікелей қолдауымен және қатысуымен құрылуы XX ғ. 20–30 жылдарында Түркияда жүргізілген реформалардың маңызды бөлігі болып табылады. ТТҚ Түркияның тарихы мен мәдениетін зерттейтін таза ғылыми мекеме ретінде емес, республиканың жаңа шекараларын негіздеу қажеттілігімен байланысты мемлекеттік саясаттың идеологиялық құрамдас бөлігі ретінде сипатталды. Осман империясы мен Селжүк мемлекеттеріне дейінгі Анадолы мен Шығыс Фракия тарихын жаңа түрік мемлекетінің территориялық негізі ретінде зерттеуге мән беру бұрынғы «османизм» және «панисламизм» концепцияларының күйреуіне жауап болды.

Әдебиеттер:

[9] Булла – Рим папасының мөрі немесе оның мөрі бастырылған құжат (Словарь иностранных слов, 1954: 123)

[10] «Бäліäтäн» – белгілену; байқалу; мөр соғылу (Словарь якутского языка, 1909: 430).

Дятленко П. Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве (аналитический обзор) // Социологическое обозрение. 2007. Т. 6. № 3. С. 49–59.

Жигульская Д.В. Языковые реформы в раннереспубликанской Турции как часть процесса национального строительства // Современные востоковедческие исследования. 2022. № 4 (3). С. 70–76.

Олюнин С.В. Турецкое историческое общество: у истоков создания национальной историографии // Исторические и психолого-педагогические науки: сборник статей. Минск: РИВШ, 2022. С. 102–109.

Сергеев В.М., Саруханян С.Н. Модернизация и политический ислам в Турции // Полития. 2012. № 4 (67). С. 134–151.

Словарь иностранных слов / под ред. И.В. Лухина, Ф.Н. Петрова. Москва: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1954. 853 с.

Словарь якутского языка, составленный Э.К. Пекарским (1882–1907 гг.) при ближайшем участии прот. Д.Д. Попова и В.М. Ионова. Вып. 2 // Труды Якутской экспедиции, снаряженной на средства И.М. Сибирякова (1894–1896 гг.). СПб.: Тип. Императ. акад. наук, 1909. Т. III. Ч. I. 640 с.

Сулейманов А.В. Политическая идеология Ататюрка // Вестник Пермского университета. Политология. 2015. № 2. С. 37–45.

Сулейманова З.А. Мустафа Кемаль Ататюрк // Наука, образование и культура. 2017. № 1 (16). С. 19–20.

Сулейманова З.А. Реформы Мустафы Кемаля // Научный журнал. 2017. № 2 (15). С. 40–42.

Усманова Д.М. 18-й Турецкий исторический конгресс // Гасырлар авазы – Эхо веков. 2018. № 4. С. 193–199.

Шлыков П. Турецкий национализм в XX веке: поиски национальной идентичности // Вопросы национализма. 2011. № 1 (5). С. 135–155.

Эгамбердиев М.Ш., Кшывдзиньски М. Языковая политика М.К. Ататюрка как фактор национальной идентичности в Турции // Вестник Казахского национального университета имени аль-Фараби. Серия историческая. 2023. № 1. С. 96–105.

Belleten // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1937. 1 İkincikanun. Cilt: 1. Sayı: 1. Sf. 3–9.

Çambel Hasan Cemil. Türk Tarih Kurumu Büyük Kurucusu... // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Cilt: 3. Sayı: 9. Sf. 1–2.

Çapanoğlu A. Kadir. 26 Eylül 1932 – Birinci Türk Dil Kurultayı // [Электронды ресурс] URL: https://www.yozgatgazetesi.com/a-kadir-capanoglu/26-eyluel-1932-birinci-tuerk-dil-kurultayi-142421.html [Қаралу күні: 2024 ж. 14 маусым].

Çoker Fahri. Türk Tarih Kurumu: Kuruluş Amacı ve Çalışmaları. Ankara: Türk tarih Kurumu, 1973. 806 s.

Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev I.Ye. Modernization of humanities and political sciences in Turkiye in the works of Zeki Velidi Togan // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. 2023. № 2 (143). 223–231-б.

Eroğlu Haldun. Mustafa Kemal Atatürk'ün Tarih Anlayışı İle İlgili Bazı Görüşler // Ankara Üniversitesi Türk İnkılâp Tarihi Enstitüsü Atatürk Yolu Dergisi. 2002. Mayıs-Kasım. Sayı: 29–30. Sf. 75–85.

Eyice Semavi. Belleten // Türk İslam Ansiklopedisi. 1992. Cilt: 5. Sf. 424–425.

Eyice Semavi. Uluğ İğdemir ve Belleten // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1979. Nisan. Cilt: 43. Sayı: 170, sf. 393–396.

Göker Muzaffer. İkinci Türk Tarih Kongresi // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1938. Nisan. Cilt: 2. Sayı: 5–6. Sf. 1–4.

Göker Muzaffer. Türk Tarih Kurumunun İlmi ve İdari Faaliyeti // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1938. Ocak. Cilt: 2. Sayı: 5–6. Sf. 13–17.

Halaçoğlu Yusuf. Türk Tarih Kurumu // Türk İslam Ansiklopedisi. 2012. Cilt: 41. Sf. 547–549.

İğdemir Uluğ. Atatürk ve Belleten // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Nisan. Cilt: 3. Sayı: 10. Sf. 355–356.

İğdemir Uluğ. Atatürk'ün Buyruğiyle Türk Tarih Kurumu İçin Hazırlanan Bir Program Tasarısı // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1963. Ekim. Cilt: 27. Sayı: 108. Sf. 641–655.

İğdemir Uluğ. Cumhuriyetin 50. Yılında Türk Tarih Kurumu. Ankara: Türk tarih Kurumu, 1973. 154 s.

İnan Abdülkadir. Beltir Türklerinde Gök Tanrıya Kurban Töreni // Abdülkadir İnan. Makaleler ve İncelemeler. Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek kurumu Türk Tarih Kurumu Yayınları. VII. Dizi – Sa. 51. Türk Tarih Kurumu Basımevi. Ankara. 1991. Sf. 215–221.

İnan Abdülkadir. Bibliyografya // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1942. Ocak. Cilt: 6. Sayı: 21–22. Sf. 121–126.

İnan Abdülkadir. Bibliyografya // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1942. Temmuz. Cilt: 6. Sayı: 23–24. Sf. 311–315.

İnan Abdülkadir. Sibirya'da İslamiyetin Yayılışı // Necati Lugal Armağanı. Türk Tarih Kurumu Yayınlarından. Seri: VII. Sayı: 50. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1968. Sf. 331–338.

İnan Afet. Türk Tarih Kurumu 40 yaşında // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1971. Cilt: XXXV. Ekim. Sayı: 140. Sf. 519–529.

İnan Afet. Türk Tarih Kurumu'nun Kuruluşuna Dair // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1947. Nisan. Cilt: 11. Sayı: 42. Sf. 173–179.

İnan Afet. Türk Tarih Kurumunun Arkeoloji Faaliyeti // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1938. Ocak. Cilt: 2. Sayı: 5–6. Sf. 5–12.

Köprülü Fuad. Altın Ordu'ya Ait Yeni Araştırmalar // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1941. Temmuz. Cilt: 5. Sayı: 19. Sf. 397–436.

Koşay Hâmit. Türk Tarih Kurumu Alacahöyük Hafriyatı. 1940 çalışmaları ve neticeleri // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1941. Nisan. Cilt: 5. Sayı: 17–18. Sf. 1–8.

Koşay Hâmit. Türkçenin Dünya Dilleri Arasındaki Mevkii / Die stellung des Türkischen unter den Weltsprachen // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Nisan. Cilt: 3. Sayı: 10. Sf. 363–376.

Ogan Aziz. 1937 Yılında Türk Tarih Kurumu Tarafından Yapılan Topkapı Sarayı Hafriyatı // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1940. I. Teşrin. Cilt: IV. Sayı: 16. Sf. 317–328.

Önsöz // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1937. 1 İkincikanun. Cilt: 1. Sayı: 1. Sf. 1–2.

Özkaya Duman Olcay, Payaslı Volkan. Cumhuriyet Döneminde Modernleşmenin Kadın Simgesi: Afet İnan (1925–1938) // Yakın Dönem Türkiye Araştırmaları. 2018/1. Cilt: 17. Sayı: 33 Sf. 65–122.

Rasonyi L. Tuna Havzasında Kumanlar // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Temmuz. Cilt: 3. Sayı: 11–12. Sf. 401–422.

Turan Şerafettin. Atatürk Milliyetçiliği // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1988. Kasım. Cilt: 52. Sayı: 204. Sf. 849–867.

Türk Tarih Kurumu Umumi Menfaatlere Hadim Cemiyetler Arasına Alındı // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1941. Cilt: 5. Sayı: 17–18. Sf. 175–182.

Türk Tarih Kurumunun Çalışmaları. Haberler // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1940. Nisan. Cilt: 4. Sayı: 14–15. Sf. 293–296.

Türk Tarih Kurumunun Urfalı Eski Başkanı Vefat Etti // Kültür Sanat. 2017. 14 Ocak.

Türk Tarih Kurumunun Yeni Cemiyetler Kanununa Göre Tadil Edilerek 25.5.1940 Tarihinde Türkiye Cumhuriyeti Hükümetinin Tasdikına İktiran Eden Nizannamesi // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1940. Nisan. Cilt: 4. Sayı: 14–15. Sf. 297–299.

Türk Tarih Kurumunun Yıllık Umumi Heyet Toplantısı // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1942. Ocak. Cilt: 6. Sayı: 21–22. Sf. 127–139.

Ünal Yenal. Türkiye Cumhuriyeti. Tarihi Araştırmaları. 2017. Şubat. Sf. 575.

Yüceer Nâsır. Türk Tarih Kurumu // [Электронды ресурс] URL: https://ataturkansiklopedisi.gov.tr/bilgi/turk-tarih-kurumu/ [Қаралу күні: 2024 ж. 14 маусым].

Yücel Yaşar. Türk Tarih Kurumu İlk Bilim Kurulu Açış Konuşması // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1984. Cilt: XLVIII. Temmuz-Ekim. Sayı: 191–192. Sf. 375–380.

References:

Belleten (1985) [Belleten] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1937. 1 İkincikanun. Cilt: 1. Sayı: 1. Sf. 3–9. (in Tur.)

Çambel Hasan Cemil (1939). Türk Tarih Kurumu Büyük Kurucusu... [Great founder of the Turkish Historical Society…] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Cilt: 3. Sayı: 9. Sf. 1–2 (in Tur.)

Çapanoğlu A. (1932) Kadir. 26 Eylül 1932 – Birinci Türk Dil Kurultayı [September 26, 1932 – I Turkish Linguistic Congress] // [Electronics Resource] URL: https://www.yozgatgazetesi.com/a-kadir-capanoglu/26-eyluel-1932-birinci-tuerk-dil-kurultayi-142421.html [Қаралу күні: 2024 ж. 14 маусым] (in Tur.)

Çoker Fahri. (1973) Türk Tarih Kurumu: Kuruluş Amacı ve Çalışmaları [Turkish Historical Society: Establishment Purpose and Activities]. Ankara: Türk tarih Kurumu, 1973. 806 s. (in Tur.)

Dyatlenko P. (2007) Yazykovaya politika i yazykovye reformy v gosudarstvennom i natsionalnom stroitelstve (analiticheskу obzor) [Language policy and language reforms in state and nation building (analytical review)] // Sotsiologicheskoye obozreniye. 2007. T. 6. № 3. P. 49–59 (in Rus.)

Egamberdiyev M.Sh., Krzywdziński M. (2023) Yazykovaya politika M.K. Atatyurka kak faktor natsionalnoy identichnosti v Turtsii [Language policy M.K. Ataturk as a factor of national identity in Turkey] // Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta imeni al-Farabi. Seriya istoricheskaya. 2023. № 1. P. 96–105 (in Rus.)

Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev I.Ye. (2023) Modernization of humanities and political sciences in Turkiye in the works of Zeki Velidi Togan // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Khabarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaktanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy. 2023. № 2 (143). 223–231-b. (in Eng.)

Eroğlu Haldun. (2002) Mustafa Kemal Atatürk'ün Tarih Anlayışı İle İlgili Bazı Görüşler [Some historical views of Mustafa Kemal Atatürk] // Ankara Üniversitesi Türk İnkılâp Tarihi Enstitüsü Atatürk Yolu Dergisi. 2002. Mayıs-Kasım. Sayı: 29–30. Sf. 75–85 (in Tur.)

Eyice Semavi (1992). Belleten [Belleten] // Türk İslam Ansiklopedisi. 1992. Cilt: 5. Sf. 424–425. (in Tur.)

Eyice Semavi (1979). Uluğ İğdemir ve Belleten [Uluğ İğdemir and Belleten] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1979. Nisan. Cilt: 43. Sayı: 170, sf. 393–396. (in Tur.)

Göker Muzaffer. (1938) İkinci Türk Tarih Kongresi [Second Turkish Historical Congress] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1938. Nisan. Cilt: 2. Sayı: 5–6. Sf. 1–4. (in Tur.).

Göker Muzaffer. (1938) Türk Tarih Kurumunun İlmi ve İdari Faaliyeti [Scientific and administrative activities of the Turkish Historical Society] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1938. Ocak. Cilt: 2. Sayı: 5–6. Sf. 13–17. (in Tur.)

Halaçoğlu Yusuf. (2012) Türk Tarih Kurumu [Turkish Historical Society] // Türk İslam Ansiklopedisi. 2012. Cilt: 41. Sf. 547–549. (in Tur.)

İğdemir Uluğ. (1939) Atatürk ve Belleten [Ataturk and “Belleten”] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Nisan. Cilt: 3. Sayı: 10. Sf. 355–356. (in Tur.)

İğdemir Uluğ. (1963) Atatürk’ün Buyruğiyle Türk Tarih Kurumu İçin Hazırlanan Bir Program Tasarısı [A Program Draft Prepared for the Turkish Historical Society by the Order of Atatürk] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1963. Ekim. Cilt: 27. Sayı: 108. Sf. 641–655. (in Tur.)

İğdemir Uluğ. (1973) Cumhuriyetin 50. Yılında Türk Tarih Kurumu [Turkish Historical Society on the 50th Anniversary of the Republic]. Ankara: Türk tarih Kurumu, 1973. 154 s. (in Tur.)

İnan Abdülkadir. (1991) Beltir Türklerinde Gök Tanrıya Kurban Töreni [Sacrifice Ceremony to the Sky God of the Beltir Turks] // Abdülkadir İnan. Makaleler ve İncelemeler. Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek kurumu Türk Tarih Kurumu Yayınları. VII. Dizi – Sa. 51. Türk Tarih Kurumu Basımevi. Ankara. 1991. Sf. 215–221. (in Tur.)

İnan Abdülkadir. (1942) Bibliyografya [Bibliography] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1942. Ocak. Cilt: 6. Sayı: 21–22. Sf. 121–126. (in Tur.)

İnan Abdülkadir. (1942) Bibliyografya [Bibliography] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1942. Temmuz. Cilt: 6. Sayı: 23–24. Sf. 311–315. (in Tur.)

İnan Abdülkadir. (1968) Sibirya’da İslamiyetin Yayılışı [Spread of Islam in Siberia] // Necati Lugal Armağanı. Türk Tarih Kurumu Yayınlarından. Seri: VII. Sayı: 50. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1968. Sf. 331–338. (in Tur.)

İnan Afet. (1971) Türk Tarih Kurumu 40 yaşında [Turkish Historical Society is 40 years old] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1971. Cilt: XXXV. Ekim. Sayı: 140. Sf. 519–529. (in Tur.)

İnan Afet. (1947) Türk Tarih Kurumu’nun Kuruluşuna Dair [On the Establishment of the Turkish Historical Society] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1947. Nisan. Cilt: 11. Sayı: 42. Sf. 173–179. (in Tur.)

İnan Afet. (1938) Türk Tarih Kurumunun Arkeoloji Faaliyeti [Archaeological work of the Turkish Historical Society] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1938. Ocak. Cilt: 2. Sayı: 5–6. Sf. 5–12. (in Tur.)

Köprülü Fuad. (1941) Altın Ordu’ya Ait Yeni Araştırmalar [New Research on the Golden Horde] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1941. Temmuz. Cilt: 5. Sayı: 19. Sf. 397–436. (in Tur.)

Koşay Hâmit. (1941) Türk Tarih Kurumu Alacahöyük Hafriyatı. 1940 çalışmaları ve neticeleri [Turkish Historical Society Alacahöyük Excavations. 1940 studies and results] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1941. Nisan. Cilt: 5. Sayı: 17–18. Sf. 1–8. (in Tur.)

Koşay Hâmit. (1939) Türkçenin Dünya Dilleri Arasındaki Mevkii [The Position of Turkish Among the World Languages] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Nisan. Cilt: 3. Sayı: 10. Sf. 363–376. (in Tur.)

Ogan Aziz. (1940) 1937 Yılında Türk Tarih Kurumu Tarafından Yapılan Topkapı Sarayı Hafriyatı [Topkapı Palace Excavations Conducted by the Turkish Historical Society in 1937] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1940. I. Teşrin. Cilt: IV. Sayı: 16. Sf. 317–328. (in Tur.)

Olyunin S.V. (2022) Turetskoye istoricheskoye obshchestvo: u istokov sozdaniya natsionalnoy istoriografii [Turkish Historical Society: at the origins of the creation of national historiography] // Istoricheskiye i psikhologo-pedagogicheskiye nauki: sbornik statey. Minsk: RIVSh, 2022. P. 102–109 (in Rus.)

Önsöz (1937) [Prologue] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1937. 1 İkincikanun. Cilt: 1. Sayı: 1. Sf. 1–2. (in Tur.)

Özkaya Duman Olcay, Payaslı Volkan. (2018) Cumhuriyet Döneminde Modernleşmenin Kadın Simgesi: Afet İnan (1925–1938) [Female Symbol of Modernization in the Republican Era: Afet İnan (1925–1938)] // Yakın Dönem Türkiye Araştırmaları. 2018/1. Cilt: 17. Sayı: 33 Sf. 65–122. (in Tur.)

Rasonyi L. (1939) Tuna Havzasında Kumanlar [Cumans in the Danube River basin] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1939. Temmuz. Cilt: 3. Sayı: 11–12. Sf. 401–422. (in Tur.)

Sergeyev V.M., Sarukhanyan S.N. (2012) Modernizatsiya i politichesky Islam v Turtsii [Modernization and political Islam in Turkey] // Politiya. 2012. № 4 (67). P. 134–151. (in Rus.)

Shlykov P. (2011) Turetsky natsionalizm v XX veke: poiski natsionalnoy identichnosti [Turkish nationalism in the twentieth century: the search for national identity] // Voprosy natsionalizma. 2011. № 1 (5). P. 135–155. (in Rus.)

Slovar inostrannykh slov (1954) / pod red. I.V. Lukhina, F.N. Petrova [Dictionary of Foreign Words / ed. I.V. Lukhina, F.N. Petrova.]. Moskva: Gos. izd-vo inostr. i nats. slovarey, 1954. 853 p. (in Rus.)

Slovar yakutskogo yazyka (1909), sostavlenny E.K. Pekarskim (1882–1907 gg.) pri blizhayshem uchastii prot. D.D. Popova i V.M. Ionova. Vyp. 2 [Dictionary of the Yakut language, compiled by E.K. Pekarsky (1882–1907) with the active participation of D.D. Popov and V.M. Ionova. Vol. 2] // Trudy Yakutskoy ekspeditsii, snaryazhennoy na sredstva I.M. Sibiryakova (1894–1896 gg.). SPb.: Tip. Imperat. akad. nauk, 1909. T. III. Ch. I. 640 st. (in Rus.)

Suleymanov A.V. (2015) Politicheskaya ideologiya Atatyurka [Atatürk's political ideology] // Vestnik Permskogo universiteta. Politologiya. 2015. № 2. P. 37–45. (in Rus.)

Suleymanova Z.A. (2017) Mustafa Kemal Atatyurk [Mustafa Kemal Atatürk] // Nauka, obrazovaniye i kultura. 2017. № 1 (16). P. 19–20. (in Rus.)

Suleymanova Z.A. (2017) Reformy Mustafy Kemalya [Reforms of Mustafa Kemal] // Nauchny zhurnal. 2017. № 2 (15). P. 40–42. (in Rus.)

Turan Şerafettin. (1988) Atatürk Milliyetçiliği [Atatürk’s Nationalism] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1988. Kasım. Cilt: 52. Sayı: 204. Sf. 849–867. (in Tur.)

Türk Tarih Kurumu Umumi Menfaatlere Hadim Cemiyetler Arasına Alındı (1941) [Turkish Historical Society was included among the Societies for General Interests] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1941. Cilt: 5. Sayı: 17–18. Sf. 175–182. (in Tur.)

Türk Tarih Kurumunun Çalışmaları. (1940) Haberler [Studies of the Turkish Historical Society. News] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1940. Nisan. Cilt: 4. Sayı: 14–15. Sf. 293–296. (in Tur.)

Türk Tarih Kurumunun Urfalı Eski Başkanı Vefat Etti (2017) [Former President of the Turkish Historical Society Passed Away] // Kültür Sanat. 2017. 14 Ocak. (in Tur.)

Türk Tarih Kurumunun Yeni Cemiyetler Kanununa Göre Tadil Edilerek (1940) 25.5.1940 Tarihinde Türkiye Cumhuriyeti Hükümetinin Tasdikına İktiran Eden Nizannamesi [Regulation of the Turkish Historical Society Amended According to the New Societies Law and Approved by the Government of the Republic of Turkey on 25.5.1940] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1940. Nisan. Cilt: 4. Sayı: 14–15. Sf. 297–299. (in Tur.)

Türk Tarih Kurumunun Yıllık Umumi Heyet Toplantısı (1942) [Annual General Assembly meeting of the Turkish Historical Society] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1942. Ocak. Cilt: 6. Sayı: 21–22. Sf. 127–139. (in Tur.)

Ünal Yenal. Türkiye Cumhuriyeti. (2017) Tarihi Araştırmaları [Republic of Turkey. Historical Research]. 2017. Şubat. Sf. 575. (in Tur.)

Usmanova D.M. (2018) 18-y Turetsky istorichesky kongress [18th Turkish Historical Congress] // Gasyrlar avazy – Ekho vekov. 2018. № 4. S. 193–199. (in Rus.)

Yüceer Nâsır. Türk Tarih Kurumu (2024) [Turkish Historical Society] // [Electronics Resource] URL: https://ataturkansiklopedisi.gov.tr/bilgi/turk-tarih-kurumu/ [Қаралу күні: 2024 ж. 14 маусым] (in Tur.)

Yücel Yaşar. (1984) Türk Tarih Kurumu İlk Bilim Kurulu Açış Konuşması [Turkish Historical Society First Science Board Opening Speech] // Türk Tarih Kurumu. Belleten. 1984. Cilt: XLVIII. Temmuz-Ekim. Sayı: 191–192. Sf. 375–380. (in Tur.)

Zhigulskaya D.V. (2022) Yazykovye reformy v ranneRespublikanskoy Turtsii kak chast protsessa natsionalnogo stroitelstva [Language reforms in early Republican Turkey as part of the nation-building process] // Sovremennye vostokovedcheskiye issledovaniya. 2022. № 4 (3). P. 70–76. (in Rus.)

[1] Морякова М.Т. *[2]Смагулов Б.К.
[1] Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан,
[2] Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан,
E-mail: [1]malika-94kz@mail.ru, [2]bolat.smagulov.76@list.ru

СОЗДАНИЕ ТУРЕЦКОГО ИСТОРИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА В ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКЕ: ИСТОРИЯ И ИДЕОЛОГИЯ (НАЧАЛО 30-Х ГГ. XX В.)

Аннотация. Статья посвящена исследованию основных этапов и идеологии становления в начале 30-х гг. XX в. одного из крупнейших научных обществ Турции – Турецкого исторического общества, имеющего конституционный статус общества по научному изучению и популяризации турецкой культуры и истории. В ходе проведенного исследования авторы пришли к выводу, что созданное при прямом участии государства Турецкое историческое общество заложило основные научные направления и тематику исторических, археологических и этнографических исследований в стране. Стремление турецкого общества к поиску своих исторических и этнических корней стимулировало интерес к изучению не только истории доосманской и досельджукской Турции, но и истории и этнографии тюркских народов Центральной Азии и Сибири. Это нашло свое отражение в тематике исследований турецких ученых, организации переводов на турецкий язык научных работ исследователей из других стран по истории и этнографии родственных народов, регулярном ознакомлении научной общественности с исследованиями по указанной тематике в других странах, в первую очередь в СССР. Создание Турецкого исторического общества создало благоприятные условия и для складывания национальной историографии по истории Турции.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта BR20281006 «Страны Востока в фокусе геополитических изменений: новые вызовы и перспективы для Казахстана в историческом и современном дискурсе».

Ключевые слова: Турецкое историческое общество, история Турции, Мустафа Кемаль Ататюрк, реформы в Турции, турецкая историческая наука, научные проблемы, история тюркских народов, идеология.

[1] Moryakova M.T. *[2]Smağūlov B.Q.
[1] Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan,
[2] R.B. Suleymenov Institute of Orıental Studıes of Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan,
E-mail:[1] malika-94kz@mail.ru, [2]bolat.smagulov.76@list.ru

ESTABLISHMENT OF THE TURKISH HISTORICAL SOCIETY IN THE REPUBLIC OF TURKEY: HISTORY AND IDEOLOGY (EARLY 30S OF THE TWENTIETH CENTURY)

Abstract. The article is devoted to the study of the main stages of formation and ideology in the early 30s. XX century one of the largest scientific societies in Turkey – the Turkish Historical Society, which has the constitutional status of a society for the scientific study and popularization of Turkish culture and history. In the course of the study, the authors came to the conclusion that the Turkish

Historical Society, created with the direct participation of the state, laid down the main scientific directions and topics of historical, archaeological and ethnographic research. The desire of Turkish society to search for its historical and ethnic roots stimulated interest in studying not only the history of pre-Ottoman and pre-Seljuk Turkey, but also the history and ethnography of the Turkic peoples of Central Asia and Siberia. This was reflected in the research topics of Turkish scientists, the organization of translations into Turkish of scientific works of researchers from other countries on the history and ethnography of related peoples, and the regular familiarization of the scientific community with scientific research on these topics in other countries, primarily in the USSR. The creation of the Turkish Historical Society created favorable conditions for the formation of a national historiography on the history of Turkey.

Acknowledgement: The reported study article is part of project BR20281006 «East countries: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions».

Keywords*:* Turkish Historical Society, history of Turkey, Mustafa Kemal Atatürk, reforms in Turkey, Turkish historical science, scientific problems, history of Turkic peoples, ideology.

Информация об авторе:

Морякова Малика Темирхановна, PhD докторант, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Смагулов Болат Кудайбергенович, кандидат исторических наук, PhD (История), Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Автор туралы мәлімет:

Морякова Малика Темирхановна, PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

Смағұлов Болат Құдайбергенұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, PhD (Тарих), ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Information about author:

Moryakova Malika Temirkhanovna, PhD doctoral student, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Smağūlov Bolat Qudaibergenuly, Candidate of Historical Scienses, PhD (History), R.B. Suleymenov Institute of Orıental Studies of Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 4 маусым 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 13.13.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.146

***[1]Ілиясқызы Д.** **[2]Сауданбекова Ш.Т.**
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]iliyaskyzy@gmail.com, [2]saudanbekova.shynar@gmail.com

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ҮЙЛЕНУ ТОЙ РӘСІМДЕРІНІҢ ЧОСОН ДӘУІРІНЕН БАСТАП ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІНГІ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Аңдатпа. Чосон әулетінің кезінде үйлену тойы көптеген рәсімдерден тұрды. Олардың көпшілігі бүгінде ұмытылғанымен, кейбіреулері өзгертілген түрде болса да сақталған. Бұл мақаланың мақсаты: корей халқының үйлену рәсімдерінің Чосон дәуірінен (1392-1910) бастап қазіргі уақытқа дейінгі эволюциясын зерттеу. Неке қию рәсімдерін өткізудегі елеулі өзгерістерге әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар зерттелді. Осылайша, «экономикалық ғажайып» кезеңінде Оңтүстік Корея үкіметі ысырапшылдықпен күресу саясатын жүргізді, көптеген дәстүрлі рәсімдер мемлекеттік реттеудің объектісіне айналып, ең алдымен ысырап етуді азайтуға бағытталды. Осы мақсатта дәстүрлі тойдың түрленуіне, жеңілдетілуіне әсер еткен заңдар талданды. Сыртқы әсер етуші факторлар ретінде жаһандану үдерісі мен Батыс елдеріндегі заманауи неке қию рәсімдерін байқауға болады. Гипотеза: корей халқы дәстүрлі үйлену тойын сақтап қалды, бірақ оның бірқатар элементтері ішінара заманауи батыс үлгілерінің әсерінен өзгеріске ұшырады. Авторлар соңғы 5–6 онжылдықта айқын динамикасын көрсеткен үйлену тойларының дәстүрлі және жаңа формаларына тоқталды. Зерттеу әдістері: бұл жұмыста тарихи және антропологиялық зерттеу әдісі, жалпы теориялық әдістер (анализ, синтез, абстракциялау), құжаттар мен дереккөздерді талдау әдістері қолданылады. Нәтижесі: автор Оңтүстік Кореядағы дәстүрлі және қазіргі үйлену тойларына салыстырмалы талдау жүргізді. Автор қазіргі таңда Оңтүстік Кореядағы үйлену тойының өзгеруіне жаһандану үрдісі қатты әсер етіп жатыр деп есептейді. Үйлену тойының ғұрыптарының қазіргі қоғамдағы орны айқындалды. Кореядағы үйлену той рәсімдері үкімет тарапынан қадағаланып отыр.

Түйін сөздер: жаһандану, дәстүрлі мәдениет, Чосон әулеті, үйлену той рәсімі.

Кіріспе

Қазіргі таңда әр халық жаһандану кезеңін бастан кешіп, әр мемлекет өзінің ұлттық бірегейлігі мен дәстүрін сақтап қалу үшін өз саясатын жүргізіп жатыр. Дәстүрлі құндылықтар дағдарысы жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оңтүстік Корея жаһандану үдерісін көне дәстүрмен тиімді ұштастырып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Қазіргі заманда жаһандану үрдісі әсерінен Оңтүстік Корея мәдениетінің өзгеру қарқыны жоғары болғанына қарамастан, адам өмірінің негізгі кезеңдерінің рәсімдерін өткізу қажеттілігі әлі күнге дейін сақталуда. Осы ретте «Өмірлік төрт рәсім» деп аталатын рәсімдерінің бірі үйлену той рәсіміне талдау жүргізіп, корей халқының – дәстүрлі (Чосон заманынан бері) және модернизацияланған (жаһандану дәуірінде пайда болған) үйлену той рәсімін зерттеп, корей қоғамындағы іздерін айқындайтын боламыз.

1392 жылы Корея аумағында Чосон әулеті билікке келіп Корё әулетінің философиясы мен діні болған буддизмге қарсы жаңа идеология ретінде неоконфуцийшілдік орнады. Содан бері үкімет неоконфуцийшілдік негізінде күнделікті өмір салттарын өзгертіп, адамдарды жаңа ғұрыптық форманы ұстануға мәжбүрледі. Кореяның ең конфуцийшіл елге айналуы негізінен оның әдет-ғұрыптары мен ұлттық дәстүрлерінен көрініс табады. Әсіресе, «Өмірлік

төрт рәсім» gwanhonsangje (관혼상제) конфуцийлік жүйеге негізделіп 20 ғасырға дейін сақталған. Адамның өміріндегі негізгі «Төрт рәсім»: кәмелетке толу рәсімі gwallye (관례), үйлену той рәсімі hollye/garye (혼례/가례), жерлеу рәсімі sangrye (상례) және еске алу рәсімі jerye (제례). Осы рәсімнің әр бастапқы буынының жинағынан gwanhonsangje (관혼상제) «Өмірлік төрт рәсім» деген сөз шыққан. Чосон дәуірінде (1392-1897) кәмелет жасқа толу рәсімі, неке қию рәсімі, қайтыс болған кезде орындалатын рәсімі және ата-бабаны еске алу рәсімі ережеге сай орындалған. Бұл рәсімдердің орындалу тәртібі «Төрт рәсімнің нұсқаулығы» немесе Saryepyeollam (사례편람, 四禮便覽) деп аталатын нұсқаулықта көрсетілген. Кәмелеттік жасқа толу рәсімі кезінде ер балалар ер жеткен шақта шаштарын төбелеріне түю рәсімі орындалған еді. 1895 жылы Кабо реформаларына байланысты ерлердің шаштарын қысқартуға бұйрық берілгендіктен, рәсімнің жоғалуына алып келді. (Джарылгасинова Р. Ш. и дрг, 1989: 81). Біртіндеп өзгеріске ұшыраған рәсімдердің бірі неке қию кезінде орындалатын рәсімдер. Дәстүрлі рәсімдер әлі күнге дейін сақталғанымен, корей халқының басым бөлігі «Үйлену тойларының жаңа үлгіде» өткізілуін қалайды. Жерлеу және ата-бабаларды еске алу рәсімі бүгінгі күнге дейін сақталып, орындалып келеді. Бұл екі рәсім аз ғана өзгеріске ұшыраған. Жаңа конфуцийлік рәсімдер корей халқының дәстүрлі үйлену рәсімдеріне көптеген өзгерістерді алып келді. Конфуцийшілдік жүйе әйел мен ердің дәрежесі тең емес екендігін, патриархаттың абсолютті билігін корсетті. Конфуцийшілдіктің ықпалымен еркін танысу дәстүріне тыйым салынды, кейде 29 жастағы қыздардың үйінде неке қию рәсімдерін өткізу ұят деп санап рұқсат етілмеді. Бұрынғы кезде Корей халқы үйлену тойын екі адамның бірігуі емес, екі отбасының бірігуі деп санаған. Некенің мәні: отбасының дәстүрін жалғастырып, ата тегіне кір келтірмей даңқын көтеру деп есептеген. Сол себепті, отбасы дәрежелері тең емес екі жастың отау құруы, яғни ақсүйектердің қарапайымдармен некелесуі мүмкін емес болған. (Ионова Ю.В., 1982: 56). Бұл мақаланың мақсаты корей халқының үйлену рәсімдерінің Чосон дәуірінен (1392-1910) бастап қазіргі уақытқа дейінгі эволюциясы мен неке қию рәсімдерін өткізудегі елеулі өзгерістерге әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды зерттеу болып табылады. «Экономикалық ғажайып» кезеңінде корей үкіметі ысырапшылдықпен күресу саясатын жүргізіп, көптеген дәстүрлі рәсімдер мемлекеттік реттеудің объектісіне айналды. Осы мақалада дәстүрлі тойдың түрленуіне, жеңілдетілуіне әсер еткен заңдар талданды. Сыртқы әсер етуші факторларды жаһандану үдерісі мен батыс елдеріндегі заманауи неке қию рәсімдерін байқауға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында жинақталған материалдарға интерпретация жасағанда талдау, синтездеу, абстракциялау әдістерінен басқа, корей халқының Чосон дәуірінен бастау алған дәстүрлі үйлену той рәсімдерін зерттеуде тарихи антропологиялық әдіс қолданылды. Дәстүрлі үйлену тойы мен қазіргі заманауи неке қию рәсімдерінің айырмашылығын талдауда салыстырмалы әдіс қолданылды. Рәсімдердің өзгеріске ұшырауына әсер еткен үкімет тарапынан қабылданған заңдарды талдауда құжаттық зерттеу әдісі қолданылды. Зерттеу мақсатына жету үшін автор 1969 жылғы «Отбасылық әдет-ғұрыптар стандарттары туралы заң», 1973 жылғы «Отбасылық әдет-ғұрыптар туралы заң», 1993 жылғы «Отбасылық әдет-ғұрыптар туралы заң», 1999 жылғы «Салауатты отбасы рәсімдерін орнату және қолдау туралы заң» құжаттарына талдау жүргізді. Үйлену той рәсіміне әсер еткен сыртқы факторларды зерттеуде дереккөздерді талдау әдісі қолданылды.

Талқылау

Чосон дәуіріндегі корей халқының үйлену тойы рәсіміне қытай мәдениетінің әсері. Чосон дәуірінде корей үйлену тойын өткізу рәсіміне қытай халқының әсері болды. Бұл негізінен қытай мәдениетінен бастау алған конфуцийлік ілімді корей халқының қолданысқа енгізуінен бастау алды. Чосон аумағында конфуций ілімі үстемдік еткендіктен, үйлену тойы қытай халқының салт-дәстүрлеріне негізделіп орындалған. «Рәсімдер кітабына» (Yegi, корей тілінде 예기) сәйкес, қытайдың дәстүрлі үйлену той алдында орындалатын рәсімдер «Үш хат пен алты рәсім» (三书六礼 san shu liu li немесе Samseo Yukrye, корей тілінде 삼서육례) деп аталатын рәсімдерді қамтыды. Үш хат дегеніміз: күйеу жігіттің қалыңдықтың отбасына неке құру жайлы ұсыныс хаты (pin shu 聘书); күйеу жігіттің отбасы үйлену тойына аз уақыт қалғанда сыйлықпен бірге жіберілген хаты (li shu 礼书); үйлену тойы күні күйеу жігіттің отбасы қалыңдықты қабылдағаны туралы хабарлайтын хат, тойға шақыру хаты (ying qin shu 迎亲书). (Ahn In-hee, 2021: 7).

Чу Цзы жазған «отбасылық рәсім» деп аталатын жазбадан алты рәсім жайлы біле аламыз. Олардың корей тіліндегі транслитерациялары:

Napchae (납채, 納采): қалыңдықтың үйіне үйлену туралы ұсыныс жіберу;

Munmyeong (문명, 問名): қалыңдықтың ата-тегі мен анасының отбасы туралы сұрап білу;

Napgil (납길, 納吉): неке құруға қолайлы күнді болжап таңдау;

Napjing (납징, 納徵): екі отбасының бір-бірімен сыйлықтар алмасуы;

Cheonggi (청기, 請期): той күнін белгілеп, тойға шақыру хатын жіберу;

Chinyeong (친영, 親迎): күйеу жігіттің қалыңдықтың алдынан өтуге келгенде орындалатын рәсім.

Munmyeong (문명) және cheonggi (청기) сияқты кейбір рәсімдер күрделі болып, әрі уақытты ұзақ алатындықтан уақыт өте келе рәсімдер тізімінен шығып, орындалмайтын болды. Үйлену тойының алты рәсімі төрт рәсімге қысқартылды. Чосон дәуірінде өмір сүрген ғалым Ли Дже рәсімдердің орындалу тәртібінің жеңілдетілген нұсқасын жазған. Бұл салт-дәстүрлер жинағы рәсімдерді ретімен өткізуге пайдаға асты. (Ahn In-hee, 2021: 8). Чосон әулеті кезінде үйлену тойының қысқартылған төрт рәсімі:

Euihon (의혼): үйлену тойы туралы келіссөздер жүргізу және талқылау;

Napchae (납채): ресми ұсыныс жіберу және күнді белгілеу (Napchae(납채) мен Munmyeong (문명) біріктіру);

Nappye (납폐): қалыңдыққа сыйлықтар жіберу (napgil (납길), napjing (납징), cheonggi (청기) біріктіру);

Chinyeong (친영): күйеу жігіттің қалыңдықты алып кетуге келгенде орындалатын рәсім.

Кореяда бұрынғы кезде екі жастың келісімін сұрамай, екі жақтың отбасы алдын-ала келісу арқылы некелесу дәстүрі болған. Ең маңызды себептердің бірі - ата-бабаларға табыну мен отбасылық текті сақтауға ерекше мән беретін конфуцийлік жүйенің орнауы. Сондықтан, екі жастың қалауына қарағанда, текті сақтап артынан ұрпақ қалдыруына көбірек мән берген. Осылайша, неке ерлі-зайыптылардың өз еркімен емес, тиісті екі отбасының басшыларының келісімімен жасалған. Қалыңдық пен күйеу жігіттің некеге дейінгі кез келген қарым-

қатынасына қатаң тыйым салынды. Көбінесе қалыңдық пен күйеу жігіт алғаш рет неке қию рәсімінде кездескен.

Корей халқының дәстүрлі үйлену рәсімі екі негізгі кезеңнен тұрады: үйлену той алдында орындалатын – дайындалу рәсімдері және үйлену той күні тікелей орындалатын – неке қию рәсімі. Дайындалу рәсімі кезінде болашақ күйеу жігіт пен қалыңдықтың отбасы үйлену тойы жайлы талқылайды, екі жақ келіскеннен кейін күйеу жігіттің отбасы қалыңдықтың отбасына ресми түрде хат жіберіп, үйлену той күнін белгілеген. Корей халқының дәстүрлі үйлену той кезінде орындалатын рәсімдер келесі ретпен орындалады: Hondam (혼담) рәсімі – үйлену той туралы талқылау, той алдында екі жақтың бір-біріне сәйкестігін тексеру, gunghap (궁합) рәсімі – ғаламды құрайтын бес элемент негізінде екі жастың туған күні мен уақытын талдап, ерлі-зайыптылардың бақытты немесе бақытсыз болатындығын алдын ала болжау, күйеу жігіт жақтан өкілдердің қалыңдықтың отбасына баруы, Saju (사주) екі жастың бір-біріне сәйкес келетіндігін туған күндеріне қарап болжау, той күнін белгілеу (Ahn In-hee, 2021: 9).

Корей халқының Чосон дәуіріндегі үйлену той рәсімдерінің жүргізілу реті. Нақты үйлену рәсіміне апаратын алғашқы қадам – euihon (의혼), оны неке туралы келіссөздер жүргізу мен талқылау деп аударуға болады. Екі жақтың отбасы арасында неке жайлы келіссөздер жүргізіледі. Бұл рәсім ресми түрде euihon (의혼) деп аталғанымен, сонымен қатар көбіне таныс hondam (혼담) термині де қолданылады, бұл сөзбе-сөз аударғанда «неке туралы пікірлердің өзгеруі» дегенді білдіреді. Бұл рәсім кезінде екі жақтың отбасы бар жақсы қасиеттерін ашып көрсетуге тырысқан, өйткені тойдың болуы немесе болмауы осы келіссөз жүргізу кезінде белгілі болған. Бұрынғы кезде екі жақтың отбасы болашақ күйеу жігіт пен қалыңдық және олардың отбасы жайлы толық мәлімет жинап келуге арнайы өз адамдарын жіберген. Күйеу жігіттің отбасы мүшелерінің бірі болашақ қалыңдықтың ауылына барып, ол туралы мәліметтер жинаған. Кейде тергеп барған кісі қалыңдықтың отбасының некеге қатысты шынайы ниетін білу үшін болашақ күйеу жігіт туралы жалған әңгіме таратқан. Екі отбасының мәртебесі неғұрлым жоғары болса, тергеу соғұрлым күрделі болады. (Лим Э.Х., и дрг, 2015: 20). Бастапқыда екі жақ болашақ қалыңдық пен күйеу жігіттің жасы, білімі мен жұмыс орнынан бастап, мінезі мен ерекшеліктеріне дейін егжей-тегжейлі бөлісетін. Осы ретте басқалардың пікірін ескерудің ең жақсы уақыты болды. Өйткені, жұрт алдында жағымсыз атқа ие болған қалыңдықты немесе күйеу жігітті қабылдауды жөн көрмеген. Бұл келіссөз кезінде тойдың болуы немесе тойдың болмауы шешіледі. Екі жас жайлы ғана емес, сонымен қатар отбасылық мәселелер де талқыланатын еді, өйткені неке тек екі жанның ғана емес, сонымен бірге екі жақ отбасының бірігуі деп есептелінген. Отбасының байлығы, әдет-ғұрпы және отбасы тарихы, сонымен бірге денсаулықтары жайлы мәліметтерге дейін бәрі ескерілетін болатын. Кейбір отбасы болашақ қалыңдықтың үйіне өз туыстарының бірін бір кесе су сұратып, қыдырып барған саяхатшы ретінде барып тексеріп келуін сұраған. Бұл болашақ қалыңдық бейтаныс адамның алдында қалай әрекет ететінін білу үшін жасалынған кішігірім сынақ еді. Неке келіссөздерін жүргізген кезде екі жақ отбасы да жақсы жақтарын көрсетуге тырысқан еді, өйткені келіссөз бұзылған жағдайда болашақта басқа отбасымен келіссөз жүргізу қиындыққа соқтырған еді.

Napchae (납채) *ресми ұсыныс жіберу және күнді белгілеу* **рәсімі.** Барлық келіссөздер аяқталғаннан кейін ресми ұсыныс жіберіліп, үйлену той болатын күні белгеленетін кезең *Napchae* (납채) деп аталады. Бұл терминнің өзі: жауапты күтіңіз, яғни қалыңдықтың шешімі дегенді білдіреді. Мәміле екі жақтың алғашқы келісімімен басталғанымен, соңғы сөзді

қалыңдықтың отбасы берген. *Napchae* (납채) ресми ұсыныс болғандықтан, хатты мүмкіндігінше ресми түрде жазады. Бастапқыда жіберілетін ұсыныс хатын napchaeseo (납채서) деп аталады. Қытай халқында үйлену тойы кезінде үш ресми хат жіберсе, корей халқы алты ресми хат жіберген екен. Оны болашақ күйеу жігіт үйінің үлкендері жазуы керек еді, яғни әкесі немесе атасы. Хат болашақ қалыңдықтың отбасының ең үлкен мүшесіне – әкесіне, атасына немесе ағасына жіберілетін. Ақ түсті қағазға хат жазып оны қызыл және көк түсті жібекпен орап, көк және қызыл түсті жіптермен байланып, сыртына ақ қағазға «аулақ ұстаңыз» деген мағынаны білдіретін geunbong (근봉) сөзі жазылып мөрленеді. Қызыл және көк түстер Корей мәдениетіндегі маңызды түстердің бірі болып есептелінеді. Көк түс Иньді, қызыл түс Яньді бейнелеп, үйлесімділіктің нышаны деп саналады. Ер мен әйелдің бір-бірімен үйлесімділікте болуы, бақыттың кілті деп санаған (Kim, Jong Kun, 2015: 35).

Күйеу жігіттің отбасы болашақ қалыңдықтың үйіне ресми ұсынысты хабарлауға ер адамды, әдетте күйеу жігіттің ағасын saja (사자) етіп тағайыдап жібереді. Saja (사자) ресми киімін киіп, қасына бірнеше қызметшілерді ертіп ағаштан жасалған қазды (기러기) алып қалыңдықтың үйіне келеді. Оларды қалыңдықтың әкесі ресми киімін киіп, қақпаның алдына шығып қарсы алады. Saja (사자) ресми түрде ұсыныс жасап келгендігін айтып, жауапты қақпаның сыртында күтетін. Қалыңдықтың отбасы келісімін берген жағдайда, saja (사자) солтүстікке қарап екі рет иіледі. Келген кісілерді қалыңдықтың отбасы дастархан жайып тәтті тағам мен сусындар ұсынады. Saja (사자) күйеу жігіттің отбасына оралып, napchaeseo (납채서) хатына жауабы жазылған ресми хатты dapryе(답례서) ұсынады, хатта күйеу жігіттің туған жылы, айы, сағатын, яғни Saju (사주) жазып жіберуін өтініп сұрайды. Корейлер қалыңдық пен күйеу жігіттің болашақ өмірін Saju (사주) деп аталатын төрт тірекке (туған жылы, айы, күні және сағаты) қарап болжауға болатындығына сенгендіктен, екі отбасы да көріпкелдің үйіне барып екі жұптың бір-біріне сәйкес келетіндігін анықтаған. Бұл салт gunghap (궁합) деп аталады. Ерлі-зайыптылардың сәйкестігі әдетте туған жылы, айы, күні және сағаты бойынша болжанады, ескі Қытай философиясына сәйкес ohaeng (бес элемент) деп аталатын бақыт, гүлдену және табысқа жету мүмкіндігі қандай екенін білген. Gunghap (궁합) кезінде екі жақтың сәйкес келмейтіндігі жайлы көріпкелдің болжамы көбінесе қарым-қатынастарды бұзуға себеп болған. (Kim, Jong Kun, 2015: 37). Егер екі жастың бір-біріне сәйкес келетіндігі болжалып айтылса, екі жақ неке туралы келісімге келсе, күйеу жігіттің отбасы болашақ қалыңдықтың үйіне ресми түрде некеге тұру туралы ұсыныс хатын жібереді. Бұл хатты алған бойда қалыңдық үйі күйеу жігіттің отбасына үйлену күнін белгілеп, хат арқылы хабарлайды. Бұл рәсім *taekil* (택일) деп аталып, «күнді белгілеу» дегенді білдіреді. Неке қию рәсімі әдетте қыс пен ерте көктемнің арасында өтетін: бұл егіншілер демалатын және егін орағы біткен кез, сондықтан рәсімге арналған ас көп болатын. Сонымен қатар, суық ауа-райы ең жақсы уақыт болды, өйткені рәсім кезінде тағамның бұзылуы қаупі аз болды.

Nappye (납폐) *қалыңдыққа сыйлықтар жіберу рәсімі.* Той күні белгіленгеннен кейін қалыңдықтың үйіне күйеу жігіттің отбасы сыйлықтарын жіберуге дайындалған. **Nappye (납폐)** – күйеу жігіттің қалыңдық үйіне қызын тұрмысқа беруге рұқсатын бергені үшін

алғысын білдіретін рәсім. Той сыйлықтары салынған сандықты *ham* **(함), яғни кәдесый деп атайды, оның** ішіне көк және қызыл түсті жібек мата мен зергерлік бұйымдар және үйлену тойына қажетті басқа да заттарды салып жіберген. *Ham* **(함)** кәдесый салынған сандықты алып жүретін кісіні *hamjinaebi* (함진애비) деп атаған. Кейбір аймақтарда сандықты songbok (송복) деп атаған. Той алдында жіберілетін сандық ішінде қалыңдық той киімі, көрпе, жібек, мақта, зергерлік бұйымдар, шарап, күріш, тәттілер сияқты әртүрлі заттар салынған. Сандықтың ішіне міндетті түрде екі хат салынуы тиіс болған: nappyeseo (납폐서) үйлену тойына сыйлық хаты және *honseoji* (혼서지) неке қию туралы ресми хат. Хатты қызыл түсті жібек матаның ішіне орап салып жіберген. *Honseoji* (혼서지) неке қию туралы хатты ежелде қалыңдық адал болуды ант етіп дүниеден озғанша сақтаған хатты сақтап жүрген, қайтыс болған кезде хатты қабірге салып қалыңдықпен бірге жерлеген. (Kim, Jong Kun, 2015: 39). Кәдесыйды алып келген кәсілерді қалыңдықтың отбасы қуанышпен күтіп алып, дастарханда тағамдар мен сусындар қойып қарсы алған. Жергілікті әдет-ғұрып бойынша қалыңдықтың анасы кәдесыйды қабылдап ашады, бірінші шығарған жібектің түсі ерлі-зайыптылардың болашақ тұңғыш перзентінің жынысын анықтайды деп сенген: қызыл түсті жібек матасын бірінші алып шықса ұл, ал көк түсті жібек болса қыз болады деп болжаған.

Үйлену тойына дайындық. Корей халқы үйлену той салтанатын өткізуге үлкен дайындық жүргізген.Үйлену тойы қалыңдықтың үйінде өткен, сондықтан тойдың алдында қалыңдықтың отбасы неке қию рәсіміне көптеген заттарды дайындауға мәжбүр болған. Чосон дәуірі кезінде қалыңдықтың үйінің артына үлкен төсеніш төселініп, шымылдық орнатылып, ортасына қалыңдық пен күйеу жігіттің рәсімдерін орындауға арналған chonansang (전안상) деп аталатын арнайы үстел қойған. Рәсімді өткізуге арналған chonansang (전안상) үстел үстіне келесі заттарды қоюға тиіс болған: қызыл және көк түсті матамен оралған қызыл және көк түсті шырақтар, қарағай бұтағы немесе бамбуктың бұтағы, каштан, зизифус (құрманың бір түрі), күріш, тауық пен қораз. Сонымен қатар қызыл бұршақ пен шарап дайындалған. Қарағай мен бамбук мәңгілік сүйіспеншілік пен адалдықты білдірсе, каштан, зизифус (құрманың бір түрі) және тауықтар құнарлылықтың символы болып саналады. Қызыл бұршақ қалыңдық пен күйеу жігітті зұлым рухтардан қорғайды деп санаған. Көк пен қызыл түс – әлемнің үйлесімділігінің нышаны. Сонымен қатар міндетті түрде ағаштан жасалынған екі қазды қою қажет. Ағаштан жасалынған екі қазды үйлену тойы күні күйеу жігіт қалыңдықтың анасына алып келіп беруі керек. Ағаш қаз – адалдықтың, шынайылықтың символы болып есептелінеді. (Joo Young-ha and etc, 2021: 150). Үстел үстіне қайнатылған күріштен жасалынған құс пішінді тағамдар қойылады. Үстелдің жанына тазарту рәсімін өткізуге арналған су қойылады.

Chinyeong (친영) *күйеу жігіттің қалыңдықтың үйіне келген кезде орындалатын рәсім.* Бұл үйлену тойының ең соңғы және ең ұзақ кезеңі, бұл рәсімге салтанатты той кіреді. Chinyeong **(친영)** қалыңдық пен күйеу жігіттің бір-бірімен алғаш кездесу рәсімі. Chinyeong **(친영)** термині көбінесе патшалар отбасына қатысты үйлену тойында қолданылатын термин болған, жалпыға ортақ daerye **(대례)** термині қолданылады. Бұл рәсімді екіге бөліп қарастырсақ болады: қалыңдықтың үйінде орындалатын рәсім daerye **(대례)**; күйеу жігіттің үйінде орындалатын рәсім hurye **(후례)**.

Той күні қалыңдықтың үйінде орындалатын daerye (대례) рәсімі. Daerye (대례) – күйеу жігіттің қалыңдықтың үйіне келген кезде орындалатын рәсімдер. Үйлену тойы күні орындалатын маңызды рәсімдер: chohaeng (초행), jeonanjirye (전안지례), gyobaejirye (교배지례) және habgunjirye (합근지례). Күйеу жігіт қалыңдықтың үйіне келіп орындайтын алғаш рәсімі jeonanjirye (전안지례) деп аталады, яғни қалыңдықтың анасына қызыл матаға оралған ағаш қазды ұсынып, адал болуға ант етеді. Қаздар адалдық пен тазалықтың символы болып есептелінген. Қазды жоғалтып алмас үшін немесе қаздың жұмыртқасы көп болсын деген ниетпен анасы қазды алып етегіне жақсылап орап алады. Содан кейін оны (күріш) құмыраға салады немесе қалыңдық күтіп отырған бөлмеге алып келіп, бірінші баланың жынысын болжау үшін оны алдына лақтырады. (Joo Young-ha and etc, 2021: 152). Бірінші рәсім орындалып болғаннан кейін қалыңдық бөлмеден шығып, арнайы рәсімдерді орындауға алдын ала дайындалып қойған үстел қойылған chonachong (전안청) деп аталатын жерге келеді. Күйеу жігіт үстелдің шығыс жағына, ал қалыңдық батыс жағына шығып бір-біріне қарап иіліп тағзым ету gyobaejirye (교배지례) рәсімінен басталып, habgunjirye (합근지례) рәсімімен аяқталады, яғни қолды жіппен байлап, шарап ішумен немесе жіппен байланған кеселерді алмастыру рәсімі. Рәсім аяқталғаннан кейін қалыңдық пен күйеу жігіт бірге отырмайды, екеуі екі бөлек жаққа орналасады. Тойға келген қонақтар аулада жайылған дастарханнан дәм татып, қуаныштарымен бөліседі.

Күйеу жігіттің үйінде өткізілетін үйлену тойынан кейін орындалатын hurye (후례) рәсімі. Күйеу жігіт үйінде орындалатын рәсімдердің бірі – тазартуға арналған рәсімдер. Кореяда қалыңдық үйге кірер алдында, есік босағасында өртеніп жатқан сабанды теуіп кірген. Кейде қалыңдыққа қызыл бұршақ немесе тұз лақтырылады. Бұл рәсімдер зұлым күштерден аулақ болуы үшін жасалынған. Hyongurye (현구례) немесе paebek (폐백) деп аталатын рәсім кезінде қалыңдық күйеу жігіттің үйіне келіп, өзімен бірге дайындап алып келген піскен тауық етін, каштан, жеміс-жидектер мен басқа да тағамдарды дастархан үстіне қойып, күйеу жігіттің ата-анасы мен туыстарына иіліп тағзым еткен. Қалыңдықтың сәлемін қабыл алған күйеу жігіттің ата-анасы ризалығын танытып, жақсы тілектерін айтып қалыңдықтың етегіне каштан мен тәттілерді тастап «көп ұлды бол» деп батасын берген. Сыйлық ретінде қалыңдық күйеу жігіттің әкесіне зизифус жемісін (құрманың бір түрі), ал анасына кептірілген етті сыйлайды. Sadangchambe (사당참배) рәсімі «ата-бабаларға тағзым ету» дегенді білдіреді. Бұл рәсімнің мақсаты, жас жұбайлардың шаңырақты құрғаннан кейін ата-бабаларын еске алып тағзым етіп, өсіп-өнулерін сұрау болған. (Joo Young-ha and etc, 2021: 154).

Үйлену тойынан кейін қалыңдықтың ата-анасының үйіне алғаш рет қонаққа бару рәсімі – geunchin (근친) деп аталады. Қазіргі кезде қалыңдық ата-анасының үйіне бір аптадан кейін бара алатын болса, ерте кезде қалыңдық алғашқы егін жиналғаннан кейін туыстарына күріштен жасалынған нан мен шарапты алып бараған.

Корей халқының дәстүрлі үйлену той рәсімдерінің өзгеріп, бүгінгі күнде сақталуы. Рәсімдердің қысқаруына әсер еткен факторлары. Корей халқы отбасын құру жауапты, өте маңызды қадам деп есептейді. Некені құру екі адамның ғана емес, екі жанұяның бірігуі деп қарайды. Бүгінгі күнде екі жас өздері отау құрамыз деп шешім қабылдағанымен, бірінші ата-анасына хабарлап келісімін алады. Корей халқының дәстүрлі үйлену тойы бірнеше күрделі рәсімдерден тұрған. Уақыт өте келе көптеген ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырады. Қазіргі кезде Оңтүстік Кореяда үйлену дәстүрі қарапайым түрде өтеді

және ерлі-зайыптылардың көпшілігі үйлену тойларын Чосон дәуірі кезіндегідей үйде емес неке қию сарайларында өткізгенді қалайды. Үйлену тойы екі бөлімнен тұрады, яғни бірінші ресми бөлімі заманауи түрде өтсе, екінші бөлімі кішігірім бөлемеде жарты сағаттай уақыт ішінде дәстүрлі түрде рәсімдердің орындалуымен өтеді. Қонақтар жас жұбайларға сыйлықты ақшалай беріп, неке сарайында арнайы жайылған дастарханнан тамақтанып кетеді.(Joo Young-ha and etc, 2021: 155). Кореяда қазіргі кезде мемлекет үйлену тойларында рәсімнің дәстүрлі түрде орындалуын қатаң түрде қадағалап отырады.

Ежелгі Корей халқы қатаң ұстанған күрделі рәсімдердің бүгінгі күнде қандай өзгерістерге ұшырағандығын және оған қандай факторлар әсер еткендігін талқылап зерттейміз.

1.1397-1910 жылдары Чосон әулеті билеген кезең. 1910-1945 жылдары Корей халқы егемендігінен айырылып, Жапония империясының отарына айналып, билік жапондықтардың қолында болды. Жапонияның модернирнизациялау, отарлау саясаты корей дәстүрлі мәдениетіне айтарлықтай өзгерістер алып келді, сонымен қатар үйлену тойы да өзгеріске ұшырап заманауи түрде өткізілетін болды.

2. Қазіргі уақытта «Өмірлік төрт рәсім» Корей халқының өмірінде әлі күнге дейін маңызды орын алады, бірақ рәсімнің орындалу тәртібі қысқарып өзгеріске ұшыраған. 1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Корей халқының өз бостандығын алып, Корея Республикасы құрылғаннан кейін елді жаппай еуропалықтандыру басталды. Корей халқының Үкіметі Оңтүстік Кореяның экономикалық жағдайын жақсарту үшін 1945-1987 жылдары модернизациялау саясатын жүргізді. Үкімет басшылары АҚШ-тан білім алғандықтан, модернизациялау, вестернизациялау саясатын қолдап, Батыстың мәдениетін дәріптеп, дәстүрлі мәдениетті ұстану артта қалғандық деп санады. Осы кезеңде ежелгі конфуцийшілдік дәстүр ұмытыла басталды.

3.1960 жылы «Экономикалық ғажап» кезеңінде рәсімдерді орындауда ысырапшылдықпен күресу үшін Үкімет заң қабылдап, қатаң бақылау жүргізіп отырды. Өйткені: рәсімдерді орындауға көп қаражат жұмсалып, корей халқының экономикалық жағдайына әсер етті. Бұл заң рәсімдердің қысқартылуына алып келді.

4. 1969 жылы президент Пак Чон Хи-дің басшылығымен корейлердің мәдени өмірін реформалау басталды. 1969 жылы «Отбасылық салт-дәстүрлер стандарттары туралы заң» қабылданды. Үйлену тойы, 60 жылдық мерейтой, жерлеу және ата-бабаларды еске алу сияқты маңызды рәсімдерді ғана қамтитын отбасылық салт-дәстүрлердің жаңа кодексі енгізілді. Бұл кезде кәмелеттік жасқа толу рәсімі болмаған еді. 1973 жылғы «Отбасылық салт-дәстүрлер туралы заң» қабылданып. 1972 жылы міндетті түрде «азаматтық мораль» сабақтары енгізіліп, 1973 жылы 19 жастағы корейлердің кәмелетке толу күні ресми түрде бекітілді; бұл күн 1974 жылға дейін 20 сәуірде тойланса,1984 жылы мамыр айының үшінші жексенбісіне ауыстырды. (Kwang-Kyu Lee, 1989: 167).

5. Дәстүрлі үйлену тойы 1960-1970 жылдарда іс жүзінде жойылғанымен, 1982 жылы «Дәстүрлі үйлену тойы» атауымен қайта пайда болды. Дәстүрлі неке қию рәсімі қазіргі қоғамға сай «қайта құрылды». Қазіргі Оңтүстік Кореядағы үйлену тойы дәстүрліде емес, батыстық үлгіде үйлену де емес, бірақ екеуінің де элементтері бар, яғни синтезделген түрде өтеді. (Kwang-Kyu Lee, 1989: 168).

Корей халқының заманауи үйлену тойы. Қазіргі корейлік үйлену тойы ежелгі дәстүрлі үйлену тойына да, батыстық үлгіде үйлену тойына да ұқсамайды. Корей халқының Шығыс пен Батыстың синтезінен құралған ерекеше стильде үйлену тойын өткізу 1950 жылдары дамыды. 1960 жылдардан бастап eshikjan (예식장) деп аталатын неке қию рәсімі өткізілетін сарайларда рәсімдер ғана өткізіліп қана қоймай, сонымен қатар заманауи түрде некеге тұру тойларын да өткізетін болды. Корей халқы көбінесе үйлену тойларын мейрамханаларда

тойлағанды жөн көреді, өйткені рәсімдерді орындауға арналған арнайы бөлмелері де бар. Қазіргі кезде үйлерінде тойды өткізуді қалайтындар саны өте аз. (Kwang-Kyu Lee, 1989: 170).

Ежелде үйлену тойлары үшін қолайлы күнді, тіпті сағатты таңдауға үлкен мән беріп, тойдың күнін көріпкелмен кеңісіп таңдаған еді. Жалпы, бұл әдет-ғұрып әлі күнге дейін сақталған екен, қазіргі кезде де көріпкелге жолығып үйлену тойының күнін таңдайды. Күн ежелгі ай күнтізбесі бойынша белгіленеді. Қиыр Шығыс ай күнтізбесі бойынша кібісе айлары үйлену тойлары үшін өте қолайсыз уақыт деп саналады. Кібісе айлары «үйлену сарайларда» тапсырыстар саны еселеп азайып кетеді. Үйлену тойы әдетте күндізгі уақытқа жоспарланады және көпшілігі жексенбі немесе сенбі күні түстен кейін өткізгенді жөн көреді, яғни барлық шақырылғандар мерекеге келе алатын уақытты таңдап өткізуге тырысады. Кейбір үйлену тойлары жұмыс күндері өтеді, бірақ өте сирек. Сондықтан 1996 жылы Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі жұмыс күндері eshikjan (예식장) пайдалану бағасын 50%-ға төмендетті. Оңтүстік Кореяда үйлену той мемлекет тарапынан қатаң бақыланады. (Kwang-Kyu Lee, 1989: 175).

1950 жылдары Оңтүстік Кореяда үйлену тойына Батыс стильдегі ақ көйлектерді кию сәнге айналды. Күйеу жігіт әдетте батыстық үлгідегі костюмді киеді. Тойдың белгіленген уақытына аз уақыт қалғанда қонақтар неке сарай алдына жинала бастайды. Қалыңдық пен оның ең жақын достары үшін арнайы «күту бөлмесі» болады, басқа қонақтар келген бойда бірден ішке кіреді. Келген қонақтарды қалыңдық пен күйеу жігіттің ата-анасы қарсы алады. Қонақтар сыйлық ретінде ақ конвертке ақша салып, есімдерін жазып кіреберіс жерде орналасқан қорапқа салады. Салтанатты рәсімнің басталуына бірнеше минут қалғанда қонақтар залға кіріп, күйеу жігіт жақтан келген қонақтар сол жағына, ал қалыңдықтың отбасы шақырған қонақтар оң жақтағы орындарына жайғасады. Залға бірінші болып күйеу жігіт пен қалыңдықтың анасы кіреді, олар бір-біріне және қонақтарға тағзым етіп, алдыңғы қатардағы құрметті орындарына отырады. Күйеу жігіт залға кіргеннен кейін әкесінің қолынан жетектеген қалыңдық кіреді. Қалыңдықты әкесі күйеу жігітке тапсырады. (Jennifer Jung-Kim, 2008: 15).

Неке қию рәсімін жүргізуші жас жұбайларды махаббат пен келісімде өмір сүруге дайын екендігі туралы ант беруге шақырады. Жастар «Иә» деп келісімін білдіреді. Осы сәтте екі жасты салтанатты түрде ерлі-зайыптылар деп жариялайды. Қалған бөлігінде жүргізуші жас жұбайларды мақтап, қалыңдық пен күйеу жігіттің сіңірген еңбектеріне тоқталып, олардың отбасылық өмірінің басталуымен құттықтап, бақытты болуларын тілейді. Жас жұбайлар қалыңдықтың және күйеу жігіттің ата-анасына, соңында барлық қонақтарға иіліп сәлем береді. Осымен неке қию рәсімінің жарты сағаттан аспайтын негізгі ресми бөлімі аяқталып, залдан шыға берісте бірлесіп естелік үшін суретке түседі.

Ресми бөлім аяқталғаннан кейін барлық қонақтар дастархан жайылған арнайы мейрамханаға немесе жақын жерде өткізілетін мерекелік асқа барады. Ал, жастар корей халқының ұлттық киімі hanbok (한복) киіп peabekshil (폐백실) деп аталатын рәсімдер орындалатын бөлмеге келеді. (Jennifer Jung-Kim, 2008: 16). Бөлмеде жастар арнайы жиналған күйеуінің ата-анасы мен ең жақын туыстарына иіліп тағзым етеді. Жауап ретінде екі жасқа ақшалай сыйлық береді,оны жастар бал айына жұмсайды. Күйеу жігіттің ата-анасы қалыңдықтың етегіне шиленді (құрманың бір түрі) тастап, ұл көп болсын деп тілегін білдіреді. Күйеу жігіт қалыңдықтың аузына шиленді салып, екеуі бірге бір стақан шарап ішеді. Бұл ескі әдет-ғұрып әлі де кең тараған. Рәсім аяқталғаннан кейін екі жас қонақтар жиналған мейрамханаға келіп тойлайды. Той аяқталғаннан кейін екі жас бал айын өткізуге саяхатқа аттанады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу жұмысында Оңтүстік Кореядағы дәстүрлі және заманауи үйлену тойларына салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде қазіргі корей қоғамында дәстүрлі үйлену тойына да, Батыс үлгідегі үйлену тойына да ұқсайтын ерекше синтезделген үйлену тойының пайда болғандығы зерттелді. Мақалада үйлену тойының өзгеруіне әсер етүші факторлары талданып, жаһандану үрдісінің қатты әсер етіп жатқандығы анықталды. Оңтүстік Кореядағы дәстүрлі үйлену той рәсімдерінің сақталуын үкімет тарапынан белгілі бір заң қабылдап, қатаң қадғалап отырғандығы айқындалды.

Қорытынды

Қазіргі таңда жаһандану үрдісі әсерінен туындап отырған дәстүрлі құндылықтар дағдарысы жағдайында әр мемлекет өзінің мәдениетін, дінін, салт-дәстүрін сақтап қалу үшін әрекет етуде. Өйткені: ұлттық бірегейлікті сақтау үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуымыз қажет. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторы. Осы орайда, жаһандану үрдісі кезінде дәстүрін, мәдениетін сақтап қана қоймай, басқа да мемлекеттермен қарым-қатынас орнатып «жұмсақ күш» саясатын жүргізіп отырған мемлекеттерінің бірі Оңтүстік Корея. Корей халқы ата-бабасы мұра етіп қалдырған құндылақтарын сақтап, мәдениетінің өзгеру қарқыны жоғары болғанына қарамастан, адам өмірінің негізгі кезеңдерінің рәсімдерін әлі күнге дейін өткізеді. Жұмысымызда «Өмірлік төрт рәсім» деп аталатын рәсімдерінің бірі үйлену той рәсіміне талдау жүргізіп, корей халқының Чосон дәуірінен бастау алған дәстүрлі үйлену тойының эволюциясын зерттеп, қазіргі корей қоғамындағы іздерін айқындап зерттедік.

Әдебиет:

Ahn In-hee. Analysis of source data on storytelling on marriage ceremonies and wedding attire in the Joseon Dynasty. Journal of the Korean Fashion Design Society. 2021. 2 (4). 7–9.

Джарылгасинова Р. Ш., Малявин В.В., Ионова Ю.В. Календарные обычаи и обряды народов Восточной Азии: Годовой цикл. Москва: Наука, 1989. 81 с.

Joo Young-ha, Yang Mi-kyung, Jo Hee-jin, Kim Hye-sook, Jeong Heon-mok, Yang Young-gyun. Two styles of Korean weddings. A duo of traditional and modern.– Publication Department of the Academy of Korean Studies. 2021. 3(5). 150–155.

Jennifer Jung-Kim. The New Woman and New-Style Weddings in Colonial Korea. The Academy of Korean Studies, 2008. 2(11). 15–16.

Ионова Ю.В. Обряды, обычаи и их социальные функции в Корее: середина XIX – начало XX в. Москва: Наука, 1982. 56 с.

Kim, Jong Kun. The Succession of the Wedding Tradition of Korean and Modern Transformation. The Journal of the Humanities for Unification, (2015). 63(2), 35-40. doi:10.21185/jhu.2015.09.63.35

Kwang-Kyu Lee. The practice of traditional family rituals in contemporary urban Korea. Journal of Ritual Studies, (1989). 2 (5). 167–175.

Лим Э.Х., Че И.Е., Корнеева И.В. Традиционная культура корейцев в обрядах жизненного цикла: монография. Южно-Сахалинск: СахГУ, 2015. 20 с.

References:

Ahn In-hee. (2021). Analysis of source data on storytelling on marriage ceremonies and wedding attire in the Joseon Dynasty. Journal of the Korean Fashion Design Society. 2 (4). 7–9.

Dzharylgasinova R. SH., Malyavin V.V., Ionova YU.V. Kalendarnye obychai i obryady narodov Vostochnoj Azii: Godovoj cikl. Moskva: Nauka, 1989. 81 p. (in Rus.)

Ionova YU.V. Obryady, obychai i ih social'nye funkcii v Koree: seredina XIX – nachalo XX v.Moskva: Nauka, 1982. 56 p. (in Rus.)

Jennifer Jung-Kim. (2008). The New Woman and New-Style Weddings in Colonial Korea. The Academy of Korean Studies. 2 (11). 15–16.

Joo Young-ha, Yang Mi-kyung, Jo Hee-jin, Kim Hye-sook, Jeong Heon-mok, Yang Young-gyun. (2021). Two styles of Korean weddings. A duo of traditional and modern. Publication Department of the Academy of Korean Studies. 3 (5). 150–155.

Kim, Jong Kun. (2015). The Succession of the Wedding Tradition of Korean and Modern Transformation. The Journal of the Humanities for Unification. 63 (2). 35–40. doi:10.21185/jhu.2015.09.63.35

Kwang-Kyu Lee. (1989). The practice of traditional family rituals in contemporary urban Korea. Journal of Ritual Studies. 2 (5). 167–175.

Lim E.H., CHe I.E., Korneeva I.V. Tradicionnaya kul'tura korejcev v obryadah zhiznennogo cikla: monografiya. Yuzhno-Sahalinsk: SahGU, 2015. 20 p. (in Rus.)

[1]Илияскызы Д. [2] Сауданбекова Ш.Т.

[1,2] Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]iliyaskyzy@gmail.com, [2]saudanbekova.shynar@gmail.com

ЭВОЛЮЦИЯ СВАДЕБНОЙ ЦЕРЕМОНИИ ЮЖНОЙ КОРЕИ НАЧИНАЯ СО ВРЕМЕН ЧОСОН ДО СОВРЕМЕННОСТИ

Аннотация. В эпоху династии Чосон церемония бракосочетания состояла из множества ритуалов. Большинство из них сегодня забыто, но некоторые сохранились, хотя и в измененном виде. Целью данной статьи является исследование эволюции корейских свадебных обрядов начиная со времен Чосон (1392–1910) и до настоящего времени. Изучены внутренние и внешние факторы влияния на заметные изменения в проведении брачных церемонии. Так, в период «экономического чуда» корейское правительство проводило политику борьбы с нерациональными тратами, многие из традиционных обрядов стали объектом правительственного регулирования, направленного в первую очередь на то, чтобы сделать их менее расточительными. С этой целью проанализированы законы, которые повлияли на трансформацию и упрощение традиционной свадьбы. Внешние факторы влияния могут быть прослежены в процессах глобализации и современных брачных церемониях в странах Запада. В этом исследовании также рассматриваются взгляды на свадьбу среди молодежи. Гипотеза: Корейцы сохранили традиционную свадьбу, но изменили ряд ее элементов, отчасти под влиянием современных западных моделей. Автор сосредоточил внимание на традиционных и новых формах свадебных церемоний, которые демонстрируют явную динамику на протяжении последних 5-6 десятилетий. Метод исследования: В данной работе применены исторический, антропологический анализ, общетеоретические методы (анализ, синтез, абстрагирование), анализ документов и источников. Результат: автор провел сравнительный анализ традиционной и современной свадьбы в Южной Корее. Автор считает, что в настоящее время глобализация оказывает серьезное влияние на трансформацию свадебной церемонии в Южной Корее. Определены роль свадебной обрядности в современном обществе. Свадебные церемонии в Корее регулируются правительством.

Ключевые слова: глобализация, традиционная культура, династия Чосон, брачные церемонии.

[1]Iliyaskyzy D., [2]Saudanbekova Sh.T.
[1,2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]iliyaskyzy@gmail.com, [2]saudanbekova.shynar@gmail.com

THE EVOLUTION OF WEDDING CEREMONIES IN SOUTH KOREA FROM THE JOSEON PERIOD TO THE MODERN ERA

Abstract. During the Joseon dynasty, the wedding ceremony consisted of many rituals. Most of them are forgotten today, but some have survived in a modified form. The purpose of this article is to study the evolution of Korean wedding customs from the Joseon dynasty (1392–1910) to the present. Internal and external factors influenced noticeable changes in the conduct of wedding ceremonies were studied. Thus, during the "economic miracle" period, the Korean government pursued a policy of combating irrational spending, many of the traditional ceremonies became the object of government regulation, aimed primarily at making them less wasteful. For this purpose, the laws that influenced the transformation and simplification of the traditional wedding are analyzed. External factors of influence can be traced in the processes of globalization and modern marriage ceremonies in Western countries. This study also examines the views of young people on weddings. Hypothesis: Koreans have preserved the traditional wedding, but have changed a number of its elements, partly under the influence of modern Western models. The author focuses on traditional and new forms of wedding ceremonies, which have demonstrated clear dynamics over the past 5-6 decades. Research Method: This work uses historical, anthropological analysis, general theoretical methods (analysis, synthesis, abstraction), analysis of documents and sources. Result: The author conducted a comparative analysis of traditional and modern weddings in South Korea. The author believes that globalization is currently having a serious impact on the transformation of the wedding ceremony in South Korea. The role of wedding rituals in modern society is determined. Wedding ceremonies in Korea are regulated by the government.

Keywords: globalization, traditional culture, the Joseon dynasty, wedding ceremonies.

Сведения об авторах:

Илияскызы Диана, докторант кафедры Дальнего Востока, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Сауданбекова Шынар Турганбеккызы, PhD, и.о.доцента, кафедра Дальнего Востока, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Ілиясқызы Диана, Қиыр Шығыс кафедрасының докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан.

Сауданбекова Шынар Тұрғанбекқызы, PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Iliyaskyzy Diana, PhD student of the Department of the Far East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Saudanbekova Shynar Turganbekkyzy, PhD, a.a. professor of the Department of the Far East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 10 маусым 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 03.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.158

[1]Ермекбаев А.А. ***[2]Екибасова Ж.М.** **[3]Ілияс Н.Қ.**
[1,3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]adilbekea@gmail.com, [2]zhadyrayekibassova@gmail.com, [3]nuratkz01@gmail.com

ТҮРКИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТАЛПЫНЫСТАРЫ: КЕДЕРГІЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Аңдатпа. Мақала Түркияның Орталық Азия аймағына ықпалын, ықпал ете білу мүмкіндіктерін және өзара ынтымақтастықтың басты кедергілері мен кері ықпал ету тұстарын анықтайды. Авторлар Түркияның Орталық Азия аймағындағы мүдделерінің негізін құрайтын тарихи, саяси және экономикалық факторларды саралайды. Мақаланың мақсаты – Түркияның Орталық Азиядағы стратегиясын талдау және өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту үшін ұсыныстар беру. Зерттеу нәтижелері Түркияның Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасының ағымдағы жағдайы мен болашақ перспективаларын қарастыруға мүмкіндік береді. Негізінен мақалада Түркияның аймақтағы ықпалын нығайту жолында тап болған ірі әлемдік ойыншылар - Ресей мен Қытай тарапынан туындаған геосаяси қайшылықтар, аймақтағы ықпал аймағы үшін бәсекелестік талданып, Түркия мемлекетінің 1990 жылдары пайда болған ынта-жігеріне, аймақтық лидер болу мақсатына кедергі болған экономикалық және инфрастуктуралық тапшылықтар да талқыланады. Сонымен қатар Орталық Азия аймағында ықпалын кеңейтуге жағдай жасап отырған түркі тілдес мемлекеттер арасындағы тамырын тарихқа терең бойлатқан мәдени, тілдік, әлеуметтік жақындастық және соңғы жағдайларға байланысты Еуропалық Одақтың Ресейдің энергетикалық ресурстарына тәуелділігін түпкілікті жою ниеті аясында Түркияның Еуропа энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі әлеуетті рөлі мен мүмкіндіктері қарастырылған. Жалпы, мақала Түркияның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасының табиғатының күрделілігі және серіктестік пен ынтымақтастықтың әлеуетті мүмкіндіктері туралы түсінік береді.

Алғыс: Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігі қаржыландырады (Грант № AP23483774 «Түркі интеграциясын тереңдету: Қазақстан үшін перспективалар, геосаяси тәуекелдер мен қауіптер»).

Түйін сөздер: Түркия, Орталық Азия, геосаяси мүдде, сыртқы саясат, бәсекелестік, кедергілер, мүмкіндіктер, ынтымақтастық.

Кіріспе

Түркияның Орталық Азия аймағымен ғасырлар бойы етене жалғасып келе жатқан тереңге тамыр жайған тарихи және мәдени байланыстары бар. Бұл байланыстар екі аймақтағы халықтардың ортақ Түркі мұрасынан бастау алады. Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан сияқты елдерді қамтитын Орталық Азия даласы Түркі халқының ата-бабаларының отаны болып саналады.

Тарихқа бойлайтын болсақ, Түркілер негізінен Орталық Азияда пайда болып, әлемнің түкпір-түкпіріне, соның ішінде қазіргі Түркия болып саналатын Анадолыға тараған.

Орталық Азия мен Түркия байланыстарының мәдени аспектілеріне үңілсек, тілі, дәстүрі жағынан да ұқсастықтары бар. Орталық Азиядан келген Түркі тілдерінің ықпалындағы түрік тілі - осы мәдени байланыстың жарқын мысалы. Сонымен қатар,

Орталық Азияның дәстүрлі көшпелі әдет-ғұрыптары түрік мәдениетіне, әсіресе көшпелі Түркі халқы бар аймақтарға әсер етті.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесінде күштер тепе-теңдігінің ауытқуы, әрі әлемдегі болып жатқан өзгерістердің нәтижесінде әлемдік державалардың әлсіреуі, өзге орта мемлекеттердің саяси ықпал аймағы үшін тартысқа енетіні анық. Түркия елі дипломатиялық, экономикалық және мәдени бастамалар арқылы Орталық Азия елдерімен байланысын нығайтуға ұмтылуда. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Түркия Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындап, олармен дипломатиялық қатынастар орнатты. 2009 жылы құрылған Түркі тілдес елдер Кеңесі (кейіннен 2021 жылы Түркі Мемлекеттері Ұйымы), оның ішінде Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Тұтастай алғанда, Түркия мен Орталық Азия арасындағы тарихи-мәдени байланыстар ортақ мұраға, өзара құрметке және әртүрлі салалардағы ынтымақтастыққа негізделген берік қарым-қатынастардың негізі болып есептеледі.

Халықаралық қатынастардағы экономикалық тартымдылық орталығы - американдық гегемонияның әлсіреуі, Қытайдың барған сайын күшті экономикалық және стратегиялық қарсылас деңгейіне көтерілуі және Ресейдің тұрақсыздандырушы әрекеттері аясында Анкара Азияға қарай бет бұрыс жасауда. Осы болжамды басшылыққа ала отырып және қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі Түркияның көрші елдермен тарихи, мәдени және діни байланыстарды сыртқы саясаттағы артықшылық ретінде қарастыруға деген ұмтылысына сүйене отырып, Анкара 2019 жылдың тамызында «ынтымақтастық мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалану» мақсатында өзінің «жаңа Азия» бастамасын жариялады (www.policycommons.net, 14.03.2024).

Соңғы жылдардағы Түркия мемлекетінің Орталық Азия аймағындағы талпыныстары әлемдік қауымдастықтың ерекше қызығушылығын тудыруда. Себебі Түркия Кеңес Одағы ыдырығаннан кейін құрылған түркі тілдес республикалармен арадағы ортақ тарих пен тығыз тарихи байланыстарды негізге ала отырып, жан-жақты қарым-қатынастарды тереңдетуді жалғастыруда. Орталық Азия көптеген стратегиялық, тарихи, экономикалық және мәдени факторларға байланысты Түркияның сыртқы саясатында шешуші орынға ие. Еуропа, Азия және Таяу Шығыстың тоғысқан жерінде орналасқан Орталық Азия ежелден түрлі өркениеттер мен Түркия үшін маңызды аймақ арасындағы көпір болып саналған (www.cyberleninka.ru, 18.03.2024).

Бұл мақалада Түркияның Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерімен саяси, экономикалық және мәдени саладағы байланыстарын нығайтуда жолықтырған қиындықтары мен мүмкіндіктері қарастырылатын болады. Түркия өзінің Орталық Азиядағы ықпалын кеңейте отырып, оның қатысу траекториясын қалыптастыратын күрделі геосаяси ландшафтқа, тарихи мұраларға және аймақтық динамикаға тап болады. Түркияның Орталық Азиядағы талпыныстарының негізгі мәселелерін зерттей отырып, бұл мақала Түркияның осы стратегиялық маңызды аймақтағы мүмкіндіктері мен кедергілеріне жан-жақты талдау жасауға бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жүргізу барысында Түркия мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынасқа қатысты ғылыми сараптамалық материалдар, жарияланымдар, баяндамалар мен есептер зерделенді. Әдебиеттерге шолу жасау әдісін қолдану арқылы отандық ғалымдар көбінесе фактілерді баяндаумен шектеліп, біржақты ұстанымды қолданатынына көз жеткіздік. Ал шетелдік ғалымдар геосаяси тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді ескере отырып, ұстамды болжамдар жасайтынын байқадық. Зерттеу сонымен қатар халықаралық қатынастар мен сыртқы саяси мәселелерді талдауда қолданылатын сапалық және сандық әдістерді негізге ала

отырып, арадағы геосаяси қайшылықтар мен экономикалық қиындықтарды көрсетіп, мәдени, тарихи, әсіресе энергетикалық-логистикалық саладағы мүмкіндіктерді анықтауға жол ашады.

Талқылау

Саясаттануда және түркі халықтарының мәдениеті, экономикасы мен тарихын зерттеу саласында Түркияның Орталық Азия аймағындағы мүдделерін, интеграциясын тереңдету мүмкіндіктері мен қиындықтарын қарастыратын көптеген зерттеулер бар.

Армян авторы Нейли Миносянның (Minasyan, 2022) зерттеуі Түркия Президенті Р.Т. Ердоғанның саяси мәлімдемелері контекстінде түркі интеграциясын кеңейту перспективаларын қарастыруға бағытталған және 2021 жылы қол қойылған «Түркі әлемі 2040» тұжырымдамасын талдауға негізделген (www.turkicstates.org, 18.03.2024). Зерттеу түркі интеграциясының нақты үдеріс екенін және Түркия интеграциясының барлық салаларын, оның ішінде әскери және саяси әлеуетін нығайту мақсатын көздейтінін алға тартады, автор Орталық Азия елдері ынтымақтастықты тереңдетуге аса қызығушылық танытпайтынын, және бұл жерде нағыз аймақтық ойыншылар арасында бәсеке орын алғандығына тоқталып, бірақ қай ойыншылар екенін атап көрсетпейді.

Ланьчжоу университетінің зерттеушісі Чжан Юянь (Юйянь, 2023: 78–87) Түркияның Орталық Азия мемлекеттерімен интеграциясын қарастыра отырып, бұл тенденцияның аймақтағы танымалдылығын атап өтеді, бірақ автор дәлел ретінде оптимистік сценарийлерден аулақ болып, бірқатар факторларды анықтайды. Мысалы: интеграцияның үздіксіз географиялық базасының жоқтығы, альтернативті интеграциялық жобалардың болуы, Мәскеудің күшті ықпалы, ішкі ынталандырудың жоқтығы, Орталық Азиядағы түркі болмысына қайшы келетін мемлекет құру процесі, осы факторлардың барлығы автордың пікірінше түркі интеграциясын тереңдетуге елеулі кедергі болуы мүмкін.

Түрік ғалымы Эмре Ершен (Ершен, 2022: 111-125) Анкараның сыртқы саяси концепцияларын зерттей отырып, Түркияның Еуразиялық стратегиясының екі бағыты бар екенін, егер біріншісі түркі тілдес мемлекеттермен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталса, екінші маңыздысы Батыс векторына балама ретінде Бейжің және Мәскеумен берік байланыс орнатуға бағытталғанын атап өтеді. Сонымен бірге, автор еуразияшылдықтың идеология ретінде Анкараның еуразиялық интеграция идеясына қатысты ресми стратегиясына әсері, ондағы прагматикалық саяси және экономикалық ойлар бірдей маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Автор мұндай пікірге Анкараның әртүрлі континенттік ұйымдардағы қызметін талдау нәтижесінде келеді.

Ресей түркологтарының бірі С.А.Притчин негізінен Түркияның посткеңестік Орталық Азиядағы саясатын үш кезеңге бөліп қарастырады (www.cyberleninka.ru, 10.03.2024):

1) 1991–2002 жылдар – «үміт арту дәуірі»: барлық салалардағы күш-жігерін біріктіру мақсатында интеграциялық алаңдар құру бойынша белсенді жұмыс;

2) 2002–2014 жылдар – «сатылық дәуір»: жүйелік интеграция және жергілікті саяси элитаға ықпал ету;

3) 2014 – қазіргі уақыт – «түркоцентристік интеграция дәуірі»: Анкара тартымдылық орталығына айналып, түркі ұғымын түрік ұғымымен алмастыруға, ықпал ресурстарын барынша пайдалануға күш салған кезең.

Қазақстандық авторлар С.Мұхамеджанова, И.Шахин және А.Шәріп (Мухамеджанова, 2023: 98–118) ТҮРКСОЙ қызметінің мәселелерін қарастыра отырып, 2009 жылдан бастап түркітілдес мемлекеттердің тығыз ынтымақтастығының екінші кезеңі басталатынын атап өтеді, мысалы ынтымақтастықты тереңдету және кеңейту, түрлі жобалар мен бастамаларды жүзеге асыру. Айта кету керек, авторлар өзара іс-қимылды мәдени саясат аясында қарастырады.

Отандық авторлар Т.Б.Сарсенбаева және М.Егамбердиев (Sarsenbayeva, 2023) түркі интеграциясының келешегі туралы оң пікір айтады және әскери-саяси саладағы қарым-қатынастарына баға береді. Зерттеу авторлары елдер арасындағы ынтымақтастықты осы бағытта талдап, Украина дағдарысын да ескереді және Түркі мемлекеттері ұйымы өзінің экономикалық және саяси әлеуетін нығайтуға әлеуеті бар екенін, сонымен бірге уақыт өте келе ол халықаралық қатынастар жүйесіндегі маңызды рөл атқаратынын алға тартады..

Жоғарыда атап өткендей, отандық саясаттануда бұл тақырыпты зерделеуге бағытталған жұмыстардың басым бөлігі – геосаяси тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді есепке алмай, фактілерді баяндау, модельдеу негізінде саралайды; ал шетелдік авторлардың зерттеулерінен ұстамды және прагматикалық көзқарастарды байқауға болады.

Зерттеу нәтижелері

Түркияның Орталық Азия аймағында өз ықпалын күшейтуге бағытталған талпыныстары тарихи, геосаяси, экономикалық және мәдени факторларға байланысты бірнеше қиындықтар мен кедергілерге тап болады.

Геосаяси қайшылықтар: Орталық Азия Еуразия құрлығында стратегиялық маңызды рөл атқарады. Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ, Үндістан, Иран және Түркияның әрқайсысының аймақта экономикалық, саяси, энергетикалық және қауіпсіздік мүдделері тоғысады. Орталық Азиядағы ықпалы басым әлемдік державалар – Ресей мен Қытай. Бейжіңнің қауіпсіздік пен дамуға салған инвестициялары, негізінен «Бір Белдеу, бір Жол» бастамасы арқылы Қытайды аймақтағы негізгі экономикалық держава ретінде көрсетті (Ермекбаев, 2022). Мәскеу аймақтың қауіпсіздігінің кепілі болып қала бермек, бірақ Қытайдың қауіпсіздік саласындағы ықпалының артуы өз кезегінде текетіреке әкелуі мүмкін, өйткені Бейжің Ресейдің дәстүрлі ықпал ету саласын бұзады. Орталық Азия тарихи Түрде Кеңес Одағының құрамында болды, нәтижесінде Ресей аймақта айтарлықтай ықпалын сақтап қалды (www.perspektivy.info, 11.03.2024). Түркияның өзін Орталық Азияда ойыншы ретінде көрсетуге тырысуын Мәскеу жиі күдікпен қарайды, бұл оның дәстүрлі ықпал ету саласына қол сұғушылық деп саналады. Орталық Азия елдері өздерінің әлдеқайда қуатты көршілерінің қол сұғушылықтарымен тепе-теңдікті сақтауға тырысады, Ал Түркия қазіргі үстем державаларға өміршең балама бола алады. Дегенмен, Түркия Ресей мен Қытайдың қауіпсіздік және даму саласындағы қауқарына сәйкес келе ала ма, жоқ па, ол белгісіз (www.thesoufancenter.org, 11.03.2024).

Экономикалық қиындықтар: Түркияның Орталық Азия елдерімен экономикалық байланыстарды нығайтуға деген ұмтылысына қарамастан, оның экономикалық мүмкіндіктері аймаққа қомақты инвестиция салған Қытай сияқты аймақтық державалармен бәсекелесу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Тұрақты экономикалық ресурстардың жетіспеушілігі Түркияның Орталық Азия аймағында белсенді экономикалық іс-қимылдар жүргізуіне кедергі келтіреді.

Аймақтағы түрік экономикалық белсенділігіне тән ерекшелік - аз капиталды қажет ететін қызметтер сегментінде кеңінен таралуы, бұл визуалды тұрғыдан Түркияның аймақтағы ең маңызды инвестор имиджіне ие болуына мүмкіндік береді. Мысалы, қоғамдық тамақтану, ойын-сауық, құрылыс және т.б. салаларда белсенді қатысуынан байқалады, бірақ түрік компаниялары, кей жағдайларды қоспағанда, ірі, инфрақұрылымдық жобаларға инвестор бола алмайды, олардың кәсіпорындары, әдетте, ішкі жұмыспен қамтуға оң әсер етуі мүмкін жұмыс орындарын құрмайды. Осылайша, тәуелсіздік алған жылдардағы Қазақстанға құйылған инвестиция шамамен 4 миллиард долларды құрайды. Ал бұл Түркияның аймақтағы ең үлкен көрсеткіші. Бұл ретте Түркия, статистика бойынша, Тәжікстан мен Қырғызстанда соңғы жылдары Қытайдан кейінгі екінші инвестор. Жалпы Түркия мен Орта Азия елдері арасындағы сауданың үдемелі өсуі байқалады. Дегенмен, Республика аймақтық ойыншылар үшін негізгі сауда серіктесі бола алмады. 2022 жылы Анкараның ең үлкен тауар

айналымы Қазақстанмен – 6,3 млрд долларды құрады (www.deik.org.tr, 25.02.2024), бірақ бұл Ресейдің 26 млрд доллар деңгейімен (www.tukib.kz, 25.03.2024) және Қытайдың 41 млрд долларымен (www.anlatilaninotesi.com.tr, 25.04.2024) салыстыруға келмейді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша, Түркия мемлекеті (Қытайдан (13,7 млрд доллар), Ресейден (9,8 млрд доллар) және Қазақстаннан (4,4 млрд доллар) кейінгі) 3.1 млрд долларға сауда жасап, Өзбекстанның төртінші ірі сауда серіктесіне айналды. Ал Түрікменстан үшін Түркия маңызды, бірақ негізгі емес серіктестер қатарында.

Осылайша, өзінің экономикалық ықпалының деңгейі мен Орталық Азия елдерінің дамуы үшін маңыздылығы бойынша Түркия өзінің бәсекелестері - Ресей мен Қытайдан айтарлықтай ұтылады.



1-сурет. Қытайдың, Ресейдің және Түркияның Орта Азия елдерімен екіжақты сауда айналымы 2000-2020ж (АҚШ доллары, биллион) (www.fiia.fi 02.07.2024)

Орталық Азия елдері өздерінің даму үдерістерін үдету үшін қомақты қаржылық және техникалық қолдауды қажет етеді. Ал Түркия бұл үміттерді толықтай қанағаттандыра алмайды. Онымен қоймай, түрік бизнесінің аймақтық мемлекеттердің экономикасына белсенді кірігуі туралы талпыныстары көп ұзамай күтілген нәтижедегідей іске асырылмайтын болып шықты, себебі кей аймақтық мемлекеттің энергетикалық ресурстарын санамағанда, республикаларда бай экспорттық нарық, тіпті сауда ынтымақтастығының артуына әкелетін тауарлар жоқ. Нәтижесін көріп тұрғанымыздай, көп жағдайда өнімді Түркиядан бір жақты тасымалдау үдерісі ғана байқалуда. Сонымен қатар, әдетте бәсекеге қабілетті және қауіпсіз іскерлік ортаны қамтамасыз ететін қажетті институционалдық негіздердің жоқтығы, сондай-ақ басынан бұрынғы Кеңестік жүйеден мұраға қалған берік экономикалық байланыстар мен қатынастардың болуы түрік инвесторларының бизнес перспективаларына шектеулер ретінде қарастырылды (www.dergipark.org.tr, 11.07.2024).

Түркияның Орта Азиядағы талпыныстары әртүрлі салаларда бірқатар мүмкіндіктер ашады. Мұнда мүмкіндіктер бар бірнеше негізгі бағыттар келтірілген:

Мәдени және тілдік жақындық: Түркия Ортақ Түркі тамырына байланысты Орталық Азия елдерімен бай тарихы мен мәдени мұрасын бөліседі. Ортақ тарих, тіл, дін, дәстүр және өмір салты екіжақты және көпжақты қатынастарды ілгерілетудің әлеуетті бағыттарын ашты

(Dündar, 2019: 58-64.). Бұл жақындықты дипломатиялық қатынастарды нығайту, адамдар арасындағы байланыстарды нығайту және мәдени алмасуды жеңілдету үшін пайдалануға болады. Түріктердің жұмсақ күші, олардың тағамдары, музыкасы, әдебиеті мен өнерін қоса алғанда, Орталық Азиялықтармен жақсы үйлеседі, бұл тығыз байланыстарға берік негіз береді. Түркия мен Орталық Азияда сөйлейтін Түркі тілдерінің аймақтық вариациялары болғанымен, ортақ тілдік тамыры бар (www.jstor.org, 11.07.2024). Бұл лингвистикалық жақындық сауда, білім беру және мәдени алмасуды қоса алғанда, әртүрлі салалардағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты жеңілдетуі мүмкін. Тіл түрік бизнесінің Орталық Азия нарықтарына кірігуін және студенттердің Түркияда білім алуын жеңілдететін ынтымақтастықты кеңейту үшін көпір рөлін атқарады.

Алайда, Түркияның Орталық Азия стратегиясының негізін қалаған мәдени жақындыққа баса назар аударуы Орталық Азия элиталары мен халқы арасында құшақ жая қабылданбады, дегенмен Түркия мемлекеттік және қоғамдық дамудың қызықты үлгісі ретінде қабылданды. Түрік саясаткерлерінің Эгей теңізінен қытайлық Шыңжаңға дейін созылып жатқан үлкен түркі әлемін құру туралы талпыныстары өз отандарында қошеметпен бағаланса, бірақ Орталық Азияда Түркияның үлкен ағалық менталитеті Орталық Азия басшыларының Кеңес өкіметінен кейін егемендік алуға деген ұмтылысына қайшы келді.

Орталық Азияда пантюркистік идеология айтарлықтай қабылданбағанына қарамастан, Түркия аймақтың мәдени және білім беру саласында өзіндік мәртебеге ие. Ондаған жылдар бойы аймақта түрік телеарналары қол жетімді болды, ал түрік стипендиялық бағдарламалары мыңдаған Орталық Азиялықтарға Түркияда оқуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Анкара білім беру экспортында сәттілікке қол жеткізді: жеке мектептер, әсіресе Гүлен қозғалысымен байланысты мектептер, ішкі немесе Түркия ішіндегі қысымға байланысты маргинализацияға тап болғанға дейін жоғары білім деңгейіне байланысты шынымен танымал болды. Сонымен қатар, Анкара Қазақстан, Қырғызстан және 2018 жылдан бастап Өзбекстан мүше болған Түркі Елдері Ұйымы қолдауымен ынтымақтастықты жүйелі түрде ілгерілетуде. 1995 жылдан бері өзінің оң бейтараптық Доктринасын ұстанған Түрікменстан бақылаушы болды, бірақ жақында белсенді қатысушы болды (www.cyberleninka.ru, 21.08.2024).

Энергетикалық ынтымақтастық. Түркия салыстырмалы түрде қарапайым ішкі энергетикалық ресурстарға ие болғанына қарамастан, оның тиімді географиялық орналасуы Түркияны жаһандық энергетикалық геосаясаттың орталық ойыншысына айналдырады. Ол энергияға бай Таяу Шығыс пен Каспий бассейні аймақтары мен энергиясына мұқтаж Еуропа арасында орналасқан. Жасыратыны жоқ, Түркия Еуропаның негізгі энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру аясында энергетикалық ресурстар, әсіресе табиғи газды жеткізуші маңызды транзиттік дәлізге айналды (www.cyberleninka.ru, 21.08.2024). Әлемдік аренада жақында болған саяси оқиғалар, атап айтқанда Ресейдің 2022 жылы Украинаға басып кіруі және Еуропалық Одақтың Ресейдің энергетикалық ресурстарына тәуелділігін түпкілікті жою ниеті Түркияның Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі әлеуетті шешуші рөлін атап өтті. Еуропалық Одақтың энергиямен жабдықтаудың әртүрлі балама нұсқаларын іздестіріп, қазба отындарына тәуелділікті азайтуға бағытталған талпыныстарына қарамастан, Түркия өзінің ерекше географиялық орналасуына байланысты Еуропадағы энергетикалық қауіпсіздіктің маңызды факторы болып қала бермек.

Түркия ішкі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және одан да кеңірек геосаяси мақсаттарға жету үшін өзінің Орталық Азия аймағындағы геосаяси мүмкіндіктерін стратегиялық пайдалануды белсенді түрде жүзеге асыра алады. Бұл стратегияның негізгі бағыты – Түркияны негізгі аймақтық энергетикалық хаб ретінде қалыптастыру, ол мемлекет мұқтаж энергетикалық ресурстар үшін маңызды географиялық дәліз ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық сатып алушылар мен сатушылар арасындағы энергия ресурстарымен алмасу аясындағы белсенді сауда орталығы ретінде әрекет жасауды көздейді.



2-сурет. Орта дәліз (www.fiia.fi, 02.07.2024)

Орталық Азия - Еуроатлантикалық аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін стратегиялық аймақ. Оның энергетикалық ресурстары жаһандық энергетикалық қауіпсіздік үшін өте маңызды және ол газ бен мұнай құбырларының, сондай-ақ сауда дәліздерінің негізгі торабы (www.mfa.gov.tr, 21.08.2024). Түркия энергетикалық жобалардағы серіктестіктерден, соның ішінде құбырларды игеру мен барлау жұмыстарынан пайда көре алады. Сонымен қатар, күн және жел энергетикасы сияқты жаңартылатын энергия көздері жобалары ынтымақтастық мүмкіндіктерін ұсынады.

Қазірдің өзінде Баку – Джейхан құбырын белсенді пайдалануға болады және бұл түрікмен мен қазақстандық мұнайды көбірек тасымалдау тұрғысынан маңызды. Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) мұнай құбырының негізгі көзі болып табылатын Әзіри-Чираг-Гүнешли кен орнында өндірістің төмендеуіне байланысты БТД толық қуатта жұмыс істей алмайды. Осылайша, қазақ және түрікмен мұнайын осы құбыр арқылы жеткізудің арқасында ол тәулігіне 1 миллион 2502 мың баррель айдай алады және бұл жағдай мұнай бағасының тепе-теңдігі тұрғысынан әлемдік нарықтарды жеңілдетуі мүмкін (www.ankasam.org, 21.08.2024).

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, Түркия Орталық Азиямен өзара қарым-қатынасында көптеген кедергілер мен мүмкіндіктерге тап болады. Мысалы, оған тарихи бәсекелестік, инфрақұрылымдық және экономикалық тапшылық, саяси тұрақсыздық және мәдени айырмашылықтар жатады. Алайда, бұл мәселелелер Түркияға экономикалық байланыстарды нығайтуға, мәдени алмасуларды ынталандыруға және аймақпен дипломатиялық қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді.

Түркияның Орталық Азиядағы белсенді әрекеттері оның аймақтағы ықпалын күшейту үшін өте маңызды. Инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салу, сауда келісімдерін жеңілдету және білім беру мен мәдени алмасуды ілгерілету арқылы Түркия өзінің «жұмсақ күшін» нығайта алады және өзін аймақтағы негізгі ойыншы ретінде көрсете алады. Сонымен қатар, Түркияның Орталық Азияның түркітілдес елдерімен тарихи және мәдени байланыстары күшті одақтар мен серіктестіктер құру үшін пайдалануға болатын бірегей артықшылық береді.

Түріктердің аймаққа деген көзқарасындағы белгілі бір серпіліске әлемдегі шиеленіске толы геосаяси жағдай ықпал етуде. Украина дағдарысы және Ресей Федерациясы мен Батыс арасындағы қарама-қайшылықтың күшеюі жағдайында Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ елдері үшін Түркияның саяси саладағы балама, салыстырмалы түрде бейтарап серіктес ретіндегі тартымдылығы, сондай-ақ балама көлік және энергетика секторларына арналған бағыт бірнеше есе артады.

Болашаққа көз жүгіртсек, Түркияның Орталық Азиядағы әрекеттерінің болашағы логистикалық тұрғыдан перспективалы болып көрінеді деп айтуға болады. Түркия инфрақұрылымды дамытуға, сауда қатынастарын кеңейтуге және дипломатиялық байланыстарды тереңдетуге инвестиция салуды жалғастыруда, бұл аймақтағы ықпалын күшейтуі мүмкін. Сонымен қатар, стратегиялық орналасуы мен бай табиғи ресурстарына байланысты Орталық Азияға жаһандық қызығушылықтың артуын ескерсек, Түркияның қатысуы айтарлықтай экономикалық және геосаяси пайда әкелуі мүмкін.

Шын мәнінде, Түркияның Орталық Азиядағы белсенді әрекеттері тек өз мүддесін ілгерілету үшін ғана емес, сонымен қатар аймақтық тұрақтылық пен өркендеуді нығайту үшін де өте маңызды. Қиындықтарды жеңіп, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, аймақтағы талпыныстарын жалғастыра отырып, Түркия Орталық Азияның болашағын қалыптастыруда және негізгі аймақтық ойыншы ретіндегі позициясын нығайтуда шешуші рөл атқаруға барлық мүмкіндіктерге ие.

Әдебиеттер:

Cassidy-Deketelaere D. CEPS Explainer - Turkey’s Eurasian Ambitions at a time of Geopolitical Uncertainty // [Электронды ресурс] URL: https://policycommons.net/artifacts/3177348/ceps-explainer/3975867// (Қаралған күні: 14.03.2024).

Cenk Pala. Central Asia in European Energy Security // [Электронды ресурс] URL: https://www.ankasam.org/central-asia-in-european-energy-security/?lang=en (Қаралған күні: 21.08.2024).

Central Asia’s Place in Turkey’s Foreign Policy // [Электронды ресурс] URL: http://www.jstor.org/stable/10.13169/polipers.15.1.0113 (Қаралған күні: 11.07.2024).

Çin lideri Şi’den Kazakistan'ın BRICS'e üyeliğine destek. // [Электронды ресурс] URL: https://anlatilaninotesi.com.tr/20240703/cin-lideri-siden-kazakistanin-bricse-uyeligine-destek-1085479497.html (Қаралған күні: 25.04.2024).

Dündar A.M. From Cultural Diversity to Cultural Affinity: Turkey As A Mediator Between East and West // Doğu Asya Araştırmaları Dergisi. – 2019. – №1(2). – С. 58-64.

IntelBrief: The Geopolitical Implications of Turkey’s Relationship with Central Asia // [Электронды ресурс] URL: https://thesoufancenter.org/intelbrief-2021-march-25/ (Қаралған күні: 11.03.2024).

Kazakistan Bilgi Notu // [Электронды ресурс] URL: https://www.deik.org.tr/uploads/kazakistan-bilgi-notu-nisan-23.pdf (қаралған күні: 25.02.2024).

Kazakistan'ın Rusya ile olan ticaret cirosu bu yıl 26 milyar doları buldu // [Электронды ресурс] URL: https://tukib.kz/haber/kazakistanin-rusya-ile-olan-ticaret-cirosu-bu-yil-26-milyar-dolari-buldu. (Қаралған күні: 25.03.2024).

Minasyan Nelli. Turkish Initiatives In The Direction Of Turkic Integration: Prerequisites And Tendencies. Eurasia, Contemporary // [Электронды ресурс] URL: https://doi.org/10.52837/2579-2970–2022.11. 2 -22. (Қаралған күні: 18.05.2024).

Sarsenbayeva T.B., Egamberdiyev M. Integration of the Turkic world in the sphere of culture: trends and features // *Вестник КазНПУ. Серия Исторические и социально-политические науки.* 2023. №2(77).

Toni Alaranta, Kristiina Silvan. Turkey in Central Asia: Possibilities and limits of a greater role // [Электронды ресурс] URL: https://www.fiia.fi/wp-content/uploads/2022/01/bp328_toni-alaranta-kristiina-silvan_turkey-in-central-asia.pdf (Қаралған күні: 21.08.2024).

Turkey in Central Asia: Possibilities and limits of a greater role // [Электронды ресурс] URL: https://www.fiia.fi/julkaisu/turkey-in-central-asia?read (қаралған күні: 2.07.2024).

Turkey in Central Asia: Possibilities and limits of a greater role. // [Электронды ресурс] URL: https://www.fiia.fi/julkaisu/turkey-in-central-asia?read (Қаралған күні: 2.07.2024).

Turkic World Vision – 2040 // [Электронды ресурс] URL: https://turkicstates.org/assets/pdf/haberler/turkic-world-vision-2040-2396-97.pdf (Қаралған күні: 18.03.2024).

Turkish Foreign Policy Towards Central Asia: An Unfolding of Regionalism and Soft Power // [Электронды ресурс] URL: https://dergipark.org.tr/en/pub/allazimuth/issue/78005/1310530 (Қаралған күні: 11.07.2024).

Türkiye´s Relations With Central Asian Republics // [Электронды ресурс] URL: https://www.mfa.gov.tr/turkiye_s-relations-with-central-asian-republics.en.mfa/ (Қаралған күні: 21.08.2024).

Аватков В. Перекресток геополитических интересов России и Турции - Кавказ и Центральная Азия // [Электронды ресурс] URL: https://www.perspektivy.info/oykumena/azia/perekrestok_geopoliticheskih_interesov_rossii_i_turci i--kavkaz_i_centralnaja_azija_2009-05-21.htm (Қаралған күні: 11.03.2024).

Джакупов Т. Центральная Азия во внешнеполитической концепции Турции // [Электронды ресурс] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsentralnaya-aziya-vo-vneshnepoliticheskoy-kontseptsii-turtsii (Қаралған күні: 18.03.2024).

Ермекбаев А.А., Ни Мэн. Исследование развития логистической отрасли Казахстана в рамках проекта «Один пояс, один путь» // *Известия. Серия Международные отношения и Регионоведение*. 2022. №1(47).

Мухамеджанова С., Шахин И., Шарип А. ТЮРКСОЙ и ее роль в культурной интеграции тюркских стран // *Turkic Studies Journal*. 2023. №1(5). С. 98–118.

Притчин С.А. Турецкая стратегия в отношении Центральной Азии на современном этапе: сильные стороны и ограничители. // [Электронды ресурс] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/turetskaya-strategiya-v-otnoshenii-tsentralnoy-azii-na-sovremennom-etape-silnye-storony-i-ogranichiteli/viewer (Қаралған күні: 10.03.2024).

Прохоренко И.Л. Новая стратегия Европейского союза в Центральной Азии: возможности и пределы «мягкой силы» // [Электронды ресурс] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/novaya-strategiya-evropeyskogo-soyuza-v-tsentralnoy-azii-vozmozhnosti-i-predely-myagkoy-sily/viewer (Қаралған күні: 21.08.2024).

Эршен Э. Турция и евразийская интеграция: идеология или прагматизм? // *Евразийская идеология и евразийская интеграция*. 2022. №1(22). С. 111-125.

Юйянь Ч. Организация Тюркских Государств (ОТГ): происхождение, мотивы, особенности и влияние // *Вестник Пермского университета. Политология*. – 2023. №1(17). С. 78–87.

References:

Avatkov V. Perekrestok geopoliticheskih interesov Rossii i Turcii - Kavkaz i Central'naja Azija // [Elektrondy resurs] URL: https://www.perspektivy.info/oykumena/azia/perekrestok_geopoliticheskih_interesov_rossii_i_turci i--kavkaz_i_centralnaja_azija_2009-05-21.htm [The crossroads of geopolitical interests of Russia and Turkey - the Caucasus and Central Asia] (Karalgan kuni: 11.03.2024). (in Rus.)

Cassidy-Deketelaere D. CEPS Explainer - Turkey’s Eurasian Ambitions at a time of Geopolitical Uncertainty // [Elektrondy resurs] URL: https://policycommons.net/artifacts/3177348/ceps-explainer/3975867// (Karalgan kuni: 14.03.2024).

Cenk Pala. Central Asia in European Energy Security // [Elektrondy resurs] URL: https://www.ankasam.org/central-asia-in-european-energy-security/?lang=en (Karalgan kuni: 21.08.2024).

Central Asia’s Place in Turkey’s Foreign Policy // [Elektrondy resurs] URL: http://www.jstor.org/stable/10.13169/polipers.15.1.0113 (Karalgan kuni: 11.07.2024).

Çin lideri Şi’den Kazakistan'ın BRICS'e üyeliğine destek [Chinese leader Shi supports Kazakhstan's membership in BRICS] // [Elektrondy resurs] URL: https://anlatilaninotesi.com.tr/20240703/cin-lideri-siden-kazakistanin-bricse-uyeligine-destek-1085479497.html (Qaralgan kuni: 25.04.2024). (in Tur.)

Dündar A.M. (2019). From Cultural Diversity to Cultural Affinity: Turkey As A Mediator Between East and West // Doğu Asya Araştırmaları Dergisi. №1(2). P. 58-64.

Dzhakupov T. Central'naja Azija vo vneshnepoliticheskoj koncepcii Turcii [Central Asia in the Foreign Policy Concept of Turkey] // [Elektrondy resurs] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsentralnaya-aziya-vo-vneshnepoliticheskoy-kontseptsii-turtsii (Karalgan kuni: 18.03.2024). (in Rus.)

Ermekbaev A.A., Ni Mjen. (2022). Issledovanie razvitija logisticheskoj otrasli Kazahstana v ramkah proekta «Odin pojas, odin put'« [Study of the Development of the Logistics Industry in Kazakhstan within the Framework of the Project «One Belt, One Road»] // Izvestija. Serija Mezhdunarodnye otnoshenija i Regionovedenie. №1(47). (in Rus.)

IntelBrief: The Geopolitical Implications of Turkey’s Relationship with Central Asia // [Elektrondy resurs] URL: https://thesoufancenter.org/intelbrief-2021-march-25/ (Karalgan kuni: 11.03.2024).

Jershen Je. (2022). Turcija i evrazijskaja integracija: ideologija ili pragmatizm? [Turkey and the Eurasian Integration: Ideology or Pragmatism?] // Evrazijskaja ideologija i evrazijskaja integracija. № 1 (22). P. 111–125. (in Rus.)

Jujjan' Ch. (2022). Organizacija Tjurkskih Gosudarstv (OTG): proishozhdenie, motivy, osobennosti i vlijanie [Organization of Turkic States: Origin, Motives, Particularities and Influence]// Vestnik Permskogo universiteta. Politologija. № 1 (17). P. 78–87. (in Rus.)

Kazakistan Bilgi Notu [Kazakhstan Information Note] // [Elektrondy resurs] URL: https://www.deik.org.tr/uploads/kazakistan-bilgi-notu-nisan-23. (Karalgan kuni: 25.02.2024). (in Tur.)

Kazakistan'ın Rusya ile olan ticaret cirosu bu yıl 26 milyar doları buldu [Kazakhstan's trade turnover with Russia reached $ 26 billion this year] // [Elektrondy resurs] URL: https://tukib.kz/haber/kazakistanin-rusya-ile-olan-ticaret-cirosu-bu-yil-26-milyar-dolari-buldu (Karalgan kuni: 25.03.2024). (in Tur.)

Minasyan Nelli. Turkish Initiatives In The Direction Of Turkic Integration: Prerequisites And Tendencies. Eurasia, Contemporary // [Elektrondy resurs] URL: https://doi.org/10.52837/2579-2970-2022.11.2-22 (Karalgan kuni: 18.05.2024).

Muhamedzhanova S., Shahin I., Sharip A. (2023). TJuRKSOJ i ee rol' v kul'turnoj integracii tjurkskih stran [TURKEY and its role in the cultural integration of the Turkic countries] // Turkic Studies Journal. № 1 (5). P. 98–118. (in Rus.)

Pritchin S.A. Tureckaja strategija v otnoshenii Central'noj Azii na sovremennom jetape: sil'nye storony i ogranichiteli [Turkish strategy towards Central Asia at the present stage: strengths and constraints] // [Elektrondy resurs] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/turetskaya-strategiya-

v-otnoshenii-tsentralnoy-azii-na-sovremennom-etape-silnye-storony-i-ogranichiteli/viewer (Karalgan kuni: 10.03.2024). (in Rus.)

Prohorenko I.L. Novaja strategija Evropejskogo sojuza v Central'noj Azii: vozmozhnosti i predely «mjagkoj sily» [The New Strategy of the European Union in Central Asia: the Possibilities and Limits of «Soft Power»] // [Elektrondy resurs] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/novaya-strategiya-evropeyskogo-soyuza-v-tsentralnoy-azii-vozmozhnosti-i-predely-myagkoy-sily/viewer (Karalgan kuni: 21.08.2024). (in Rus.)

Sarsenbayeva T.B., Egamberdiyev M. (2023). Integration of the Turkic world in the sphere of culture: trends and features // Vestnik KazNPU. Serija Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki. №2 (77).

Toni Alaranta, Kristiina Silvan. Turkey in Central Asia: Possibilities and limits of a greater role // [Elektrondy resurs] URL: https://www.fiia.fi/wp-content/uploads/2022/01/bp328_toni-alaranta-kristiina-silvan_turkey-in-central-asia.pdf (Karalgan kuni: 21.08.2024).

Turkey in Central Asia: Possibilities and limits of a greater role // [Elektrondy resurs] URL: https://www.fiia.fi/julkaisu/turkey-in-central-asia?read (Karalgan kuni: 2.07.2024).

Turkey in Central Asia: Possibilities and limits of a greater role. // [Elektrondy resurs] URL: https://www.fiia.fi/julkaisu/turkey-in-central-asia?read (Karalgan kuni: 2.07.2024).

Turkic World Vision – 2040 // [Elektrondy resurs] URL: https://turkicstates.org/assets/pdf/haberler/turkic-world-vision-2040-2396-97.pdf (Karalgan kuni: 18.03.2024).

Turkish Foreign Policy Towards Central Asia: An Unfolding of Regionalism and Soft Power // [Elektrondy resurs] URL: https://dergipark.org.tr/en/pub/allazimuth/issue/78005/1310530 (Qaralgan kuni: 11.07.2024).

Türkiye´s Relations With Central Asian Republics // [Elektrondy resurs] URL: https://www.mfa.gov.tr/turkiye_s-relations-with-central-asian-republics.en.mfa/ (Karalgan kuni: 21.08.2024).

[1]Ермекбаев А.А. [2]Екибасова Ж.М. [3]Ілияс Н.Қ.

[1,3]Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[2]Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]adilbekea@gmail.com, [2]zhadyrayekibassova@gmail.com, [3]nuratkz01@gmail.com

УСИЛИЯ ТУРЦИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ

Аннотация. Статья выявляет актуальные вызовы и потенциальные возможности взаимного сотрудничества с изучением влияния Турции на регион Центральной Азии. Авторы выделяют исторические, политические и экономические факторы, которые составляют основу интересов Турции в Центральноазиатском регионе. Цель статьи – проанализировать стратегию Турции в Центральной Азии и дать рекомендации по укреплению взаимовыгодного сотрудничества. Результаты исследования позволяют рассмотреть текущее состояние и будущие перспективы отношений Турции с государствами Центральной Азии. В основном в статье обсуждаются геополитические противоречия, вызванные Россией и Китаем, крупнейшими мировыми игроками, столкнувшимися на пути укрепления влияния Турции в регионе, конкуренция за зону влияния в регионе и экономические и инфраструктурные дефициты, которые препятствовали первому энтузиазму турецкого государства стать региональным лидером. В то же время в Центрально-Азиатском регионе предусматривается культурная, языковая, социальная близость, глубоко укоренившаяся в истории и стремление Европейского Союза окончательно ликвидировать зависимость России от энергетических ресурсов в связи с недавними обстоятельствами,

создающими условия для расширения ее влияния, потенциальная роль Турции в обеспечении энергетической безопасности Европы, возможности энергетического сотрудничества в обеспечении энергетической безопасности в Европе благодаря своему уникальному географическому положению. В целом, статья дает представление о сложности характера отношений Турции с Центральной Азией и потенциальных возможностях партнерства и сотрудничества в будущем.

Благодарность: Это исследование финансируется Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант №AP23483774 «Углубление тюркской интеграции: перспективы, геополитические риски и угрозы для Казахстана»)

Ключевые слова: Турция, Центральная Азия, геополитические интересы, внешняя политика, конкуренция, вызовы, возможности, сотрудничество.

[1]Yermekbayev A.A. [2]Yekibassova Zh.M. [3]Iliyas N.K.
[1,3]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]adilbekea@gmail.com, [2]zhadyrayekibassova@gmail.com, [3]nuratkz01@gmail.com

TURKEY'S CENTRAL ASIAN ENDEAVORS: CHALLENGES AND OPPORTUNITIES

Abstract. The article identifies current challenges and potential opportunities for mutual cooperation with the study of Turkey's influence on the Central Asian region. The authors identify historical, political and economic factors that form the basis of Turkey's interests in the Central Asian region. The purpose of the article is to analyze Turkey's strategy in Central Asia and make recommendations on strengthening mutually beneficial cooperation. The results of the study allow us to consider the current state and future prospects of Turkey's relations with the Central Asian states. The article mainly discusses the geopolitical contradictions caused by Russia and China, the largest global players who faced off on the way to strengthen Turkey's power in the region, competition for a zone of influence in the region and economic and infrastructural deficits that hindered the first enthusiasm of the Turkish state to become a regional leader. At the same time, the Central Asian region provides for cultural, linguistic, and social proximity, deeply rooted in history and the desire of the European Union to finally eliminate Russia's dependence on energy resources due to recent circumstances that create conditions for expanding its influence, Turkey's potential role in ensuring Europe's energy security, and the possibility of energy cooperation in ensuring energy security in Europe due to its unique geographical location. In general, the article gives an idea of the complexity of the nature of Turkey's relations with Central Asia and the potential opportunities for partnership and cooperation in the future.

Acknowledgement: This research is funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23483774 «Deepening Turkic integration: prospects, geopolitical risks and threats for Kazakhstan»).

Keywords: Turkey, Central Asia, geopolitical interests, foreign policy, competition, challenges, opportunities, cooperation.

Авторлар туралы мәлімет:

Ермекбаев Адилбек Алпысбаевич, PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Екибасова Жадыра Маратовна, PhD докторант, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Ілияс Нұрат Құлымбетұлы, PhD (нострификациясыз), аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Ермекбаев Адилбек Алпысбаевич, доктор PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Екибасова Жадыра Маратовна, докторант PhD, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Ілияс Нұрат Құлымбетұлы, доктор PhD (без нострификации), старший преподаватель, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about the author:

Yermekbaev Adilbek, Phd, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Yekibassova Zhadyra, doctoral student of R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Iliyas Nurat, Phd (without nostrification), senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 14 маусым 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 03.61.21 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.171

[1]Қожахметов Б. [2]Картаева Т. *[3]Бейсегулова А.
[1, 2, 3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]explorer_kz@mail.ru, [2]kartaeva07@gmail.com, [3]aika_n75@mail.ru

ЕЖЕЛГІ ИТ ТҰҚЫМДАРЫН ҚОРҒАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ: ТУРКИЯ ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа. Ежелгі (аборигендік) ит құқымдарының соның ішінде қазақы тазы/төбет, қырғыз тағаны, өзбек тазысы, түрімен тазысы, алабайы тұқымдарының тарихы мен қайта жандануын зерттеу қазіргі заманғы «адам мен табиғат» қарым-қатынасының күрделенген тұсында аса маңызды шара. Қазақы тазылар, қырғыз тайғаны, өзбек тазысы – Солтүстік Африкадан Орталық Азияға дейін кездесетін Шығыс тазылар тұқымдасының мүшесі. Сондай-ақ төбеттер Еуразия кеңістігінен – Оңтүстік Батыс Азия аралығында кездесетін ежелгі ит тұқымдары. Орта Азия тазы мен төбеттің отаны болып саналатыны сөзсіз. Иттің қазақтың «жеті қазынасының» бірі ретінде иттің қасиетті саналуы қазақ халқының санасына берік орныққан. «Жеті қазына» құрамының әртүрлі нұсқасы болғанымен барлық нұсқасында «ит» танымы атадан балаға өзгеріссіз жеткен. Соңғы жылдары қазақ халқының мәдени құндылықтарының бірі қазақы тазы мен қазақы төбеттің таза тұқымдары санының азайып кеткені, тіпті кей өңірде мүлдем жоғы анық байқалды. Сандай-ақ тазы тұқымынан жарғақ тұқымының саны шашақ тазыға қарағанда күрт азайған. Таза қанды төбеттердің түр-типтерінің өзгеріске енуі соңғы жылдары анық көрініс тауып, дәстүрлі ит өсірушілер арасында алаңдаушылық тудырды. Ежелгі ит тұқымының жанашырлары, дәстүрлі ит өсірушілер мен кәсіби кинологтар таза қанды тазы, таза қанды төбет тұқымдарының азаюы мен өзгеріске енуіне қатысты ашық қоғамдық пікір білдіруі үкіметтік деңгейде қолдау тапты.

Алғыс: Осы мақала «AP14869303 – Қазақстанның ежелгі және қазіргі мәдениетіндегі қасқыр мен иттің рөлін этнозооархеологиялық зерттеу» ғылыми жобасын орындау аясында дайындалған.

Кілт сөздер: Ит, тазы, төбет, Жеті қазына, қасиеттілік, құқықтық этнология.

Кіріспе

Ежелгі ит тұқымының тарихи дәуірлерде құқықтық қорғалуының кепілі қазақ халқының байырғы тұрмыс-тіршілігінде ерекше қастерлейтін «жеті қазына» ұғымы (Қазақтың этнографиялық.., 2017: 525). Фольклорлық деректердің бірінде «ит жеті қазынаның бірі» десе, тағы бірінде «құмай тазы жеті қазынаның бірі» деп нақтылайды. Қазақы, дәстүрлі ортада «ит жеті қазынаның» бірі қазақы ит тұқымының барлық түріне қастерлі ұғыммен қарайды. Қазақтың «жеті қазына» ұғымы «жігіттің жеті қазынасы», «ердің жеті қазынасы» деген ұғымен де кездеседі.

Дәстүрлі, тарихи кезеңдерде көшпелі өмір салтын, дәстүрлі ауыл салтын ежелгі ит тұқымы тазы немесе төбетсіз елестету мүмкін емес. Тазы мен төбеттің жаратылысы, сыртқы сипаты, мінез-құлқы, келбеті, қимыл шапшаңдығы, типі, аңшылық қабілеттері әртүрлі болғанымен, екеуіне ортақ қасиет екеуі де қожайынына қызмет еткен, үйді, мал отарын қорыған, екеуінде де аңшылық қасиет болған. Саятшы, аңшының, малшының бірнеше тазысы, бірнеше төбеті болған. Салбурын, қансонарға бірнеше тазы бірге шыққан. Мыңғырған отарды бірнеше төбет бірге қорғаған. Тазы ежелден сән-салтанаты келіскен, ширақ, жүйрік, шапшаң, бойшаңдығымен ерекшеленсе, төбет ежелден ірі, күш иесі, жұмыр, жүнді, кең кеуделі, сенімділігімен танымал. Оларда адамдармен бірге, иесімен бірге түрлі тарихи кезеңдерден өтті. Жазба деректерге сүйінсек қазақы ит тұқымын ресми әкімшілік

тұрғыда қорғауға алғашқы талпыныс 1898 жылы Торғай облысында орын алған. Торғай облысы малдәрігерлерінің санақ жүргізуі бойынша әр үйде кемі бір-екі иттен, мал отары көп үйде 10 иттен, барлығы облыста 150000-нан 160000-ға дейін ит тіркелген. Торғай облысы, Торғай уезінде 100-ден тазы болған. Таза тұқымды, аңшы құмай тазыны жақсы ат немесе жақсы түйеге айырбастаған (Добросмыслов, 1898: 1–2).

Отаршылдық кезең, Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдары басқа ит тұқымдарының Еуропалық ит тұқымдарының келуі себепті қазақ итінің тазақандылығының бұзылуына 1937-1938 жылдары «Қазақстан аңшылық-кәсіптік станциясы» көңіл аударады. «Қазақстан аңшылық-кәсіптік станциясы» қызметкерлері тазының таза қандылығын сақтап қалу ісін ресми көтеріп, зерттеу, есепке алу, санақ жүргізу, қайта қалпына келтіру ісін жоспарға енгізеді. Тазақандылығын зерттеуге Алматы облысынан – 70, Қызылорда, Қарағанды облыстарынан – 25, Оңтүстік Қазақстан облысынан – 76, Ақтөбе облысынан – 45 тазы алынады. 1938 жылы Қазақстаннан 7000 тазы санақ кітабына тіркеген (Слудский, 1939: 1, 6).

Дерек кісі-қариялардың айтуынша 20 ғасырдың 60-70-ші жылдары Қазақстанның батысында қой отарында «айналма» ауруы эпидемияға айналған екен. Қойға түсетін айналма құрты иттен жұғады деген қауесетпен қазақы төбеттің көбі атылып кеткен. 1960 жылдардың ортасында иттен ауру тарайды деген қауесетпен Зайсан, Тарбағатай, Ақсуат аудандарында қазақ иттерін іздеп жүріп атқан, иесінің итін тығып тастаған оқиғалар болған (Тоқтабай, 2021: 5).

1966 жылы Қытай Халық Республикасында мәдениет төңкерісі болып, Қытайдағы этникалық қазақтар қолындағы төбет пен тазыны ескінің сарқыншағы деп өсіртпеу саясаты орын алған, әрі қазақ итінің еті тәтті деген қауесетпен қазақы ит тұқымына көз тіккенде, қазақ итін ұрлау орын алған. Осылайша Қытайдағы қазақтардың да қазақы тұқымды иттері азайған. 2000 жылдан бастап жергілікті қазақ интеллигенттері, қазақ ақсақалдары қазықы төбет, қазақы ит тұқымының азайып кету мәселесін көтеріп, Үкімет деңгейіне жеткізеді. Нәтижесінде Іле-Қазақ автономиялық облысының саяси бюросында «Қазақ төбет иті тұқымын жаңғырту, зерттеу, өсіру, заманға лайықты пайдалану» атты қаулы қабылдайды. Үкімет қолдауымен қазақ төбетін өсіру питомнигі ашылады (Тоқтабай, 2021: 309).

ҚХР, Іле-Қазақ автономиялық облысы қазақ төбетін ресми қорғауды қолға алған алғашқы мемлекет. Қазақстанда қазақ малшылары мен аңшыларының қолындағы тазақанды төбеттің азаюымен қатар дене тұрқысының майдалана бастауы көрініс ала бастады. Қазақы ит тұқымдарының азаюы, түр-типінің өзгеріске енуі қоғамдық пікірлерге ұласып, ит мәселесі Үкімет деңгейінде көтерілді.

Басқа ит тұқымдарымен араласуы себепті қазақ төбетінің түр-сипатының өзгеріске енуі Моңғолия қазақтарының төбеттерінен байқалады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналыса отырып төбет өсіру ісіне көзқарас Моңғолия, Баян-Өлгей қазақтарынан бақыланды. Баян-Өлгейдің Сақсай сумынында жергілікті малшы қазақтардың есебі бойынша 30 қазақ төбеті бар. Мұзтау етегіндегі Қақ жайлауындағы малшыларда малдың көптігіне қарай әр үйде 2-3 төбеттен бар, барлығы дерлік мал қоруға және аңшылыққа бейім, әсіресе суыр қазақы төбеттердің аңшылық нысаны. Моңғолия қазақтарының төбеттері иесімен бірге көшпелі өмір сүруі себепті, денелері шымыр, тарамыстары тартылған, ширақ келеді. Жүнді, терісінің қалың, құйрық жүнінің сабалақ, төрткөз, түсінің біртекті келуі қазақ төбетінің генетикалық сипатының берілуін айғақтайды. Моңғолия қазақтары арасында қазақ төбетін қорғау ресми емес сипатта, күнделікті тіршілікте халықтық білімге сай, малын қорғаумен тең дәрежеде жүреді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Ежелгі және қазақы ит тұқымдары тазы мен төбетке қатысты дерек көздерін заттай деректер, яғни археологиялық қазбалардан табылған ит сүйектері, ит және иттің дене мүшелерімен байланысты бейнелер салынған, қашалған бүйымдар, петроглифтік бейнелер, алғашқы авторлардың жазба деректері, фольклорлық деректер, аудио-визуальды деректер құрайды. Халықтық білімге негізделген дәстүрлі құқықтық қорғауға иттің «жеті қазынаның» бірі болуы негіз болады. А.Добросмысловтың 1898 жылы «Тургайская газета» басылымында жариялаған «Разведение и содержание киргизами собак» атты мақаласында Торғай өңірі қазақтарының тазы және төбет өсіру ісіне арнап, қазақы ит тұқымының болжалды есебін берген (Добросмыслов, 1898). А.А. Слудскийдің «Азиатская борзая таза и охота с ней» атты кітабы қазақ тазысын қорғау және сақтау мәселесіне арналған (Слудский, 1939). А.Тоқтабайдың «Қазақ төбеті берік қолда» атты жазбасында соңғы жылдарда қазақ төбетінің азайып кетуі мәселесін көтереді (Тоқтабай, 2021). А. Тоқтабайдың «Қазақтың тазы» атты кітабы қазақ тазысының қазақ халқының мәдениетінде ролі қашанда болғанын айғақтайды (Тоқтабай, 2003). Қазақы ит тұқымын құқықтық қорғауды ұйымдастыру мәселесін сараптауда дерек көздерге әдеттік құқық жүйесіне қатысты алғашқы жазба деректер мен жануарлар дүниесін қорғау және аң аулау қағидаттарын жүзеге асырумен байланысты құқықтық-нормативтік ресми құжаттар негізге алынады. Отандық ғылыми айналымда бар «құқықтық этнология» бағытындағы жазылған еңбектер әдеттік-құқық, қазақ билерінің дала заңын жүргізуі, билердің, ақсақалдар кеңесінің қоғамдағы орнына арналған (Әлімбай, 2024: 23–56)

Мақалада қазіргі заманғы әлеуметтік этнология ғылымындағы «құқықтық этнология» бағытына жататын «ежелгі ит тұқымын» тірі ескерткіш ретінде қарап, «ит қорғаудың» құқықтық-нормативтік құжаттарын ұлттық көзқарас мүддесіне пайдалану тұрғысынан талдау жасалады. Талқылау барысында Орта Азиядағы көрші мемлекеттер мен Түркия мемлекетінің «ит қорғау» ісіндегі құқықтық-нормативтік құжаттары салыстырмалы сараптау жасауға негіз болды. «Ит қорғау» мәселесіне қатысты дәстүрлі далалық этнографиялық экспедиция кезінде жинақталған халықтық білім мен халық пікірі де назарға алынды, сондай-ақ отандық этнология мен заң ғылымының тоғысындағы шекаралық, пәнаралық зерттеу әдісі басты назарда ұсталды.

Қазіргі таңда этнология ғылымы мен заң ғылымында антропологиялық, герменевтикалық, институционалдық, этномәдени және пәнаралық негізде сараптайтын құқықтық білімнің жаңа парадигмалары пайда болды және дами бастауы құптарлық мәселе. Сол «құқықтық білімнің» қазақы ит тұқымдарын қорғауға қатысты туындауы бүгінгі қоғамда жаңа серпіліс тудырды. Этнология ғылымында немесе заң ғылымында «құқықтық этнология» әлі де жеке зерттеу пәні ретінде қалыптасқан жоқ және құқықтық этнология әдіснамасын ғылыми білімдер жүйесі контекстінде ғылыми талдау да қалыптаспаған салаға жатады. «Құқықтың этнология» иттану тұрғысынан келгенде «когнитивтік этнология (лат. cognitio – білім) – жануарлардың интеллектісін, зоопсихологиясын зерттейтін ғылым саласымен де тығыз байланысты.

Отандық «құқықтық этнология» бағытында итті қорғауды талдау арнайы зерттеу нысаны болған емес, «ит қорғау» мәселесіне отандық ғылымда алғаш рет қадам жасалып отыр.

Талқылау

Қазақы ит тұқымын құқықтық қорғауды ұйымдастыру. Жануарлар әлемін қорғауды құқықтық қамтамасыз ететін құжаттарды жергілікті халықтың дәстүрлі мәдениетімен байланыстыра қалыптастыру ежелгі ит тұқымдары өмір сүретін мемлекеттердің қайсысында болмасын, тек соңғы жылдары қолға алынған мәселе. Еуразия, Орта Азия, Шығыс Азия,

Оңтүстік-батыс Азия мемлекеттерінде соңғы жылдары Ежелгі ит тұқымдары саналатын тазы мен төбеттің әртүрлі тұқымдарының популяциясындағы өзгерістердің анық көрінуі «ит қорғау» мәселесін Үкімет деңгейіне алып келді. «Ит қорғау» ісіне әкімшілік-құқықтық жаңа көзқарасқа әлемнің бірқатар елдерінен қолдау тапқан. Адамзаттың ғасырлар бойына табиғатпен етене өмір сүруі, «ит пен адам» тіршілігінің ғасырлар бойына бір-бірімен бірге жасасып келуі қазіргі заманда оларға деген ерекше көзқарасты қалыптастырды.

Жануарлар дүниесі қорғауды құқықтық-нормативтік құжаттарын заңдастыру әлем елдерінің барлығында бар тәжірибе болғанымен, әр мемлекеттің жергілікті жануарлар тұқымдары мен сол мемлекеттегі «адам мен табиғат» тәжірибесінің қалыптасуына орай айырмашылықтар бар. Соның ішінде үй жануарларын қорғау мәселесін әкімшілік-құзырлық тұрғыдан қайсы органның меншігіне қарауын әр мемлекеттің Үкіметі өздері шешеді. «Ит» қорғау мәселесі Қазақстанда «Экология және табиғи ресурстар» министрлігіне қарайды. Ал, Түркия мемлекетінде «Түркия мемлекетін де үй жануарларын қорғау құзырлығы Ауыл және Орман шаруашылығы министрлігінің құзіретіне қарайды (Hayvanları Koruma Kanunu ve İlgili Mevzuatı..., 2024). Түркияда «Жануарларды қорғау заңын» Түркияның Ұлттық Мәжілісі 2004 жылы 24 маусымда қабылдап, Түркия Республикасы 2004 жылы 1 шілдеде қол қойған. «Жануарларды қорғау туралы» заңға 2008, 2010, 2021 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Заңға сәйкес иттерге цифрлық ID талап етілген. 2024 жылы Түркиядағы «иесі жоқ» иттер мәселесін талқылаудан кейін «Жануарларды қорғау заңына» жаңа өзгерістер енгізу қызу саяси-әлеуметтік талқылауда алдағы орынға шықты. Заң жобасы Парламент спикеріне 2024 жылғы 12 шілдеде таныстырылды. Ұсыныспен заңның он жеті бабына өзгертулер енгізу ұсынылған. Түркиядағы «ит қорғау» мәселесіне байланысты жаңа гуманистік нұсқалар қатарында зоопсихиаторлар, Түркия ветеринарлық медицина қауымдастығы, Жануарларды қорғау орталығы «иесі жоқ» иттерді емдеу арқылы олардың өмірін сақтап қалуды алға тартқан (Hayvanlari koruma kanunu ile Türk..., 2024).

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР-ның 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңына ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама көтеруімен 2022 жылы 29 желтоқсанда Парламент қарап, 2023 жылы 3 қаңтарда ҚР Сенатының мақұлдауымен, №185-VII шешіммен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заң 6 ай бойына халықтың ашық талқылауына, танысуына ұсынылып, 2023 жылы 3 шілдеде толық ресми күшіне енді.

Заңның ішкі баптары «Қазақы ит тұқымдары тазы мен төбет өсіру, сақтау, қорғауды дамытудың» құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін қоса анықтайды. Қазақ жеріндегі ежелгі ит тұқымдары тазы мен төбет тұқымының азаю, тазақандылығының өзгеріске енуі, бұл өзгерістерді алдын алмаса тұқымның жойылу қаупі төнуі саяси-әлеуметтік сахнада күн тәртібіне шықты. Осылайша Қазақстан Үкіметі алғаш рет қазақы ит тұқымына ресми саяси көзқарасқа қолдау танытты.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңының 1-бабының Кіріспе бөлімі 1-ші тармақшасы «қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту» деген сөзбен толықтырылды, ал 3-1 тармақшадағы «иттердің ұлттық және басқа да» деген сөздер «қазақы және басқа да ит» деген сөздермен ауыстырылды. Қазақы тұқымды иттерді машықтандыру, баулу, айтақтау және оларды практикалық пайдалануға даярлау», – деген ұғым қазақы тұқымды иттерді қорғау, іздеу, сақтақ жұмыстарына баулу мен үйретуді және (немесе) аң аулауға, спортқа және далалық сынақтарға даярлау екендігі де аталмыш Заңның Кіріспе бөлімінде түсіндіріледі (Қазақстан Республикасының кейбір..., 2024).

Қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі негізгі мақсаты, біріншіден, қазақы ит тұқымдарының тазақандылығын

жандандыру, сақтауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету, екіншіден, қазақы ит тұқымдарының тазақанды тұқымдылығын қорғау болып табылады.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 1-ші тарау, 1-бап, 63-3 тармағы бойынша «қазақы ит тұқымдарына – ежелгі тұқымдар – қазақы ит тұқымдарының бекітілген стандартына сәйкес келетін қазақы тазы мен қазақы төбет» жататыны бекітілді. Соның ішінде, тұқымы тазақанды қазақы тұқымды ит – қазақы ит тұқымдарының бекітілген стандартына сәйкес келетін және сол тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған шығу тегі туралы куәлігі бар қазақы тазы немесе қазақы төбет тұқымдас ит (1 бап, 73-3).

Қазақы ит тұқымдарының стандарты – қазақы тұқымды иттердің сыртқы тұрпаттық-бітімдік сипаттары мен пайдаланушылық қасиеттері бойынша сипаттамасы бойынша бекітіледі (1 бап, 63-4 тармақ).

Қазақы тұқымды иттерді сақтау, қорғау, тұқымын өсірумен айналысатын арнайы кинологиялық мекемелерде «бірыңғай тұқым-тегі кітабы» жинағы жасақталып, оған әрбір иттің шығу тегі, тұқымдылығы, сыртқы тұрпаттық-бітімдік сипаттамалары мен өзге де қасиеттері туралы мәліметтер көрсетіледі (1 бап, 63-5 тармақ), олардың әрқайсысына тұқым-тегі туралы мәліметтерді қамтитын құжат – «қазақы тұқымды иттің шығу тегі туралы куәлік» (1 бап, 63-6 тармақ) беріледі. Шығу тегі туралы куәлікке сәйкес «тұқымы таза қазақы тұқымды ит» деп қазақы ит тұқымдарының бекітілген стандартына сәйкес келетін және сол тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған қазақы тазы немесе қазақы төбет тұқымдас ит саналады (1 бап, 73-3 тармақ). Қазақы ит тұқымдарының мониторингі де осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақы ит тұқымдарын сақтауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету жүйесіне келесі құрызетті органдар кіреді: уәкілетті орган, уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері; қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар; қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығы; кинологиялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кіреді. Қазақстанда қазақы ит тұқымдарын сақтау және қорғау мәселесін үйлестіру ҚР Экология және табиғатты пайдалану министрлігіне жүктелген.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы құзыретіне сай атқаратын міндеттері: жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және оның іске асырылуын қамтамасыз ету; қазақы ит тұқымын иелену, пайдаланудың жүзеге асыру бойынша атқарылатын істерге билік ету құқығын жүзеге асыру;

Қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган ҚР Экология және табиғатты пайдалану министрлігі болып саналады. Минстірліктің «ит» ісіндегі құзыреті келесі бағыттарды қамтиды:

– қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру

– қазақы ит тұқымдарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

– қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, талқылауға салу және бекіту;

– «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілетін қазақы тұқымды иттерді есепке алуды жүргізу мониторингін жүзеге асырады.

Қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығы (бұдан әрі – Ұлттық орталық) қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін уәкілетті орган айқындаған мамандандырылған ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ұлттық Орталықтың құрылысы қазіргі таңда жүзеге асырылуда.

Ұлттық орталық қазақы ит тұқымдарын өсіруге қатысты келесідей міндеттерді жүзеге асырады:

– қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

– қазақы ит тұқымдарымен жұмыс істеу бойынша, оның ішінде кинологиялық қызмет бойынша сарапшыларды оқыту және мамандарды даярлау;

– шығу тегі туралы куәлік бере отырып, тұқымы таза қазақы тұқымды иттерді асырау және өсіру;

– уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес Бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу;

– кинологиялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен бірлесіп, қазақы ит тұқымдарының стандарттарын әзірлеу;

– қазақы тұқымды иттердің сынақтарын, көрмелерін, байқауларын, әртүрлі дәрежедегі жарыстарын ұйымдастыру және өткізу;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру (қазақы ит тұқымдарын ғылыми-зерттеу жобаларын жүхеге асыратын ұйым қызметкерлерінің бақылауына қолдау көрсету, фотосессия, БАҚ түсірілімдеріне, кино, т.б. танымдық-ақпараттық шараларға қатысуын ұйымдастыру, қолдау).

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік реттеу, яғни Үкіметтік құзырлы органдар тарапынан қадағау, ұйымдастыру шаралары да іске қосылады. Мемлекеттік реттеу келесідей істерді қадағалайды:

– қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласында іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер, қазақы ит тұқымдарын сақтау, дамыту және пайдалану бойынша селекция жүргізу;

– қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы селекциялық жетістіктерге сынақтар мен байқаулар жүргізу;

– «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қазақы тұқымды иттерді есепке алуды жүргізу арқылы жүзеге асыру (33-3-бап).

«Таза тұқымды иттердің, оның ішінде қазақ тазылары мен төбеттерінің генофондын қорғау» мәселесіне қатысты «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі қазіргі таңда елімізді қазақы ит тұқымдарын өсіруге халықтың ынтасын арттырды. Аталмыш Заңда қазақы ит тұқымдары тазы мен төбеттің қосылуынан өрбитін «дүрегей» иттер, қазақы қора иттері, қазақы ит тұқымдары мен өзге иттің қоыслуынан өрбитін будан иттерді қорғау арнайы бапта көрсетілмейді, ол жалпы «ит қорғау» ұғымында бірге қарастырылады.

Далалық этнографиялық экспедиция барысында қария дерек кісілер ертеде біреудің тазысына зиян келтірсе орнына тазы күшігін, төбетке зиян келтірсе орнына төбет күшігін берген деген ақпарат жеткізді.

Итті аңға салуды құқықтық үйлестіру. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 57) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығына сәйкес «Аң аулау қағидалары» бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 мамырда №11091 тіркелген. «Аң аулау қағидаларына» сәйкес «ұлттық аң аулауды» дамыту аясында «итпен аң аулау» құқықтық рәсімделеді. «Ұлттық аң аулау – әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануар түрлерін аушы жыртқыш құстар мен қазақы

тұқымды иттерді пайдалана отырып, қару-жарақсыз аулау» мәселесі де осы Заңның 5 тарау, 32-бабының 4-ші тармағында бекітілген. «Ұлттық аң аулау» – аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдаланып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау болып табылады. «Аң аулау қағидалары» ресми құжатында көрсетілген «аңшы ит», «итпен аң аулау» категориясына қазақы ит тұқымы – тазы, төбетпен қатар аңшылар қолданатын аңшылық қабілеті бар өзге иттер де жатады (Аң аулау қағидаларын бекіту туралы..., 2024)

Заңға сәйкес жеке аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы аушы жыртқыш құстар (бүркіт, сұңқар, қаршыға т.б.) мен аңшылық иттерді, соның ішінде тазы мен төбетті пайдалана отырып, аң аулаудың ұлттық түрлерін дамытуды ұйымдастыруды жүзеге асыра алады.

Құсбегілік өнерді кәсіп еткен аңшылардың аушы құс бүркіт, сұңқар, қаршығамен бірге тазыны қоса баптап, бір аңшының қыс пен ит екеуін бірге баптап, бір-біріне үйретіп, аңшылық, салбурынға бірге алып шығуға үйретуі ертеден қалыптасқан халықтық білім. Қыран құстың томағасын алып тазыға әбден көзін үйретпесе салбурында тазының өзіне түсуі мүмкін. Тазы мен бүркітті қансонарға бірге алып шығу әдісін әсіресе Алматы облысы аңшылары жақсы меңгерген.

Ежелгі ит тұқымын сақтау, қорғау ісіндегі Орта Азиялық тәжірибелер. Қырғыз тайғанын сақтау, қорғау. Кеңестік дәуірде ежелгі ит тұқымдары арнайы статусқа ие болмаса да, олардың асыл тұқымды ит ретінде маңызы жойылған жоқ. Қырғыз тайғаны 1983 жылы Мәскеудегі халықаралық иттер көрмесіне қатысуы арқасында өзіне әртүрлі мамандарының назарын аударған.

Қырғыз Республикасында 2017 жылдан бастап «Қырғыз тайғаны» жобасы мәселесі көтеріліп, 2018 жылдан бастап жоба іске қосылады. Қырғызстанда «Тайғанды өсіру өнері» номинациясын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы бойынша ЮНЕСКО-ның репрезентативті тізіміне енгізу мақсатында құжаттар дайындала бастады. Қырғыз тайғанын насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қырғыз Республикасының Үкіметі 2019 жылғы 29 тамызда бекіткен қырғыз халқының ұлттық-мәдени мұрасын қорғау аясында аясында жүзеге асырылуда.

Қырғыз тайғанын сақтау және өсіруге сәйкес нормативтік-құқықтық базаны күшейту де Үкімет деңгейінде көтерілген мәселе болды.

Қырғызстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және туризм министрлігі «Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 557 «Қырғыз Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы элементтерінің классификациясы туралы ережені және Қырғыз Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы элементтерінің ұлттық тізбесін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізуі үшін Қырғызстан үкіметінің «аңшылық ит тұқымдарын қорғауды күшейту және сақтау мақсатында дайындаған» құжатын жалпыхалықтық ашық талдауға ұсынған. Осындай жоспарлы атқарылған жұмысар нәтижесінде қырғыз тайғаны 2021 жылы *«тайғанды өсірудің білімі мен дағдысы» атауымен* Қырғыз Республикасының Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізіміне енген.

Қырғыз Республикасында да қырғыз тайғанын Қырғызстаннан тыс жерлерге шығаруға заңмен тыйым салынған (Кыргызского тайгана планируют…, 2024) Ресей Императорлық археологиялық комиссиясының 1905 жылғы есебінде Пішпек уезінің Лебединовка селосы маңында егістік жер жырту кезінде тайғанның қола мүсіні табылғаны айтылған, әрі суреті берілген. Осы типтес тайғанның қола мүсіншелері 2008 жылы Қырғыз Республикасының Ыстық-Ата ауданы, Кең-Бұлұн ауылы маңынан да табылған. «Манас» эпосында тайғанға тұтас бір аңыз арналады. Манас бұл итті Әндіжанға келе жатып жолықтырып, қалыңдықты алуға барған жерінде өзімен бірге алып, оған Құмайық деген ат

қояды. Қырғыздарда бұл лақап есім шеберлік пен батылдықты білдіреді. Қырғыз халқында итпен байланысты тағы бір аңыз нұсқасы қызықты. Бір аңшы иті мен малына шабуыл жасауды әдетке айналдырған қасқырға шыдай алмайды. Сосын қар лашыны балапанын ит етіп өсіруді ұйғарады. Аңшы оны ұясынан алып, жасырын жерде үйретіп, ет пен талқанмен тамақтандырған. Бір кезде балапан керемет, мінсіз, күшті және ақылды итке айналды. Қырғыз тілінде қар лашыны – құмай. Қырғыз халқы тайған иттің күшігін Құмай немесе Құмайық деп атап, ерекше мән береді. Манастың да күшікті Құмайық деп атауы тарих пен аңыздың тоғысуынан туындаған десе болады. *Қырғыз халқының пікірінде тайған «қуып ал және өлтір» деген мағына береді. Бірақ бұл ең алдымен иттің сипатымен түсіндірілетін бір ғана нұсқа. Тайғандар да ғасырлар бойы қырғыз халқының ата-бабаларына қызмет еткен. Ал адамның, кейде бүкіл отбасының өмірі көбінесе олардың төзімділігіне, аң аулау және қорғау қабілетіне байланысты болды.*

Қырғыз халқында «Тайған жүгірсе – құлағынан қан шығады» деген сөз бар. Бұл теңеу ең алдымен қырғыз тазыларының жүйріктігіне қатысты. Азулы тайған аңды қуып жету үшін соншалықты жылдамдықпен қуады, қуу кезінде олардың артқы аяқтары құлақтарын тырнап кетеді. Сонымен қатар, тайғандар қозғалыс жылдамдығын іс жүзінде төмендетпестен, қозғалыс траекториясын өткір бұрылыс жасап өзгерте алады. Олар сондай-ақ бірнеше сағат бойы тынымсыз олжа қууға да қабілетті. Ал олардың қасқырға шабатын азулы болуы олардың аңшылық қабілетінің генетикалық берілуімен байланысты. Зерттеуші ғалымдар қырғыз аборигендік ит тұқымы тайғанның шығу тегін Тянь-Шаньды мекендеген халықтың тағдырымен байланыстырады және тайғандар бұл жерлерде X-XII ғасырлардан бұрын белгілі болған, деген пікірге келеді (Маматов, Мураталиев, Самыкбаев, 2024)

Соңғы жылдарда қырғыз тайған тұқымының танымалдығының өсе бастауына қырғыз жерінде «Көшпелілер ойындарын» Халықаралық деңгейде өткізу ықпал етті. «Көшпелілер ойындары» тайған жарысы – ит жарысы – салбуурун – жыртқыш құстар мен тайғандармен күрделі аңшылық ойындары сияқты номинациялармен жалғасты. Көшпелілер ойыны барысында қырғыздың әдемі тайғандарының бейнелері мен фотосуреттері бүкіл әлемге тарады, әрі ойынға келген шетелдік мамандар мен туристер тайғанға көшпелілер өркениетінің символындай қарағаны сөзсіз.

2019 жылы Қырғыз республикасында «Қырғыз тайғаны» клубы Республикалық ветеринариялық инспекциямен бірлесіп арнайы санақ жүргізілген, сол кезде 2300-ге жуық тайған ресми тіркелген.

Қырғыз Республикасында 2023 жылы мемлекеттік органдардың қатысуымен және қолдауымен «Taigan Fest» халықаралық этнофестивалі өткен.

2024 жылы 9 сәуірде Ғапар Айтиев атындағы Қырғыз ұлттық бейнелеу өнері музейінде «Тайған – халық мұрасы» көрме-байқауы өткен. Келушілер назарына алуан түрлі шығармашылық стиль өкілдерінің – мүсіншілердің, жазушылардың, суретшілердің тайғанмен байланысты жұмыстары ұсынылады. Көрме қырғыз аңшы иттерін кеңінен насихаттау және оның тұқымын зерттеу мен сақтауға қоғамның назарын аудару мақсатында өткізіліп отыр (Киргизская борзая..., 2024; Озмитель, 2024).

2021 жылы 18 тамызда Қырғыз Республикасы Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрлігі «Тайған тұқымды иттерді ұстау ережелері және тұқым стандарты» жобасын қоғамдық талқылауға шығарды. Құжат министрлер кабинетінің сайтында жарияланды.

Құжат қабылдаудың мақсаты – осы аңшылық ит тұқымын ұлттық мұраның элементі ретінде сақтау. Қырғыз үкіметі алға қойған міндеттің бірі – тайғандар «Бірыңғай электронды деректер» базасына тіркелуі керек. Тұқымды растайтын құжаттарды иесіне «Kyrgyz Taigan Club» қоғамдық бірлестігі береді.

Құжат – тайған иелеріне қатысты міндеттерді де белгілейді. Тайған иесі тайған ауырғанда, тайғанды зиянкестер шаққанда, ветеринарлық ауруханаларға тайғандар адам тістеген жағдайда тиісті орындардарға дереу хабарлауға міндетті. Құжатта басқа да бірқатар тыйымдар да қарастырылған. Мысалы, саябақтарда, алаңдарда, базарларда, жағажайларда, балалар ойын алаңдарында және басқа да қоғамдық орындарда тайғандармен жүруге болмайды. Көпқабатты үйлерде көршілеріңде медициналық қарсы көрсетілімдер (аллергия және т.б.) болса тайғанды ұстай алмайды. Құжаттың қосымша бөлігін тайған тұқымының стандартының классификациясы құрайды (Министерство культуры разработало правила…, 2024).

Түркіменнің ежелгі ит тұқымын сақтау, қорғау тәжірибесі. Түркіменнің ежелгі ит тұқымына түркімен тазысы мен алабай жатады. Орта Азиядағы ежелгі егіншаруашылығы оазисі саналатын Алтындепе қонысынан түркімен алабайының қыш мүсіншесі табылған. Археологиялық артефактілерге қарап, жергілікті ғалымдардың зерттеуінше түркімен алабайы б.э.д. III–II мыңжылдықтарда да түркімен жерінде өмір сүрген. Түрікменстан – ежелгі ит тұқымдарын сақтау, қорғауға Орта Азия елдерінен алғаш ден қойған мемлекеттердің бірі. Түркіменстанда соңғы жылдары «ахалтеке» деп аталатын жылқы типімен қатар түрікмен алабайын тарихи-мәдени мұра деп танып оның бірегей тұқымын сақтау, зерттеу және әлемге кеңінен танымал ету мақсатында көптеген іс-шараларды тұрақты жүргізуде. Түрікменстанның бұрынғы Президенті Гурбангулы Бердымухамедовтың ұсынысымен 2020 жылы түрікмен алабайына Ашхабад қаласында биіктігі 15 м ескерткіш орнатылды, 2021 жылы «Еңбегі сіңірген ит өсіруші», «Халық ит өсірушісі» құрметті атақтары, «Түрікменнің өжет алабайы» атты медаль бекітіліп, қолданысқа енген (Президент Туркмении ограничил…, 2024).

Түркіменстан кинологтары XX ғасырдың 30-жылдарының аяғында ортаазиялық шопан иттерге, соның ішінде алабайдың қой отарын қоруғаға бағуға деген қабілетіне ерекше көңіл бөле бастаған. Ол кезеңде алабайдың ең жақсы тұқымдары Мары облысында ұсталған екен. Кеңестік кезеңде аабайларды КСРО аумағындағы әскери питомниктерге сынақтан өткізу үшін экспорттаған. Алабайлар із кесу, іздеу және күзет шеберлігіне үйретуге қабілетті болған. Алабайлар түркімен шекарасын қорғау қызметіне тартылған.

Түркіменстанда 2021 жылы алғаш рет ресми «Алабай күні» қазақ айының соңғы жексенбісі болып бекітіліп, алабай төбет иттің тұқымының ең жақсы түрлеріне арналған алғашқы байқау да 2021 жылы өткен (В Туркменистане приняли закон…, 2024).

Түркіменстан үкіметінің төменгі палатасы 2022 жылы 18 шілдеде «Ит өсіру және кинологиялық қызмет туралы» Заңды талқылап, осы жылдың 24 шілдеде Түркіменстан Президенті Сердар Бердымұхамедов Заңға қол қояды (Туркменские борзые..., 2024)

26 шілде 2022 жылы Түрікменстан Президенті Сердар Бердымухамедов түрікмен алабайы мен алабай күшігін елден тыс жерге шығаруға шектеу қою туралы жарлық қабылдайды. Мемлекет Заңына сәйкес алабай иесі алабайды Түркіменстаннан тыс жерге шығаруға Үкімет шешімін алу арқылы ғана жүзеге асыра алады (Президент Туркмении ограничил…, 2024).

Түрікмен алабайы – тарихи-мәдени мұра нысаны статусын алуына сәйкес, ит өсіру саласында еңбегімен танылғандар мемлекеттік сыйақы қарастырылған. Түрікменстан мемлекетінің Заңнамасына сәйкес алабай таластыруды құмарға айналдыру қылмыстық іс саналады. Түркімен тазысы да түрікмен халқының ахалтеке асыл тұқымды жылқысы мен алабай қатарындағы Ұлттық мұрасы болып саналады. Түркімен халқы тазының құны, яғни бағалануы аса қымбат, сыны ерекше деген түркімен тазысының құны түркімен жылқысы ахалтеке құнымен тепе тең.

Тазы қорғау ісіндегі Өзбекстандық тәжірибе. Өзбекстан Республикасының № 545-1 «Жануарлар әлемін қорғау және пайдалану заңы» 1997 жылы 26 желтоқсанда қабылданған.

Өзбекстанның жануарларды қорғаудың құқықтық-нормативтік құжаттары Өзбекстандағы ежелгі ит тұқымы тазыны да қамтиды.

Кинолог С.Азадовтың есептеуінше, 2011 жылы Өзбекстанда тазақанды тазы тұқымының саны 400 дей ғана болған. Өзбекстандағы тазылардың негізгі дені Оңтүстік Қызылқұмды мекен еткен қазақтардың қолында (Азадов, 2024) Өзбекстанда жергілікті халықтан көрі, этникалық қазақтар қосында тазының болуы қазақтардың Оңтүстік Қызылқұм ауылдарында шоғырланып, дәстүрлі тұрмыс-тіршілік ырғағын сақтап отыруымен байланысты. Қызылқұм тақылары құмды алқаптың аңшылық кәсібіне бейімделген. Жергілікті этникалық қазақтар арасында аңшылықпен аты шыққан, тазақанды тазыны екі жылқы берсе де айырбастамайды. Тазыға құмартқан әр үй күшік кезінен өсіреді, қарғыбау салмайды, байламайды, құмдағы аңшылыққа өз табиғатынан бейімделеді.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі заманғы инновациялық қоғам қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінің барлық қырына әсер еткені белгілі. Қазақ халқының мәдени құндылықтарының бірі қазақы тазы мен қазақы төбеттің тазақанды тұқымдарының күрт азайып, түр-типтерінің өзгеріске енуі соңғы жылдары анық көрініс таба бастады.

Зерттеу барысында ежелгі және қазақы ит тұқымдарының қазіргі кезеңде азаюы мен түр-типтерінің өзгеріске енуінің бірнеше себептері бары анықталды, олар:

– XVIII–XIX ғасырларда орыс әскерилерінің, саяхатшылардың келуі, қоныстануымен бірге еуропалық өзге ит тұқымдарың келуі, олардың жергілікті ит тұқымдарымен қосылуы;

– XX ғасырдың басында көшпелі мал шаруашылығынан отырықшы мал шаруашылығына ауыса бастауы қазақы ит тұқымы тазы мен төбетке деген тәуелділіктің бәсеңдеуіне алғы шарт болды;

– көшпелі өмір салтынан отырықшылық мәдениетке ауысу дәстүрлі аңшылық ырғағының бұзылуына, салбурын, қансонардың дәстүрлі, құмар аңшылық ретіндегі ролінің бірте-бірте төмендей бастауы, аңшының тазыны салбурынға қыран құспен бірге алып шығу дәстүрінің өзгеріске еніп, жойылу қаупіне жетуі;

– Кеңес үкіметінің «ұжымдастыру» саясаты, ашаршылық жылдарындағы дәстүрлі мал шаруашылығынан қол үзу;

– ашаршылық жылдарындағы көрші мемлекеттерге қоныс аударғанда итінің иесімен бірге кетуінің қазақ жеріндегі ежелгі ит тұқымдарының санының азаюына әсер етуі;

– соғыс, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жылдарында ежелгі ит тұқымдарының қараусыз қалуы;

– тазы мен төбет арасындағы будан тұқым дүрегейді өсірудің орын алуы, будан тұқымдарды аңшылыққа салу әдісінің кең таралуы;

– дәстүрлі аңшылықтың глобализация әсерінен трансформациялануы, заманауи көліктер, моторлы қар шанасы сияқты техникалармен аңға шығудың орын алуы, тазамен аң қағу, қуу, қақпайлауды техникалық көліктердің ығыстыра бастауы;

– XX ғасырдың екінші жартысынан қазақ жерінде адам санының көбеюі, қала тұрғындары санының артуы себепті, адам қауіпсіздігін сақтауға орай ежелгі ит тұқымдарының мойынына қарғы бау салып, байлап ұстаудың көбеюі, тазыға шикі еттен көрі піскен тағамды берудің орын алуы олардың аңшылық қабілетін төмендету үрдісінің орын алуы;

– көшпелі мал шаруашылығының тоқтауына орай қазақы төбеттің алыс жол жүруі тоқтады, жыл бойына қыстау, көктеу, жайлау, күздеу арасында ұзақ жол жүруді еңсергеннен сіңір еттері, тармысы тартылған денесі шымыр, қимылы ширақ төбеттердің азаюы;

– Кеңестік дәуір мен Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дәстүрлі аңшылық ырғағының бұзылуынан қазақ тазысының шашақ тұқымына қарағанда жарғақ тұқымының күрт азайып кетуінің орын алуы;

– ежелгі ит тұқымдарын құқықтық қорғауға үкімет, әкімшілік және қоғам тарапынан аса мән берілмеуі.

Қазақ халқының әжелгі және қазіргі заманғы мәдениетінде тазы мен төбеттің орнын этнозооархеологиялық зерттеу барысында қазіргі кезеңде елді мекендер арасында тазы мен төбеттің тазақандылығын сақтауды үйлестіріп атадан балаға мұра еткен дәстүрлі мал шаруашылығынан және дәстүрлі аңшылықтан қол үзбей отырған малшы, аңшы қауымы тіркеуге алынды.

Қорытынды

Ит иесінің көңіл-күйін қабылдауға, бұйрықтарын орындауға, түсінуге қабілетті жануар. Ит белгілі бір себептен иесінен алыстап кеткен жағдайда иесіне қайта оралуы арқылы адамды өзінің оң энергиясымен қоршап алады. Ит кез-келген жастағы адаммен тез қарым-қатынас жасайды. Жалпы иттердің ішінде Орта Азиялық ежелгі ит тұқымдарының тазы типтерінің барлығы аңшы ретінде қосалқы кәсіпті иесімен бірге атқарса, төбет типтес иттер аңшы, қорғаушы, сақшы, күзетші, малшы ретінде иесімен бірге дәстүрлі кәсіп иесі ретінде маңызды.

Орта Азия мемлекеттерінің қайсысы болмасын соңғы 10 жылдықта ежелгі ит тұқымдарының түрлерінің жойылу, азаю қаупін басынан кешірді. Сондықтанда соңғы жылдары көршілес мемлекеттер бірінен соң бірі ежелгі ит тұқымдарын сақтау, қорғауға ден бұрды. Орта Азиядағы ежелгі ит тұқымдарының тазы, төбет, тайған, алабайдың шығу тегі, таралу тарихы, атауының этимологиясы жөнінде ғалымдар арасында әлі ортақ пікір жоқ.

Орта Азияның және Еуразияның ежелгі ит тұқымдарының қай түрі болмасын өзінің таралған өңірінде және өзін иемденген халықпен тарихи дәуірлерден бірге жасасып келе жатырған көне тұқым ретінде адамзаттың тарихында алатын өз орны бар. Адамзаттың күнделікті тұрмыс тіршілігінде, дәстүрлі дүниетанымында, шаруашылығында, ғұрып, наным-сенімдер жүйесінде иттің алатын орны туралы ақпараттардың да ұрпақтан ұрпаққа келіп жетуі ежелгі ит тұқымын «ұлттық құндылық» деп қарау мәселесін күн тәртібіне шығарды.

Орта Азия мемлекеттері арасында соңғы жылдар ішінде өз халқына тиесілі ежелгі ит тұқымдарын халық мұрасы, Ұлттық мұра ретінде бағалау үрдісінің Үкімет деңгейіндегі бағдарлы жобаларының «ортақ келісімдей» іске қосылуына ежелгі ит тұқымдарының тарихи болмысының өзгеріске ұшырауы, санының азаюының анық көріне бастауы әсер етті.

Орта Азия мемлекеттерінің қайсысында болмасын ежелгі ит тұқымдарының Қазақстан Үкіметінің қазақы ит тұқымы – тазы/төбет, Қырғыз Үкіметінің қырғыз ит тұқымы – тайған, Түкіменстан Үкіметінің түркімен ит тұқымы – тазы/алабай өсіру, қорғау, сақтау мәселесін Үкімет деңгейінде көтеріп, «Ұлттық құндылық» ретінде қарауы қолға алынып, осы мәселеге қатысты әр мемлекет өзінің бағдарлы жобасын іске қосты. Ежелгі ит тұқымдарының өз мемлекетінде санының азаюы, таза қанды тұқымдарының жойылу қаупіне жетуі, таза қандылардың өзге тұқымдармен буданға түсуі ғалымдар арасында «иттану» жаңа ғылыми бағытының негізін қалады. Орта Азия мемлекеттерінде әлем елдерінде қалыптасқан тәжірибелермен қатар ежелгі ит тұқымдарын қорғаудың құқықтық-нормативтік құжаттары жасалып, қолданысқа енгізілді.

Қазақстанда ежелгі ит тұқымдары тазы мен төбет Ұлттық код ретінде статусқа ие болып, «Ұлттық бренд», Қазақстанның материалдық емес мәдениет мұраларының Ұлттық тізіміне» қосылды. «Тазы» стандарты бекітіліп, халықтық талқылауға ұсынылды, «төбет»

стандарты жобасы іске қосылды («Қазақы ит тұқымдарының..., 2024) Осылайша соңғы үш жылда елімізде «ежелгі ит тұқымымен» байланысты байырғы халықтық білім негізінде итке қатысты жаңа гуманистік көзқарас қалыптасты. Тазы мен төбеттің «Ұлттық» статус алуы оларды шекара қызметіне тарту ісіне де жол ашты. Бұл күні ел қауіпсіздігін қамтамассыз етуде із кесу, іздеу, табу, шекара күзетуге тазы мен төбетті үйрету, баулу, пайдалану жүзеге асырылуда және оң нәтижесін беруде.

Орта Азия мемлекеттерінің ежелгі ит тұқымдарын сақтауды құқықтық қорғауы дәстүр мен тарихқа құрмет болып саналады. Ежелгі ит тұқымдары «тірі ескерткіш» ретінде ит өсірушілердің талғам, талабын толық қанағаттандыра алады. Қазіргі таңда ит өсірушілердің ежелгі ит тұқымдарын ұлттық спорттық жарыстарға, мәдени көрмелерге қатыстыру белсенділігі артты. Ал, дәстүрлі мал шаруашылығы, дәстүрлі аңшылықтан қол үзбеген қазақы ортада, шалғай малшылар мекенінде тазы мен төбеттің тазақандылығы генетикалық тұрғыда сақтау ісі құқықтық, әкімшілік үйлестірусіз «атадан балаға мирас еткен құндылық» ретінде қалыптасқан.

Аборигендік ит тұқымдарының генезисін, толық ұлттық келбетін жасау ісі – селекционер, кинолог, зоолог, генетик, тарихшы, антрополог, археологтардың ынтымақтастықта жұмыс жүргізуіне мүдделі. Яғни, бізге тек сақтауда ғана емес, сонымен қатар тұқымның тарихын, дамуын және селекциясын зерттеуге көмектесетін барлық сала мамандарының пәнаралық байланыста болуы аса маңызды. Ежелгі ит тұқымдарын ғылыми-танымдық тұрғыда журналистикалық насихаттау да басты назардан түспегені абзал. Аборигендік ит тұқымдарын қорғаудың құқықтық-нормативтік құжаттарын «құқықтық этнология» тұрғысынан талдау жасау дәстүрлі мәдениеттегі иттің роліне баға беру ісінде маңызды роль атқарады.

Әдебиеттер:

«Қазақы ит тұқымдарының стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы №101 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы /https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034346. (Қаралған күні: 14.08.2024).

Hayvanlari koruma kanunu ile türk ceza kanununda değişiklik yapilmasina dair kanun / [Электронды ресурс] https://www.haytap.org/tr/hayvanlari-koruma-kanunu-ile-turk-ceza-kanununda-degisiklik-yapilmasina-dair-kanun (Қаралған күні: 13.06.2024).

Hayvanları Koruma Kanunu ve İlgili Mevzuatı [Электронды ресурс] / https://www.tarimorman.gov.tr/DKMP/Menu/46/5199-Sayili-Hayvanlari-Koruma-Kanunu-Ve-Ilgili-Mevzuati (Қаралған күні: 03.03.2024).

Азадов С. Тазы, освещенная всевышнем. 02.03.2021. [Электронды ресурс] https://sreda.uz/rubriki/bio/tazy-osvyashhennaya-vsevyshnim/ (Қаралған күні: 07.08.2024).

Аң аулау қағидаларын бекіту туралы [Электронды ресурс] / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011091. (Қаралған күні: 07.07. 2024).

Әлімбай Н. Көшпелі қазақ қоғамындағы әдеттік-құқықтық қатынас пен іс-тәжірибенің антропологиясы (XVIII–XIX ғ. 60-жылдары) // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. № 2. 23–56-б.

В Туркменистане приняли закон о защите генофонда местных алабаев [Электронды ресурс] /https://mir24.tv/news/16516311/v-turkmenistane-prinyali-zakon-o-zashchite-genofonda-mestnyh-alabaev (Қаралған күні: 07.08.2024).

Добросмыслов А. Разведение и содержание киргизами собак // Тургайская газета. №35. 30 август, 1898. С. 2–3.

Киргизская борзая [Электронды ресурс] / https://petstory.ru/knowledge/dogs/dog-breeds/taygan/ (Қаралған күні: 15.07.2024).

Кыргызского тайгана планируют включить в список культурного наследия ЮНЕСКО / [Электронды ресурс] https://kaktus.media/doc/424871_kyrgyzskogo_taygana_planiryut_vkluchit_v_spisok_kyltyrnogo_nasledіia_unesko.html (Қаралған күні: 15.07. 2024).

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. ҚР Заңы 2023 жылғы 3 қаңтардағы №185-VII ҚРЗ [Электронды ресурс] /https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000185 (Қаралған күні: 05.05.2024).

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. ҚРМОМ энциклопедиясы. 5 томдық. Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Әлем Даму Интеграция, 2017. 845 б.

Маматов Н.Э., Мураталиев Б.А., Самыкбаев А.К. История и возраждение Кыргызской аборигенной породы собак-тайган. [Электронды ресурс] https://elibrary.ru/item.asp?id=36452435 (Қаралған күні: 12.07.2024).

Министерство культуры разработало правила содержания тайганов и стандарт породы [Электронды ресурс] https://24.kg/obschestvo/204283_ministerstvo_kulturyi_razrabotalo_pravila_soderjaniya_tayganov_inbspstandart_porodyi. (Қаралған күні: 03.08.2024).

Озмитель М. Как сохранить кыргызского тайгана [Электронды ресурс] /https://rg.ru/2024/03/20/ vozvrashchenie-tajgana.html (Қаралған күні: 17.08.2024).

Орынғалиұлы А. Қазақтың қайран төбеті-ай! // Егемен Қазақстан2018. 05 қаңтар.

Президент Туркмении ограничил вывоз алабаев из страны / [Электронды ресурс] https://lenta.ru/news/2022/07/26/alabay/. (Қаралған күні: 17.08.2024).

Слудский А.А. Азиатская борзая тазы и охота с ней. Алма-Ата: Казполиграф, 1939. 28 с.

Тоқтабай А. Қазақ тазысы. Казахская борзая тазы. Kazakh borzoi tazy (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Алматы: Атамұра, 2003. 160 б.

Тоқтабай А. Қазақ төбеті берік қолда // Қазақтың киелі жерлері (тарихи-архитектуралық, этнографиялық зерттеулер, мақалалар, фольклорлық деректер). Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2021. 304 309 б.

Туркменские борзые – Тазы [Электронды ресурс] / https://turkmenportal.com/catalog/1253. (Қаралған күні: 19.08.2024).

References:

Alimbay N. (2024) Koshpeli kazakh qogamyndagi adettik-quqitiq qatynas pen is-tajirbienin antropologiasy (XVIII–XIX ғ. 60-jyldary) [Anthropology of legal relations and practice in nomadic Kazakh society (XVIII–XIX centuries. 60s).]. Turkic Studies Journal. T.6. № 2. P. 23–56 (in Kaz.).

An aulau hagidalarin bekitu [On approval of hunting rules] / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011091 (Karalgan kuni: 7.07.2024). (in Kaz.).

Azadov C. (2024) Tazy, osveshennaiya vsevishniem [Basins illuminated by the almighty]/ https://sreda.uz/rubriki/bio/tazy-osvyashhennaya-vsevyshnim 02.03.2021. (Date: 07.08.2024). (in Rus.).

Dobrosmyslov A. (1898) Razvedenyie I soderzhanyie kirgizami sobak [Breeding and maintenance of dogs by Kyrgyz people]. Turgayskaya gazeta. № 35. 30 August, P. 2–3. (in Rus.).

Hayvanlari koruma kanunu ile türk ceza kanununda değişiklik yapilmasina dair kanun [The law on the amendment of the law on the protection of animals and the Turkish criminal code]. / https://www.haytap.org/tr/hayvanlari-koruma-kanunu-ile-turk-ceza-kanununda-degisiklik-yapilmasina-dair-kanun. (Date: 13.06.2024). (in Tur.).

Hayvanları Koruma Kanunu ve İlgili Mevzuatı [Animal Protection Law and Related Legislation] / https://www.tarimorman.gov.tr/DKMP/Menu/46/5199-Sayili-Hayvanlari-Koruma-Kanunu-Ve-Ilgili-Mevzuati (Date: 03.03.2024). (in Tur.).

«Kazakhy it tukymdarynin standartyn bekitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Ekologyia jane tabigi resurstar ministrinin mindetin atkarushinin 2023 jilgy 30 naurizdagy №101 burygina ozgeris engizu turaly [On amendments to the order of the Acting Minister of Ecology and natural resources of the Republic of Kazakhstan dated March 30, 2023 No. 101 «on approval of the standard of Kazakh dog breeds»] /https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034346 (Date: 14.08.2024). (in Rus.)

Kazakhstan Respublikasinin keibir zannamalik aktilerine kazakhi it tukymdarin saktau jane osimin molaitu maseleleri boinsha ozgerister men tolyktirular engizu turaly. KR Zahy 2023 jylgy 3 kantardagy №185-VII KRZ [On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the issues of preservation and reproduction of Kazakh dog breeds. Law of the Republic of Kazakhstan dated January 3, 2023 No. 185-VII RKL] / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000185 (karalgan kuni: 5.05.2024). (in Kaz.).

Kazaktyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Encyclopedia. Vol. 3. Almaty: RPK «Slon» DPS, 2012. 736 s. (in Kaz.).

Kirgizskaya borzaya [Kyrgyz Greyhound]/ https://petstory.ru/knowledge/dogs/dog-breeds/taygan/ (karalgan kuni: 15.07.2024). [in Russian].

Kyrgizskogo taigana planiruet vkluchit v spisok kulturnogo naslediya UNESKO https://kaktus.media/doc/424871_kyrgyzskogo_taygana_planiryut_vkluchit_v_spisok_kyltyrnogo_naslediia_unesko.html (Date: 15.07.2024). (in Rus.).

Mamatov N.E. Murataliyev B.A., Samykbayev A.K. (2024) Istoryia i vozrajdenyia Kirgizskoi aborigennoi porodi spbak-taigan [The history and revival of the Kyrgyz aboriginal dog breed-taigan.] (Date: 12.07.2024). (in Rus.).

Ministerstvo kultury razrabotalo pravila soderjanyia taiganov i standart porady [The Ministry of Culture has developed rules for the maintenance of taigans and a breed standard] https://24.kg/obschestvo/204283_ministerstvo_kulturyi_razrabotalo_pravila_soderjaniya_tayganov_inbspstandart_porodyi (Date: 03.08.2024). (in Rus.).

Oryngaliuly A. (2018) Kazakhtyn kairan tobetteri-ai! [It's a pity for the Kazakh greyhound], Egemen Kazakhstan, 05.01.2018. (in Kaz.).

Ozmitel M. (2024) Kak sohranit kyrgizskogo taigana [How to save the Kyrgyz taigan] /https://rg.ru/2024/03/20/vozvrashchenie-tajgana.html (Date: 17.08.2024). (in Rus.).

Prezident Turkmenyi ogranichil vivoz alabayiev iz strany [The President of Turkmenistan has restricted the export of Alabai from the country] / https://lenta.ru/news/2022/07/26/alabay/ (Date: 17.08.2024).(in Rus.)

Sludsky A.A. (1939) Aziyatskaya borzaya tazy i ohota s nei [The Asian greyhound taza and hunting with it]. Alma-Ata: Kazpoligraf. 28 p. (in Kaz.).

Tokhtabay A. (2003) Kazakh tazisy [Kazakh borzoi tazy] (Kazakh, orys, agylshyn tilderinde). – Almaty: «Atamura». 160 b. [in Kazakh]. (in Kaz.).

Toktabay A. (2021) Kazakh tobeti berik qolda [The Kazakh tobet is in strong hands]. / In the book: Kazakhtyn kieli jerleri (tarihi-arhitekturalyk, etnografiyalik zertteuler, makalalar, folklorlyk derekter). Almaty: Litera-M. P. 304–309/ (in Kaz.).

Turkmenskie borsyie – Tazy [Turkmen greyhounds - Tazy] / https://turkmenportal.com/catalog/1253 (Date: 19.08.2024). (in Rus.).

V Turkmenistane prinyiali zakon o zashite genofonda mestnyh alabayiev [Turkmenistan has adopted a law on the protection of the gene pool of local Alabai] /https://mir24.tv/news/16516311/v-turkmenistane-prinyali-zakon-o-zashchite-genofonda-mestnyh-alabaev (Date: 07.08.2024). (in Rus.)

[1]Қожахметов Б. [2]Картаева Т. [3]Бейсегулова А.

[1, 2, 3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]explorer_kz@mail.ru, [2]kartaeva07@gmail.com, [3]aika_n75@mail.ru

ПРАВОВОЙ ЭТНОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ОХРАНЫ ДРЕВНИХ ПОРОД СОБАК: НА ПРИМЕРЕ ТУРЦИИ И СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация. Изучение истории и возрождение древних (аборигенных) пород собак, в том числе казахской тазы (борзой)/тобета (сторожевая), киргизской тайгана, узбекской тазы, туркменской тазы, алабая, является очень важной в условиях сложных взаимоотношений «человека и природы». Казахские, киргизские, узбекские борзые — являющиеся представителями семейства восточных борзых, встречающиеся на территории от Северной Африки до Средней Азии. А тобеты являющиеся одной из древний пород, встречаются по всей Евразии в плоть до юго-западной Азии. Нет сомнений в том, что родиной борзых и тобетов является Средняя Азия. В сознании народа прочно утвердилось представление о собаке как об одном из «семи сокровищ» казахского народа. Хотя существуют разные версии «Семи сокровищ», во всех версиях собака включена в перечень, как одно из сокровищ и знания о «собаке» передавались от отца к сыну в неизменном виде. Являющиеся одной из культурных ценностей казахского народа чистокровные породы казахской борзой и тобета в последние годы уменьшилось, а в некоторых регионах и вовсе изчезли. Численность породы борзых «жаргак» значительно ниже, чем породы «шашак». Изменение вида и типов чистокровных тобетов стало очевидным в последние годы и вызвало беспокойство среди традиционных собаководов. После общественного мнения о уменшении и изменении чистокровных тазы и чистокровных тобетов поднятые сторонниками сохранения древних пород собак, традиционных собаководов и профессиональных кинологов, это проблема получила поддержку на правительственном уровне.

Благодарность: *Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан по теме «Этнозооархеологическое изучение роли волка и собаки в древней и современной культурах Казахстана» (индивидуальный регистрационный номер: AP AP14869303).*

Ключевые слова: *Собака, борзая, кобель, семь сокровищ, святость, правовая этнология.*

[1]Kozhakhmetov B. [2] Kartayeva T. [3]Beisegulova A.

[1, 2, 3] Al-Farabi Kazakh Tational University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: [1]explorer_kz@mail.ru, [2]kartaeva07@gmail.com, [3]aika_n75@mail.ru

LEGAL ETHNOLOGICAL ANALYSIS OF THE PROTECTION OF ANCIENT DOG BREEDS: THE EXAMPLE OF TURKEY AND CENTRAL ASIAN COUNTRIES

Abstract. Studying the history and revival of ancient (aboriginal) dog breeds, including the Kazakh greyhound/shepherd dog (*tobet*), Kyrgyz sighthound, Uzbek greyhound, Turkmen greyhound, alabay breeds, is a very significant event in the context of the complicated relationship between «man and nature» nowadays. Kazakh greyhound, Kyrgyz greyhound, Uzbek greyhound is a member of the Eastern greyhound family which is found from North Africa to Central Asia. Moreover, tobets are ancient dog breeds that found from Eurasia – to south-west Asia. There is no doubt that Central Asia is considered the homeland of greyhound and tobet. The sacred consideration of the dog as one of the «seven treasures» of the Kazakh people is firmly entrenched in the minds of Kazakhs. Although there are different versions of the composition of «seven treasures», in all version the cognition of «dog» was passed from generation to generation without change. In recent years, it has been clearly seen that the number of pure breeds of Kazakh greyhound and Kazakh tobet, one of the cultural values of the Kazakh people, has decreased and it is completely absent in some regions. As well as, the number of zhargak breeds of greyhound has significantly reduced than shashak greyhounds. The change in the species of tobets has become evident in recent years and has caused concern among traditional dog breeders. Supporters of ancient dog breeds, traditional dog breeders and professional cynologists have received support at

the government level for open public opinion regarding the decline and entry into change of purebred greyhounds and purebred tobets.

Acknowledgement: The article was made within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Ethnozooar-chaeological study of the role of the wolf and dog in the ancient and modern cultures of Kazakhstan» (individual registration number: AP 14869303).

Keywords: Dog, greyhound, male, seven treasures, holiness, legal ethnology.

Авторлар туралы мәлімет:

Қожахметов Бағашар, PhD докторант (археология және этнология), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Бейсегулова Айнура Қыдырғалиқызы PhD доктор (археология және этнология), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Кожахметов Багашар, PhD докторант (археология и этнология), Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Картаева Таттигул Ерсайыновна, кандидат исторических наук, профессор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевна, PhD доктор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kozhahmetov Bagashar B., PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan.

Kartaeva Tattygul E., Candidate of Historical Scienses, Professor, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan.

Beisegulova Ainura K., PhD, Al-Farabi Kazakh national, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 18 маусым 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАМР 13.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.187

***[1]Калменова Ж.Ш.** **[2]Абжаппарова Б.Ж.**
[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан.
E-mail: [1]zhanar.klm@mail.ru,[2]hadisha_1960@mail.ru

ОМАН СҰЛТАНДЫҒЫНЫҢ ДІНИ-ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа. Оман Сұлтандығы Парсы шығанағындағы ерекше мемлекет, халқы өте қарқынды дамып келе жатқан, гүлденіп отырған қоғамда өмір сүріп жатыр. Мақала жаңалығы – елімізде аса терең зерттелгемен Оман Сұлтандығының өміріне енген түрлі этностардың өмір салтын, дәстүрлерін, діндері мен елге келіп қоныстану тарихы, оған қоса, елдегі тілдердің ерекшеліктері қарастырылды. Оманда белуджи, бахаи, луати, занзибари, үнді сияқты көп таралған этностардың Оманды географиялық жағынан қай аймақтарды қоныстаған, қоғамға сіңу жолы зерттелді. Мақалада Оман Сұлтандығының кейбір тарихи оқиғалар мен тарихи аспектінің этностық құрылымына қалай әсер еткені талданды. Мақаланың практикалық маңыздылығы – Парсы шығанағы елдерін, шығыстану, халықаралық қатынастар мәселелерімен айналысатын зерттеушілерге септігін тигізеді. Мақала «Оман» сөзінің шығу тарихының варианттарын, зерттеушілердің қалдырған түсіндірмелерін қарастырады. Омандағы халық қандай діндерді ұстанатыны, қай түпкірде қандай дін көбірек таралғаны туралы айтылды. Бұл елде танымал тайпалар мен этностардың тарихын, өмір салттарын, ерекшеліктерін, қай мекендерді қоныстанатынын талдадық. Елдің діни төзімділік пен қоғам ішіндегі бейбітшікті ерекше қолдап отырғанына назар аударылды. Мақаланы жазу әдістемесі – анализ-синтез, дедукция, формализация әдістері қолданылды, ашық элекронды көздер, бұл тақырыпты зерттеген шетел және отандық ғалымдарының еңбектері пайдаланылды.

Түйін сөздер. Оман Сұлтандығы, араб тайпалары, этностар, тілдер, діни төзімділік, бейбітшілік.

Кіріспе

Омандағы этностар тақырыбын зерттеген авторлар арасында Ахмед Әл-Исмаилидің «Ethnic, Linguistic and Religious Pluralism in Oman: The Link with Political Stability» атты еңбегі Оман Сұлтандығының этностары тақырыбын терең зерттеген. Алайда еңбегінде кейбір халықтар туралы нақты ашық ақпараттардың жоқтығын да атап кетеді. Джон С. Уилкинон ибадизм діни ағымын зеттеген «Ibadism.Origins and Early Development in Oman» атты еңбегінің орны ерекше. «Оман халқының тарихы» деген еңбекте д. Саид Абд әл-Фаттах Ашур тарих тақырыбын ашып береді, осы автордың еңбегі де қарастырылды. Сондай-ақ А.М. Аль-Рахби, В.Н. Зарытовская Оман топонимдері туралы тақырыпты ашып берген. Осы еңбек зерттеу жұмысымызда өзінің үлесін қосты. Мохамед Исхак Факир Мохамед Омандағы дуру тайпасының әдеттері мен өмір салтын терең зерттеген жұмысы қолданылды.

Оман Сұлтандығының ақпарат министрлігі шығарған кітабы елдегі мемлекеттік құрылым, әлеуметтік-экономикалық бағдарлары туралы жан-жақты, әрі толық мәлімет беретін пайдалы дерек те қолданылды. Оған қоса, Сыртқы істер министрлігі, Білім беру кеңесі сияқты мемлекеттік органдардың ашық электронды ақпараттар көздері пайдаланылды. Мақалада анализ-синтез, дедукция, формализация әдістері қолданылды. Мақалада негізінен баяндау, сипаттау мен талдау әдісі қолданылады.

Талқылау

Тұрмыс деңгейі нашар елін әлемдегі алдыңғы қатарлы араб елдерінің қатарына енгізген Сұлтан Қабус бен Саид Оман Сұлтандығының экономикалық-әлеуметтік бағдарының негізін салды. Бұндай дәрежеге жеткен, гүлденген даму дәрежесі жоғары мемлекеттің халқы мен этностары ынтымақтаса, бейбіт тұрмауы мүмкін емес. Мақалада бұл елдің халқы, тілі, этностарының құрылымы зерттеледі. Шығанақтағы өзіндік орнын алған, дамуға бағдар алып отырған Оманның бейбіт өмірінің мәнінің бір қыры деп ішкі бейбітшілік пен этностарға көрсететін төзімділігінде екені сөзсіз. Оман Сұлтандығының билігі мен халқы бейбітсүйгіш, жергілікті әрі халықаралық деңгейде қандай да болса текетірес не жанжалдарға араласудан алшақ, әрі қайшылықтарды шешуде өз үлесін қосуға атсалысуға тырысады.

Оман Сұлтандығы – терең тарихы мен орасан мұрасы бар таза араб елі, ол араб ұлтының исламға дейінгі және ислам дәуіріндегі тарихы беттерінде шынымен қадірлі орынды иеленеді деп саналады (دكتور سعيد عبد الفتاح عاشور "تاريخ أهل عمان, 2024). Оман сұлтандығының георгафиялық орналасу қолайлылығы мен оның сауда-саяси қарым-қатынастарының ерекшеліктеріне орай халқы түрлі энтостардан құралған.

Оман жерінде ғасырлар бойы үш түрлі мәдениет болды. Біріншісі – теңіз, екіншісі-оазисті-ауыл шаруашылық, үшіншісі – көшпенді. Олардың арасындағы ықпалдастық ел бірлігінің негізі еді. Теңіз жағалауындағы тұрғындар өзгерістерге бейім, жаңа құбылыстарды бойларына сіңіруге дайын болса, ішкі аймақтар тұрғындары тайпа дәстүрлерін сақтануға әлдеқайда жақын болды (Плеханов, 2003: 20).

Зерттеу жұмысымыз «Оман» сөзінің өзінің шығу тарихын қарастырған жөн деп санайды. Мемлекет атауының шығу тегіне қатысты зерттеушілердің көзқарастары өзгешеленеді. Кейбір зерттеушілер оны кахтанидтердің бір тайпасымен байланыстырады. Ал өзгелері «оман» сөзі «тұрақ орны» деген мағына білдіріп елдің атауына енгенін атап кетеді. Араб филологы Ибн әл-Араби (VIII – IX ғ) былай деп дәлел келтіреді: «аман» сөзі бір жерде тұрақты өмір сүретінді білдіреді, отырықшы өмір салтын жүргізетін адам «амин» немесе «аммун» жайлы айтылады. «Оман» да бұған түбірлес келеді». Араб грамматигі әл-Заджаджи былай деген: «Оман елі Оман бен Ибрахим әл-Халил құрметіне аталды». Тарихшы Ибн әл-Калби: «Оман – Оман бен Саба бен Ягсан бен Ибрахим Халил әл-Рахман атымен аталды, себебі ол Оман қаласының негізін салған» (عمان 2020).

Алайда ең көп таралған көзқарас бойынша, «азд» тайпалары өздері қоныстанған Оман алқабының атын елге көшірді. Рим тарихшыларының Оманның қала ретінде атап кеткен кезі б.з. I ғ. еді. Оман тағы басқа атаулармен де әйгілі болды. Месопотамия шумерлері оны «Маджан» деп атаған, ал парсылар «Мазун» деген атпен. Соңғы атау «музн» сөзінен шыққан, оның мағынасы «нөсер жауын жауған бұлттар». Расында да, аса қолайлы климат Оманда ауыл шаруашылығының дамуы мен гүлденуіне атсалысты да, құнарлы жерде өркениеттің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз етті (عمان 2020).

Мемлекет атауы араб тілінің классикалық болып саналатын үш түбірлі сөзде айн-мим-нун ع-م-ن сөзден шыққан. Дәл осы түбір Иордания Хашимит Корольдігінің астанасы Амман – арабша عمان деп жазылады. Осы екі сөздерде «харәкаттар» (қысқа дауыссыз дыбыстарды бейнелейтін арнайы белгілер) қойылмаса, кейде қиыншылықтар пайда болады, атап айтқанда, Хашимит Корольдігінің астанасы ма, немесе Оман туралы ма, қайсысы жайлы айтылып жатқаны жайлы тек мәтін мағынасын талдап қана түсінуге болады (Аль-Рахби, Зарытовская, 2023).

Оман Сұлтандығы діни, этникалық, лигвистикалық плюрализмге бай әрі көптілді ел. Оман Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінде мүше ел. Азаматтары араб тілінің омандық диалектісінде немесе Шығанақ елдеріне жақын диалектісіде сөйлейді. Бұқаралық ақпарат көздерінде, білім беру салалында, ресми және үкімет қызметінде таза әдеби араб тілі қолданылады.

Оманда Араб тілінің омандық, халиждік, дофарлық, бахрейндік диалектілері қолданылады. Оған қоса, халқы суахили, белуджи, мехри, шехри/джабали, кумзари, луати т.б. тілдерінде сөйлейді.

Оманда ислам, бахаи, индуистік діндер таралған. Ибадизмді ұстанатын мұсылмандар, сунниттер, шииттер, ал этникалық жағынан арабтар, занзибари, белуджи, луати, үнділер, парсылар, баясира және басқалар өмір сүреді.

Дәстүрлі омандық мәдениетте «`абид» (арабшадан аударғанда құл) немесе «баясира» терминінің бірнеше ұғымдары бар. Оның біреуі, осы түсінік бұрын болған құлдарға, құжаттары жоқ немесе өздерінің этникалық шығу тегін білмейтін омандықтарға сілтейді. Оған қоса, баясира негізінен қара нәсілді емес, араб ұлтына жатуы әлдеқайда ықтимал, сондай-ақ кейбір омандықтар оларды омандық арабтар мен құл болған әйелдердің балалары деп санайды (Al-Ismaili, 2018).

Оман жағалауындағы алуан этникалық топтардың шоғырлануы кейбір тарихи себептері:

1. Оманның географиялық орналасуы ыңғайлылығы себебінен, елдің жағалауында түрлі этностар келіп қоныстанған. Ормус патшалығы мен потугалдықтар Йаруба династиясының (1624–1741 ж.) заманына дейін осы жерде үстем еді. Содан Йаруба өкілдері португалдықтарды Оман және Үнді мұхиты аймағынан біржола ығыстырған соң Йаруба еліндегі ішкі текетірестерді шешу үшін белуджидің қарулы күштеріне жүгінді.

2. Оманның тарихи әдебиетінде «ваххабиттік шапқыншылық» деген атаумен танымал оқиғаның негізінде саудиялық шапқыншылық жатыр. Бұл шапқыншылық өз ізін қалдырып, Руб әл-Хали шөліне қараған Сауд Арабиясымен шекаралас жерлер бойында ваххабиттер доктринасы таралды. Ваххабизм оңтүстік батыс (шөлден) аймақтан еніп, осы жерлерде үлкен ықпал етті (Al-Ismaili, 2018).

Оман тайпаларының саны айтарлықтай көп, олардың саны екі жүз отызға жетеді.

Мәселен, дуру тайпасы бедуиндік қауымның бір мысалы. Дуру тайпасының тіршілік ету мекені Оман Сұлтандығының батыс аймақтарында, Сауд Арабиясы Корольдігі мен Біріккен Араб Әмірліктерімен шекаралас жерде шоғырланған. Дуру өкілдерінің саны сан алуан санақ бойынша алтыдан он бес мың адамға дейін жетеді. Дуру тайпасының басты дәстүрлі ісі малшылық болды, күз, қыс пен көктемде олар түйе, ешкі қой бақты. Аптап ыстық кезде шөл даланы тастап, оазистерге кететін (Мохамед Исхак Факир Мохамед, 2011: 2).

Дуру тайпасында неке қиюдың көптеген түрлері болды. Ұзақ уақыт бойын эндогамды некелер ең көп таралған деп саналды, бұл – қауым ішіндегі некелер. Әке жағынан немере қарындасты алу эндогамды некелердің ішіндегі ең абзалы деп саналды. Дуру мәдениетінде «рафқат бинт әл-‘амм» деп аталатын жүйе болған. Оның мәні – немере қарындасқа үйленуге қауым мақұлдаған құқық болып саналды, ал әкесі ешбір себеппен қызын күйеуге немере ағасынан басқа ешкімге бере алмаған (Мохамед Исхак Факир Мохамед, 2011: 2).

Тайпада дәстүрлерге сай «фуркан», алмасу некесі, «мукаида», «сороpат», «левират» деп бөлінеді. Дуру тайпасында оған қоса баланың дүниеге келуі, аяғы ауыр әйелді күту сияқты әдеттері өте көп. Бұл тайпаның кейбір тұрмыстық ерекшеліктері осындай.

Белуджи. Қазіргі кезде Омандағы ең ірі тайпалардың бірі. Оның өкілдері елдің барлық түпкірлерінде таралған, алайда негізінен жағалау аймақтарда көбірек тұрады. Белуджилердің Омандағы әлеуметтік және саяси рөлі соңғы уақытта өсуде. Олар омандықтармен әлеуметтік және саяси қырларынан біріге алды. Әрі олардың кейбіреулері ибадизмді қабылдады. Белуджилердің басым көпшілігі өздерінің сунниттік дінін сақтап қалуларына қарамастан, кейбіреулері шиіттермен араласып, шиит болды.

Көп белуджилер Оман тайпаларының арасында өмір сүріп, өздерінің діни рәсімдерін өткізеді. Белуджилер, әсіресе жағалау аудандарында тұратындары өздерінің әлеуметтік

нормалар мен әдет-ғұрыптарын сақтайды. Мысалға қай жағынан болсын, мерекелік дәстүрлерде болсын, үйлену тойлары мен діни мерекелер сияқты немесе тағам дәстүрлерін сақтап отырады. Осылайша, балуджилердің тәуелсіз мәдени тұлғасы ұрпақтан-ұрпаққа берілді. Омандағы белуджилер жыл сайын Омандағы басқа этникалық топтардан ерекшеленетін дәстүрлі мәдениетті көрсететін мәдени апталық өткізеді. Бұл мәдениет Оман қоғамының этнологиялық ерекшеліктерінде маңызды оң рөл атқарды және бүгінгі күні олар Оман саяси тепе-теңдігінде маңызды этнологиялық фактор болып табылады деп айтуға болады (Al-Ismaili, 2018).

Лауати. Кейбір тарихшылар лауати халқының тамыры Омандағы араб тайпаларынан шыққан дейді. Ал басқалары оларды Хайдарабадтықтарға (Отандары – Хайдарабадтан шыққан) жатқызады, дәл солай белуджилердің атауы шыққан жері Белуджистанмен байланыстырады. Алайда үнділік Хайдарабад туралы сілтемелер соңғы отыз жылдай шамасында пайдаланылмайды. Лауатилердің өмір салттары мен ойлау ерекшеліктері белуджилерден өзгеше. Лауати халқы Муттра қаласында орналасқан Сур әл-Лауатия атты тұрғын ауданында тұрып, өздерінің өзіндік мәденитін, діни рәсімдерін сақтап отырды. Олар көршілері белуджилер сияқты өзге этникалық топтармен бірікпеді. Бәлкім бұның себебі шиит дінін ұстануында болар. Суниттік және ибадиттік мазхабтардан ерекшеленетін шииттік дәстүрлерін ұстанады. Оған қоса, белуджилер омандықтармен тарихи шиеленістерді шешіп, омандық қоғамға сіңе алды, ал лауати омандықтарға қарсы әскери қақтығыстар бастамағанына қарамастан, олай жасамады. Олар саудагерлер еді, әрі өздерінің мекені Сур әл-Лауатияда қоныстанды, кейбіреулері әл-Батинада кішігірім қоғамдар жасады (Al-Ismaili, 2018).

Лауати халқынының өзінің «ходжи» деген тілі бар. Осы атаумен бұрын лауати халқы аталған еді. Әл-Батинада тұрған Лауати халқы басқа халықтармен бірігіп, өз тілдерінде емес, араб тілінде XX ғ. ортасында кеңінен меңгеріп, сөйлей бастады.

Күн көру мәселесінде олар омандықтарға ешқашан тәуелді болмаған әрі оларға сенім артпаған, себебі өздері ел астанасы – Масқатқа саудагерлер ретінде келген еді, сонымен қатар Үндістанның Мултан жерінің жоғары таптарынан шыққан болар.

XVIII ғасырда Әл-Саид әулетінің негізін қалаған имам Ахмед Бусаид Масқатта болған сапарында алдымен Бани Хасан тайпасымен, содан кейін Луватилермен, содан кейін халықтың қалған бөлігімен кездесті. Оқиғалардың бұл реті Луватилердің әлеуметтік дәрежесін көрсеткен. Демек, Омандық тайпалармен ассимиляцияға ұшырауға өздерін мұқтаж деп санамаған, қаражаттары жеткілікті, олар Матрахтағы дәстүрлі базарда үстемдік етті, әрі Батинадағы әл-Хабура атты тарихи базардың көптеген дүкендерін иеленеді.

Бұл факторлар жабық ортаның құрылуына түрткі болды, осы ортада лауати халқы өмір сүрді, салт-дәстүрлерін, тілдерін, мәдениетін, ерекше діни рәсімдерін сақтап отырды. Олар экономикалық және саяси жағынан маңызды стратегиялық теңгерімдерді білдіреді. Олардың орталық саяси билікті қолдауы бұған дәлел ретінде қарастыруға болады. Оманның ішкі аймақтағы ешбір тайпа немесе имаматтар діни немесе этникалық себептерге сай луватилер қарсы қандай да агрессия әрекеттерін жасаған емес (Al-Ismaili, 2018).

Осыған қоса, Оманда тұратын басқа халықтардан занзибари, парсылық бахаи, үнділерді атап кету керек.

Занзибари халқы Сұлтан Кабус бен Саид билігі кезінде Занзибардан келген.Олар үш ғасыр бұрын Шығыс Африкаға қоныс аударған омандық араб тайпаларының ұрпақтары деп саналады. Олардың көп саны Саид III бен Таймурдың билігі кезінде елдің экономикалық және саяси жағдайының нашарлығы себебінен көшіп, Кабус Сұлтанның таққа отыруынан соң қайтып оралды. Олардың кейбіреулері ерте мемлекетте маңызды қызметтерді атқарды, өйткені олар көбінесе жоғары білімді және көптілді болған – көпшілігі ағылшын, занзибари, араб тілінде сөйледі (Al-Ismaili, 2018).

Үнділер. Омандықтар мен саяхат туралы әдебиеттерде бұл жұрт «бәниан» деп аталады. Сауда саттық оларды Оман жағалауына әкелді де, Оман мен Үнді мұхиты арасындағы сауда тарихын қалыптастырды. Олар тек сауда саласында қызмет етеді, дене бітімдері жіңішке келеді. Олар саяси қоғамда ықпалы аз, алайда саяси экономикада біршама беделдері бар. Әлеуметтік табиғаты бойынша үнділер бейбітшіл, діни соғыстарға немесе әлеуметтік қақтығыстарға қатысқан емес. Үнділердің кейбіреулері Оман жағалауында қоныстанып, Қабус сұлтанның билігі кезінде индуизм дінін еркін ұстанған еді.

Ибадизм – Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с) дүниеден озған соң ширек ғасыр өткеннен кейін орын алған азаматтық соғыс нәтижесінде пайда болған Исламдағы үшінші үлкен бөліністің бір тармағы, яғни харижидтер бөлінісі, олар өздерін «Мухаккима» деп атағанды жөн көреді. Ол Солтүстік Африкадағы (Мағриб) кейбір оқшауланған қауымдастықтарда сақталып отыр. Омандықтар айтқандай, нағыз ілім құс сияқты, жұмыртқасы Мәдинада салынып, Басрада жарылып шықты да Оманға ұшып кетті.

Бір қызығы, Ибадидің шығу тегі туралы стандартты мәліметтер Басрада да, Оманда да емес, ішкі Мағриб көздерінде пайда болды.

Ибадитер шығу тарихы келесідей болды. Өзінің атын Абдулла ибн Ибадтан алған ибәдилер Саффин шайқасынан кейінгі арбитраждық келісімнің нәтижесінде халифа Әлиден Мухаккиманың бөлінуінің нәтижесінде пайда болды. Олардың бірлігі екінші фитна (саяси-әскери шайқастар) дағдарысында (684 жылы басталған азаматтық соғыс) бұзылды, сол кезде олар үш негізгі топқа бөлінді: экстремист Азарика мен ынсапты Ибадилер қарама-қарсы полюстерде және үшіншісі Суфрилер солардың ортасында еді. Басрада жасырын (китман) жұмыс істейтін бірқатар имамдардың жетекшілігімен, олардың арасындағы ең біріншісі болған Жәбер Бен Зәйд қозғалыстар басталды, әсіресе оның мұрагері Әбу Убайда Мүслім Бен Әби Кәрим басқарған кезде қозғалыс белсене түсті. Бұдан соң Абдулла Бен Яхья әл-Кинди (Талиб әл-Хаққ) басшылығымен Арабияның оңтүстік-батысында уақытша имамат құрылды.

Оман диалектісі. Оманның ресми тілі-араб тілі. Араб тілі әлемде кең таралған тілдердің бірі, жиырмадан аса елде халық араб тілінде сөйлейді. Әр елдің географиялық орны, тарихы мен өзінің дербес ерекшеліктеріне сай сан алуан диалектілер де қалыптасқан. Әдеби «фусха» тілі ресми қарым-қатынас, БАҚ, әдебиет тілі болса, диалект ауызекі қарым-қатынас тілі.

Араб тілінің Омандық диалектісі стандартты араб тілінен айтарлықтай өзгешеленбейді. Араб елдерінің қоғамында диалектілер күнделікті қарым-қатынас тілі болып саналады. Бір мемлекеттің ішінде де тұрғындар сан алуан тілдерде сөйлейді, мысалға бір аймақтағы диалектілерді өзге аймақ тұрғындары түсіне алмайды. Оған мысал, Оманның таулы аймақтарындағы тұрғындар «джебели» диалктісін Масқат тұрғындары меңгермеген.

Кейбір диалектілер тіпті бөлек тіл ретінде оқытылады, мысалға мысырлық тіл. Солтүстік Африкадағы Марокко, Алжир сияқты елдерде араб тілі де француз бен бербер тілдерімен араласып диалектіні құрайды.

Оман Сұлтандығы диалектісінің кей ерекшіліктері келесідей:

1. Әдеби араб тілінде ج«джим» деп оқылатын әрпін «g» деп оқылуы:

І кесте. «Джим әрпі»

«Джим» әрпі бар араб сөзі	**Аударылуы**	**Әдеби оқылуы**	**Диалектіде оқылуы**
جريدة	газет	jarida	garida
جب	әкел	jib	gib

2. Әйел адамдарға қатысты тәуелділік «ish» жалғауының жалғануы:

II кесте. «Ish жалғауы»

Араб тілде	Диалектіде	Аударылуы	Әдеби оқылуы	Диалектіде оқылуы
كيف حالك؟	كيف حالش؟	қалың қалай?	keifa haluki	keifa halish
لك؟	مالش؟	сенің	laki	malish

Сонымен қатар, сөздер қысқартылып, әдеби тілде «хамза» айтылуы сақталмайды. Халық тілді өздеріне ыңғайлатып пайдаланатыны көрінеді. Белгілі – бір аймақта немесе қалада қолданылатын диалект түрі омандық мәдениеттің бір бөлшегі. Оманда тілдер түрлері солтүстіктегі Мусандамнан оңтүстіктегі Дофарға дейін өзгешеленеді. Қоғамдағы халық санаттары бойынша әлеуметтік жағынан, тайпалар тұрғысынан түрленеді. Оған қоса, балықшы, бақташы, агроном сынды дәстүрлі кәсіп иелері, немесе ауылды мекендерді қоныстанатындар, қала тұрғындары, бәдәуилер, зиялы, білімді қауым, саудагерлер болсын, және заманауи мамандықтарды меңгерген, қариялар, жастар сияқты топтардың тілдік ерекшеліктері бар.

Омандық диалекті аймақ және әлеуметтік орын бойынша «Әл-Масқатыйя» (масқаттық), «Ән-Низуанийя» (низуалық), «Әл-Сахилия» (жағалаулық), «Әл-Бәдәуия» (бәдәуилік) т.б. болып аталады (العامية العمانية المعاصرة؛ دراسة في المفاهيم والمصطلحات والأنواع.).

Зерттеу нәтижелері

Ел өз көршілерімен бар келіспеушіліктерді шешуге қол жеткізді, негізінен Қабус Сұлтан еңбегі мен даналығы арқасында. Мәселен, Бурайми оазисі бойынша Сауд Арабиясымен болған дауды Сұлтан Қабус 1974 жылдың қазан айында Эр-Риадқа сапар шегіп, Файсал королімен кездесті. Кездесуден кейін бірлескен мәлімдеме шықты, мәлімдемеде Сауд Арабиясы Оманға қосылған Бурайми оазисіндегі Бурайми, Саара, Хамаса деген үш ауылын мойындады. 1990 жылы Сұлтан Қабус Эр-Риадқа сапарынан кейін екі ел арасында демаркация жөнінде келісімге қол қойылды (Wilkinson, 2010). Оған қоса, Оман тарихында орын алған Дофар (1965–1975) соғысын Сұлтан тоқтата білді. Бұл соғыс Сұлтан Саид бен Теймурдың озбыр билігіне қарсы көтеріліс ретінде басталған. Көршілес Оңтүстік Йеменде марксистік үкімет билікке келгеннен кейін көтерілісшілер коммунистік идеологияны қабылдады және қақтығыс көптеген сыртқы субъектілердің қатысуымен аймақтық соғысқа айналды. Сұлтанды Ұлыбритания, Иран және Иордания қолдады (Paul, Clarke, Dunigan, 2013). Оман 1975 жылы Сұлтан Қабус билігіне дейінгі уақытта аймақтық және ішкі сәтсіздіктер цикліне шыға алмады. Жаңа сұлтан елге тұрақтылық әкелді. Сұлтан Қабус билікке келгеннен кейінгі уақытта дүниеге келген омандықтар елді онымен ғана байланыстырады. Билігі кезінде Сұлтан кең танымал еді, себептерінің ірі деп, ол артта қалған елді модернизациялауға кірісті. Ол билікке келген кезде Оманда тек үш мектеп пен 10 км жол бар еді (Gozanky, Halevy, 2020).

Оман медиатор рөлін шебер орындайды. Йемен дағдарысы кезінде мәселенің қиындығына қарамастан барлық тараптармен жақсы қарым-қатынастарды сақтай алды (Al-Sunaidi, Tarawneh, Snidi). Оман Сұлтандығында діни төзімділік билік принциптерінің бірі. Елдің негізгі Заңы жеке дара бостандықтар мен олардың құқықтық аясында жүзеге асырылуына кепілдік беріледі. Жеке статус туралы заң Сұлтандық аймағында өмір сүретін мұсылман емес халыққа өз діндерін ұстануға және Оманның құқықтық нормаларына қайшы келмейтін салт-дәстүрлерді орындауға құқық береді .

Бейбітшікте өмір сүруге қолғабыс ету мақсатында, елдің билігі 1974 жылғы Қылмыс кодексіне діни және ұлтаралық қайшылықтарға үндеу үшін жаза қосты. Кодектің 130 бабы 2

бөліміне сәйкес осындай қылмыс үшін он жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделеді () (عمان 2020).

Сұлтандық қауіпсіздік көрсеткіштерінен әлемдік рейтингтерде бірінші орындарға ие болуы таңқаларлық емес. Ал оның қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы саясатын халықаралық ұйымдар жоғары бағалап, елде қорлық-зомбылық, қылмыс пен террористік қатердің төмен деңгейін ата кетеді. Неміс «Интернэшн» ұйымы 2019 ж. өткізген сауалнамасына сай, Оман өмір сүру деңгейі жоғары және әлемдегі ең қауіпсіз елдер қатарына кірді (عمان 2020).

Оман өркениеті ежелгі тарихтың барлық кезеңдерінде өзінің теңіздегі көшбасшылығымен және ежелгі дүние өркениеттерімен тығыз тарихи байланысымен белгілі болды. Сондай-ақ басқа кезеңдерде де ықпалды теңіз, саяси, сауда және мәдени күш болды. Оман Сұлтандығының материалдық және материалдық емес мәдени мұрасы Оман ұлттық бірегейлігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қазіргі Омандық қайта жаңғыру процесінің басынан бері үздіксіз сақтау мен назарға алынды. Тарих кітаптарында ерте заманнан бері Оманға көптеген араб тайпаларының келіп қоныстануы баяндалады, ал тарихи деректерде алғашқы үлкен көшті біздің заманымыздың бірінші ғасырдың аяғында Мәлік бен Фахм әл-Азди басқарғаны айтылады (Оман Сұлтанығының Сыртқы…, 2024).

Қорытынды

Тақырыбымызды талдап, зерттей келе Оман Сұлтандығының бай әрі күрделі тарихының нәтижесінде этникалық әртүрлілік дамығанын айғардық. Әрі бұл ел атауының шығу тегі жайлы сан алуан пікірлерді зерттедік. Территориялық аймақ пен көрші елдердің ықпалынан белгілі бір діни ағымдар басым таралуы аталып кетті. Таулы аймақтарда көне Йемендік тілде сөйлейтін тұрғындар «джабали» тілі солай аударылады – «тау тілі» деген мағына береді. Бұл тілді мысалға, араб тілінде немесе араб тілінің халиж (шығанақ) диалектісінде сөйлейтін азаматтар мүлде түсінбейді. Бұған қоса, мақалада айтып кеткеніміздей сан алуан халық өкілдері бейбіт өмір сүріп келеді.

Оман Сұлтандығының басқа елдерден ерекшелігінің бірі деп азаматтарының басым көпшілігі ислам дінінің ибади ағымын ұстанатыны айтып кетуге болады. Бұл дін бейбітшілік пен соғыс пен зорлықтың барлық түрлеріне қатаң түрде қарсы болатыны мемлекеттің сыртқы саясатын да айқындады. Осы мемлекет ұзақ уақыт бойы жабық болып келді. Бейбіт бағытты ұстанатын ел ешбір қақтығыстарға араласпауға тырысады. Дофар мұхафазасының көтерілісінен басқа елде ішкі ірі қайшылықтардың куәгері болмады.

Мемлекеттің Сыртқы істер министрлігінің веб-желісінде діндер бостандығы мен құқықтары туралы айқын мәлімет берілген:

Оман Сұлтандығының үкіметі азаматтарының негізгі құқықтарын, оның ішінде діни сенім, білім бостандығын қорғауға мүдделі. Мемлекеттің негізгі заңы сенім бостандығына кепілдік береді (Оман Сұлтанығының Сыртқы…, 2024).

Омандықтардың басым көпшілігі ислам дінін ұстанады, басым бөлігі ибади мазхабын ұстанатындарға қоса, сунниттік және шиіттік азаматтар да бар. Оман қоғамының құрамына исламның әртүрлі мазхабтарының ізбасарлары ғана емес, сонымен қатар, үнділер, буддистер, христиандар, еврейлер, бахаилер және мармондар азаматтары да кіреді.

Мемлекеттің Негізгі Заңы дінге байланысты кемсітуге тыйым салады және діни рәсімдерді орындау еркіндігін белгілейді.

Сонымен қатар, қоғам мен оның мүшелерінің бірлігін қорғау үшін азаматтар қоғамдық ортада өздерінің салт жораларын орындаған кезде, олар заңға, мемлекеттік саясатқа және қоғамдық нормаларға құрметпен қараулары тиіс.

Оманның Қылмыстық кодексінде барлық Авраамдық діндер (тек ислам ғана емес) қиянат жасаудан қорғалған.

Ислам мемлекеттік дін болып саналады, ал ислам құқығы – заңнаманың негізі ережелері Азаматтық және коммерциялық іс жүргізу кодексіне және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес жүзеге асырылады (Mokhamed Iskhak Fakir Mokhamed, 2011).

Мемлекеттің Негізгі Заңы секталармен (Сұлтандықта тыйым салынған) күресу үшін әртүрлі ислам мазхабтары мен басқа діндер арасындағы диалогты ілгерілетуді ынталандырады. Ол сондай-ақ қоғамдық келісім мен толеранттылық құндылықтарын қолдайды.

Мемлекеттік мектептерде ибади, суннит және шиит студенттері бір-бірінен ажыратылмай бірге оқиды. Сұлтандықтың қыры намаз сияқты діни рәсімдерде де қоғамдық келісіммен сипатталады. Түрлі мазхабтардың ұстанушылары мешітте бірге намаз оқиды.

Бұл дербес рәсімдерге де қатысты, өйткені әртүрлі мазхабтардың ізбасарлары арасындағы неке Оман Сұлтанатында кең таралған тәжірибе болып табылады.

Индуизм және буддизм сияқты басқа діндерді ұстанатын омандықтар толеранттылық, өзара сыйластық және қонақжайлылық сияқты Омандық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ұстанады.

Оман қоғамының барлық топтары дінді радикалды ағымдардан қорғауға бағытталған халықаралық күш-жігерді қолдайды және адамзат қауымдастығы мүшелері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған әлеуметтік бастамаларға белсенді қатысады [8].

Шығанақтағы ерекше мемлекеттің діни-этникалық құрылымының бір қырын зерттеуімізді қорытындылай келе, елдің алуандығын, әртүрлілігін атап кету керек деп санаймыз. Өзге халықтардың өкілдері елдің жан-жақты дамуына өздерінің үлкен үлестерін қосып отыр, олардың рөлдері маңызды себебі жергілікті халықтың санынан асып отыр. Әр тайпа өзіндік болмысын, әдет-ғұрыптарын қастерлеп, сақтап отыруға ұмтылады. Бір елдің ішінде сан алуан тілдердің өмір сүріп отырғанын да таңғаларлық жайт. Оңтүстіктің өзінде төрт тілдері бар – мехри, харсуси, шехри, батари. Сондай-ақ омандық диалектінің ерекшеліктері қарастырылды.

Әдебиеттер:

Al-Ismaili A. Ethnic, Linguistic and Religious Pluralism in Oman: The Link with Political Stability. Published by:Arab Center for Research& Policy Studies. 2018. Vol. 1. № 3. P. 58–68.

Al-Sunaidi K.bin, Tarawneh S., Snidi K. The Sultanate of Oman`s Foreign policy towards the Yemeni crisis: Pillars and Limitations, 2022. 111 p.

Gozanky Y., Halevy E. The End of Qaboos Era, Institute for National Security Studies, 2020. 2 p.

Paul C., Clarke C.P., Dunigan M. Paths to Victory, 2013. 274 p.

Wilkinson J. Ibadism. Origins and Early Development in Oman. Oxford Oriental Monographs, 2010. 8 p.

Аль-Рахби А.М., Зарытовская В.Н. Структурно-семантические особенности топонимов Омана как отражение языковой ситуации и материальной и нематериальной культуры страны. Российский университет дружбы народов, 2023. 7 б.

Мохамед Исхак Факир Мохамед. Семейная обрядность племени дуру Султаната Оман, 2011. 2–4 бб.

Оман Сұлтанығының Сыртқы істер министрлігі // [Электронды ресурс] URL: https://www.fm.gov.om/about-oman-ar/state-ar/religious-freedom/?lang=ar. (Қаралған күні: 15.05.2024).

Плеханов С. Реформатор на троне, 2003.

د.محمد بن سالم المعشني . اللهجات واللغات العامية العمانية المعاصرة؛ دراسة في المفاهيم والمصطلحات والأنواع.
(Мохаммад бен Салим Әл-Ма`ашани. Оманның заманауи диалектілері мен ауызекі тілдері; Тұжырымдамалар, терминдер мен түрлерді зерттеу)

دكتور سعيد عبد الفتاح عاشور "تاريخ أهل عمان (Саид Абд әл-Фаттах Ашур «Оман халқының тарихы», 2024)

عمان 2020 («Оман 2020» – Оман Сұлтандығының ақпарат министрлігі)

References:

Al-Ismaili A. (2018) Ethnic, Linguistic and Religious Pluralism in Oman: The Link with Political Stability. Published by:Arab Center for Research& Policy Studies. Vol. 1. № 3. R. 58–68.

Al-Sunaidi K.bin, Tarawneh S., Snidi K. (2022) The Sultanate of Oman`s Foreign policy towards the Yemeni crisis: Pillars and Limitations. 111 p.

Gozanky Y., Halevy Ye. (2020) The End of Qaboos Era, Institute for National Security Studies, 2020. 2 p.

Paul S., Clarke C.P., Dunigan M. (2013) Paths to Victory. 274 p.

Wilkinson J. (2010) Ibadism. Origins and Early Development in Oman. Oxford Oriental Monographs, 2010. 8 p.

Al-Rakhbi A.M., Zarytovskaya V.N. (2023) Strukturno-semanticheskiye osobennosti toponimov Omana kak otrazheniye yazykovoy situatsii i materialnoy i nematerialnoy kultury strany. Rossysky universitet druzhby narodov. 7 b. (in Rus.)

Mokhamed Iskhak Fakir Mokhamed (2011). Semeynaya obryadnost plemeni duru Sultanata Oman [Family rituals of the Duru tribe of the Sultanate of Oman]. 2–4 bb. (in Rus.)

Oman Sultandygynyn Syrtky ister ministrligi (2024) [Ministry of Foreign Affairs of Oman] // [Elektrondy resurs] URL: https://www.fm.gov.om/about-oman-ar/state-ar/religious-freedom/?lang=ar. (Karalgan kүni: 15.05.2024). (in Kaz.)

Plekhanov S. (2003) Reformator na trone [Reformer on the throne]. (in Rus.)

الـمـ فاهيم فـ ي دراسة عاصرة؛الـم الـ عماند ية الـ عامـ ية والـ لـغات الـ لهجات . الـمـعـ شدني سالـم بـ ن محمدد. والأدـ واع والـمـ صطـ لحات. [Modern dialects and spoken languages of Oman]

عمان أهل تـ اريـ خ" عـ اشور الـ فـ تاح عـ بد سعـ يد دكـ تور [Said Abd al-Fattakh Ashur History of the People of Oman, 2024] (in Arab.)

عمان 2020 [«Oman 2020» – Ministry of Information of the Sultanate of Oman]

[1]Калменова Ж.Ш. [2]Абжаппарова Б.Ж.

[1,2]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

e-mail:[1] zhanar.klm@mail.ru, [2]hadisha_1960@mail.ru

РЕЛИГИОЗНО-ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ СУЛТАНАТА ОМАН

Аннотация. Султанат Оман – уникальное государство Персидского залива, его население живет в быстро развивающемся и процветающем обществе. Новизна статьи заключается в том, что изучены образ жизни, традиции, религии и история расселения различных этнических групп в жизни Султаната Оман, а также особенности местных языков в стране. В статье рассматриваются образ жизни, традиции, религии различных этнических групп, укоренившихся в жизнь этой страны, а также история их прихода и заселения в Омане. Были изучены места поселения крупных этнических групп, таких как белуджи, бахаи, луати, занзибари и индейцы, и то, как они ассимилировались в обществе. В статье проведен анализ, как некоторые исторические события и исторические аспекты Султаната Оман повлияли на этническую структуру в нем. Практическая значимость статьи заключается в том, что она поможет исследователям, занимающимся странами Персидского залива, востоковедением и международными отношениями. В статье рассматриваются варианты происхождения слова «Оман», объяснения, оставленные исследователями. Обсуждалось, каких религий исповедуют жители Омана, какая религия в каком регионе

более распространена. Мы проанализировали историю, образ жизни, особенности племен и этносов, известных в этой стране, где они главным образом проживают. Было обращено внимание на особую поддержку страной религиозной толерантности и мира в обществе. В методике написания статьи были использованы методы анализа-синтеза, дедукции, формализации, открытые электронные источники, работы зарубежных и отечественных ученых, изучавших данную тему.

Ключевые слова. Султанат Оман, арабские племена, этносы, языки, религиозная толерантность, мир.

[1]Kalmenova Z.Sh. [2]Abzhapparova B.Zh.
[1,2]L.N. Gumilyov National University, Astana, Kazakhstan.
e-mail:[1] zhanar.klm@mail.ru, [2]hadisha_1960@mail.ru

RELIGIOUS-ETHNIC STRUCTURE OF THE SULTANATE OF OMAN

Abstract. The Sultanate of Oman is a unique state of the Persian Gulf, its population lives in a rapidly developing and prosperous society. The novelty of the article consist in the fact that it studied the way of life, traditions, religions and the history of settlement of various ethnic groups in the life of the Sultanate of Oman, as well as the peculiarities of local languages in the country. The article examines the lifestyle, traditions, religions of various ethnic groups rooted in the life of this country, as well as the history of their arrival and settlement in Oman. The sites of settlement of large ethnic groups such as Balochis, Bahais, Luati, Zanzibari and Indians were studied, and how they assimilated into society. The article analyzes how some historical events and historical aspects of the Sultanate of Oman influenced the ethnic structure in it. The practical significance of the article lies in the fact that it will help researchers dealing with the countries of the Persian Gulf, Oriental studies and international relations. The article examines the variants of the origin of the word "Oman", the explanations left by the researchers. It was discussed which religions the people of Oman profess, which religion is more widespread in which region. We analyzed the history, lifestyle, and characteristics of the tribes and ethnic groups known in this country, where they mainly live. Attention was drawn to the country's special support for religious tolerance and peace in society. In the methodology of writing the article, methods of analysis-synthesis, deduction, formalization, open electronic sources, works of foreign and domestic scientists who studied this topic were used.

Keywords. Sultanate of Oman, Arab tribes, ethnic groups, languages, religious tolerance, peace.

Авторлар туралы ақпарат:

Калменова Жанар Шингызовна, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Шығыстану» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Абжаппарова Бибихадиша Журсиновна, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Шығыстану» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Калменова Жанар Шингызовна, магистрант 2 курса образовательной программы «Востоковедение» Евразийскго национального университета им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Абжаппарова Бибихадиша Журсиновна, доктор исторических наук, доцент кафедры «Востоковедение», Евразийскго национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Kalmenova Zhanar, L.N. Gumilev Eurasian National University, 2nd-year master`s student of the «Oriental studies» educational program, Astana, Kazakhstan.

Abzhapparova Bibikhadisha, L.N. Gumilev Eurasian National University, associate professor, doctor of historical sciences of the «Oriental studies» department, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 13: 11.22 https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.3.197

Қадыл Т.
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

ҚЫТАЙ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ БІРТҰТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада Қытай елінің байырғы өркениеттерінің қалыптасуы және олар жаратқан шұғылалы мәдениеттер сөз етіле отырып, Қытайдың алғашқы құлдық қоғамын қалыптастырған Шия династиясынан тартып билікті орталыққа шоғырландырған біртұтастық идеясы талданады. Зерттеу жұмысының мақсаты – Қытайдың бүкіл дүниежүзіне мәдениет жалпыластыру арқылы ерте ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан әлемді бірлікке келтіру біртұтастық идеясы туралы талқылау жасалып, сын-қатерлер жөнінде пайымдау жасалады. Зерттеу тақырыбының практикалық маңызы – бұл мақала Қытай мәдениеттерін қабылдаудағы пайдылы жақтары мен одан келетін зардаптарды түсінуге, тереңдей зерттеуге материалдық негіз болады. Зерттеу жұмысының міндеті – бірінші, Қытай өркениетінің қалыптасуына қатысты дереккөздерді анықтау арқылы олардың ерте заманнан бері жүргізіп отырған саясатына таладау жасау. Екінші, Қытайдың өз қармағындағы этностарға қарата қолданған саясатын түсіну. Үшінші, Қытайдың ертеден тартып шегаралық аймақтарға жүргізіп отырған саясатына үңіліп зерттеп, олардың өзге елдерге бағыттаған геосаяси мақсаттарына талдау жасау. Төртінші, Қытайдың бүкіл дүнежүзіне бағыттаған біртұтастық идеясы мен мәдениет тарату саясатын зерттей отырып, Қазақстанға әкелер сын-қатерлерді анықтау. Зерттеудің әдісі – гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістерін – деректерді жинау, реттеу, жүйелеу, сүрыптау және синтездік анализ жасау әдістерін қолдану арқылы зерттеудің ғылымилық деңгейін жоғарлатуға күш салдық. Зерттеу нәтижесінің жаңалығы – Қытай өркениетінің қалыптасуы шағын аяда жинақталды. Мәдениет тарату арқылы өзге елдерді баурау, идеологиялық мақсаттарын іске асыру секілді алысты көздеген ұзақ мерізімдік жоспарларының астарына талдау жасалды.

Алғыс: Мақала «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» BR20281006 тақырыбындағы іргелі ғылыми зерттеу (ІҒЗ) бойынша жазылды.

Түйін сөздер: Қытай өркениеті, қалыптасу арналары, мәдениет жалпыластыру жоспары, билікті орталыққа шоғырландыру, біртұтастық идеясы.

Кіріспе

Тарихтан белгілі адамзат, күллі тіршілік иесі өзен жағалап, орман сағалап өмір кешеді. Адам қолынан жасалынатын сансыз өркениеттер де сол тіршілік алқабында өмірге келеді. Мейлі су бойында өзегін жалғап тіршілік жібін жалғаған байырғы тұрғындар немесе өркениеттер қақтығысында жаңадан барлыққа келген этностар болсын, олар ұзақ уақыттық тарихи және жаратылыстық сұрыпталу барысын басынан кешіре отырып, өздеріне тән өркениет қалыптастырады. Бүгінде Азияның шығысында өзін алып айдағарға балаған Қытай мемлекетінің байырғы өркениетінің қалыптасуы да неше он мыңдаған жылдардың нәтижесінде біртіндеп барлыққа келген болатын.

Қытай өркениетінің қалыптасуы яғни арғы бастаулары туралы өңірлік мәселеге қатысты ғылым саласында экстернализм (Externalism) (яғни батысшылдық) мен жершілдік, бірнегізшілдік пен көпнегізшілдікке байланысты пікір-таластар ұзақ уақыт бойы толастамай келеді. 1894 жылы Лондон университетінің профессоры Лакбери құрастырған «Қытайдың

байырғы өркениеті батыстан келген» (Western Origin of the Early Chinese Civilization〉атты кітапта: «Қытай өркениеті ежелгі Бабилоннан келген» деп қарайтын жалпылама көзқарас ұсынылады. Алайда, Қытай ғалымдары өздері өмір сүріп отырған өңірлерге археологиялық тексерулер жасай келіп, нақты ғылыми айғақтар арқылы жаңағы «батыстан келді» дейтін негізсіз теориясымақты тас-талқан етті. Қытай оқымыстылары «Қытай өркениетінің туған топырағы – сол өз мекенінде» деген теориялық ұстанымға берік сенеді. Әйгілі археолог Шия Нәй «Қытай өркениетінің бастаулары» атты кітабында: «Қытай өркениеті – өз топырағында туған деген идеяны баса дәріптей келе, Қытай өркениеті жеке дара туылып өркендеген, ешқашан сырттан келген жоқ» (Шия Нәй, 1985) дейтін қатаң көзқарасын білдіреді. Және ол идеясын түрлі деректермен дәлдеуге тырысады.

«Қытайдың байырғы өркениеті өз жерінде пайда болған» теориясына табанды болуда – Қытай өркениетінің пайда болуы мен қалыптасуының өңірлік мәселесіне қатысты екі түрлі таласты көзқарас бар. Бірі, Қытай өркениеті бастауының бірнегізшілдік теориясы. Бұл бір түрлі дәстүрлі көзқарас. Енді бірі, Қытай өркениеті бастауының көпнегізшілдік теориясы. Осыған қарата, Қытай ғалымы Су Биңчи Қытай өркениетінің бастауын «самсаған жұлдыз толы аспанға» теңеп, олар (қытай өркениеті) бастабында әр өңірде пайда болып, кейін үздіксіз, біртіндеп біріге келе біртұтас өркениетке айналған деп есептейді (Су Биңчи, 1997). Ендеше, бұл мақаламызда Қытай өркениетінің қалыптасу аймақтарын, және онда өркен жайған алғашқы мәдениеттерге талдаулар жасай отырып, қытайдың сонау заманнан бүгінге дейін қолданып келе жатқан біртұтастық иедеясы сөз болады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақалада көтерілген тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістері қолданылды. Сондай-ақ, Қытай дереккөздеріндегі зерттеу тақырыбына тікелей қатысты болған материалдарды барынша молынан жинап, реттеу жүргізіп, сұрыптап контенттік және синтерздік анализдер жасалды. Ғылыми зерттеу еңбектердің стиліне тән болған талқылау, саралау, жүйелеу, дереккөздерге сүйеніп талдау жасау секілді зерттеу әдістері пайдаланылды. Әсіресе, Қытай басылымдарында материал көзі біршама мол болғандықтан, ондағы мазмұны мен түрі ұқсас кітаптарды сұрыптап ең кемелдісі алынды.

Әлеуметтану және мәдениеттану ғылымдарының әдіс-амалдарын да пайдалану арқылы Қытайдың дүниенің түкпір-түкпіріне өзінің идеологиясын дәріптейтін Конфуци мектептерін құрып жатқаны ескеріле отырып, олардың саяси мақсаттарына жіпселей талдау жасалды. Бір сөзбен айтқанда, зерттеліп отырған тақырыптың басты мақсатын айқындайтын, ашып беретін ғылыми әдістерді қолдануға тырыстық.

Аталған тақырыпты зерттеуге негізінен Қытайлық ғалымдардың ғылыми еңбектері мен Қытай тарихи деректері мол пайдаланылды. сонымен бірге Еуропалық ғалымдардың Қытай өркениеті жайында айтқан тұжырымдары мақалада ғылыми дәйек ретінде берілді. Қазақстан басылымдарындағы материалдар да қажетке қарай алынды. Қытай басылымдарынан: «Қытай мәдениетінің бастауы» (Шия Нәй, 1985). «Қытай мәдениетінің бастауларын жаңаша зерделеу» (Су Биңчи, 1997), «Қытай шегаралық және ұлттр мәселесі» (Жаң Жырұң, 2005), «Чу мәдениетінің түлеу тарихы» (Жаң Жымиң, 2001), «Чу елінің сегіз жүз жылы» (Ло Иұнхан, 1998), «Яань Ди, Хуаң Ди, Чи Ю және Ситай тауын зерттеу» (Ли Үиже, 2022), «Хан патшалығы тарихындағы шығыс Шу» (Yan Хуа, 2009), «Шетел жер-су аттарының этимологиялық сөздігі» (Шау Шянту, 1983), «Шияңдардан бері қарайғы тарих» (Фу Ишун, 1994), «Египет мифологиясы» (Garry J. Shaw, 2019), «Қытайдың ерте заманғы мәдениет тарихы» (Ин Фалу, 1989), «Қытайдағы аз ұлттар философия сөздігі» (У Шұңуи, 1992), т. б.

Қазақстан басылымдарынан: «Аз и Я» (О. Сүлейменов, 1975), «Қазақ пунктурасының ережелері» (Қазақ с с р әкедемиясы, 1985), «Жұлдыз журналы» (Алматы, 2002), т. б. еңбектер қажетке қарай пайдаланылды.

Талқылау

Қытай өркениетінің пайда болуының көпнегізшілдігі XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап көбірек қолдаушыларға ие болды. Археолог Шия Нәй мырзаның қарауынша, Қытай өркениетінің бастауымен тығыз қатысты мынандай үш мәдниет аймақ бар. Атап айтқанда, Хуаңхы өзенінің орта ағысы, Хуаңхы өзенінің төменгі ағысы және Чаңжияң дариясының төменгі ағысы қатарлы үш алаптың неолит дәуіріндегі өркениетін көрсетеді (Шия Нәй, 1985). Қытай археологиясының соңғы он жылдықтардағы дамуына сүйене отырып, кейбір ғалымдар Қытай өркениетінің пайда болған жерін төрт үлкен мәдени аймаққа бөледі. Олар: Хуаңхы өзені алабы, Чаңжияң дариясы алабы, Жужияң өзені ағары және Ляухы өзені алабы. Сондай-ақ, ішінара ұқсамаған пікірдегі ғалымдар да болды. Олар Қытай өркениетінің пайда болған жерлерін – Орта Жазық, Шандұң аймағы, Чаңжияң орта ағары, Жыжияң аймағы, Гансу-Шиңхай аймағы және Лянляу аймағы деп бөледі (Жаң Жымиң, 2001).

Қытайлық профессор Фи Шияутұң кейінірек жоғарыдағы екі пікір-таласты бір арнаға түсіретін, әрі өзгелерге Қытайдың ұлттық мәселесіндегі ішкі қайшылықтарды тарихи тұрғыдан түсінуге пайдалы жаңа көзқарас ретінде «көпнегізшілдікті бір тұлғаға айналдыру» теориясын ұсынды. Фи мырзаның пікірінше: «Қытай халқы – (яғни Жұңхуа ұлттары) (Қытайлар ертеден-ақ Қытай территориясында жасап жатқан барлық ұлттарды қытайдың ата-бабасын білдіретін Жұңхуа ұлттары деп атауға дағдыланған) қазіргі Қытай территориясында ұлттық болмысы айқын барлық ұлттарды көрсетеді» (Жаң жырұң, 2005). Бұл – қазіргі қытайдағы барлық этникалық топтарға арналған жалпы термин. Іс жүзінде, бұл атау – Қытайлардың батыс державаларінің соңғы жүз жылдағы текетіресінен, шапқыншылығынан қорғану, ұлттық ұйысуға өту сияқты тарихи қажеттіліктен туды. Кейде саналы түрде, кейде саяси жағдаймен этникалық топтарды бір халық ретінде ұйстыруға, біріктіруге құлшынды. Бұл тек сыртқы жаудан қорғану үшін туған бір мезгілдік ұлттық бірлік қана десек қателесеміз, нағында, бұл – Қытайлардың саяси түзілісінде мыңдаған жылдарға созылған тарихи үдерісте қалыптасты.

Қытай деректерінде Хуаңхы мен Чаңжияң өзендерінің орта және төменгі ағыстарында екі үлкен мәдени аймақ болғандығы айтылады. Қытай халқы осыдан 5000 жыл бұрын осы өңірлерде әртүрлі этностармен бірге Қытай өркениетінің негізін қалады. Бұл арада, профессор Фи Шияутұң мырза айтқандай этностар біртұтас күйде емес, «Көпнегізшілдік» үлгісінде өмір сүрді. Чүнчиу-Жанго (жауласқан бектіктер) дәуіріне келгенде соғыс тудырған орнықсыздықтан халықтардың ағылуы, этностық топтардың мәдениет алмасуы, бектіктер арасындағы үстемдікке таласқан ұзақ жылдарға созылған бәсекелестіктер түгелдей Қытай өркениетінің дамуына әсер етпей қойған жоқ. Чин патшалығының патшасы Чин Шихуаңның бектіктерді қидай сыпырып жеңіп, Орта Жазықтағы бүкіл халықтарды біріктіргенге дейін Қытай ұлтының қалыптасу кезеңі болды. Қытай халқы өзімен іргелес және аралас отырған өзге ұлттарды биліктің орталыққа шоғырлануына ілесе ұзақ жылдар аясында біртіндеп сіңіріп отырды. Қытай халқына тән ұлттық болмыс пен мәдениетті қалыптастырды. Шын мәнінде қытайдың патшалықтар заманында Орта Жазықта неше жүздеген этностар өмір сүрді. Бүгінгі Қытай республикасында жасап жатқан 56 ұлт сол замандағы этностардың бір бөлегі болуы мүмкін. Қытай ұлты бүгінгі Қытай мемлекетінің құрылуынан бұрын сол көп этностардың құрамындағы бірі ғана болатын. Олардың брігіп қосынды бір халыққа айналып кетуі мыңдаған жылдардың нәтижесі. Қытайдың ерте заманғы тарихи шындықтары олардың таза бір ұлттан емес екендігін дәлелдеп береді. Шетелдік ғалымдардың бүгінгі Қытай өмір сүріп отырған Орта Жазықтың байырғы тұрғындарын сырттан келген нәсіл ретінде

қарастырып, сол атаумен атап жүргендігінің де еш қисыны жоқ емес. Жоғарыда Қытай ғалымы Фи Шияутұң профессор ұсынған «Көпнегізшілдік» теориясы міне осы қағиданы түсіндіреді.

Қытайдың өте ерте заманында (неолит дәуірінде) әртүрлі мәдениеттердің тоғысуы көптеген мәдениеттердің бірге, аралас өмір сүру құбылысын тудырды. Және олар бір-біріне ықпал жасады. Қытай мемлекеті патшалық заманында біртұтас ел емес болатын. Қазіргі Қытай өмір сүрген аймақта аты бектік болғанымен патшалық ретінде жеке билік құрған этностар да көп болды. Олар өндірген шаруашылық өнімдер, тұрмыстық бұйымдар және соғыс құралдары сынды жаңа мәдениеттер барлыққа келді, әрі көрші бектіктердің – этностардың мәдениеттері белгілі дәрежеде өзара ықпалдасып тең дамыды. Шия, Шаң, Жоу патшалықтары заманына келгенде бұл жағдай бұрынғысынан да бетер көрнектілене түсті. Енді бір жағынан аз санды ұлттардың Қытай өркениетінің дамуына тійгізген ықпалы де аз болған жоқ. Қытай халқы пәрмені жеткен жерге дейін түрлі этностық топтарды біртұтас саяси жүйенің аясында басқарып, біріктіріп жіберуге сонау заманнан құлшынып келген. Қытайдың бұл саяси пәрмені Қытай ұлтымен жиы және аралас қоныстанған аймақтарда тез жүрілгенімен, Шинжияң (Шығыс Түркістан), Шизаң сияқты Тібет, Моңғол, Қазақ, Ұйғыр, т. б. ұлттар көп шоғырланған өңірде әлі күнге дейін толық іске асыра алмай келеді. Шегаралық бірлікті сақтау үшін, түбегейлі иеліктен ажырап қалмау үшін ондағы аз санды халықтарға «Еркіндік» берді. Сырттай ие болып, іштей өзін-өзі басқаруға жол қойды. Шын мағынасында бұл нақты жағдайға бағынған, сол өңірдің іс жүзіндік жағдайына қарай қолданған саяси айла болатын. Сол себепті де Қытай үкіметі Орта Жазықтағы Қытай ұлтына қарата ұстанған түзімін, саясатын аз санды ұлттар орналасқан өңірге толық жүргізе алған жоқ. Бұл мәселе – Қытайдың шегара өңірлерде біртұтастық идеясын іске асыруының аяқ алысын баяулатып келді.

Ерте заманда мәдениеттің дамуы мен таралуына ғылым мен технологияның мешеулігі шектеу болды немесе баяулатты. Сол дәуірде Орта Жазықта – Хуаңхы мен Чаңжияңның ағарларында пайда болып өркендеген жаңа мәдениеттер алыс аймақтарға таралу мүмкіндігі баяу болды. Батысын заңғар таулар, асау өзендер қоршап тұратын кең байтақ сахараға қарағанда, шығысы мен оңтүстігіндегі шоғырлана қоныстанып қалаласкан яғни отырықшы шаруашылықпен шұғылданатын өңірге қарай етек жаяды. Сөйтіп, Шығыс Азияны бірте-бірте мәдениет ошағына айналдырды. Чұнчиу-Жанго (жауласқан бектіктер) дәуірінде Қытай ұлтының арғы ата-бабасы саналатын Хуашияның билік көлемі кеңейіп Орта Жазықтан шығыстағы теңіз жағалауына, Чаңжияң өзенінің орта, төменгі ағарларына дейін барды. Қытай өркениет өзегінің кеңеюі сол кездегі И аталатын (ерте кезде Қытайдың шығыс бөлегінде жасайтын И аталатын ұлт) халықты жергілікті тұрғындар бұратандар немесе жабайылар деп қарайтын (Ло Иұнхан, 1998). Қытайлар (Орта Жазықтағылар) өздері тағы санап жиркене қарайтын осы халық кейін сол Хуашия ұлтының құрамына енді. Өйткені, Илер сахаралықтар сияқты жауынгер болыпты да, отырықшы жұрттарға әлсін-әлсін шапқыншылық жасап тұратын көрінеді. Түркілердің арғы тегі саналатын Ғұндар (мүмкін бір бөлегі) да осы өлкеде бір дәурен сайран салыпты. Ғұндар — оңтүстік Ғұндар және солтүстік Ғұндар болып бөлінді. Солтүстік Ғұндар қоныс аударып кетті де, оңтүстік Ғұндар қытайласты яғни Хуашияның құрамына кірді.

Қытай өркениетінің ерекшеленуіне Чаңжияң мен Хуаңхы өзенінің орта, төменгі ағарларындағы түрлі этностардың ықпалы зор болды. Мәселен, қытайдың ежелгі мәдениеттерінде бөлек орын иелейтін Чу аталатын халықтар болған. Чулар Шаң патшалығы кезінде Орта Жазық тайпалары жағынан қысым көріп, Чаңжияң орта ағаларына ауып барып, ежелгі Грек мәдениетінен асып түспесе кем түспейтін аса шұғылалы Чу мәдениетін жаратты (Ло Иұнхан, 1998). Шын мәнінде Чу мәдениеті Қытайдың байырғы өркениетінің негізін қалап қойған жоқ, тұтас Ерте Шығыс мәдениетінің жауһарына айналды. Жанго дәуірінің

соңғы кезінде Жоу бектіктерінің басын бір жерге біріктіріп, Қытайды бар билік бір орталыққа шоғырланған ірі ел қатарында дүниеге танытқан Чиндер болатын. Алайда, нақты шындық бойынша айтқанда, қытайдың ұсақ бектіктер заманын аяқтатып, иымпериялық ірі ел санатына қосылуына ұйтқылық рол атқарғандар осы Чулар болды. Чиндер алтыбақан алауыз болған бектіктердің басын бір жерге құрап, Қытайды саяси жақтан билігі бір орталыққа шоғырланған ел етіп қайта құрып шыққанымен, мәдениет жағында дәл сондай жолмен бірлікке келтіруге ұрынып, «Кітаптарды өртеп, оқымыстыларды тірідей көму» дейтін тар өрісті қатыгез саясат жүргізді. Осыған дейін бейне сан алуан арналардан құралып жөңкіле қатар аққан Хуаңхы, Чаңжияң дарияларындай біріне-бірі мол ажар беріп, бірінің айбынын бірі асырып қарыштап дамып келе жатқан қос арналы Қытай мәдениетінің құтын қашырып, берекесін ұшыратын мұндай қылыққа өзгелер төзгенімен, ұлы мәдениеттер тудырған жауынгер Чулар төзе алмады. Чулардың Шияң Иү, Лиубаң бастаған қалың қолы шаңырақ көтергеніне енді ғана 15 жыл болған Чин ордасының тас-талқанын шығарып, оның орнына Хан патшалығын орнатты. Қазіргі дәстүрлі Қытай өркениеті сол Хан патшалығы заманынан дәл қазіргі күнге дейін Хуаңхы мен Чаңжияңдай кейде толып, кейде баяулағанымен біржола арнасы құрып қалмай көркейіп, түлежіп, іргесін кең жайып келеді.

Қытай мәдениетінің ұлы арналарының бірі Чу мәдениеті – Чұнчиу-Жанго дәуірінде айтарылықтай гүлденді. Грек мәдениеті ежелгі Египет, Месопотамия (Қосөзен алабы) мәдениетінен төркін алатыны сияқты Чу мәдениеті де Орта Жазық мәдениетінен басталады. Тарихшылар батыс мәдениеті мен шығыс мәдениетінің тоғысуын жалпы алғанда ежелгі жібек жолының ашылуымен бірлестіріп қарайды (Ли Үиже, 2022). Көптеген мәдениеттанушы ғалымдар жоғарыда айтылған «Бірнегізшілік» теориясы бойынша, жаңа тас құралдары заманында әр өңірде жарыққа шыққан Египет мәдениеті, Шумер мәдениеті, Минос мәдениеті, Хараппа мәдениеті, Яңшау мәдениеті сияқты мәдениеттер бір-біріне байланысыз, өз алдына оқшау мәдениеттер деп қарайды (Yan Хуа, 2009). Іс жүзінде батыс пен шығыс халықтары арасында материялдық мәдени ауыс-күйістің жібек жолының ашылуына байланысты жаңа даму кезегіне өткені рас. Бұл бәлкім Түйе, Жылқы секілді түліктердің қолға үйретіліп қатынас көлігі ретінде пайдаланылуымен де тығыз байланысты болса керек.

«Қазірге дейінгі мәліметтер бізге жаңа тас құралдары заманында бәрінен бұрын қадам тастаған Таяу Шығыс өңірі екенін ұқтырады. Бұл шамамен жыл санауымыздан бұрынғы 6000 – 10000 жылдықтар аралығына тура келеді» (Жаң Жыңмиң, 2001). Ататоля үстірті, онан кейін Месопотамия алабы сол кездегі алдымен гүлденген мәдениет аймақтары болса, Қытайда жаңа тас құралдары заманында Яңшау мәдениеті, Лұңшан мәдениеті, Пейлиган мәдениеті жатады. Жаңа тас құралдары заманы мен қола дәуірі заманы аралығында «Мыс ғасыры» деп аталатын бір кезең бар. Ал Орта Жазық жеріндегі қыш ыдыстар жасау және қола қорыту өнерінің авторы Чулармен бір атадан тарайтын Күн-Улар жөніндегі аңыз-рауаяттар дәл осы кезеңмен тығыз байланысты. Күн-Улар мен Чулардың шыққан тегі Журұң – Орта Жазық жерінде ең алғашқы құлдық мемлекетті құрған Шия Чиге араларына екі ата аралаған туыс (Фу Ишун, 1994). Бұлар кейінгі кезде Қытайдың арғы аталары саналатын Шия немесе Хуашия тайпалары деп аталды. Шиялар тасқын суды тізгіндеп егін шаруашылығын дамытумен ерекшеленсе, Күн-Улар қыш-құмыра және қола бұйымдарын жасау өнерімен әйгілі болды.

Күн-Улар дегеніміз — Күн тәңіріне табынушы, Күн (Кунлун) тауының баурайынан тараған халық. Деректерде айтылатын Ғұндардың ежелде «Күн» аталуын да осымен байланыстыруға болатын сияқты (Garry J. Shaw, 2019). Мұның бәрі алыста өркен жайған мәдениеттердің мүлде байланысыз еместігін ұқтыратындай. Мыс ғасыры яғни анеолит заманы – Қытайда Лұңшан мәдениетінің соңғы кезіне, Месопотамия мен Египетте Яңшау мәдениетінің басқы кезіне тура келеді. «Месопотамия сияқты жерлер мыс ғасырына жыл

санауымыздан бұрынғы 4000 жылдықта өтсе, қытайда қазірге дейін мыс ғасырына тән мәдениеттен табылғаны — Чичя мәдениеті. Ол шамамен жыл санауымыздан ілгергі 2000 жыл мөлшерінде» (Сөз теңізі, 2019:1388). Ал Қазақстан мен Орта Азия жерінде мыс ғасырына өту Месопотамия мен Египеттегіден бұрын болмаса кейін емес. «Қазақстанда анеолит дәуіріне Жезқазған көне құдықтары жатады» (Қазақ-Совет энсиклопедиясы. 1-ші том, 1980: 369). Өкіншке орай Жезқазғанның байырғы кен құдықтары жөніндегі археологиялық зерттеулердің жетістіктері әлі мардымсыз. Мәдениеттердің бір-бірімен байланысыз қалмауы мүмкін емес деген жоғарыдағы сөзімізге дәлел болатын мына дерекке назар аударайық: «...Месопотамияда метал өндірілмейді. Өйткені ол жерде ешқандай метал рудалары жоқ. Бірақ сол арадан жыл санауымыздан бұрынғы 3000 — 3500 жылдар аралығында өндірілген қыруар метал қарулар табылды» (Шау Шянту, 1983). Бұл қарулар Таяу Шығыстың өзге аймақтарында өндірілген болуы мүмкін. Дегенмен мәдениеттің тарихтан бұрынғы белгілі кезеңінің жетістігі ретінде оны Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі мәдениет аймақтарынан төркін алады деп қарауға тиспіз.

Металды өндіріс құралдарынан гөрі алдымен соғыс қаруы ретінде кәдеге жаратқан Евразиялық малшы қауымдар яғни Египеттер жағынан «Хикос» деп, ал Орта Жазықтықтар жағынан «Чияң» деп аталатын сахаралық шопандар қауымы болды. Жыл санауымыздан бұрынғы 9000 жылдықта қой түлігін алғаш қолға үйреткен Месопотамия. Жыл санауымыздан бұрынғы 3200 — 4000 жылдар аралығында осындай қысымның салдарынан Месопотамияда үкімет құруға және зорлық жүргізуге ұмтылу нысайы жарыққа шықты (Ин Фалу, 1989). Мұндай нысай қаруға жүгінуді күшейте түсті. Қарулы әскери билік екінің бірінде әкімшілік билікке жеткізіп отырды. Метал құралдар тас құралдардан озықтығымен әлдеқайда тым қымбат болды. Олар сол қаруларға сүйеніп әскери қуатын арттырды, және анағұрлым зор билеп-төстеушілікке, қанауға қол жеткізді.

Батыстан келген Шопандар қауымының Орта Жазықты толық жаулап алуы Чи Иоу заманында яғни жыл санауымыздан бұрынғы 2000 – 3000 жылдықтар аралғында іске асқан көрінеді. Мұны жыл санауымыздан бұрынғы 4000 жылдықта Месопотамия жерінен басталған жаугершілік жорықтардың жалғасы деп қарауға да болады (Ин Фалу, 1989). Бағындырушылар сол заманның өзінде-ақ бағынушыларды ең алдымен рухани, идеологиялық жақтан бағындыруға ерекше мән бергені анық. Көк тәңірлеріне, Күнге, Айға, Отқа табыну сияқты шамандық таным-сенімдер Қытай даласында – Янь Ди мен Хуаң Ди заманынан бастап тарала бастаған деуге болады. Бірақ оларға қарағанда Чи Иоудың бойында, біріншден, шаманизмге, екіншіден, мыс-қола мәдениетіне тән белгілер әлде қайда басым. Жақынғы замандарға дейін «Кер бұғы», «Кет бұғы» аталып келген шамандар сияқты оның да басында мүйізі бар. Ал, оның «Құрыш маңдай жез шүйде» аталуы – оның басындағы дулығасынан тартып үстіндегі сауыт-сайманына дейін түп-түгел метал қарулармен қаруланғандығының айғағы (Алматы, 2002:5). Орта Жазық елінің шамандық дүниетанымға толық көшу кезеңі дәл осы Чи Иоу тобының Орта Жазыққа келген тұсына тура келеді. Орта Жазық елі күн тәңірі, от тәңірі деп танған Жу Рұңды Қытайдың алғашқы қоғамындағы шамандық мәдениеттің өкілі деп санайды. Осы Жу Рұңының есімі Қытай жазуында метал қорыту мағынасында жұмсалатын «铸» иероглифымен жазылған (Сөз теңізі, 2019). Өйткені Шия патшалығының соңы мен Шаң патшалығының басқы кезінде Орта Жазық жерінде мыс-қола мәдениетінің жалпыласуына мұрындық болған осы Жу Рұңның тайпалары екен.

Жу Рұңның арғы атасы – Жуаншұй. Мияулар да Жуаншидың ұрпағы. Қытайдың ескілікті жазбаларында Мияулар «苗人» (miao ren) немесе «猫 人» (mao ren) деп жазылған. Мияулар мысқты немесе мысық тұқымдасына жататын барыс, жолбарыс секілді аңдарды төтем тұтса керек (Ин Фалу, 1989). Олардың ұлттық гербі мысық бейнесінде болған. Міне бұдан белгілі бір халықтың сол халық жағынан ашылған яки өзге жұрттардан бұрын игерілген өнер жаңалығының мысалы екендігін байқаймыз. Жуаншұйды тайпаластары

шамандардың атасы санаған. Жуаншүй тайпалары тоғыз ата Жу Рұндар (тоғыз тайпалылар) деп аталды. Кейін келе олар үш тайпалы Мияулардың ұлы одағына қосылды. Бұны айтып отырғанымыз оның есімі шаманизм мен мыс-қола мәдениетінің дүниенің түкпір-түкпіріне таралуымен байланысты болса керек. Осы мәдениет деректеріне сүйенсек, өздерін «Янь Ди мен Хуаң Дидың әулетіміз немесе Хуашияның ұрпағымыз деп санайтын» (Ин Фалу, 1989) Қытайлар кезінде Орта Жазық жерін жаулап алған Шопандар қауымының көшпенді дала тірлігінен отырықты қала тірлігіне ауысқан бөлегі болып шықты. Бір сөзбен айтқанда, Қытайлар тарихтан таза Қытай болмаған, олар мыңдаған жылдар бойында тарихи себептермен көптеген халықтардың яғни этностардың бірігуінен бүгінгі Қытай ұлты болып қалыптасты. Шопандар қауымның тұрмыс-тіршілігінде Орта Жазық жеріне келгеннен кейін зор өзгерістер болды. Атап айтқанда, сахаралық өмірдегі шаруашылығынан бірте-бірте отырықшы халыққа бейім шаруашылыққа көшті. Сонымен қатар шаманизмде де аса терең реформалар мен үлкен бұрылыстарды бастан кешті. Ақырында оның орнын біршама жергілікті түс алған Дауизм мен Ишуе（易学）ілімі яғни Багуашылдық басты. Дауизм мен Багуашылдықты Орта Жазық елінің шаманизмды әрі кезінде толық қабылдағанының жемісі, әрі кейін келе шаманизмнен бойын аулаққа салып, оны аз ұлттар жағына қарай итермелеуінің белгісі деуге болады.

Жаугершілік заманда өздеріне құтты қоныс, шұрайлы жайілім іздеп Аму мен Сырдың, Евфрат пен Тйгірдің бойынан тұс-тұсқа шеру тартып, батыста Ніл бойына, шығыста Сарыөзен, Бохай теңізі жағалауларына дейін барған Шопандар қауымы отырықты мәдениетке көшкен заманда өз аталастары жағынан батыста «Варвар» (Бар бари) делініп, ал Қытайда Мән И «蛮夷» (man yi) аталды. Мәдениеттің тарихтан бұрынғы жетістіктерінен тартып мыс-қола дәуірі мен темір құралдары дәуіріне дейінгі жетістіктерін жаратқандар да, және оны бүкіл Евразия жеріне, тіпті күллі жер жүзіне таратқандар да сол көшпенділер. Солардың ең белді тайпаларының бірі Орта Жазық жерінде Қытай өркениетінің өшпес алауын тұтандырған Маңырақ фамилялы Чулар болатын (Ло Иұнхан, 1998). Чұнчиу заманының басқы, орта кездерінде Чулар Чу елінің атақ-даңқын асырып, игі жақсы таланыттарды баурау; Мән Иларды сүйемелдей отырып, түстік теңіз жағалауына ірге кеңейту; Илар мен Шиялардың түтінін бір жерден түтетіп, Иларды Шияларға қосып жіберу сынды даму стратегиясын қолданды. Өздері жасап жатқан жағырапиялық орта мен тарихи шарт-жағдайларға қарай осы саясатты дәйекті атқарғандығы үшін де Чу заманының орта кезіне жеткенде бірінен-бірі қалыспайтын көп арналы дара ерекшелікке ие Чу мәдениеті толық қалыптасып болды.

Чулардың төтемі Фыңхуаң – жел тәңірінің нышаны. Фыңхуаңның архетипы – кәдімгі Түйеқұс. Египет мифтерінде жел тәңірін «Шу» деп атайды. Ол басына Түйеқұстың қауырсынын қадаған адам бейнесінде (Garry J. Shaw, 2019). Миф – мәдениеттілік заманына Варварлық заманынан қалған мұра. Гректер ғана емес, Қытайлар жөнінен де, өзге елдер жөнінен алғанда да солай. Евразияның ежелгі жауынгер малшы қауымдарының Варварлықтан ілгерінді-кейінді мәдениеттілікке көшкен бөлегі қала құрылсын, әуелі мінәжат орындарын – сәулетті храмдар мен биік мұнаралар салудан бастады. Варварлық заманындағы әйгілі тайпа көсемдерінің, қолбасылардың аруағына сыйынып тұру – оларда үнемілік салтқа, діни жосынға айналды. Көсемдер мен қолбасыларының данышпандықтарын, жасаған ерліктерін олардың әсірелеп асыра мақтағаны сонша, ондай данышпандықтар мен ерліктер тәңірлердің тәңіріснің жер бетіндегі сүйікті елшілерінің қолынан ғана келуге тиіс еді (Garry J. Shaw, 2019). Әр ел мифтеріндегі фантастикалық образдар міне осылай жарыққа шықты. Мәдениеттің ендігі жерде өзгеше бір беталыспен дамуына және мазмұндық жағынан барған сайын жаңаланып отыруына байланысты ол халықтарда байырғы сөздік қор біртіндеп қолданыстан қалып және мүлде дерлік ұмыт болып, онан гөрі әлдеқайда бай мазмұнды жаңа сөздік қор қалыптасты. Егер байырғы сөздік

қордың оларда да азды-көпті жұрнағы сақталған болса, бейне біздің өзімізге түсінкісз құран сөзін киелі деп білгеніміз сияқты өздеріне мүлде түсінксіз ол сөздер оларда да арнайы киелі ұғымдар үшін қолданылды. Ал, сол Варварлық замандағы өндіріс, тұрмыс тәсілін әлі де өзгертпей көшіп-қонып мал өсірумен шұғылданып келе жатқан біз сияқты халықтарда байырғы сөздік қор әуелгі мағыналармен сақталған. Әр ел мифологиясында киелі ұғымдар үшін қолданылған сөздердің бір сыпырасын біздің тіліміздегі жай сөздермен баламалауға болатыны содан. Бұл күндері өлі тілге айналған Шумер тілін ең байырғы тіл деуге болады. Жер жүзінің недәуір кең аумағында жасайтын миллиондаған халықтар жағынан қазірге дейін қолданылып келе жатқан ежелгі түркі тілі – сол Шумер тіліне ең жақын тіл. Сол үшін де ол дүниежүзілік мәдениет тарихының асыл қазынасы іспетті.

Орта Жазық елі Хан патшалығы заманынан бастап, дәлірек айтқанда, Чин патшалығы құлатылғаннан кейін Лиубаң мемлекет билігін қолына алғаннан бастап өздерін «Хан ұлты» яғни Қытай (Қытай – тарихи топоним. Ертеде Қытан (qətan) деп аталған. Қытандар Тұңғыс (шығыс ғу) нәсілді халық. Солтүстік Уй патшалығы (Тагбат, Табғаш) кезінен Қытан аты шыға бастаған. 628 жылы Түрік қағанатынан бет бұрып, Таң империясына бағынды. Кейін, Таң әулетіне қарсы көтеріліс жасады. Таң әулетінің соңғы мезгілінде күшейіп, 916 жылы мемлекет болды. Бұл – тарихтағы Ляу патшалығы. 983 жылы мемлекет атын «Ұлы Қытан елі» (大契丹), 1066 жылы «Ұлы Ляу» (大辽) деп атады. 1125 жылы Шүршіттер (女真) жағынан жойылды. Олардан қалған бөлегі Орталық Азияға кетіп, Шу өзені алабында Ляу (Қара Қытай) мемлекетін қайта құрды. 1211 жылы Найманның Күчлүк ханы олардың мемлекет билігін тартып алды. 1218 жылы Шыңғыс хан жағынан жойылды. Қытандар «Қытай тарихнамаларында» (契丹) түрінде жазылған. Қытайдың көне жазуында «k'iei-tan» яғни «Кітан», «Қытан» деп оқылады (Ma Changshou, 2006). Бұл атау Түрік тектес халықтар тілінде «Қытай» деп те аталды. Жалпы, Қытай елінің, Қытай ұлтының дүнижүзіндегі көптеген елдерде қазірге дейін «Қытай», «Китэй» деп аталуы осы Қытан мемлекетінің атына байланысты шыққан) деп атады. «Хан» (汉) мағыналық жақтан «Қызыл түс» ұғымын береді. Әсілі, күнге, отқа табынудан яғни қызыл түсті кие тұтудан келген. Қытай мифтерінде айтылатын бес патшаның түстіктегісі қызыл патша деп аталған. Янди де, Чи Иоу да осы лауазымды қолданған. «汉» иероглифінің толық нұсқасы «漢» ның алдындағы үш ноқат су белгісін «氵» есепке алмағанда, бұл иероглиф басына қауғадай тәж киген кесек тұлғалы адамның бейнесін танытады. Батыстан келген Шопандар қауымының Орта Жазық елі жағынан Чаңди деп аталуының өзі де олардың отқа табынғандығымен, шаманизмды таратқандығымен қатысты. Түркі халықтарында бақсыларды «Дахан» деп атайтын жәйіт қазір де бар. Мұндағы «Хан» этнонимның «Қызыл түс» ұғымна байланысы осындай арғыны меңзейтін тарихи мәні жатқанын байқаймыз (Ли Үиже, 2022). Қызыл түсті кие тұту батыстан келген Шопандар қауымның шамандық наным-сенімне байланысты. Жас тал, сырғауылдарды отқа қыздырып иіп, жонып, жосалап кереге, уық жасайтын, ағаштан алуан түрлі сырлы бұйымдар, ыдыстар жасайтын кәдімгі қазақы қолөнер кезінде солар жағынан Орта Жазық жерінде де кең таралған екен. Өлген адам қайта тіріліп, бойына қызыл қан жүгіреді дейтін наным бойынша, мәйтті олар қызыл жосамен боялған кездемеге орап, қызыл топырақты жерге көметін болған. Қызыл түс Шумерде де, Еуропа жерінде де өте ертеде өлу мен қайта тірілудің белгісіне айналғаны мәлім.

Чу мәдениетін қалыптастырған Чулардың да түпкі тегі – шығыстағы Илар. Шығыстағы Илар батыс өңірдің Орта Жазық жеріне бәрінен бұрын жеткен аңшы-балықшы қауымдар еді. Олар көк тәңірлерінен қалса Адам ата мен Хауа ананың яғни Фуши мен Ниуаның аруағына синды. Орта Жазық жерінде шаманизмның таралуы солардан басталды. Оның артынан сол аңшы-балықшы қауымдардың ізін суытпай Орта Жазық жеріне келгендер өздерінің алаштары мен арыстарын көк тәңірлерінің жер бетіндегі елшісі деп таныған Янь Ди мен

Хуаң Дидың егінші-малшы тайпалары болды. Ең соңында, Чи Иоудың мыс-қола мәдениетін толық игерген жауынгер тайпалары жетті (Чұи Чын, 1992). Хуашиялардың (Қытайдың арғы аталалары) негізгі тұлғасын құрағандар да, сонау жаңа тас құралдары заманынан бастап Хуашия мәдениетінің негізін қалағандар да дәл осы батыс өңір ауғындары болатын. Сондай-ақ, Орта Жазық жерінде ғана емес, дүние жүзінің барлық түкпірінде де адамзат мәдениетінің алғашқы негізін қалағандар – осы ауғындар еді. Ежелгі Грек мәдениетін Әгей мәдениеті немесе Крит-Микен мәдениеті деп атайды. Бұл мәдениеттің авторлары – жыл санауымыздан бұрынғы 2000 жылдықтың басқы кезінде Жерорта теңізі районына Балқан түбегінің терістігінен ауып келген Ахейлер мен Иондар. Жерорта теңізінің Балқан түбегінің батыс өңтүстігі мен Әпенин түбегінің шығыс өңтүстігі және Крит, Ситсили аралдарының аралығындағы бөлегін Ион теңізі деп атайды. Осы теңіздің аты Иондардың «Кезбелер» (ауғындар) мағынасындағы халықтың атымен аталыпты (Чұи Чын, 1992). Геранық қастандығынан бой тасалап қашып-пысып дүниені кезіп жүрген кезінде ай тәңірі Ио осы теңізден жүзіп өтіпті. Гректер теңіздің аты сол ай тәңірінің атынан қалған деседі екен. Бұл екеуін бірлестіріп қараған да, Ион тайпасы ай тәңірі Ионның атымен, Ион теңізі Ион тайпасының атымен аталған болуы да мүмкін. Енді Әгей теңізінің атын Ахейлердің халықтық атымен, Ахейлердің халықтық атын Египеттің ай тәңірі Ақтың атымен бірлестіріп қарауға да болатын сияқты. Египеттің ай тәңірі ақ. Әсілі, ақ Бұзау кейіпне еніп алған аппақ қауындай сұлу бикеш образындағы ай тәңірі Ионның өзі болуға тиіс. Мұндағы «Әгей» мен «Ахей» – түрліше диалектілер де болмашы дыбыстық өзгерсіке ұшыраған бір атау болуы да әбден мүмкін ғой... Иондардың ай тәңірі Ионның атымен аталғаны сияқты Ахейлер де ай тәңірі Ақтың атымен аталған. Ахейлер де, Иондар да Балқан түбегінің терістігінен ауып келген түбі бір халықтар. Әгей теңізінің аты о баста Гректердің өзіне де түсініксіз болған. Олардың осы теңіздің атын анықтау жолындағы ойланыстары мен толғаныстарынан барып Афина патшасы Әгей туралы аңыз туған. Ал Әгейден Ахейлерге дейін, Ахейден ай тәңірі Аққа дейін апарып тыйанақтатқан сол аңызда ақ жолдықтың нышаны ретінде ауызға алынған ақ желкен. «Ақ» буынын түбір етіп жасалған «Ақпалар» сөзі «Иондар» деген сияқты «Кезбелер», «Иондар» мағынасында қолданылады (Иуан Хы, 1991).

Ежелгі халықтардың сонау палеолит заманынан басталған ауғындық өмірінде олардың өздері үшін жанға жайлы шұрайлы қоныс-мекен тауып алуы онша қиынға түспесе керек. Сонымен кейбір халықтар өздері тұрған жерді жер ұйық немесе жұмыр жердің дәл орталығы деп білді. Және сол негізде олар да күннің шыққан жері мен батқан жері яғни шығыс пен батыс туралы ұғым қалыптасты. Қытайдың көне аңыздарды Куафу деген адам күнді батқан жеріне дейін қуалап барған. Сонда оның барған жері қазіргі Қытайдың Шанши өлкесі Лұңшиян ауданындағы Ушан тауын етектеп ағып жатқан Жиңшұй өзенінің алқабы екен. Әсілі Куафу Батыстан ауып барған тайпалардың өкілі екен де, кейін осы Куафудың тайпаластары қиыр шығыстан батысқа қайта ауып барған деседі. Гретция жеріне мыс-қола мәдениетінің ең үздік жетістктерін алып барған да тағы осылар болыпты. Грек мифтерінде шығыстан ауып барған осы тайпаларды жалғыз көзді дәулер деп, ал олардың шығыста қалған бөлегін Грек саяхатшылары Аримасплер деп атайды. Осы батыстан шығысқа, шығыстан қайта батысқа ауған сол тайпалардың ұзаққа созылған шерулерімен сансыз мифтер мен мәдениеттердің де ауысып барғаны шүбәсіз. «Қытайда бір кездері құдайдың немесе қаһарлы Махаганың бейнесі салынған дөңгелек метал айналар болған. Бұл айналардың бір беті теп-тегіс жылтыратылған да, екінші бетінде теріс қарап отырған көп қолды құдайдың бедері бар. Бірақ бізге құдайдың желкесі мен арқасы ғана көрінеді. Көп қолды құдайдың бет-жүзі – шақырайған күннің көзі. Осы бедерлі сурет күннің шығуы мен батуын бейнелейді» (Шия Нәй, 1985). Күннің шыққан жері мен батқан жері туралы ұғым тым арыдан төркін алады, әрі оған байланысты айтылатын миф-аңыздар өте көп. «Еуропа» атауы – өте арыдан келе жатқан атау. Оның әуел бастағы төркіні – ежелгі Египет тілі. Бұл

атау Финикиялықтардың, Ассириялықтардың және Гректердің тіліне кейін ауысқан. Атаудың түбірі – «Ереб» күннің батуы деген мағына білдіреді. Топоним ретінде оған журнақ жалғанып күннің батқан жері деген мағына алған. Арабтардың тілінде Марокконың батысындағы байырғы Марракеш қаласының аты кешкі шапақ немесе күннің батқан жері деген мағына білдірген. Ежелгі Египет тілі дегеніміз – Хамит тілі. Хамиттер әуелде шығыс және солтостік Африка жерінде таралған. Күннің батқан жері деген мағынадағы сөз өзге халықтардың тіліне о баста Марокконың, Алжирдың негізгі халқы болып табылатын Берберлердің тілінен ауысқан болуы мүмкін.

Осыған қарағанда, мәдениеттер бір өңірден екінші өңірге көшетіндігі, ауысатындығы анық. Батыс мәдениеті шығысқа, шығыс мәдениеті батысқа немесе дүниенің барлық жерлеріне жетуі мүмкін. Қытай мәдениеті де солай. Етнология мен әлеуметтану ғылымы Қытай өркениет аймағының кеңейуі мен шығысқа таралуы туралы түсініктер береді. Қытай өркениетінің бүкіл дүние жүзіне бет алуы – олардың ұлттық басымдылығының күшейуін, түрлі этностарды біртіндеп біріктіріп біртұтас саяси жүйедегі Хан (Қытай халқы) ұлтына айналу проссесінің жүрілуін тездетеді. Былай қарағанда, өркениеттердің алмасуы халықтың заттық тұрмысына көптеген қолайлы шарт-жағдайлар әкелуі мүмкін. Алайда, бір елдің мәдениеті өзге мемлекетте ірге жайып ұзақ уақыт жалыпласуы экономикалық жақтан тійімділіктер әкелгенімен ұлттық өзгеріс жағынан ойламаған қатерлер әкелуі де ғажап емес. Мәдениет қабылдаудың жөні осы екен деп орынысз енгізе берсе, келешекте оның зардабын мөлшерлеу қиынға соғады. Сондықтан мәдениеттерді қабылдағанда «дәнін алып, қауызын тастау», «сыпырмайым қабылдайтын көзсіздіктен аулақ болу» саясатын ұстанған жөн.

Зерттеу нәтижесі

Қытай халқының алдымен әр аймақта бірігу орталықтары болды. Олардың әрқайсысы бастапқы бірлікті құрады, содан кейін бірте-бірте біртұтас болды. Мысалы, неолит дәуірінде Хуаңхы өзенінің орта және төменгі ағысында әртүрлі мәдени аймақтар пайда болды. Ол кезде ұлы қорғанның (Қытай қорғаны) сыртында малшаруашылығымен шұғылданатын Ғұндарды негіз еткен халықтар тұратын, кейін олар Орта Жазықтағы отырықты қытайлармен ұзақ уақыттық мәдени алмасулар барысында ақыр аяғында олармен бірігіп кетті. Бұдан сырт, көптеген солтүстік этникалық топтар Орта Жазыққа енгеннен кейін яғни қытайлармен аралас қоныстанған соң бірте-бірте біріктірілді, нақтап айтқанда қытайласты. Өзгелерді экономикалық жақтан кіріптар ете отырып, мәдениет жақтан біртіндеп баурау, сөйте-сөйте өзіне айналдырып біртұтас саяси жүйеге жығу – қытайлардың сонау замандардан бері қолданып келе жатқан саяси стратегиясы.

Қытайдың өте ерте заманында Орта Жазықта ауғын болып келген, және ұзақ уақыт сол өңірде мекендеген жүздеген этностар болған екен. Олар кейін түрлі тарихи және жаратылыстық жағдайдың себебінен немесе тынмсыз соғыстың, саяси қысымның салдарынан бірбөлімдері өз мекенін тастап ауып кетсе, бірбөлімдері қытайлармен бірігіп бір халыққа айналып этностық құрамын, тегін жоғалтып тынды. Олардың мақсаты — қытайлық ерекшелікке ие қала мәдениетін жалыпластыру, сауда арқылы алыс аймақтармен байланыс орнататын желі құрып, Шығыс Азиядағы әртүрлі этностарды біріктіріп, Қытай ұлтының еркін ұлттық бірлігін жүзеге асырып, бірте-бірте біртұтас саяси орталыққа бағынатын ұлы иімперия құру еді. Қытай өркениетінің жаһануын немесе дүние жүзіне таралуын қытайдың кейбір ғалымдары саяси мақсатты жасырып жабықысы келгендіктен бе, мәдениеттің таралуын – жаратылыстық немесе тарихи шарт-жағдайлардың себебінен деп қарап оның өңірлік жалыпласуын тарихи география бойынша түсіндіреді.

Бүгінгі таңда көп ұлтты мемлекет ретінде Қытай шегаралық аймағы Шия, Шаң, Жоу патшалықтарының тұсында Хуаңхы өзенінің орта, төменгі ағысынан оның айналасындағы өңірлерге дейін кеңейіп Орта Жазық деп аталатын байтақ алапты құрады. Орта Жазықтағы

Қытайлармен аралас, жиы қоныстанған аз ұлттардың олармен бірігіп біртұлғаланып кетуі тез болды да, Шизаң, Шинжияң сияқты алыс аймақтар ғана өз тұрақтылығын сақтап келді. Қытай саясаткерлері мен ғалымдары осы біртұтас көп ұлтты мемлекетті билігі орталыққа шоғырланған біртұтас саяси түзілістегі елге айналдыру барысында шегаралас аймақтар мен ондағы аз ұлттарды қалай басқару керектігі туралы көптеген идеялар, саяси стратегиялар жасап қолданып келеді. Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қытайдың шегаралық саясаты әртүрлі болғанымен, тұтастай алғанда Ежелгі қытайдың шегаралық нысан-жобалары мен шегаралық саясаты әлі де болса елдің біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатымен этностарды біріктіру саясатын жүргізіп келеді. Қытайдың «Әлемді бірлікке келтіру, дүниеге біртұтас көзқарас» — Қытай халқының бірлігі мен ұлттық біртұтастық беріктігін әйгілейтін идеологиялық негізі болып табылады.

Қорытынды

Қытай өркениетінің қалыптасуының тарихи тамыры тым тереңде жатыр. Дүние жүзінде ежелгі төрт үлкен өркениет ошағы саналатын Бабилон, Мысыр, Үнді өркениеттері тарих талқысына шыдас бере алған жоқ. Әрине олардың құрып жоғалуының сан алуан себептерін көлденең тартуға болады. Алайда, олар шынымен-ақ тарих сахнасынан жоғалды емес пе? ал Қытай өркениеті шы? сансыз дәуірлерді, бұралаң барыстарды басынан кешсе де әлі күнге дейін сол баяғы Хуаңхы мен Шаңжияң дарияларындай арналары құрғамай ағындап алға ілгерлеп келе жатыр. Оның өмір сүруін географиялық ортасының жақсы сақталуы секілді себептерді де айтуға болатын шығар. Деседе ең бастысы, Қытай халқы байырғы өркениетті сақтауда саяси біртұтастыққа құрылған идеологиялық қайнарға сүйенді. Қытай өркениетінің мыңдаған ғасырлардан бері үзілмеуінің ең бірінші себебі — мыңдаған жылдар бойы негіз қалап, әлі күнге дейін атқарып келе жатқан біртұтастық идеясы. Атап айтқанда, Конфуци идеясы және оның концепциясында бейнеленген дәстүрлі Қытай мәдениеті. Қазір Қытайлар дүниенің әр түкпірінде Конфуци идеясын дәріптейтін мыңдаған Конфуци мектептерін құрып жатыр. Қазақстанның өзінде бес-алты орында ашылды. Қытайдың бұл алысты көздеген жоспарының астарында үлкен мән жатыр. Және геосаяси мақсатқа иек артқан бұл әрекеттері жақын мезгілде бола салған іс емес. Әдетте, бұл қадамдар мемлекеттер арасындағы достық-әріптестік жобалар негізінде жүрілетін әдепкі шаралар секілді көрінгенімен, шын мәнісінде жай қарайтын мәселе емес екендігін ескеруіміз қажет.

Қытайдың мәдениет жалпыластыруы немесе шегаралық саяси басқару стратегиясын жүргізуі болсын түгелдей біртұтастық жүйені көздеген саяси идеологияға бағындырылған. Мұны Қытай мемлекетінің әлемді билеу-төстеуді негізге алған ерте заманнан жалғасып келе жатқан мынадай дәстүрлі көзқарастарынан байқауға болады:

Әлемді бірлікке келтіруді негізге алатын ұлы тұтастық көзқарасы. Қытайлардың дәстүрлі көзқарасында аспан асты ортақ, шегаралық шектеу деген болмайды. Бүкіл аспан асты тұтас бір ғана билікке қарау керек дегеен идеяға сүйенеді. Бұл идеяны Қытайлар «天地君亲师» деген бес сөзге жинақтаған. Мұндағы «天» аспанды, «地» жерді, «君» биілеуші патшаны, «亲» туыс, бауырласты, «师» ұстаз дегенді білдіреді. Жинақтап айтқанда, «Бүкіл әлем яғни аспан мен жердің арасы бір ғана билеушінің иелігінде болып, бір тұлғаға айналып өмір сүреді» деген мағына береді. Бұл дәстүрлі шығыстық (қытайлық) көзқараста Қытай халықының бірлік-ынтмағының берік болуының ең негізгі идеологиялық негізі көзделген. Мұндай саяси-әкімшілікке құрылған философиялық көзқарас Қытайдың Чин патшалығы тұсында ресіми қалыптасып орнықты. Одан бұрын яғни Чин патшалығына дейінгі кезеңде отбасы, мемлекет, аспан асты деген сияқты бөлек-бөлек ұғымдармен бейнеленетін. Қытайдың ерте замандағы тарихи шығармасы «Жырнамада»: «Бүкіл әлем бір ғана билеушінің қолына қарайды» делінеді. Мұнда да Қытай тарихында мыңдаған жылдардан бері жалғасқан біртұтастықты бірлік еткен империяторлық көзқарас көрініп тұрғандай.

Ертедегі Қытай билеушілері қытайдың дәстүрлі идея-саясиы мен мәдениеті жақтарында өздерін шет-шегара райондарда орналасқан аз санды ұлттардан жоғары қояды. Әдетте, біртұтас саясат қолданылады деп заң шығарғанымен төменгі орындарда үнемі теңсіздіктер орын алып жатады. Кезінде сахарада малшаруашылықпен шұғылданатын түрік текті кейбір халықтар Орта Жазықтағы отырықшы Қытайлардың мекеніне талай рет басып кіріп, мал-мүлкін тонап қан-қақсатқан кездері болған. Қытайлар ондай тағылардан қорғану үшін саяси билікті барынша орталыққа шоғырландыруға тырысты. Бұл – ерте замандағы Қытайлардың тамыры терең, ықпалы күшті шегаралық басқару идеясы. Қытайдың саяси басқару түзілісінің даму тарихында Хан ұлтын (Қытай халқын) негіз етіп біртұтастық саясатын атқаруды жолға қойды. Бүгінгі Қытайдың атқарып отырған саясаты да ерте заманнан келе жатқан біртұтастық идеяның жалғасым табуы. Олардың жаратқан небір шұғылалы мәдениеттерін әр ел орынды түрде кәдесіне жаратады. Қытай өркениеті мыңдаған тарихи кезеңдерді басынан кешірген аса ауқымды ерекшелікке ие. Оны пайдаланушылар да соның толқынына көміліп қалмай, жұтылып кетпей аралық сақтай отырып пайдалана білуі керек.

Әдебиеттер:

Авдиев В.И. Ертедегі Шығыс тарихы. Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика, 1953. 587 б.

Баген А. Қазақтың көшпелілік мәдениеті / Kazakh nomadic culture. ҚХР Шинжияң Жастар - өрендер, 2014. 298 б.

Жамалов Қ. Әлемдік өркениет іздері: Ежелгі Шығыс. Алматы: Сөздік-Словарь, 2015. 358 б.

Қазақ пунктурасының ережелері / Ұжымдық еңбек. Қазақ с с р әкедемиясы, 1985. 55 б.

Қазақ-Совет энсиклопедиясы. 1-ші том / Ред. академик М.Қ. Қаратаев. Алматы:1980.

Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрлығанына 20 жыл толуына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Құраст. Мамашев Т. А. Алматы : Атажұрт баспасы, 2012. 374 б.

Мәсімханұлы Д. Еуразиялық өркениет - ежелгі түркі және қытай елінің рухани қарым-қатынасы. ғылыми зерттеулер / Астана: Фолиант, 2012. 478 б.

Молдабеков Ж. Ежелгі Шығыс: тарихы, мәдениеті, діні және философиясы (оқу құралы) / Алматы: Қарасай, 2013. 412 б.

Сүлейменов О. Аз и Я. Алматы: Жазушы баспасы, 1975. 266 - 286-б.

Garry J. Shaw. Египет мифологиясы [The Egyptian Myths: A Guide to the Ancient Gods and Legends]. Демократия және құрылыс, 2019.

夏鼐. 中国文明的起源. 文物出版社, 1985.

苏秉琦. **中国文明起源新探, 商**务印书馆（香港）有限公司 1997 **年版**，1997. **第** 50 页.

张植荣. **中国**边疆与民族问题：当代中国的挑战及其历史由来. **中国**：**北京大学出版社**, 2005.

张**正明. 楚文化史. 湖北人民出版社**, 2001.

罗运环. **楚国八百年. 湖北人民出版社**, 1998.

李玉洁. 炎帝黄帝蚩尤与西泰山研究. 科学出版社, 2022.

东方龙吟. 汉朝历史中的东方朔. 花山文艺出版社, 2009.

邵献图. 外国地名语源词典. 上海辞书出版社, 1983.

傅奕群. 商从商朝来. 北京日报出版社, 2019.

阴法鲁. 中国古代文化史. 北京大学出版社, 1989.

马世之. 中原楚文化研究. 湖北教育出版社, 1995.

伍雄武. 中国少数民族哲学史. 安徽人民出版社, 1992.

辞海编辑委员会. 辞海第七版. 上海辞书出版社, 2019.
曲辰. 轩辕黄帝史迹之谜. 中国社会科学出版社, 1992.
袁珂. 中国神话通论. 巴蜀书社, 1991.

References:

Avdiev V.I. (1953) Ertedegy shygys tarihy [Early Eastern History]. Almaty: Kazakh memlekettik ohu pedagogika. 1953. 587 p. (in Kaz)

Bagen A. (2014) Kazakhtyg koshipelilik madenieti [Kazakh nomadic culture]. Shinjang jastaar-orender. 298 p. (in Kaz)

Cihai Editorial Committee. (2019) Cihai Seventh Edition. Shanghai Dictionary Publishing House. (in Chin.)

Dongfang Longyin. (2009) Dongfang Shuo in the History of the Han Dynasty. Huashan Literature and Art Publishing House. (in Chin.)

Fu Yiqun. (2019) Business originated from the Shang Dynasty. Beijing Daily Press. (in Chin.)

Garry J. Shaw. (2019) Egipet mipologiasy [The Egyptian Myths: A Guide to the Ancient Gods and Legends]. Demokratia zhane qurlys. (in Chin.)

Jamalov K. (2015) Alemdik orkeniet izderi: Ejelgy shygys [Traces of World Civilization: Ancient East]. Almaty: Sozdyk-Slawar. 358 p. (in Kaz.)

Kazakh Punkturasynyg erejeleri (Ujymdyh egbek) (1985) [Rules of Kazakh punctuation]. Kazakh S S R akademiasy. 55 p. (in Kaz.)

Kazakh-Sowet ensiklopediasy (1980) [Kazakh-Soviet encyclopedia]. Volume 1, edited by Academician M.K. Karataev. Almaty. (in Kaz.)

Li Yujie. (2022) Research on Yandi, Huangdi, Chiyou and Xitaishan. Science Press. (in Chin.)

Luo Yunhuan. (1998) The Eight Hundred Years of Chu State. Hubei People's Publishing House. 242 p. (in Chin.)

Ma Shizhi. (1995) Research on Chu Culture in the Central Plains. Hubei Education Press. (in Chin.)

Mamashev T.A. (2012) Kazakhstan zhane sheteldegi Kazakhtar: Duniejuzi Kazakhtary qawymdastygynyg qurylganyna 20 jyl tolwyna orai otkizilgen qalqaralyh gylmi-prakikalyh konpernsia materialdary [Kazakhstan and Kazakhs abroad: Proceedings of the International scientific and practical conference held on the occasion of the 20th anniversary of the World Kazakh Association]. Almaty: Atazhurt. 374 p. (in Kaz.)

Masimhanuly D. (2012) Eurazialykh orkeniet – ejelgy turkey jane qytai elynyg ruqani qarym-qatynasy [Eurasian civilization is a spiritual relationship between ancient Turkic and Chinese countries. scientific research]. Astana: Foliant. 478 p. (in Kaz.)

Moldabekov J. (2013) Ejelgy Shygys: tarihy, madenieti, dini zhane filosopiasy [Ancient East: history, culture, religion and philosophy]. Almaty: Karasai. 412 p. (in Kaz.)

Qu Chen. (1992) Mystery of the Historical Sites of Emperor Xuanyuan Huangdi. China Social Sciences Press. (in Chin.)

Shao Xiantu. (1983) Etymological Dictionary of Foreign Place Names. Shanghai Dictionary Publishing House. (in Chin.)

Su Bingqi. A (1997) New Exploration of the Origin of Chinese Civilization, Commercial Press (Hong Kong) Limited. 50 p. (in Chin.)

Suleimenov O. (1975) Azia [Asia]. Almaty: Jazwshi. P. 266–286. (in Kaz)

Wu Xiongwu. (1992) History of Philosophy of Chinese Ethnic Minorities. Anhui People's Publishing House. (in Chin.)

Xia Nai. (1985) The Origin of Chinese Civilization. Wenwu Publishing House. (in Chin.)

Yin Falu. (1989) History of Ancient Chinese Culture. Peking University Press. (in Chin.)

Yuan Ke. (1991) General Theory of Chinese Mythology. Bashu Publishing House. (in Chin.)
Zhang Zhengming. (2001) History of Chu Culture. Hubei People's Publishing House. 242 p. (in Chin)
Zhang Zhirong. (2005) China's Border and Ethnic Issues: Challenges of Contemporary China and Their Historical Origins. Peking University Press. (in China)

Кадыл Т.
Институт востоковедения Р.Б.Сулейменова, КН МНВО РК, Алматы, Казахстан
E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

ФОРМИРОВАНИЕ КИТАЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ И ИДЕЯ ЕДИНСТВА

Аннотация. В статье рассматриваются этапы формирования древнейшей цивилизации Китая и других народов, частью которых они были, а также вопросы идеи единства, берущей начало от шиитской династии, во время правления которой было образовано первое рабовладельческое государство Китая. Основная цель исследовательской работы – дать анализ и оценку факторам и концепциям возникновения уникальной идеи объединения мира под эгидой китайской цивилизации. Практическая значимость исследования заключается в том, что ее результаты позволят лучше понять преимущества и недостатки китайской культуры. Задачами исследовательской работы является, во-первых, дать обзор научной литературы, посвященной теме формирования китайской цивилизации и оценку ее политики. Во-вторых, дать анализ политике Китая по отношению к этническим группам, находящихся под его контролем. В-третьих, поставить под сомнение цель политики Китая в отношении приграничных регионов и проанализировать его геополитические цели по отношению к другим странам. В-четвертых, изучить стратегии идеи распространения культуры Китая по всему миру, выявить проблемы внешней политики Китая в Казахстане. Одним из преимуществ нашего исследования является применение наряду с классическими методами современных методов: метод сбора материала, регламентация (наблюдение), систематизация, классификация и синтетический анализ данных. Новизна исследования заключается в том, что в статье впервые предлагается совершенно новый подход к вопросу формирования китайской цивилизации: мы считаем, что она была сформирована за короткий период, несмотря на это правителями китайской династии были составлены долгосрочные планы, направленные на завоевание других стран и активное распространение собственной культуры.

Благодарность: Статья написана на основе фундаментального научного исследования (ФНИ) BR20281006 на тему «Страны Востока: геополитические вызовы и новые перспективы для Казахстанав историческом и современном измерениях».

Ключевые слова: китайская цивилизация, каналы формирования, план распространения культуры, централизация власти, идея единства.

Qadil T.
R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

FORMATION OF CHINESE CIVILIZATION AND IDEA OF UNITY

Abstract. The article discusses the formation of ancient civilizations in China and the various cultures they created, as well as the idea of unity that concentrated power in the center, starting with the Shia dynasty, which formed the first Chinese slave society. The research work aims to explore the concept of global unification, prevalent since the early centuries, by applying Chinese culture to the entire world and evaluating its potential risks. The research topic's practical significance is that this article will provide a material basis for understanding and conducting an in-depth study of the benefits and consequences of accepting Chinese cultures. The task of the research work is, first, to analyze the policy of China that has been conducted since ancient times by identifying the sources related to the formation of Chinese civilization. Second, to understand China's policy toward the ethnic groups under its control. Thirdly, to carefully study the policy of China towards the border regions since ancient times and to analyze their geopolitical goals towards other countries. Fourth, to identify the threats to Kazakhstan by studying the idea of China's unity and cultural dissemination policy aimed at the whole world. We endeavored to enhance the scientific quality of our research by employing both classical and modern methods from the humanitarian sciences, which include data collection, regulation, systematization, sorting, and synthetic analysis. The novelty of the research result is that the formation of Chinese civilization has been summarized in a short period of time. The background of China's far-reaching long-term plans, such as attracting other countries and realizing its ideological goals by spreading culture, was analyzed.

Acknowledgments: The article is based on the fundamental scientific research (FSR) BR20281006 on the topic “Countries of the East: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions”.

Key words: Chinese civilization, channels of formation, culture generalization plan, centralization of power, the idea of unity.

Автор туралы мәлімет:

Қадыл Талдаубек, ғылыми қызметкер, PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Қадыл Талдаубек, научный сотрудкик, PhD, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Qadil Taldaubek, Researcher, PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 21 маусым 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

Қытайлық теоретиктер американдық ғалым Дж.Наемнің «Жұмсақ күш» (soft power, қыт. *жуан шили*) ұғымына жиі жүгінеді, ол басқа елдердегі адамдардың мінез-құлқына ықпал ету үшін «қатты күш» қару-жарақ пен ақшаның орнына «материалдық емес билік ресурстарын» мәдениет пен саяси идеалдарды пайдалануды білдіреді.

Американдық саясаттанудан алынған бұл концепцияны ресми партиялық саясаттың құрамдас бөлігіне айналдыру ҚКП XVII-ші съезінде Ху Цзиньтаоның баяндамасында «мемлекеттің мәдени жұмсақ күшін арттыру» туралы айтылған кезде орын алды. Қытайдың «жұмсақ күш» көздерінің бірі даму модельдерінің алуан түрлілігі, жаһандық тұрақтылықты сақтау және «ортақ гүлдену» үшін жағдай жасау идеяларына негізделген «үйлесімді» дипломатия болуы керек, оған дамушы елдер бірінші кезекте мүдделі.

Зерттеушілер Қытайдың Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ықпалының артуының көптеген мысалдарын келтіреді, ол жаққа Бейжің өзінің ең жақсы дипломаттары мен үлкен көлемдегі экономикалық көмегін жібереді. Экономикалық көмек бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін Бейжің Қытай үкіметінің құрылымында дамуға көмектесетін жеке агенттік құрды. Онда жұмыс істейтін сарапшылар өз жобаларын Қытай мемлекетінің нақты сыртқы саяси ұмтылыстарымен табысты үйлестіруде. Мысалы, ҚХР үкіметі Үндіқытай мен Азия-

Тынық мұхит аймағы елдерінің мемлекеттік билік органдары мен үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері үшін тағылымдамалар мен тілдік курстарды кең көлемде қаржыландырады.

2000-2017 жылдар аралығында Қытай университеттеріне түскен Орталық Азия студенттерінің саны 144 000-нан асты. Бұл Қытайдың Орталық Азиядан жастардың көші-қонына қаншалықты әсер ететінін көрсетеді.

Бейжіңнің 2015 жылғы БЖБ бойынша «Көзқарас пен әрекет» бағдарламалық құжатында екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамытуға қоғамдық қолдаудың артуы үшін академиялық алмасулардың маңыздылығы атап өтілді. 2017 жылғы БЖБ жобасында Қытайдың 2050 жылға қарай жоғары білім, ғылым және технология саласында көшбасшылық позицияны иеленуге ұмтылысын нығайтатын Қытайдың жоғары білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастығының маңыздылығы одан әрі атап өтіледі. Қытайдың денсаулық сақтау мен цифрлық секторға салған инвестициясы кейде денсаулық сақтау және цифрлық жібек жолы деп аталса, білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық кейде «білім жібек жолы» деп аталады.

Сарапшылардың пікірінше Бейжің қытай тілін шетелде тарату үшін құрылған Конфуций институттары, халықаралық мәдени-білім беру орталықтары сияқты мекемелер арқылы, шәкіртақы арқылы да, халықаралық деңгейде де қытай тілінде білім беруді ынталандыру арқылы Қытайды тереңірек түсінуге ықпал ететінін атап өтті. 2023 жылға қарай Орталық Азияда барлығы 13 Конфуций институты: бесеуі Қазақстанда, төртеуі Қырғызстанда, екеуі Өзбекстан мен Тәжікстанда болды (www.anhor.uz, 2024).

Қазақстанда бірінші Конфуций институты 2007 жылы Астана қаласында Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында ашылды. одан кейін 2009 жылы – Алматыда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында, 2011 жылы – Ақтөбеде, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының базасында, 2012 жылы Қарағанды қаласында, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің базасында және 2016 жылы Алматыдағы тағы бір институт – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің базасында Конфуций институты ашылды.

Қазақстандық қоғамда Конфуций институттары әрдайым оң бағаланған жоқ, сыншылар Конфуций институттары мен елдің оқу орындарындағы әртүрлі мемлекеттік қорлар мен құрылымдардың қызметін жандандыруға алаңдаушылық білдіріп, олардың қызметкерлері, қазақстандық студенттер және т.б. идеологиялық тұрғыдан өңделіп жатқанын атап өтті (www.ehonews.kz, 2024).

Бұл ретте, мұндай алаңдаушылықтың көбі олардың қызметінде ашықтықтың жеткіліксіздігімен байланысты екенін түсіну керек, ал объективті деректер бойынша, бүгінде шетелден тартылған студенттер саны бойынша ҚХР-сы әлемде АҚШ пен Ұлыбританиядан кейін үшінші орын алады. 2008 жылы Қытай шетелдік студенттерді қабылдайтын елдердің алғашқы ондығына кірмегенін ескерсек, олардың қазіргі жетістігі шын мәнінде таң қалдырады. Халықаралық білім беру институтының мәліметінше, 2018 жылы шетелде білім алатын 5,3 млн студенттен ҚХР үлесі 9%-ды құрады (www.inbusiness.kz, 2024).

«Белдеу және жол» бастамасы Қытай мен Қазақстан арасындағы білім саласындағы байланыстарды дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды. 2013 жылдың күзінде ҚХР басшылығы алдағы 10 жылда Қазақстандағы Конфуций институттарының 10 000 студенттері мен оқытушыларының оқыту мен біліктігін арттыру үшін 30 000 мемлекеттік грант бөлуге дайын екенін атап өтті.

Белгілі қазақстандық эксперт-синолог Әділ Кәукенов атап өткендей, 2018 жылдың өзінде Қазақстан ҚХР-да студенттер саны бойынша 10-шы орында болды (1-сурет).



1 - сурет. Қытайдағы студенттер саны бойынша жетекші 10 ел, 2018 ж.
Дереккөз https://inbusiness.kz/uploads/2022-11/nElNyapG.jpg

Екі жылдан кейін, 2020 жылға қарай Қазақстан бұл тізімде Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония, Таиланд, Вьетнам, Ресей, Үндістан және Пәкістаннан кейін 9-орынға шықты, ал студенттер саны Қытай Білім министрлігінің мәліметі бойынша 14 224 адамды құрады.

Оның үстіне, олардың 1300-ден астамы Қытай үкіметінің гранты бойынша, 2500-ден астам студент орталық муниципалитеттер мен аймақтық үкіметтердің гранттары бойынша, ал қазақстандық студенттердің басым бөлігі өз қаражатына білім алуда (www.toppress.kz, 2024).

Сонымен қатар, бұл үдерістің динамикасы тек қана қарқын алуда. CGTN мәліметінше, 2023 жылы Қытайдағы өзбек студенттерінің саны 8 мыңнан асқан, ал 2023 жылы 4 мың тәжікстандық студент, сондай-ақ 15 мыңға жуық қазақстандық студент Қытай университеттеріне оқуға түскен (www.anhor.uz, 20024).

2023 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Қытай Халық Республикасы Білім министрінің орынбасары Сунь Яомен кездесуі өтті.

Кездесу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері – университетаралық өзара іс-қимылды дамыту, студенттердің академиялық алмасуы, қос дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарының Қазақстанда филиалдарын ашу, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де бірлескен қазақ-қытай ғылыми орталығын құру, Лу Бань жаңа шеберханаларын ашу және қытай тілі бойынша оқытушыларды даярлау талқыланды.

«Соңғы бір жарым жылда жетекші шетелдік университеттер мен орталықтардың, соның ішінде Қытайдың серіктестік филиалдарын құру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. 2023 жылды аяқтаған тамаша оқиғалардың бірі Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті базасында «Лу Бань шеберханасының» ашылуы болды. Біздің достығымыздың маңызды дәлелі Жібек жолы университеттерінің альянсына қатысу болып табылады. Қазіргі уақытта Альянсқа сегіз қазақстандық жоғары оқу орны қатысуда, келесі жылы бұл санды арттыру жоспарлануда. Мұның бәрі біздің министрліктің жаңа ұсыныстарға дайын екенін көрсетеді», - деді Қазақстан министрі (www.forbes.kz, 2024).

Сондай-ақ, кездесу барысында министр екі елдің студенттерінің баламалы алмасуын 100-ден 150 орынға дейін арттыруды, сонымен қатар Қытайдағы жоғары оқу орындарында қосымша білім алу үшін тіл курстарына бөлек орындар бөлуді ұсынды. Қытай тарапы бұл ұсыныстарды қолдауға толық дайын екенін білдірді және нақты өзара іс-қимыл

стратегияларын әзірлеуді және нығайтуды, магистрлер мен аспиранттарды даярлаудағы жұмысты күшейтуді жалғастыруға ниетті екенін атап өтті.

Осылайша, ҚХР-дың сыртқы саяси стратегиясы ел басшылығының елдің одан әрі дамуы және әлемдік державаға айналуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету міндетіне негізделген халықаралық қатынастар жүйесіне және жаһандық басқару жүйесіне теңгерімді көзқарасын көрсетеді. Көп жағдайда дәл осындай призма арқылы Қытай Қазақстанды қарастырады. Ол өз саясатын екіжақты байланыстар, бірлескен жобалар, интеграциялық ұйымдар арқылы жүзеге асырады. Өз жобаларын жүзеге асырудың тұрақтылығы үшін Қытай аймақтағы қауіпсіздік үдерістеріне белсендірек қатысады және мемлекетаралық бірлестіктердегі ықпалын күшейтеді. Бүгінде ҚХР ШЫҰ және екіжақты платформалар аясындағы экономикалық және саяси құралдардың барлық кешенін пайдалана отырып, осы бағытта белсенді әрекет етуде.

Қытай Қазақстанда ғылыми және білім беру жобалары, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, экономикалық инвестициялар, бұқаралық ақпарат құралдары, заманауи цифрлық және басқа да элементтер арқылы қазақстандық азаматтардың Қытайды қабылдауына әсер ететін «жұмсақ күштің» әртүрлі элементтерін пайдаланады.

Өзара тиімді қарым-қатынас құру үшін қытайлық әріптестердің ойлауы мен мінез-құлқын дұрыс түсіну, олардың тарихын зерделеу, географиясын білу және қандай да бір жағдайға барабар әрекет ету үшін олардың мүдделері туралы мәліметтерді меңгерудің қажеттігін аса атап өту қажет.

Осы түсінбеушіліктің арқасында ақпараттық вакуумда теріс астары бар, шындыққа жанаспайтын болжамдардың пайда болуына негіз жасалады, сондықтан қытайлық жобалар жүзеге асырылып жатқан жерлерде шиеленісті жағдайға әкелетін шиеленісті болдырмау үшін Қытайды жан-жақты зерделеу мәселесіне жалпы пікірді біріктіру арқылы жақындау өте маңызды, осы мәселеде Қытай туралы білу, жергілікті оқытуды ұйымдастыру және қоғамның жалпы хабардарлығын арттыру мәселесіне баса назар аудару қажет.

Қорытынды

Қытайдың сыртқы саясатын талдау Қытайдың ресми билігінің аймақтық және жаһандық ауқымдағы қауіп-қатерлерді бірлесіп шешуге дайындығы тұрғысынан Қазақстанға қатысты ниеттерінің шынайылығына күмән келтіруге негіз бермейді. Бейжің ұсынған доктриналар, тұжырымдамалар мен стратегиялар Қытайдың сыртқы саясатын қазақстандық бағытта болжамды және тұрақты ете отырып, тату көршілік пен өзара сенім кілтінде мүлтіксіз сақталады.

Мәдени айырмашылықтарға, тілдік кедергілерге, көршілес елдермен қарым-қатынастарды құрудың әртүрлі саяси жүйелері мен тұжырымдамаларына қарамастан, орта және ұзақ мерзімді перспективада екіжақты ынтымақтастықты құру барысында туындайтын еңсерілмейтін кедергілер болмайды. Мемлекеттер елдегі және әлемдегі тұрақтылықты сақтауға, өңірлік жобалар аясында өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны арттыруға күш сала береді.

«Белдеу және жол» бастамасын іске асырудың бірінші онжылдығы оның өңірлік интеграциялық бастамадан жаңа жаһандық деңгейдегі бастамаға айналғанын көрсете отырып, онда дамудың бірнеше негізгі үрдістерін бөліп көрсетуге болады:

1. Ауқымды серіктестік – бастама инфрақұрылымдық жобалар, сауда және экономикалық ынтымақтастық бойынша бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін Қытай мен қатысушы мемлекеттер арасында өзара тиімді серіктестік құра отырып, көптеген елдерді тартты.

2. Геосаяси ықпал – бастама геосаяси динамикаға әсер ететін байланыс пен сауданың жаңа бағыттарын жасайды. Инфрақұрылымның дамуы Қытайдың аймақтағы және одан тыс

жерлердегі позициясының нығаюына әкеліп, әлемдік саясаттың басқа субъектілерінің қызығушылығын тудырады.

3. Инфрақұрылымдық инвестициялар. «Белдеу және жол» бағдарламасының басты мақсаты – инфрақұрылымды дамыту. Бұл көлік, энергетика және коммуникация жүйелерін жаңадан құру және қолданыстағыларын жаңғыртуды қамтиды. Бұл инвестициялар экономикалық өсуге және елдер арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

4. Сауда ынтымақтастығы. Елдер арасындағы сауда көлемін ұлғайту және жаңа логистикалық бағыттарды құру экономикалық өсуге және аймақтар арасындағы байланысты дамытуға ықпал етеді.

5. Мәдени ықпал. Бастама мәдени құндылықтармен алмасуды және білім беру саласындағы ынтымақтастықты да қамтиды. Бұл халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды тереңірек түсінуге және нығайтуға ықпал етеді.

Осылайша, ынтымақтастық тәжірибесінің және жаңа шындық талаптарының болуы екі ел арасындағы қарым-қатынастардың дәстүрлі қалыптасқан құрылымын серпінді түрде жаңғырту және жетілдіру, жаңа бағыттар бойынша Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын дамытуға құнарлы негіз жасайды. Жаһандық сын-қатерлерді сәтті еңсеру және Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін екі елдің де ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларға, бірлескен жобаларға және халықаралық ұйымдар аясындағы келісілген әрекеттерге назар аударуы маңызды. Бұл болашақта тұрақты және тиімді серіктестікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы.

Әдебиеттер:

Бернюкевич Татьяна Владимировна, Сунь Янь, Головко Никита Владимирович Культурно обусловленные стратегии и аспекты исследования инициативы "Один пояс - Один путь" // Вестник НГПУ. 2018. №4. С. 109–122 // [Электронды ресурс] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kulturno-obuslovlennye-strategii-i-aspekty-issledovaniya-nitsiativy-odin-poyas-odin-put (дата обращения: 03.02.2024).

Институт Конфуция и китайские государственные структуры открыто работают в ВУЗах Казахстана // [Электронды ресурс] URL: https://ehonews.kz/institut-konfutsiya-i-kitajskie-gosudarstvennye-struktury-otkryto-rabotayut-v-vuzah-kazahstana/ (Дата обращения: 2.02.2024).

Кожирова С. (в соавторстве) Эволюция внешней политики современного Китая: преемственность и новация. // Центральная Азия и Кавказ. Том 21. Выпуск 1. 2018. С.7-18.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығымен бекітілген// https: // [Electronic resource] URL: https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalgan-tuzhyrymdamasy-turaly

Қазақстан Қытайдағы студенттер саны бойынша 9-шы орында // [Электронды ресурс] URL: https://toppress.kz/article/kazahstan-zanimaet-9-mesto-po-kolichestvu-studentov-v-kitae. (Дата обращения: 2.02.2024).

Қазақстан мен Қытай қазақстандықтар үшін Қытайда оқуға арналған гранттарды ұлғайтуды талқылады // [Электронды ресурс] URL: https://forbes.kz/news/2023/12/26/newsid_315144.

Председатель КНР предложил новую модель международных отношений // [Электронды ресурс] URL: http://russian.news.cn/2015-09/29/c_134671129.htm

Рыскулбекова А. Образовательные проекты Китая как инструмент мягкой силы в Казахстане // [Электронды ресурс] URL: https://cabar.asia/ru/obrazovatelnye-proekty-kitaya-kak-instrument-myagkoj-sily-v-kazahstane?pdf=59628. (Дата обращения: 02.02.2024).

Соңғы жылдары Қытайда оқитын қазақстандық студенттер саны 11 мыңнан асты // [Электронды ресурс] URL: https://inbusiness.kz/ru/news/za-poslednie-gody-chislo-kazahstanskih-studentov-obuchayushihsya-v-kitae-prevysilo-11-tysyach. (Дата обращения: 02.02.2024).

Устемирова А.О. «Бір белдеу, бір жол» жобасының мәдени-гуманитарлық аспектілері мен бағыттары" // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы «Халықаралық қатынастар және аймақтану» сериясы 1 (51) 2023, 40-50 бб. // Электронды ресурс] URL: https://doi.org/10.48371/ISMO.2023.51.1.003

Что происходит с молодежью Центральной Азии, следующей по «образовательному пути» Китая// https://anhor.uz/vzglyad-iznutri/central-asian-youth/ (Дата обращения: 2.02.2024).

Foreign Affairs, № 3 (май – июнь) за 2010 г. Council on Foreign Relations, Inc.

Peyrouse S. Soft Power in Central Asia the Politics of Influence and Seduction. Lanham: Lexington Books, 2021. 294 p.

S. Frederick Starr. Kazakhstan 2041: The Next Twenty-Five Years. – Singapore: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. 2016. 66 p.

Shi Ming. Wei qiye jingwai touzi «baojiahuhang» (Шетелге инвестиция салатын кәсіпорындарға көмек) // [Электронды ресурс] URL: http://www.lntrade.com/Article/jmwto/200808/5034.html. (Дата обращения: 2.02.2024).

References:

Bernyukevïç Tatyana Vladïmïrovna, Swn Yan, Golovko Nïkïta Vladïmïrovïç Kwltwrno obwslovlennıe strategïyaları jäne aspektı ïssledovanïya ïnïcïatïvı "Odïn poyas - Odïn pwt" [Culturally conditioned strategies and aspects of the research initiative "One belt - One path"] // Vestnïk NGPW. 2018. № 4. 109–122 pp. [Electronic resource] URL: https:// cyberleninka.ru/article/n/kulturno-obuslovlennye-strategii-i-aspekty-issledovaniya-initsiativy-odin-poyas-odin-put (data obraşçenïya: 03.02.2024). (in Rus.)

Ïnstïtwt Konfwcïya ï kïtayskïe goswdarstvennıe strwktwrı otkrıto rabotayut v VUZah Kazaxstana [12. The Confucius Institute and Chinese state structures work openly in universities of Kazakhstan] // [Electronic resource] URL: https://ehonews.kz/institut-konfutsiya-i-kitajskie-gosudarstvennye-struktury-otkryto-rabotayut-v-vuzah-kazahstana/ Data2.obraşçenïya. 2024. (in Rus.)

Kozhirova S. (v soavtorstve) Évolyucïya vneşney polïtïkï sovremennogo Kïtaya: preemstvennost jäne novacïya [(in co-authorship) Evolution of foreign policy of modern China: succession and innovation]. // Ortalıq Azïya jäne Kavkaz. Tom 21. Vıpwsk 1. 2018. P. 7–18. (in Rus.)

Qazaqstan Respwblïkası sırtqı sayasatınıñ 2020 – 2030 jıldarğa arnalğan tujırımdaması [Concept of foreign policy of the Republic of Kazakhstan for 2020-2030.]. Qazaqstan Respwblïkası Prezïdentiniñ 2020 jılğı 6 nawrızdağı № 280 Jarlığımen bekitildi // https: // https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalgan-tuzhyrymdamasy -twralı (in Kaz.)

Qazaqstan Qıtaydağı stwdentter sanı boyınşa 9-şı orında // [Electronic resource] URL: https://toppress.kz/article/kazahstan-zanimaet-9-mesto-po-kolichestvu-studentov-v-kitae. Data obraşçenïya: 2.02.2024. (in Rus.)

Qazaqstan men Qıtay qazaqstandıq üşin Qıtayda oqwğa arnalğan granttardı köbeytwdi talqıladı [Kazakhstan and China discussed increasing grants for Kazakh citizens to study in China] // [Electronic resource] URL: https://forbes.kz/news/2023/12/26/newsid_315144 (in Rus.)

Predsedatel KNR predlojïl novwyu model mejdwnarodnıx otnoşenïy [The President of the People's Republic of China proposed a new model of international relations] // [Electronic resource] URL: http://russian.news.cn/2015-09/29/c_134671129.htm. (in Rus.)

Rısqulbekova A. Obrazovatelnıe proektı Kïtaya kak ïnstrwment myagkoy sïlı v Kazaxstane [Educational projects of China as an instrument of soft power in Kazakhstan] // [Electronic resource] URL: https://cabar.asia/ru/obrazovatelnye-proekty-kitaya-kak-instrument-myagkoj-sily-v-kazahstane?pdf=59628. Data obraşçenïya – 2.02.2024 j. (in Rus.)

Soñğı jıldarı Qıtayda oqïtın stwdentter 11 mıñnan astı [13. In recent years, the number of Kazakh students studying in China has exceeded 11 thousand] // [Electronic resource] URL: https://inbusiness.kz/ru/news/za-poslednie-gody-chislo-kazahstanskih-studentov-obuchayushihsya-v-kitae-prevysilo-11-tysyach. Data obraşçenïya: 2.02.2024. (in Rus.)

Ustemïrova A.O. «Bir beldew, bir jol» jobasınıñ mädenï-gwmanïtarlıq aspektileri men bağıttarı" [Cultural and humanitarian aspects and directions of the "One Belt, One Road" project"] // Abılay xan atındağı QazXQjÄTW Xabarşısı «Xalıqaralıq qatınastar jäne aymaqtanw» serïyası 1 (51) 2023, 40-50 bb. [Electronic resource] URL: https://doi.org/10.48371/ISMO.2023.51.1.003 (in Kaz.)

Çto proïsxodït s molodejyu Centralnoy Azïï, sledwyuşçey po «obrazovatelnomw pwtï» Kïtaya [What is happening with the youth of Central Asia, following the "educational path" of China] // [Electronic resource] URL: https://anhor.uz/vzglyad-iznutri/central-asian-youth/ Data obraşçenïya: 2.02.2024 j. (in Rus.)

Foreign Affairs, № 3 (май – июнь) за 2010 г. © Council on Foreign Relations, Inc. (in eng.)

Peyrouse S. Soft Power in Central Asia the Politics of Influence and Seduction. - Lanham: Lexington Books, 2021. – 294 p.

S. Frederick Starr. Kazakhstan 2041: The Next Twenty-Five Years. – Singapore: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. 2016. 66 p.

Şï Mïn. Wei qiye jingwai touzi «baojiahuhang» (Şetelge ïnvestïcïya salatın käsiporındarğa kömek) // [Electronic resource] URL: http://www.lntrade.com/Article/jmwto/200808/5034.html. Data obraşçenïya: 2.02.2024. (in chines)

[1]Нечаева Е.Л. [2]Белгожа Е.К.

[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

[2] Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]elenech@inbox.ru, [2]ernur.bk@mail.ru

ИНИЦИАТИВА ПОЯС И ПУТЬ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗИТИВНОГО ОБРАЗА КИТАЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Цель статьи - Китайская инициатива «Пояс и путь», направленная на развитие глобального сотрудничества и возрождения традиций Шелкового пути, является одним из основополагающих векторов продвижения политики КНР в отношении Казахстана. Инициатива - уникальный прецедент в системе международных отношений, строительство которого рассматривается в качестве нового этапа китайской стратегии «выхода вовне» и создания «сообщества единой судьбы». В статье содержится анализ влияния Инициативы «Пояс и Путь» на формирование позитивного образа Китая в Казахстане, с акцентом на возможности мягкой силы.

Новизна, направления и идеи исследования. Исследование основных направлений стратегического партнерства между двумя странами позволяет понять стратегии и механизмы, используемые Китаем для укрепления своего положительного образа в казахстанском обществе, включая различные проекты, инвестиции и обмен культурными ценностями. Практическая значимость. Полученные выводы могут служить основой для разработки рекомендаций, направленных на создание долгосрочных партнерских отношений между Китаем и Казахстаном и продвижение прагматичных интересов Казахстана в ходе

сотрудничества с Китаем как в двустороннем, так и в многостороннем контексте. В статье использовались междисциплинарный подход, методы анализа, кейс-стади, мониторинг медиа и синтеза.

Благодарность: Данное исследование финансируется в рамках грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан № AP14870832 «Китайская инициатива «Пояс и Путь» и геоэкономические интересы Казахстана».

Ключевые слова: Китай, Казахстан, внешняя политика, мягкая сила, инициатива Пояс и Путь.

[1]Nechaeva E.L. [2]Belgozha Y.K.
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2]R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]elenech@inbox.ru, [2]ernur.bk@mail.ru

THE BELT AND ROAD INITIATIVE AS A TOOL FOR SHAPING A POSITIVE IMAGE OF CHINA IN KAZAKHSTAN

Abstract. Objective of the article. The Chinese initiative "Belt and Road," aimed at developing global cooperation and reviving the traditions of the Silk Road, is one of the key vectors of China's policy towards Kazakhstan. The initiative is a unique precedent in the system of international relations, considered as a new stage of China's "going global" strategy and the creation of a "community of shared destiny." The article provides an analysis of the impact of the Belt and Road Initiative on shaping China's positive image in Kazakhstan, with a focus on the possibilities of soft power.

Novelty, directions, and ideas of the research. The study of the main directions of strategic partnership between the two countries helps to understand the strategies and mechanisms used by China to strengthen its positive image in Kazakh society, including various projects, investments, and the exchange of cultural values. Practical significance. The conclusions drawn can serve as a basis for developing recommendations aimed at creating long-term partnerships between China and Kazakhstan and promoting Kazakhstan's pragmatic interests in cooperation with China, both bilaterally and multilaterally. The article employs an interdisciplinary approach, methods of analysis, case studies, media monitoring, and synthesis.

Acknowledgment: This research is funded by the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, No. AP14870832, "China's Belt and Road Initiative and Kazakhstan's Geoeconomic Interests."

Keywords: China, Kazakhstan, foreign policy, soft power, Belt and Road Initiative.

Авторлар туралы мәлімет:

Нечаева Елена Леонидовна, саяси ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Белгожа Ернұр Қуатұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Нечаева Елена Леонидовна, кандидат политических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Белгожа Ернур Куатулы, кандидат исторических наук, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

About the autors:

Nechaeva Elena Leonidovna, Candidate of Political Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University,Astana, Kazakhstan.

Belgozha Yernur Kuatuly, Candidate of Historical Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 27 маусым 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 11.01 https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.234

Далелхан А.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: dalelkhan@gmail.com

ҚХР ӨҢІРЛІК САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНМЕН ҚАТЫНАСТАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Аңдатпа. Мақалада Қытай Халық Республикасы өңірлік саясатының ерекшеліктері тарихи өлшем тұрғысында зерттеле отырып, Қытай билік буындарының сыртқы саяси пайымдарына сындарлы баға беріледі. Қытай билігінің бірінші буыны тұсындағы күрделі халықаралық жағдайдың елдің сыртқы саяси ұстанымдарына қалай әсер еткені және қытайлық сыртқы саяси пайымдардың қырғи-қабақ соғысы тұсындағы әлемдік тәртіпке ықпалы ету деңгейі көрсетіледі. Зерттеу барысында Қытай билік буындарының сыртқы саяси ұстанымдары өзегін заманауи сын-тегеуріндерге икемделу ерекшеліктерін нақтылай келе, қазақ-қытай қарым-қатынастарындағы Қытайдың өңірлік саяси пайымдарының көрініс табуын айқындау мақсат етілді. Зерттеудің жаңалығы – Қытай Халық Республикасы өңірлік саясатының ерекшеліктерін нақтылай отырып, оның көп салалы қазақ-қытай қарым-қатынастарында көріністабуында жатыр. Жұмыстың міндеттеріне қытай билігінің әр буыны сыртқы саясатының басты стратагемдік ерекшеліктерін айқындай отырып, оның өңірлік саяси жағдайға әсері және оның қазақ-қытай қарым-қатынастарына ықпалын нақтылау және Қазақстан мен Қытай арасындағы түйткілді мәселелердің төркінін зерттеу кіреді. Зерттеу мәселесі неореализм, неолиберализм және интеграциялық теориялар негізінде, тарихи-салыстырмалы, статистикалық, құрылымдық талдау және жүйелеу тәсілдерін кеңінен қолдана отырылып қарастырылады. Аталмыш әдіс-тәсілдер мәселені кешенді түрде қарастырып, талдау нәтижелерін жүйелеуге көмегін тигізген. Зерттеу нәтижелері Қытайдың өңірлік саясатын теориялық тұрғыда түсінуге және оның қазақ-қытай қатынастарына әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы нәтижелері халықаралық қатынастар, шығыстану, саясаттану, қытайтану, сондай-ақ тарих саласындағы зерттеулерде кеңінен пайдалануға болады.

Алғыс: Мақала BR20281006 «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» тақырыбындағы іргелі ғылыми зерттеу аясында жазылды.

Түйін сөздер: қытай сыртқы саясаты, қытай дипломатиясы, қытай арманы, қазақ-қытай қатынастары, «бір белдеу, бір жол».

Кіріспе

Қытай Халық Республикасының сыртқы саясаты туралы айтылғанда Қытайдың саяси билік буындарының сыртқы саяси пайымдарын талдау маңызды болып табылады. Мао Цзедун дәуірінен бастау алған Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамаларының мазмұны заман талабына сай жаңа сын-тегеуріндерге байланысты өзгергенімен Қытай сыртқы саяси стратегиясының өзегі әрқашан өзгеріссіз қалып отырды. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатының ең басты стратегиялық пайымы – Қытайдың бейбіт, достық сипаттағы қоршаған ортада үздіксіз дамуын қамтамасыз ету. Сол себептен де, Қытайдың сыртқы саясаты әр билік буыны тұсында халықаралық қатынастардағы шиеленістік жағдайды мейілінше төмендетуге бағытталғанын байқауға болады. Бұл тұста тіпті «үшінші әлемнің» көшбасшылығына ұмтылған Мао Цзедунның

сыртқы саяси стратегиясының өзі бүгінгі қытай сыртқы саясатының негізгі ұстанымдарына алғышарт жасап бергенін атай кету керек.

Зерттеу барысында Қытай билік буындарының сыртқы саяси ұстанымдары өзегін заманауи сын-тегеуріндерге икемделу ерекшеліктерін нақтылай келе, қазақ-қытай қарым-қатынастарындағы Қытайдың өңірлік саяси пайымдарының көрініс табуын айқындау мақсат етілді. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу барысында, қытай билігінің әр буыны сыртқы саясатының басты стратагемдік ерекшеліктерін айқындай отырып, оның өңірлік саяси жағдайға әсері және оның қазақ-қытай қарым-қатынастарына ықпалын нақтылау және Қазақстан мен Қытай арасындағы түйткілді мәселелердің төркінін зерттеу міндеттері қойылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында алдыға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін бірқатар зерттеу әдістері пайдаланылды. Халықаралық қатынастарда ұлттық мүдделерге басымдық беретін Қытай билігінің алғашқы буындары ұстанымдары неореализм теориясы аясында зерттелді. Қоскіндікті жүйе ыдыраған соң халықаралық қатынастарда қалыптасқан жаңа әлемдік тәртіп пен геоэкономикалық пайымдардың басымдық алуы себепті, Ху Цзиньтао мен Си Цзиньпиннің сыртқы саяси ұстанымдары жаһандану және интеграциялық теориялық негізінде қарастырылды. Сонымен қатар, Қытайдың сыртқы саясатында интеграциялық үдерістердің күшейіп, өңірлік сипаты басымдық алуы себепті және «Бір белдеу-бір жол» сынды ірі жаһандық бастамаларды қолға алуына байланысты халықаралық қатынастарда орын алатын жаңа құбылыстар мен өзгерістерді құқықтық тұрғыда реттеу қажет екенін ескере отырып зерттеу барысында неолиберализм теориясы кең пайдаланылды.

Сондай-ақ, бүгінгі күні әлемде орын алып жатқан жаһандық және аймақтық құбылыстарды зерттеуде жүйелілік талдау басшылыққа алу аса ұтымды болмақ. ҚХР мен ҚР арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынастарын зерттеуде тарихи-сараптамалық, статистикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс ҚХР мен ҚР-ның экономикалық мүмкіндіктерін саралай отырып, болашақ даму жолында экономикалық әріптестік әлеуетін зерделеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбын толыққанды ашу үшін деректер мен ақпараттарды сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістері кең қолданылды.

Талқылау

Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси пайымын зерделегенде оның көнеден бері жалғасып келе жатқан стратагемдік ерекшеліктері айрықша назар аударған дұрыс. Мао билігі тұсындағы Қытай сыртқы саясатын «бір тарапқа шығу», «қос қолдап ұру», «бір сызық, бір алқап» деп үш кезеңге бөлетін болсақ, әр сыртқы саяси концепция сол кездегі халықаралық сын-тегеуріндерге жауап бергендігін байқаймыз. ҚХР құрылған алғашқы жылдары «социалистік әлем жағына шыға» отырып КСРО-ның көмегімен ел іргесін бекітіп, қорғаныс саласын күшейтті. Ал 1960 жылдары КСРО-дан біртіндеп алшақтап, екі әлемнің арасында саяси ойын ойнады. «Үшінші әлем» сыртқы саяси стратегиясы арқасында биполиярлық әлемдік тәртіпке өзгерістер енгізе отырып, Қытайды алдымен аймақтық державаға айналдырса, артынан Қытайдың біртіндеп «тәуелсіз әрі дербес» жаһандық полюске айналуына мүмкіндік жасады. 1960 жылдардың соңын ала саяси-идеологиялық ұстанымдарын өзгертпей-ақ АҚШ бастаған Батыс әлемімен тең құқылы қарым-қатынастар орнатты. Осылайша Мао Цзэдун өмірінің соңына қарай Батыспен тең деңгейлі қарым-қатынастар орнатуының арқасында 1978 жылы Дэн Сяопин «ашықтық саясатын» ұтымды жүргізе алды (Далелхан, 2018: 31).

Ал XX ғасырдың 90-жылдары Қытай өзінің сыртқы саясатында «бастамашыл» емес, негізінен «жауап қату» сипатында қалыптастырды. Дэн Сяопиннің 24 иероглифтік

стратегиясы осы жылдардағы ҚХР сыртқы саясатының сипатын нақты ашып көрсетеді. «Салқынқандылықпен бақылау, байсалдылықпен жауап қату, айтқанында нық тұру, өз мүмкіндіктеріңді жасыра отырып оңтайлы сәтті күту, ешқашан көшбасшылықты өзіне алмау, әрқашан бірдеңе жасауға дайын болу» (冷静观察、稳住阵脚、沉着应付、韬光养晦、有所作为、决不当头。Lěngjìng guānchá, wěn zhù zhènjiǎo, chénzhuó yìngfù, tāoguāngyǎnghuì, yǒu suǒ zuòwéi, jué bù dāngtóu) деп келетін Дэн Сяопин стратегиясы халықаралық қатынастарда қалыптасып отырған жағдай талаптарына толықтай жауап беріп, елдің алаңсыз даму жолын қамтамасыз ететін бейбіт дипломатияға арқау болғанын көреміз (Yong, 1998: 327).

XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы Қытайдың сыртқы саясатын «қатерден қаша отырып пайданы іздеу» (趋利避害 quli bihai) деп келетін көне қытай мәтелі нақты айқындайды (Chen, 1993: 240-241). Шындығында, бұл сыртқы саяси тұжырымдама 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басындағы Қытайдың халықаралық қатынастардағы қимыл-әрекеттерін айқындап отырды. XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы АҚШ-тың сыртқы саясаттағы басымдықтарын Шығыс Еуропа мен Таяу Шығыстағы қалыптасқан шиеленісті мәселелерге беруі себепті, бірқатар қытайлық сарапшылар АҚШ Азия-Тынық мұхиты аймағындағы бірден-бір көшбасшы болуға ұмтылысын азайтты деп пайымдап, Қытай дипломатиясының кеңінен жұмыс жасауына мүмкіндік туғанын (Zhao, 1998: 142) жазған еді. Бірақ Пекин бірден айтарлықтай белсенділік танытқан жоқ. Бұдан Қытайдың халықаралық қатынастарда әлемнің қай өңірінде болсын АҚШ-пен тікелей бәсекелестікке түсуге құлықты болмағанын байқаймыз.

Қытай саяси билігінің төртінші буыны Ху Цзинтаодың тұсында Қытай дипломатиясы «қатерден қашуын» азайтып, сыртқы саясатта «орташа деңгейлі» белсенділікке көшті. Ху төраға өз баяндамаларында «сыртқы саясат» деген терминді аса сирек пайдалана отырып, мемлекеттің сыртқы саяси ұстанымында «бейбітшілікті қолдау», «бейбіт орта құру» (Галенович, 2008: 306) деген сияқты жалпы адамзат үшін маңызды мақсатқа бастайтын салмақты сөздерді қолдануға тырысқанын байқаймыз. Ху Цзиньтао өзінің «Үйлесімді әлем» ұстанымында барлық елді бір-біріне құрметпен қарауға, бір-бірінің таңдауын құрметтеуге шақырды. Өзара сенім мен тең деңгейлі қатынастарды сақтай отырып, демократиялық құндылықтар арқылы ынтымақтастыққа ұмтылуды ұсынды. Сонымен қатар, өркениеттердің әр тектілігін елемеу тек шиеленістер мен қақтығыстарға әкелетінін айта отырып, өзара түсіністік пен бір-бірін құрметтей білу қағидатын қатаң сақтаған жағдайда ғана халықаралық бейбітшілік пен бейбіт ортаны құруға болатындығын мәлім етеді.

Қытай билігінің төртінші буыны келесі билік буынына қолайлы сыртқы саяси ортаны ғана қалдырып қоймай, қытайлық сыртқы саясаттың жаңа деңгейге көтерілуіне үлкен экономикалық әлеует қалдырды. Қытайдың ЖІӨ 2003 жылы 1,6 трлн АҚШ доллары болса, 2013 жылы қытайлық ЖІӨ 9,6 трлн АҚШ долларына жеткен болатын (www.data.worldbank.org, 08.05.2024). Бұл әлеует Си Цзиньпин тұсындағы Қытай сыртқы саясатының жаһандық деңгейдегі бастамашыл сипат алуына үлкен мүмкіндік берді.

Си Цзиньпиннің сыртқы саясаты «Бір белдеу, бір жол» бастамасы және «Адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығы» тұжырымдамасы сынды жаһандық деңгейдегі қытайлық стратегиялық ұстанымдармен ерекшеленеді. Қытай билігі бесінші буынының жаһандық деңгейде аса белсенді болуы Қытай экономикасының әлемдік екінші экономикаға айналуымен және әлемдік тәртіптегі күрделі толқыныстардың орын алуымен түсіндіріледі. Қытайдың ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін бейбіт халықаралық ортаның қаншалықты маңызды екенін Қытай билігі жақсы түсінеді. Сол себептен де, Қытайдың «Адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығы» тұжырымдамасының (China’s Proposals and Actions, 2023: 50) басты мақсаты ретінде тұрақты бейбітшілік, ортақ қауіпсіздік, ортақ гүлдену, ашықтық пен инклюзивтілік, тазалық пен сұлулық әлемін құруды таңдап отыр. Си Цзиньпин төрағаның үшінші билік кезеңінін басты сыртқы саяси тұжырымдамасына айналып отырған

үш жаһандық бастама, яғни «Жаһандық даму бастамасы», «Жаһандық қауіпсіздік бастамасы» және «Жаһандық өркениет бастамасы», Қытай сыртқы саясаты дамуының заңды жалғасы болып табылады.

Си Цзиньпиннің аймақтық саясатының басты қағидаттары

Си Цзиньпин сыртқы саясатының көршілес мемлекеттермен қарым-қатынастары негізгі төрт қағидаттар аясында жүзеге асуда. Бұл тұста да Қытай билігінің бесінші буын өкілдері дәстүрден таймай, көне қытайлық салиқалылыққа салып, дәстүр сабақтастығын басшылыққа алып отырғанын баса айту керек. Қазіргі Қытайдың көршілес елдермен қарым-қатынастарының өзегі ретінде 亲 (qin), 诚 (cheng), 惠 (hui), 容 (rong) (жақындық, шынайылық, өзара пайда, инклюзивтік) деп келетін төрт иероглифтік стратегияға жүгінеді.

Қытай тілінде 亲 (qin) жақындықпен қатар, туыстық деген де мағына білдіреді. Конфуциандық ілімдегі «туыстық-жақындықтың» көршілес елдерге қатысты сыртқы саяси ұстаным етілуі Қытай билігінің айналасындағы елдермен татукөршілікті ерекше құрметтейтіндігін көрсетеді.

Шынайылық (诚 (cheng)) көне конфуциандық ілімде сенім (信 (xin)) ұғымымен қатар жүреді. Қазіргі Қытай билігінің көрші елдермен шынайылық қарым-қатынастарды нығайтуға ұмтылуы көне дәстүрлі қытайлық ілімді заманауи халықаралық қатынастарда тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға ұмтылысы деп бағалау керек.

Өзара пайда мен инклюзивтілік заманауи дипломатияның басты қағидалары екенін ескерсек, Си Цзиньпиннің көршілес елдерге қатысты сыртқы саяси ұстанымы заман талабына сай екенін байқаймыз.

Қытайдың көршілес елдерге қатысты дипломатиялық қатынастарының басты міндеттеріне тоқталсақ, оларды бірнеше топқа бөлуге болады.

Негізгі құрылымдық қағидаттар: татукөршілік пен достық қарым-қатынастарын әрқашан қолдау; бір-біріне құрметпен қарау әрі жиі сапарлармен алмасу; көрші елдер халқының жүрегін жаулай отырып, елдің жағымды кейпін қалыптастыру; көрші елдермен шынайылыққа негізделген қатынастарды қалыптастыра отырып, әріптестер мен серіктестерді көптеп табу;

Өзара пайда қағидаттары: өзара тиімділікке негізделген байланыстарды қолдау; ынтымақтастықтан Қытай да, көршілес мемлекеттер де пайда табу, «win-win» қағидасын басшылыққа алу; аймақ елдеріне қатысты аймақтық жобаларды ұсына отырып, ортақ рух қалыптастыру; аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа белсенді қатысу; өңір елдерінің инфрақұрылымдық жағдайын жақсарта отырып, біртұтас кеңістік құру;

Қаржы-экономикалық ынтымақтастық қағидаттары: қаржы саласындағы ынтымақтастықты тереңдете беру; Азия инфрақұрылым және инвестиция банкінің аясын кеңейтіп, жобалардағы үлесін арттыра түсу; шекара бойындағы ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру, аймақ елдерімен шекара бойы сауда орталықтарын көбейту;

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары: аймақтық қауіпсіздікті жетілдіру, ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бірлескен әскери жаттығуларды өткізу; туризм, білім-ғылым, мәдениет саласындағы ынтымақтастықтарды жетілдіре отырып, ортақ рух қалыптастыру; Қытайлық «жұмсақ күшті» одан бетер тереңдете түсу және әрқашан қолдау (Далелхан, 2018: 61-64).

Бұл қағидаттардың бәрі соңғы жылдары түйінделген «Жаһандық даму бастамасы», «Жаһандық қауіпсіздік бастамасы» және «Жаһандық өркениет бастамаларының» өзегі болып табылады. Осы тұста Қазақстан Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамаларында басшылыққа алынған негізгі қағидаттардың Қытайлық жаһандық бастамалардың өзегімен үндес екендігін баса айта кету керек. Бұл өз кезегінде қазақ-қытай қарым-қатынастарының табысты болуына тікелей әсер етіп отыр.

Зерттеу нәтижелері

Бүгінгі күнгі көпсалалы Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын реттеп отырған басты стратегиялық құжаттарды сараптай отырып екі мемлекет арасындағы әріптестікке нақты баға беруге болады. Осы уақытқа дейін Қытай мен Қазақстан арасында жасалған келісім-шарттарды төрт санатқа бөлуге болады.

Біріншісі санатқа екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды нақтылау бойынша құжаттар жатады. Бұл тұста қазақ-қытай қатынастарын жан-жақты жетілдіруге қатысты негізгі сегіз құжатты атау керек. Олар: «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнату туралы бірлескен коммюнике» (1992 жылдың 3-қаңтары), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көпжақты ынтымақтастықты XXI ғасырда одан әрі жетілдіре түсу туралы бірлескен декларация» (1999 жылдың 23-қарашасы), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы татукөршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім» (2002 жылдың 23-желтоқсаны), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестік орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» (2005 жылдың 4-шілдесі), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту туралы бірлескен декларация» (2011 жылдың 13-маусымы), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдетутуралы бірлескен декларациясы» (2013 жылдың 8-қыркүйегі), «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастарының жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясы» (2015 жылдың 31-тамызы) және Қазақстан Республиксы мен Қытай Халық Республикасының мәңгілік стратегиялық және жан-жақты серіктестікті дамыту туралы бірлескен мәлімдемесі (2019 жылдың 11 қыркүйегі). Бұл құжаттардың негізінде Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар достық және әріптестік деңгейден жан-жақты стратегиялық әріптестік деңгейіне дейін жетіп отыр. Қытай Халық Республикасы өзінің сыртқы саясатында стратегиялық әріптестікке ерекше мән беретін мемлекет.

Қытай Халық Республикасы Қазақстанмен стратегиялық әріптестік орнатқан 2005 жылға дейін тек жиырмаға жуық мемлекетпен ғана стратегиялық әріптестік орнатқан болатын. ҚХР 1949 жылдан бері дербес сыртқы саясатын жүргізіп келген ел бола тұра XXI ғасырдың басына дейін тек жиырмашақты мемлекетпен стратегиялық әріптестік орнатқаны ойландыратын сұрақ. Оның себебі ҚХР өзінің сыртқы саяси концепциясына «стратегиялық әріптесік» ұғымын 1993 жылдан бастап ғана енгізген болатын. ҚХР ең алғашқы стратегиялық әріптестікті Бразилиямен 1993 жылы түрде орнатқан еді. 1996 жылы ҚХР бұрынғы КСРО елдері қатарынан бірінші болып Ресей Федерациясымен стратегиялық әріптестік орнатты. Ал 2001 жылы Латын Америкасындағы социалистік ел болып табылатын әрі зерттелген мұнай қоры бойынша әлемдегі бірінші мемлекет Венесуэламен стратегиялық әріптестік қатынастарын орнатқан болатын. 2004 жылы Қытай еуропалық дамыған мемлекеттер Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания елдерімен стратегиялық әріптесік орнатса, 2005 жылы Үндістан, Индонезия, Тайланд, Сингапур және Қазақстан сияқты елдердің стратегиялық әріптесі атанды. Ал Греция, Оңтүстік Африка Республикасы және Корей Республикалары сынды экономикалық даму бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттер тек 2006-2008 жылдары ғана Қытай Халық Республикасымен стратегиялық әріптестік орнатты (赵华胜. 中国的中亚外交, 2008: 150-152). Бұл Қытайдың сыртқы саясатында Қазақстанның маңыздылығы қаншалықты екендігінің көрінісі.

Қытай Халық Республикасы сыртқы саясатының маңызды басымдықтарының бірі іргелес мемлекеттермен экономикалық ынтымақтастықты барынша жетілдіру екені анық. Қазіргі халықаралық қатынастарда орын алып жатқан геосаяси толқыныстарға қарамастан

Қазақстан мен Қытай екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-рухани ынтымақтастықты одан бетер жандандыруда. Бұл саладағы қарым-қатынастардың тиімді болуына екі мемлекет үкіметтерінің арасындағы терең ынтымақтастықтың болуы аса маңызды екені түсінікті. Қазақстан мен Қытай арасында үкіметтік деңгейде қол қойылған келісім-шарттардың екінші санатына екі ел үкіметі арасындағы ынтымақтастық тетіктерін жетілдіруге қатысты құжаттарды жатқызуға болады. Олардың қатарынан негізгі мына құжаттарды айтсақ болады: Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша қазақ-қытай үкіметаралық комиссия құру туралы келісім (1992 жылдың 26-ақпаны), Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетін құру туралы келісім (2004 жылдың 17-мамыры) және Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен коммюникесі (2011 жылдың 23-ақпаны).

1992 жылы жасалған келісім бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық комиссиясы вице-министрлер деңгейінде жұмыс жасаған болатын. Ол 2004 жылы вице-премьерлер деңгейіндегі комитет мәртебесін алды. Бұл комитет құрамына сауда-саттық, көлік қатынастары, теміржол, кеден, ғылым және техника, қаржы, энергетика, геология, гуманитарлық, қауіпсіздік салалары бойынша подкомитеттер кірді. Бұл комитет 2012 жылы премьер-министрлер деңгейіне көтерілді. Бүгінде үкімет деңгейінде «жыл сайынғы премьер-министрлер кездесуі + Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитеті + 10 подкомитет» форматындағы ынтымақтастықтың ресми платформасында жұмыс жасап келеді (Далелхан, 2018: 77).

Үкімет деңгейінде көптеген саланы қамтитын тұрақты комитеттің жұмыс жасауы екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарда туындап жататын кезек күттірмес мәселелерді уақытылы шешу мүмкіндігін береді. Қазақстан Республикасы мен мен Қытай Халық Республикасының үкіметтері көп салалы ынтымақтастықты жүзеге асыру бойынша тетіктерді құруы және жаңа сын-тегеуріндерге байланысты жетілдіріп отыруы екі елдің терең стратегиялық әріптес болуға ынталы екендігін көрсетеді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы терең қарым-қатынастар тек екіжақты ғана емес, көпжақты форматта да қарқынды дамып келеді. Екі мемлекет Шаңхай ынтымақтастық ұйымы, Азия-Еуропа форумы, Азиядағы ынтымақтастық диалогы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес сияқты халықаралық ұйымдар мен кеңестер шеңберінде, сонымен қатар соңғы жылдары «С5+1» форматында көп салалы ынтымақтастықтарын дамытуда. Стратегиялық ынтымақтастықты жоспарлау және үйлестіруге қатысты құжаттарды екіжақты келісім-шарттардың үшінші санатына жатқызуға болады. Олардың қатарынан келесі құжаттарды атап өтуге болады: Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдардағы ынтымақтастық бағдарламасы (2003 жылдың 3-маусымы), XXI ғасырдағы Қазақстан Республикасымен Қытай Халық Республикасының ынтымақтастық стратегиясы (2006 жылдың 20-желтоқсаны), Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы экономиканың шикізат емес секторындағы ынтымақтастық бағдарламасы (2007 жылдың 18-тамызы), Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытудың орта мерзімді бағдарламасы (2020 жылға дейін) (2013 жылдың қыркүйегі), Өндірістік және инвестициялық ынтымақтастықты жетілдіру бойынша үкіметаралық шекті келісім (2015 жылдың 31-тамызы), Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұрлы жол" жаңа экономикалық саясатын және "Жібек жолының экономикалық белдеуін" салуды ұштастыру жөніндегі ынтымақтастық жоспары (2016 жылдың 2-қыркүйегі), План сотрудничества в сфере индустриализации и инвестиций между Правительством Республики

Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики (2023 жылдың 17-мамыры). Аталмыш құжаттар екі жақты қарым-қатынастардың маңызды салаларындағы шараларды ұйымдасып, нақты жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға септігін тигізіп отыр.

Қытай-қазақ стратегиялық әріптестігінің тереңдей түсуіне бағытталған құжаттардың төртінші санатына екі мемлекет арасындағы көп салалы ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған келісімдер болып табылады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру, инвестицияны қорғау, әділетсіз бәсекелестікке жол бермеу, қос салықты жою, салықты төлеуден жалтарудың алдын алу, технологиялармен алмасу, кедендік бақылау, екіжақты визасыз тәртіпті орнату, тауар инспекциясы, банк қызметтері, көлік тасымалы, транзит, сауда жолдары, логистика, Ляньюнган порты, минералды ресурстарды зерттеу, мұнай және газды өндіру әрі тасымалдау, мұнай және газ құбырлары, «Қорғас» халықаралық шекарамаңы ынтымақтастығы орталығы туралы құжаттарды атауға болады. Осы бағыттағы негізгі құжаттар екі мемлекет үшін аса маңызды болып табылатын экономикалық қарым-қатынастарды нақты жүзеге асыруға арқау болып отырған ынтымақтастық механизмі болып табылады.

Соңғы жылдардағы Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда қарым-қатынастары рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізуде. ҚХР Кеден басқармасының мәліметіне қарайтын болсақ, 2023 жылы екіжақты сауда қарым-қатынастары $41 млрд. құраған. 2022 жылы бұл көрсеткіш $31,2 млрд. болатын (www.gov.kz, 10.05.2024). Яғни бір жылдың көлемінде екіжақты сауда $10 млрд өсіп отыр. 2023 жылғы $41 млрд. екіжақты сауданың $16,3 млрд. қазақстандық экспорт болса, Қазақстанның Қытайдан сатып алғаны $24,7 млрд. болып отыр.

Бүгінде Қазақстанда 2674 қытайлық заңды тұлға және 822 Қазақстан-Қытай бірлескен кәсіпорындары тіркелген. Аталмыш кәсіпорындарды бизнес санаттарына қарай жіктейтін болсақ, 3496 кәсіпорынның 41 ірі кәсіпорын, 33 орта деңгейлі бизнес нысаны болса, 3422 шағын бизнес нысандары болып табылады. Оның ішінде 1801 кәсіпорын сауда-саттық саласында қызмет жасаса, (яғни жалпы кәсіпорындар санының 52%), 328 кәсіпорын құрылыс саласында, 273 кәсіпорын өңдеу саласында, ал қалған 319 кәсіпорын әр түрлі қызмет көрсету бағытында жұмыс жасайды (www.stat.gov.kz, 10.05.2024).

Қазақ-қытай сауда-экономикалық қарым-қатынастарына қатысты қазақстандықтарды айрықша алаңдататын мәселенің бірі қазақ-қытай бірлескен 56 кәсіпорын төңірегіндегі сұрақтар екені анық. 2015 жылы 31 тамызда Қазақстан Президентінің Қытайға жасаған сапары барысында қол жеткізілген келісім-шарттар негізінде аталмыш бірлескен кәсіпорындарды жүзеге асыру жұмыстарына пәрмен берілген болатын (周翰博, 2023). Содан бері жұртшылық арасында, әсіресе әлеуметтік желілерде қызу талқыланып, бірқатар наразылық шерулеріне арқау болғаны анық. Қытайлық инвестициялар төңірегінде алып-қашпа әңгімелердің көбеюіне алғашқы жылдары аталмыш инвестицияларға қатысты ресми мәліметтердің аз таралуы, келісім-шарттардың мазмұнының көбінде құпия қалуы себеп болған еді. Сонымен қатар, соңғы жылдары барлық ақпарат құралдары беттерінен түспейтін Шыңжандағы лагерлерге қатысты және АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы төңірегіндегі мәліметтерде жанама түрде әсер еткені анық. Алайда қазіргі таңда қазақ-қытай бірлескен 56 кәсіпорындарға қатысты ақпараттар қолжетімді. Бұл мемлекеттік мекемелердің өздерінің ақпараттарды дер кезінде бермей, уақытты өткізіп алған олқылықтарын жою арқасында жасалған іс-әрекеттерінің нәтижесі.

Бүгінде қазақ-қытай бірлескен 56 инфрақұрылымдық жобалардың 15 толықтай іске қосылып үлгерді. Аталмыш жобалардың жалпы құны $3,96 млрд. құрайды. Бүгінде жалпы құны $3,81 млрд. құрайтын 12 жоба жүзеге асырылу үстінде. Алдағы екі жылдың көлемінде аталмыш жобаларды жүзеге асыру жұмыстары толықтай аяқталып, кәсіпорындар өз жұмыстарын бастайды деп жоспарлануда. Сонымен қатар, құны 23,42 млрд. АҚШ долларын құрайтын 29 жоба бойынша пысықтау жұмыстары қазіргі таңда екі жақ тарапынан

Ainur Abidenkyzy, PhD in Philosophy, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Assel Almabekova, PhD student of the specialty 8D02212-Classical Oriental Studies (Scientific center) of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 4 шілде 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 39.23.19 https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.257

***[1]Сарқытқан Қ. [2]Ерболат Е.**
[1] Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
[2] Нархоз университетінің экономикалық колледжі, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]kaster0102@mail.ru, [2]erbolatelai@mail.ru

ШЫҢЖАҢНЫҢ ТАБИҒИ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайын, ерекше қоғамдық ортасын талдау және нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін зерттеу сондай-ақ оны мемлекеттің басқа дамыған аймақтарымен салыстыру және оның себептері мен салдарын саралау. Мақсатқа сүйене отырып төмендегідей міндеттер қарастырылады: Шынжаңның табиғат жағдайы мен табиғи ресурстық әлеуеті, қоғамдық-саяси даму кезеңдері, этникалық құрамы және олардың қоныстану географиясы, аудан ішіндегі экономикалық даму деңгейінің түрліше болуы, ауданның, әсіресе оңтүстік аймағының әлеуметтік жағдайы мен табиғи-экологиялық ортасының қатынасы, қытай өкіметінің жүргізіп отырған экономикалық және әлеуметтік саясаты және оның нәтижелерін талдау. Мақаланы жазу барысында тарихи, салыстырмалы, статистикалық, баяндау әдістері қолданылды. Мақаланың негізгі идеясы-авторлар Шыңжаңның ішкі және халықаралық деңгейдегі маңызды стратегиялық ұстанымын ашып, Оның Қытайдың Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасындағы маңыздылығын көрсетеді. Мақаланың негізгі нәтижелері мен талдаулары аймақтың мәдени, экономикалық және әлеуметтік-демографиялық ландшафтын өзгертудегі «Бір Белдеу, бір Жол» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылатын ірі инфрақұрылымдық жобалардың рөлін сипаттау және осыған байланысты әлеуметтік тұрақтылық пен тұрақты дамуға тікелей әсер ететін көптеген этникалық және әлеуметтік проблемалардың туындауының себептері мен салдарын экономикалық-географиялық саралау болып табылады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ҚКП-ның азсанды ұлттар саясатының Шыңжаңда атқарылуы: тарихы, бүгіні және келешегі» тақырыбындағы 2022–2024 жж. гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі ЖТН AP14869734).

***Түйін сөздер*:** Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданы, «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы, аймақтардың ішкі экономикалық айырмашылықтары, этностардың өзара қарым-қатынасы, экологиялық орта ерекшелігі, әлеуметтік даму мәселелері.

Кіріспе

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (Шынжаң) Қытай Халық Республикасының (ҚХР, Қытай) батыс-солтүстік бөлімінде орналасқан. Жалпы жер аумағы 1,6 млн шаршы шақырымнан астам аумақты қамтып, мемлекет аумағының алтыдан бір бөлігін құрайды. Шынжаң географиялық орналасуы бойынша сегіз елмен шектеседі сондықтан ол Қытайдағы ең ұзын шекара сызығына ие провинция. Одан бөлек, Шынжаң ауданы көп ұлтты және көп мәдениетті аймақ болып саналады. 2000 жылғы халық санағы Бойынша Шыңжаңда 18,46 миллион халық болған, 2006 жылдың аяғында Шыңжаңның халқы 20,5 миллион адамға жеткен. Қала тұрғындарының саны 7,7777 млн. (37,94%), ауыл елді мекен тұрғындарының саны 12,7223 млн. (62,06%). Одан кейінгі жылдары да халық саны үздіксіз өсудің жолында

болды. Мысалы, 2023 жыл қорытындысы бойынша ауданның тұрақты тұрғындарының саны 25,98 миллионды құрады. Оның ішінде: қала тұрғындарының саны 15,39 миллион адам болып, урбанизация деңгейі 59,24% құрады, бұл өткен 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,35 пайызға өскенін көрсетіп отыр (Шынжаң ауданының халық..., 2024).

Шыңжаңда ежелден қоныстанып, тіршілік етіп келген этникалық халықтардың жалпы саны он үш. Соның ішінде саны жағынан басым ұлттар ұйғыр, қытай және қазақтар. Бұдан бөлек қырғыз, өзбек, тәжік, дұнған, моңғол, сібе, дағұр және басқа да халықтардың өкілдері тұрады. 2010 жылғы халық санағынан кейін халықтың этникалық құрамы айтылмайтын болды. Сол жылғы санақ нәтижесіне сүйенгенде, Шынжаңдағы қытай халқының саны 8,7461 млн. адам (40,1%), өзге халықтардың жалпы саны 13,0672 млн. адамды (59,9%) құраған. Соның ішінде қазақ халқының саны 1,462 млн. 588 адам деп көрсетілген. Ресми емес деректер бойынша 3 млн. астам этникалық қазақ бар деп саналады.

Шыңжаң өзінің географиялық орнының ерекшелігіне байланысты дербес тарихы мен мәдениетін қалыптастырған өлке. Ол тарихи дамудың түрлі кезеңінде өте ауқымды оқиғаларға, өзгерістерге ұшыраған аймақ. Осы тұрғыдан айтқанда, қазіргі Шыңжаңның тұрақтылығы мен даму мәселелері халықаралық және мемлекет үшін де аса маңызды тақырыптың бірі болып келеді. Сондықтан аталмыш тақырып әрдайым ел ішінде, шетелде және ұлттық деңгейде ғалымдардың назарын аударып отыр. Қытай өкіметі Батыс шекара аймақтарды дамыту үшін, Шығыс және Батыс экономикалық аймақтарды бөліп қарастырған дамудың стратегиясын XX ғасырдың аяғында алып шықты. Бұл стратегия бойынша 2000 жылдың басынан мемлекеттің барлық мүмкіндіктері мен әлеуетінің 70 % Батыс аймақтарды дамытуға жұмылдырды. 2007 жылдың қазан айында Мемлекеттік Кеңес Шыңжаң экономикасын одан әрі ілгерілету туралы Мемлекеттік Кеңестің № 32 құжатын шығарды. Бұл құжат Шынжаңның экономикалық және әлеуметтік стратегиялық дамуының жаңа кезеңінің бағытын нақтылап берді (Ли Цзяньсинь, 2008: 53–63).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Аталған тақырыпты зерттеуге экономикалық-географиялық және тарихи деректер мен әдебиеттер кеңінен пайдаланылды. Оның ішінде шетелдік, қытай тақырыбын зерттеп жүрген мамандардың еңбегінің үлесі басым болды. Сондай-ақ Қытай мемлекеттік статистика мекемелерінің сандық мәліметтері де қарастырылды. Осы мәліметтерге сүйеніп, Шынжаң өлкесінің әлеуметтік экономикалық жағдайы өңірлер бойынша әрі этникалық топтар бойынша салыстырмалы түрде сараланды. Мақаланың алға қойған міндеттерін нақты орындау үшін ең соңғы мәліметтерді ресми құзырлы орындар мен ғылыми зерттеу мекемелерінің интернет ресурустары мен электронды басылымдарынан пайдаландық. Мақалада көтерілген тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістерін пайдаланудан тыс, тарихи-географиялық салыстыру және баяндау әдістерін қолданып, тақырыпқа қатысты деректерді, статистикалық мәліметтерді жинау, реттеу және сұрыптаудан өткізіп талдау жасадық. Саясаттану ғылымының тәсілдері бойынша этникалық азшылықтарға бағыттаған саясаттың практикалық нәтижелерін нақты сандар бойынша көрсетуге тырыстық. Жалпы тақырыпты зерттеуге пәнаралық әдістерді бір-бірімен ұштастыра отырып, зерттеудің ғылымилық деңгейін көтеруге тырыстық.

Талқылау

Бізге белгілі даму және тұрақты даму-адамзат қоғамының мәңгілік тақырыптары. Жаһандану тенденциясы мен оның ықпалы барған сайын айқындала бастаған кезде, кез-келген ел үшін тұрақты даму қоғамының басты және өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан Қытай өкіметі алғаш реформа бастағандағы «Бір бөлім аймақты, бір бөлім

адамдарды алдымен дамыту және байыту» ұстанымын ендігі кезекте жалпы мемлекет көлемінде даму, жалпы халықты байыту бағытына ауыстырды. Сондықтан, орталық әлде шеткері аймақ болсын бәрі де жаңаша серпінмен дамудың ортақ талабына кез болады. Міне осындай тарихи кезеңде Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының жаңа дамуы басталды. Бұл батыс өңірлерді индустрияландыру мен жаңғыртуды жеделдету, дамыған шығыс өңірлердің даму стратегиясын қуып жету ғана емес, сонымен қатар шекаралас аймақтардағы барлық этностардың ортақ өркендеуіне қол жеткізуді мақсат еткен стратегия болды. Осы себепке байланысты Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бұрыннан бар және болуы мүмкін проблемаларды бірнеше тұрғыдан қарастырып, зерттеуді жөн санадық. Бұл Шыңжаңның әлеуметтік тұрақтылық пен үйлесімділік жолында дамуы үшін қажет.

Жалпы Шынжаң тақырыбы әлемдік деңгейде, аймақтық ауқымда болсын аса өзекті тақырып болып келеді және болашақта да қала беретіні анық. Оның себебі бұл өлке ежелден бері Батыс пен Шығыс өркениеттерінің тоғысқан орны болып келді. Үлы Жібек жолы осы өңірден өтті. Оның үстіне үлкен империялардыың мүдделерінің тоғысқан нүктесі болғандықтан тарихи даму кезеңдерінде түрлі саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық үдерістердің сынтезінен өткен аймақ. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылған соң, бұл аймақ жаңа қытай қоғамының бір бөліміне толықтай айналды. 1950 жылдан бастап қытай өкіметі мемлекет көлемінде социалистік саяси-әкімшілік басқару жүйесін құрды. Автономиялық район, облыс және аудан қатарлы. Сол қатарда Шынжаң ұйғыр автономиялы районы құрылды. Оның құрамында ең үлкен әкімшілік бірлік ретінде 1954 жылы қараша айында Іле Қазақ автономиялық облысы құрылды. Содан бері қытайдағы этникалық азшылық халықтар автономия саясатының аясында өмір сүріп келеді. Шынжаң туралы зерттеулер қытайдың іші-сыртында жақсы қолға алынған. Қазақстандық ғалымдарда қытайдың Шынжаң ауданының экономикалық-әлеуметтік жағдайы, тарихи, ұлттық құрамы мен мәдениеті, ұлттық саясаты және көші-қон мәселелері бойынша зерттеулер жасады. Біздің бұл мақаламыз жалпы Шынжаң ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайын өңірлер және этникалық құрамы бойынша қарастырады және экономика мен экологияның қарым-қатынасын зерттеуде оңтүстік Шынжаң аймағын негіз етеді. Бұл тақырып Қазақстанда аз зертелген сала болып саналады. Біздің мақаланың ерекшелігі де осында.

Зерттеу нәтижелері

Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы. Шынжаң ауданы ҚХР құрамындағы «жаңа провинция» аталған 1950 жылдардың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен болды. Нарықтық экономика басталған 1979 жылға дейін жүргізілген түрлі саяси науқандар аудан экономикасын дамуға мүмкіндік бермеді. Нарықтық экономикалық реформа басталған соң, әсіресе 1990 жылдардан кейін Шыңжаңдағы индустрияландыру қарқыны едәуір жеделдеді. Өнеркәсіп ауыл шаруашылығын жедел экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші ретінде алмастырды. Қосалқы саланың құрамы бұрынғы «ауылшаруашылығы-өнеркәсіп-қызмет көрсету» құрылымдық үлгісінен «өнеркәсіп-қызмет көрсету- ауылшаруашылығы» форматына өзгеріп, жұмыспен қамту құрылымы да айтарлықтай өзгерді. Мысалы, халық шаруашылығының басты үш саладағы жұмыс күшінің баланысы да өзгерді. Бұл құрылым 1978 жылы «ауылшаруашылығы-өнеркәсіп-қызмет көрсету» салалары бойынша 72:14:14 %-тен 2006 жылы 51:14:35-ке өзгерді. Шыңжаңдағы заманауи жұмысшылар өнеркәсіптің әр саласында, мысалы, болат, түсті металдар, көмір, құрылыс материалдары, тоқыма бұйымдарын қоса алғанда, мұнай өндіру және мұнай-химия өнеркәсібінің жетекші саласын қалыптастырды. Азық-түлік, электр энергетикасы, химия өнеркәсібі және т.б. сияқты салыстырмалы түрде толық санаттары бар ерекше заманауи өнеркәсіптік жүйені қалыптастырды.

2000 жылдан бастау алған «Батысты игеру» стратегиялық реформасының келуімен Шынжаң экономикасы дамуға бет алды. Мәселен, 2008 жылы Шыңжаңның жалпы ішкі өнімі 420,3 миллиард юаньға жетті, бұл Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы құрылғанға дейінгі (автономиялық аудан 1955 жылы құрылды) 1952 жылмен салыстырғанда 86,4 есе және орташа жылдық өсім 8,3%-ға өскен. 1978 жылмен салыстырғанда 19,6 есе және орташа жылдық өсім 10,4%-ға жеткен; 2008 жылы Шыңжаңның жергілікті бюджеттік кірісі 36,106 миллиард юаньға жетті, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 4,56 есе, 1978 жылмен салыстырғанда 50,57 есе және 1955 жылмен салыстырғанда 208,71 есе артық болған. 2006 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері 1978 жылғы 313 юаньнан 15000 юаньға дейін өскен. Міне осылайша Шыңжаң экономикасы жаңа даму кезеңіне өтті (Шынжаң ауданының халық..., 2024).

Шыңжаң экономикасының қарқынды дамуы аудандағы барлық этникалық тұрғындарының өмір сүру деңгейін айтарлықтай жақсартты. Халықтың өмір сүру деңгейі және тұтыну деңгейі көтеріліп, үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл қала тұрғындары мен қоса ауылдағы халықтың да өмір сапасының өсуіне зор ықпал етті. Бұдан бөлек әлеуметтік даму тұрғысынан Шыңжаңның білімі, медициналық қызметі және денсаулық сақтау саласы реформалар мен ашылулардан, әсіресе Батыс Аймақтың дамуынан бастап үлкен жетістіктерге жетті. Қазіргі уақытта Шыңжаңда толық білім беру жүйесі қалыптасты (азхалықтарды қоса алғанда). Бұдан салыстырмалы 10 жыл – 15 жыл ілгері осы салада белгілі нәтижелер болы. Мысалы 2006 жылы Шыңжаңдағы мектеп жасындағы балаларды мектепке қабылдау деңгейі 100% құрады, сонымен қатар орта мектеп оқушылары мен жоғары сынып оқушыларының мектепке бару деңгейі де артып келеді. Ал халықтың сауатсыздық деңгейінің айтарлықтай төмендеуі 1990-1990 жылдар аралығында көрнектене бастады. Кәдімгі жоғары оқу орындары 1955 жылы 3-тен 2006 жылы 31-ге дейін өссе, 2023 жылы бұл көрсеткеш 68-ге жетті.

Шыңжаңдағы медициналық және денсаулық жағдайы біртіндеп жақсарды. Шыңжаңдағы денсаулық сақтау мекемелерінің саны 1955 жылғы 376-дан 2006 жылы 8175-ке дейін өсті, бұл өсім 22 есе; медицина қызметкерлері мен техниктерінің саны 6 302-ден 9 980 000-ға дейін өсіп, 148 есе артты.1000 адамға шаққанда дәрігерлер саны, 1000 адамға шаққанда ауыл шаруашылығы қалалық медициналық ауруханалардағы төсек орындарының саны және халыққа тиесілі қалалық медициналық қызметкерлердің саны орташа республикалық деңгейден жоғары болды. Барлық этностардың денсаулық деңгейі айтарлықтай жақсарды. Шыңжаңдағы нәресте өлімінің деңгейі 1982 жылғы халық санағы кезіндегі 121 920-дан 2000 жылғы бесінші халық санағы кезінде 27 290-ға дейін төмендеді; бүкіл аймақ халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы да 1982 жылғы 60 жастан 1990 жылы 63 жасқа дейін өсті, одан әрі 2000 жылы 67 жасқа дейін өсті. Ал 2024 жылдың қаңтарындағы мәліметте орташа өмір сүру ұзақтығының 76 жасқа жеткені мәлім болды (Шынжаң ауданының халық...2024). Бұның бәрі де халық тұрмысының жақсарғанынан дерек береді.

*Шынжаңның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің мемлекеттік рейтингтегі орны***.** Елдің басқа аймақтарымен салыстырғанда Шыңжаң өзіндік ерекшелікке ие провинция. Соңғы жылдары экономикасы қарқынды даму үстінде. Әсіресе 2000 жылдардың бас кезінде жан басына шаққандағы ЖІӨ елдің орташа деңгейіне жетті. Бірақ 2006 жылы Шыңжаңның жан басына шаққандағы ЖІӨ 15 000 юань, бұл ұлттық орташа 16 084 юаньнан төмен болды. Бүкіл ел бойынша 31 провинцияда, қалаларда және автономиялық аудандар ретингісінде 14-ші орынға ие болды. Алайда Батыс өңірде орналасқан 12 провинция мен қалалар арасында екінші орынды иеленді. Әлеуметтік дамудың басқа көрсеткіштері, мысалы, сауатсыздық деңгейі, нәресте өлімі және т.б. тұтасынан жақсы орташа деңгейге жетті. Тұрақты даму әлеуетінің кешенді аймақтық индексі елдің 31 аймағының ішінде 18-ші орында болды.

Салыстыра қарағанда, Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуы қанағаттанарлық жетістіктерге жетті. Алайда, Қытайдың Шығыс теңіз бойы аймақтарымен салыстырғанда әлеуметтік-экономикалық дамуында айтарлықтай алшақтық әлі де бар. Мысалы, Шанхай, Пекин, Цзянсу, Чжэцзян және т.б. Шығыстың дамыған аймақтарындағы жан басына шаққандағы орташа көрсеткіш Шыңжаңнан екі-бес есе жоғары. Ал Шыңжаңның әлеуметтік даму деңгейінің көрсеткіштері саналатын сауатсыздық деңгейі, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы, нәресте өлімі және халықтың табиғи өсу қарқыны бойынша дамыған жағалау аймақтарымен салыстырғанда айтарлықтай артта қалды. Сондықтан Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуы Қытай бойынша орта және төменгі деңгейлерде деп айтуға болады (Қытайдың модернизация Стратегиясын..., 2006).

Шыңжаңдағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы аймақтық айырмашылықтар. Шыңжаңның географиялық аумағы кең-байтақ. Табиғат жағдайы мен табиғи-экологиялық ресурстарының қоры мол. Тіпті, кей табиғи ресурстары Қытадың өзінде емес, әлемдік деңгейде маңызды орынға ие. Мысалы 2016 жылғы мәліметтер бойынша, Қытай аумағындағы барлық қорлардың осы аймақтағы мұнай қорларының көлемі 21,5% (23.4 млрд т), ал табиғи газ 23.3% (13 трлн м3) деп бағаланды (Duan, Wei, Zeng, Ju, 2016: 52–53). Аймақтың барланған 60 көмір кен орны ҚХР тас көмір қорының 38%-ын құрайды, Тұрфан-Құмыл көмір бассейні кен орындарының көлемі бойынша жалпы қорлардың 12.8%-ы 8 (500 млрд тоннадан астам) құрайды. Алдын ала болжам бойынша, 2020 жылы Шынжаң Қытайдағы көмір өндірудің 20%-дан астамын құрады (Разведанные в этом году..., 2024). Энергетикалық ресурстардан басқа, сирек жер металдарының, алтынның, никельдің, кенді кендердің және т.б. кен орындары бар. Бүгінгі таңда аймақтың ерекшелігі – мұнай және мұнай-химия секторы Шыңжаң экономикасының 60% құрап отыр.

Тұтастай алғанда, Шыңжаңның дамуы мен өзгеруі салыстырмалы түрде жылдам, бірақ Шыңжаңның 14 префектурасы мен қаласына келетін болсақ, әр аймақтың даму деңгейі әртүрлі.

Халықтың таралуы тұрғысынан Шыңжаң халқы Солтүстік және Оңтүстік Шыңжаңда негізінен тең қоныстанған. Солтүстікте орналасқан Үрімші қаласы, Іле қазақ, Санжы дүнген автономиялы облысын гегіз еткен өңірде жалпы халықтың 46%, ал Баянғол, Ақсу, Қашқар және Хотан облыстары мен аймақтарында халықтың 48% қоныстанған. Қалған 6% халық Шыңжаңның шығысындағы Құмыл және Тұрпан аймақтарын мекендеген. Қала және ауылды елді-мекендер тұрғысынан қарастырсақ, қала халқының үлесі онша жоғары емес. Мысалы 2006 жылы қала тұрғындарының үлесі 38% құрады, бұл көрсеткеш негізінен Шыңжаңның солтүстігіндегі қала тұрғындарының есебінен екенін ескеруміз керек. 2023 жылы көрсеткіш бойынша қала халықының саны 15 млн. 390 мың адамға жеткен, урбандалу деңгейі де артып 59,24 % жеткен. Жалпы алғанда Шыңжаңның оңтүстігіне қарағанда солтүстігінің урбандалу деңгейі недәуір жоғары. Бұл Шыңжаңның солтүстігінің табиғат жағдайының оңтүстікке қарағанда қолайлы болуымен және ерте игеріле бастауымен және қытай халықының санының көп болуымен де байланысты.

Халықтың өзгеруі тұрғысынан алғанда, 2006 жылы халықтың табиғи өсу қарқыны ең төмен үш аймақ Үрімші, Қарамай және Шихэцзы қалаларының барлығында 5 ‰-ден төмен болды. Салыстырмалы түрде халықтың табиғи өсу қарқыны жоғары аудандар- Іле қазақ, Қызылсу қырғыз автономиялы облыстары және Хотан аймағы болды. Олардың барлығында өсім 10 ‰-ден асты. Жалпы алғанда әр түрлі аймақтардағы этникалық азшылықтардың табиғи өсімі қытай халқының өсімінен жоғары. Деседе, әр аймақта халықтың өзгеру процестерінің әр түрлі болуына байланысты демографиялық құрылымда әр түрлілікті сақтап отыр.

*Этникалық азшылық аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы және олардың ішкі айырмашылықтары***.** Жоғарыда айтқанымыздай Шыңжаң- көп ұлтты аймақ. Басым

көпшілік халық таулар мен ойпаттардың түйіліскен жасыл алқаптарында таралған. Этникалық топтардың қоныстануында айырмашылық бар. Мысалы, қытай және дүнгендер шашыраңқы қоныстанса, ал ұйғыр, қазақ, қырғыз, тәжік және т.б. халықтар топтасып орналасқан. Шыңжаңдағы этникалық азшылық аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеуде этникалық азшылықтардың шоғырлы қоныстануының да маңызын зерттеудің орны бөлек. Өйткені, этникалық қоныстанған аудандардың экономикалық даму деңгейі де түрліше. Мәселен, ұйғырлардың үлесі 70% құрайтын Тұрпан аймағында жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі Шыңжаңның ораша деңгейінен жоғары. Ал ұйғырлар аса шоғырлы мекендеген Қашқар мен Хотан аймақтары әлі де экономикалық даму үстінде. Салыстырмалы түрде экономикалық өсу қарқыны жылдам аймақтар қатарына Алтай, Ақсу және Тұрпан аймақтарын жатқызуға болады. Аймақтардың экономикалық дамуына сол жердің табиғат жағдайының да әсері мол. Жаңа айтылған Қашқар мен Хотан аймақтары қоныстанған Шынжаңның оңтүстік аудандарының 95%-дан астамы жері шөлдер мен гобилер, ал адамдар өмір сүре алатын және өмір сүре алатын жалғыз орындар Такламакан шөлінің айналасындағы кішкентай жерлер. Кейбір шағын жасыл алқаптардағы мекендеген халықтың тығыздығы Қытайдың ішкі өлкелерінен де жоғары. Осындай факторлар да аймақ экономикасының дамуына кері әсер етеді. Сонымен қатар, аймақ аумағында ҚХР-ның жалғыз ядролық полигоны Лобнор орналасқан, онда 1964 жылдан 1996 жылға дейін 45 ядролық сынақ жүргізілген (Chine Quietly Rebuilds..., 2023).

Оңтүстік Шынжаңның әуелдегі экологиялық жағдайының нашар болуымен бірге, ҚХР құрылған соң ел ішінде жүргізілген көптеген саяси науқаншылықтың да зияны мол болды. Жалғасты 30 жыл шамасында жүргізілген жоспарсыз, ғылымисыз саяси науқандар, ауылды елді-мекендерде тың жерлерді артығымен игеру және егістік алқаптарды кеңейту, жұмыс күші мен материалдық ресурстарды ысырап ету, ормандарды жойдақсыз кес, оның орнына егіс дақылдарын өсіру нәтижесінде жердің шөлейттенуі мен құрғауына әкеліп соқты. Оның үстіне жергілікті халықтың үздіксіз көбеюі, ішкі аймақтардан көшіп келушілердің санының үздіксіз артуы егіс алқаптарының жан басына шаққандағы үлесін айтарлықтай азайтып табиғи-экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайды асқындырып жіберді.

Оның үстіне оңтүстік аймақтың су ресурстары да тапшы әрі маусымдық өзгерістерге де жиы ұшырайды. Мысалы Хотан аймағындағы өзендердің су мөлшері әр маусымда әртүрлі деңгейде болады. Су мөлшері ең көп болатын кез – жаз мезгілі. Бұл кезде таулардағы қардың еруіне байланысты өзен суы күрт көтеріліп, су тасқыны орын алады. Жаз мезгілінде өзен суының 70-80% ағып кетеді. Өзендердің бәрі Тарым өзені бассейніне құяды. Ал қыста судың мөлшері барынша азаяды. Көптеген өзендердің су арнасы құрғап қалады. Бұл жағдай алдағы көктемде құрғақшылық пен су тапшылығын тікелей тудыратын фактор болып табылады.

Шыңжаңның оңтүстігіндегі Қызылсу, Қашқар және Хотан аймақтары Аудандағы экономикалық тұрғыда артта қалған аймақтар саналады. Жергілікті халқы ұйғырларды негіз еткен этникалық азшылықтар. Даму күші мен даму әлеуеті, артта қалушылық пен кедейлік тұрғысынан қарағанда, халықтың кедейлігі негізінен халықтың денсаулығы, халықтың мәдени сапасымен де қатысты болуы бек мүмкін. Бұл жағдай Шыңжаңдағы ұйғыр халқының арасынан нақты көрінеді. Мысалы ұйғыр халқының 55%-ы осындай себептерге байланысты әлеуметтік-экономикалық дамуы салыстырмалы түрде нашар Қашқар және Хотан аймақтарында тұратындықтан, бұл жағдай жергілікті халық пен қытайлар ортасындағы әлеуметтік теңсіздік пен ұлттық алауыздықты тудырып отыр. Бұл жағдай реттелмесе, Шыңжаң мәселесінің ауырлығы мен күрделілігі жалғасын таба беруі анық.

Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы негізгі мәселелер. Жаңа Қытай құрылғаннан бері Орталық Үкімет шекаралас азшылық аудандарында әртүрлі іс-шараларды дамытуды қолдады және өзінің мақсаты ретінде барлық этникалық топтардың ортақ өркендетуді мақсат еткен ұлттық саясат 1950 жылдардан басталды. Ол кезде Орталық

Үкімет Шыңжаңды құру және дамыту үшін «Модернизацияны жалпыластыру модель» стратегиясын қолданды. Алайда бұл стратегия өнімді болмады. 1990 жылдардың аяғындағы «Батысты игеру» стратегиясы алып шықты. Бұл Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер берді деп айтуға болады. Шынжаңның дамуы үшін орталық үкімет жан-жақты және дәйекті қолдау көрсетті. Бұл қолдау саяси, қаржылық, инфрақұрылым, құрылыс, экология және басқа да таланттарды қамтыған аспектілерден көрініс тапты. Сонымен қатар, Қытайдың өзге дамыған өлке, қалаларын Шынжаңның облыс, қалаларымен «бауырлас провинциялар мен қалалар» әдісін қолданып олардан да көмек алды. Мысалы, 2006 жылы орталық қаржылық субсидия 45,9 млрд юаньға жетті, бұл 2000 жылмен салыстырғанда төрт еседен астам. Одан кейінгі жылдары орталық үкімет Шыңжаң инфрақұрылымының құрылысына 80 миллиард юаньнан астам инвестиция салды. Шынжаңға салынған инвестицияның жыл сайын артып отыруы Ориталық Азиядағы түркі тілдес халықтардың тәуелсіздікке қолы жетуімен бірге, олармен арадағы бәсекелестік және өзара тиімді ықпалдастықты дамыту мақсатымен де болды. Бірақ 2016 жылы мемлекеттік ЖІӨ небәрі 964.97 млрд юаньын беріп, Қытайдың ЖІӨ-нің 1.3%-ын құрады (Gross domestic product..., 2023). 2017 жылы аймақтың ЖІӨ 7.6%-ға артып, 1.09 трлн юаньға жетті (Xinjiang's economy expands..., 2018). Одан кейінгі жылдарда жақсы көрсеткіш көрсетіп келеді.

Қытайдың Шыңжаң арқылы Орталық Азияның дамуына әсер етуі осы институционалдық факторлар мен саяси факторларының тоғысуынан көрінеді. Қытай өкіметі Шынжаңды Орталық Азиямен байланыстыратын өткел еткендіктен Шынжаңда белгілі дәрежеде демократия күшейтілді. Бұл жағдайдың көптеген себептері болуы мүмкін, мысалы, саяси, қаржылық және кәсіпорын мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы мүдделер ықпалдасытғы және басқа да. Қалай болмасын бұл жағдай Шыңжаңды модернизациялауды дамытудың жаңа кезеңінің алдында тұрған негізгі практикалық мәселер болып табылады.

Адамдардың әлеуметтік-психологиялық теңгерімсіздігі. Шыңжаңдағы әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңгерімсіздік тек экономикалық даму мәселесі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік теңдік, сондай-ақ саясат мәселесі болып табылады. Мәселен, өңірлер арасындағы даму алшақтығы мен этностар арасындағы даму алшақтығы барлық этностардың ортақ дамуымен және барлық этностардың бірлігімен ғана емес, сонымен бірге барлық этностардың ортақ дамуымен және барлық этностардың бірлігімен байланысты. Ұлттық мүдделер мен бірлікті қорғау мақсатында біршама зерттеулер алып барылды. Әртүрлі салалардағы және әртүрлі этникалық топтардағы адамдармен пікір алмасу және талқылау, сұқбаттасу жүргізілді. Нәтижеде, аймақтар арасындағы даму теңгерімсіздігі мен этникалық топтар арасындағы даму алшақтығы аймақтар мен этникалық топтар арасындағы даму теңгерімсіздігінен туындайтынын анықталды.

Шыңжаңның қарапайым қоғамында әлеуметтік қанағаттанбау әр түрлі дәрежеде болады. Әртүрлі аймақтардағы және әртүрлі этникалық топтардағы адамдардың шағымдары әртүрлі. Мұндай жағдайлар жергілікті билік орындарының назарын аударуы керек. Себебі, жағдайы нашар және әлеуметтік-экономикалық дамуы салыстырмалы түрде артта қалған аудандарда әлеуметтік қанағаттанбау жоғары. Шынжаң сынды ұлттық шекара аймағы үшін ұлттық қорғаныстың маңызы өте жоғары. Мұндай аймақтарда ауызбірліктің болуы маңызды. Тарихи себептерге байланысты бұл аймақтар бір кездері Кеңес Одағына қарсы соғысқа дайындықтың алдыңғы қатарында болды. Сол кездегі көзқарас бойынша Шынжаң стратегиялық қауіпсіздік мәселесі негіз етілген, экономикасы екінші орындағы міндетке айналған өлке болып қалды. Бірақ реформа мен нарықтық қатынастардың орнауы ортаны түбегейлі өзгерістерге бастады. Бұл үдеріс Шыңжаңның дамуына түрткі болды. Алайда,

Қытайдың дамыған аймақтарына қарағанда, Шыңжаңның әлі де артта қалып келе жатқаны жасырын емес.

Жоғарыда айтқанымыздай табиғаты қатал аймақтар Шынжаңның оңтүстік және Шығыс өңірлері. Міне осы өңірлерде Шынжаңдағы халық саны ең көп ұйғыр халқы мекендейді. Ал олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар болғандықтан артта қалған аудандарда наразылықта күшті. Шыңжаң экономикасы жалпы бағытта үлкен жетістіктерге жеткенімен, этникалық азшылықтар арасында кездесетін артта қалған аудандардың мәселесі Шыңжаңның дамуы мен этникалық азшылықтар тұратын аудандардың дамуының арасындағы алшақтықты көрсетіп отыр. Ал бұл өте маңызды сұрақ.

Даму мен дамудағы экологиялық ресурстар мен мәдени ресурстар мәселесі. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, экономикалық даму мен қоршаған орта арасында тығыз байланыс бар. Экономикалық даму нәтижесінде туындайтын әртүрлі экологиялық проблемалар, қоршаған ортаға зиян экономикалық өсу мен индустрияландырумен қатар жүреді. Батыс ғалымдары «даму және оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы» туралы көптеген эмпирикалық зерттеулер жүргізді. Зерттеулер қоршаған ортаның деградациясы мен экономикалық даму деңгейі арасында «u»-тәрізді қисық инверттелген байланыс бар екенін анықтады. Яғни экономикалық өсудің алғашқы кезеңінде қоршаған орта экономикалық өсумен бірге нашарлай береді. Экономикалық дамудың белгілі бір кезеңінде қоршаған ортаның деградациясы тежеледі және онымен бірге жүреді. Ол экономиканың одан әрі дамуымен экологиялық мәселелер жақсара бастайды. Даму мен қоршаған орта арасындағы бұл байланыс дамыған және дамушы елдердің деректерімен тексерілген.

Шыңжаңды модернизациялау процесінде ресурстық орта мен экологиялық мәселелер өте маңызды. Шыңжаң экономикалық тұрғыдан дамып келе жатқанда, қоршаған орта жақсаруы тиіс. Шыңжаңның экономикалық дамуы энергияны көп тұтынумен және тиімділіктің төмендігімен ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаның ластануымен де байланысты. Мысалы, Шыңжаңның энергия тұтынуы елдегі орташа көрсеткіштен 1,5 есе артық. Үрімжі де ауасы лас қалалар тізімінде алдыңғы қатарда тұр.

Шынжаңда құрғақ және жартылай құрғақ жерлер көп кездесетіндіктен, климаты құрғақ, өсімдік жамылғысы сирек, су ресурстарына кедей, шөлдер мен шөлейтті аймақтардың аумаға кең. Сондықтан құрғақ аймақтың экологиясы қоршаған орта өте нәзік, адам қызметінің әсерінен бұзылуға және деградацияға ұшырайды. Деградациядан кейін оны қалпына келтіру қиын. Сонылдқтан Шыңжаңның көп бөлігі экологиялық жағдайы нашар. Бұның бәрі ауданның дамуына өзінің кері әсерін тигізуде. Қазіргі уақытта Қытайдың шығыс бөлігі дамыған аймақ, Ал Шыңжаң орташа дамымаған аймақ болып қалыптасып отыр. Екеуін бір деңгейде дамытудың маңызы үлкен. Бұл Шыңжаңның ауқымды даму стратегиясын жүзеге асырумен тікелей байланысты жұмыс. Шыңжаңды дамытуда, қаражат, технология және дарында адамдардың болуы керек. Осы ресурстарды тарту арқылы Шыңжаң аймағын дамытуға болады.

*Этникалық алмасулар, этникалық қатынастар және Шыңжаңның тұрақтылығы мен дамуы***.** Шыңжаңдағы этникалық мәселе, бір жағынан, ұлттың өзін дамыту мәселесі, яғни этникалық азшылықтардың, әсіресе ұйғырлардың дамуы, екінші жағынан, бұл этникалық топтар арасындағы қарым-қатынас мәселесі. Әсіресе ұйғыр мен қытай халықтары арасындағы араздық осы өлкенің тұрақты дамуына кері әсер ететін басты мәселенің бірі. Осыған мемлекет назар аудару тиіс. Осы этникалық топтың арасындағы басты наразылық Шынжаңның табиғи ресурстарын игеру мен пайдалану, өндіріс орындарын ашу мен басқару, тіл мен дәстүр, дін және өзге де әлеуметтік, мәдени құндылықтарға да байланысты. Бұл бір жағынан қарағанда Шыңжаңда ислам мәдениеті мен Конфуций мәдениеті арасындағы байланыс деп айтуға болады. Өйткені бұл екі мәдениет тілде, жазуда және діни нанымдарда мәдениет пен өмір салтында үлкен айырмашылықтар бар және екі мәдениеттің үйкеліске

ұшырауы сөзсіз және бұл келіспеушілік аймақтың саяси тыныштығына әсер етуі мүмкін. Осыны білген Қытай өкіметі Шынжаңды дамытуға баса мән берді. Мысалы, 2009 жылы орталық үкімет аймақты дамытуға 7.4 млрд. бөлді. Алайда, Шыңжаң аумағында инфрақұрылымдық нысандардың құрылысын қаржыландыру әрекеттері көбінесе жергілікті халықтың наразылығының күшеюіне әкелді. Мәселен, 2008 жылы құны 25 млн. Қашқар қалалық округінде жаңа әуежай терминалының құрылысы бойынша жергілікті тұрғындарды көшіру, тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарды бұзу талап етілді. Бұл жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Жергілікті тұрғындардың наразылығына қарамастан, ескі қала аумағындағы 1000-нан астам үй қиратылды, ал мәжбүрлі қоныс аударушылар үшін жаңа тұрғын аудандар салу үшін өтемақы 448 миллион долларды құрады.

ҚХР-ның орталық үкіметі ұйғырларды аймақтың дамуына қызықтыруға тырысып, аймақтық айырмашылықтарды теңестіру туралы бастама көтерді, оның шеңберінде анағұрлым қамтамасыз етілген аудандардан қаржы қаражатын субсидиялауды жүргізді. Мақсаты Шынжаңда инвесторлар үшін тартымды аймақ ету болды. Сол үшін 2010 жылдың мамырында Қашқар еркін экономикалық аймақ болып құрылды (Fish, 2010). Осындай әкімшілік және коммерциялық бастамалардың арқасында Шыңжаңның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы жаңа экономикалық деңгейге көтеріліп, Қытаймен шекаралас аумақтардың дамуын ынталандырады. Осындай дамудың бір мысалы-Қазақстанның Алматы облысында Қытаймен шекарада орналасқан Қорғас ескі құрғақ порты іске қосылды (Экономика Синьцзяна..., 2013). Американдық экономистердің болжамы бойынша, XXI ғасырдың бірінші жартысында Шынжаң әлемдік трансұлттық компаниялар үшін Азияның ең тартымды аймақтарының біріне айналады.

2013 жылы басталған көлік дәліздерінің негізгі бөлігі Шынжаң арқылы өтіп, өңірдегі инфрақұрылымдық объектілердің белсенді дамуын ынталандырды. Қытай Еуразиялық экономикалық интеграцияны нығайту үшін Азия-Еуропа баламалы теміржол және автомобиль жолдарын қалыптастыруға кірісті. Трансшекара дәліздер аймақтағы орталық биліктің экономикалық позицияларын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар халықтың одан әрі қоныс аудару процестерін жеңілдетіп, белгілі бір мағынада жергілікті тұрғындардың ассимиляция процестерін жеделдетіп, қытай тілі мен мемлекеттік (зайырлы) білімнің рөлі мен маңыздылығын арттырды.

2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Шынжаң проблемаларын шешудің жаңа стратегиясын тұжырымдады. Оны іске асырудың негізгі басымдығы биліктің жұмысын аймақтың әлеуметтік тұрақтылығын, экономикалық өркендеуін қамтамасыз етуге және жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағыттау болды. Пекин Экономикалық даму мен модернизация ұйғырлардың саяси автономияға деген ұмтылысын жеңе алады деп санайды (Clarke, 2017). Ол үшін бірінші кезекте Шыңжаңның әлеуметтік саласын реформалау қажет болды. Мәселен: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сақтандыру – және кедейлікті жою, бұл өңірдің ұзақ мерзімді бейбіт дамуына қол жеткізу үшін өте маңызды (Bo, 2014). Нәтижеде 2016–2017 жылдары өңірдің инвестициялық белсенділігі көрсеткіштерінің жақсарғаны тіркелді. 2017 жылы ШҰАА-на салынған инвестиция 538 млрд юаньнан асты, бұл өткен жылмен салыстырғанда 19.6%-ға жоғары (Investment in Xinjiang..., 2018). Автономиялық ауданның инфрақұрылымдық дамуына салынған инвестициялар 450 млрд юаньды құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 50%-ға артық. Дегенмен, экономикалық проблемалар әлі де бар және ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін тұщы су мәселесі маңызды болып табылады. Аймақтың тез өсіп келе жатқан халқы суармалы жерлердің көлемін кеңейтуді талап етеді. «Шыңжаңда судың шамамен 96%-ы ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін пайдаланылады, яғни әлемнің кез келген жерінен көп. Су ресурстарын шамадан тыс тұтыну салдарынан бұл аймақтың Тұщы су экожүйесі

бұзыла бастады. Кейбір өзендердің төменгі ағысында су жоқ. Бірқатар сулы-батпақты жерлер мен көлдердің жағдайы нашарлады.

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы болашақта тұщы суды көбірек қажет етеді, осыған байланысты аймақтың экономикалық дамуын күшейту жобаларына каналдар, су қоймалары, бөгеттер, гидроэлектростанциялар және басқа да гидротехникалық құрылыстар салу кіреді. Бұл жобаларды іске асыру шығыс және Орталық Қазақстанда экологиялық апатқа әкеп соқтыратыны сөзсіз, өйткені Қытай аумағында Қазақстанның ең ірі Ертіс және Іле өзендері бастау алады. Ал Қытай Шыңжаңдағы перспективалы өнеркәсіптік аймақтарды дамыту және жаңа ауылшаруашылық жерлерін суаруды кеңейту үшін суды артығымен пайдаланады. Мұның бәрі жақын болашақта ҚХР-ның көрші мемлекетпен қарым-қатынасын едәуір қиындататыны сөзсіз.

Қорытынды

Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы аймақтық айырмашылықтарды талдау арқылы біз келесі қорытынды жасай аламыз: Біріншіден, Шыңжаңның әр түрлі аймақтарында нарықтық экономмикалық реформалардан кейін экономикалық дамуда үлкен жетістіктерге қол жеткізілді.

Екіншіден, Шыңжаң аймақтары арасында дамуда үлкен алшақтық бар. Мұндай даму теңгерімсіздік пен теңсіздік қазірдің өзінде айтарлықтай ауыр, бұл бүкіл елдегі аймақтар арасындағы даму алшақтығынан жоғары. Бұл даму алшақтығы тек экономикалық өсуден ғана көрінбейді.

Үшіншіден, әлеуметтік даму деңгейінде және әлеуметтік дамудың барлық аспектілерінде, мысалы, халық, денсаулық сақтау, білім беру, өмір сапасы және т.б. жақтардан да көрінеді (Тұрсын, 2003).

Төртіншіден, Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы алшақтық Шыңжаңның оңтүстігі мен солтүстігі, қалалары мен ауылдары сияқты географиялық аспектілерде ғана емес, этникалық аспектілерде де көрінеді.

Әр түрлі елдердегі модернизация тәжірибесі мен теориясына сүйенсек, аймақтық дамудағы теңгерімсіздік әр түрлі аймақтарды модернизациялау процесінде жиі кездесетін құбылыс болып табылады. Бұл негізінен бұл дамудың әр түрлі бастапқы жағдайлары мен аймақтық модернизацияның басталуымен, мысалы, табиғи жағдайлар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен және әр түрлі әсер етуші факторлармен байланысты. Дамудағы теңгерімсіздік мәселесі тек экономикалық өсу мәселесі ғана емес, сонымен бірге моральдық таңдау мен пайымдау мәселесі, сонымен қатар маңызды саяси мәселе болып табылады. Сондықтан Шыңжаңдағы аймақтар мен этникалық топтар арасындағы дамудың теңгерімсіздігі жоғары болып, аймақтың жалпы дамуына кері әсер етіп келеді. Бұл қайшылықты мәселені орталық өкімет жан-жақты салиқалы саясатты қолдану арқылы өзгерте алады.

Оңтүстік Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі шаралары туралы көптеген ұсыныстар ғалымдар жағынан ортаға салынып келді. Оларды жинақтасақ төмендегідей нәтижелерді қорытындылай аламыз.

Біріншіден, Мемлекет пен үкімет аймақтың жан-жақты дамуына жеткілікті қаражат салуы керек. Бұны «Батысты игеру» ұлы стратегиялық жоспар аясында алып бару керек. Сонда ғана Батыс аймақтың дамуын нақты жүзеге асырудың мүмкіндігі туындайды. Шыңжаңның оңтүстігіндегі кедейлікті түбегейлі өзгертудің басқа мүмкіндігі аз. Шектеулі қаражат және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қайырымдылықтарына сүйеніп ештеңені өзгертуге келмейді.

Екіншіден, Шыңжаңда экологиялық ортасының жағдайы басты назарға алынуы керек. Экологиялық орта-адамзаттың өмір сүруіне тәуелді болатын негіз. Шыңжаңдағы, әсіресе Шыңжаңның оңтүстігіндегі экологиялық ортасы барынша нашарлағанын шынайы мойындап , оның табиғи және адами факторалырын айқындап, тиісті шара қолдану қажет. Себебі, көптеген көлдер мен өзендер құрғап, табиғи популяциялық ормандардың үлкен аумақтары кесіліп, құмды шөлдер адамдар тұратын ауылдар мен қалаларға жақындай түсуде. Табиғи апаттар жиілеп халық тұрмысына апат әкелуде. Бұның бәрі өткен күндерде жіберген адами факторлардың зардабы. Алдағы уақытта шөлді аймақтың одан әрі кеңеюін және Тарым бассейніндегі жерлердің шөлейттенуі мен тұздануын бақылауға алу қажет. Ол үшін «Орман және мал шаруашылығын» дамыту керек. Ол Шыңжаңның оңтүстігіндегі этникалық аудандардың экологиялық құрылысының кілті болып табылады және серпіліс ретінде мал шаруашылығын ілгерілету үшін шөптер мен ормандар, ал мал шаруашылығын ілгерілету үшін шөптер пайдаланылады. Ормандар ауыл шаруашылығын, ал шөптер мен ормандар өнеркәсіпті дамытады.Бұл Шыңжаңның оңтүстігіндегі құрғақшылықтан зардап шеккен аудандарда ауылшаруашылық экономикасын дамытудың негізгі жолы.

Үшіншіден, инфрақұрылым құрылысын қарқынды түрде нығайту батыс аймақтың дамуы мен Шыңжаңның Оңтүстігінің экономикасын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады. Экономикалық дамудың маңызды негізі Шыңжаңның оңтүстігінде алдымен су ресурстарын жан-жақты дамытуға және суды үнемдеуді жеделдету үшін экологиялық ортаны жақсартуға назар аударуымыз керек. Бұл әсіресе су ресурстарын игеру және суды үнемдеу басты орында тұрады. Сонымен қатар, автожолдарды, теміржол магистралін, азаматтық авиация әуежайларын, байланыс және энергетикалық инфрақұрылымды салудың маңызы зор.

Төртіншіден, ғылым мен білім беру арқылы елді жасарту стратегиясын белсенді түрде алға жылжыту керек. Білім беруді қарқынды дамытып, ұлттық мәдениеттің сапасын жақсартуды алғышарт ретінде қабылдауы керек. Сол арқылы Шыңжаңның Оңтүстігінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етудің маңызды шарты болып табылады. Ғылым мен техниканы кеңінен насихаттайтын жоғары сапалы жұмысшылар Шыңжаңның Оңтүстігі үшін кедейліктен арылудың және өркендеу мен модернизацияға көшудің маңызды кепілі болып табылады.

Бесіншіден, ақыл-ойды азат етіп, нарықтық реформаларды тереңдетіп, құқықтық жүйе мен ғылым мен техниканың құрылысын күшейту қажет. Бұл үшін кадрлардың кәсіби және техникалық дағдылары мен басқару шеберлігін жетілдірудің де маңызы үлкен.

Әдебиеттер:

Қытайдың модернизация Стратегиясын зерттеу тобы. Қытайдың Модернизациясы туралы есеп 2006. Пекин: Пекин Университетінің Баспасы, 2006.

Ли Цзяньсинь, Шыңжаңдағы аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамудың алшақтығын талдау // Солтүстік-Батыс этникалық зерттеулері. 2008. 2-шығ. 53–63-б.

Разведанные в этом году запасы угля в районах Хами и Турфан в Синьцзяне составляют несколько десятков млрд т. // Russian.people.cn. 2009. 3 июня. [Электронды ресурс] URL: http://russian.people.com.cn/31518/6670286.html [Қараған күні: 29.03.2024]

Тұрсын Б. Шыңжаңның Оңтүстік Аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы, проблемалар, шаралар және олардың маңызы // Солтүстік-Батыс этникалық зерттеулері. 2003. 2-шығ. 74–79-б.

Шынжаң ауданының халық шаруашылығының өсім статистикасы. [Электронды ресурс] https://www.ts.cn/xwzx/szxw/202403/t20240329_20065806.shtml/ [Қараған күні: 29.03.2024]

Экономика Синьцзяна на пути быстрого развития // CRI online. 2017. 13 июля.

[Электронды ресурс] URL: http://russian.cri.cn/3069/2017/07/13/1s609960.htm [Қараған күні: 13.07.2013]

Bo Z. Xi Jinping's new strategy toward Xinjiang // EAI Background Brief. 2014. № 897.

Duan J., Wei Sh., Zeng M., Ju Y. The energy industry in Xinjiang, China: Potential, problems, and solutions // Power. 2016. V. 160. № 1. P. 52–53.

Chine Quietly Rebuilds Secretive Base for Nuclear tests // The New York Times. [Электронды ресурс] URL: https://www.nytimes.com/interactive/2023/12/20. [Қараған күні: 20.12.2023]

Clarke M. China's Self-Defeating Counter-Terrorism Strategy in Xinjiang // Asia Dia- logue. 2017. 16 Feb.

Gross domestic product (GDP) of China in 2016, by region (in billion yuan) // Statista. [Электронды ресурс] URL: https://www.statista.com/statistics/278557/gdp-of-china-by-region/ [Қараған күні: 20.12.2023]

Fish I.S. China's hottest cities and Kashgar // Newsweek. 2010. Sept. 25.

Investment in Xinjiang up 19.6% in 2017 // China Daily. 2018. Jan. 29.

Xinjiang's economy expands 7.6 pct in 2017 // Xinhua. 2018. Jan 25.

References:

Bo Z. Xi Jinping's new strategy toward Xinjiang // EAI Background Brief. 2014. № 897.

Chine Quietly Rebuilds Secretive Base for Nuclear tests // The New York Times. [Elektrondy resurs] URL: https://www.nytimes.com/interactive/2023/12/20. [Karagan kuni: 20.12.2023]

Clarke M. China's Self-Defeating Counter-Terrorism Strategy in Xinjiang // Asia Dia- logue. 2017. 16 Feb.

Duan J., Wei Sh., Zeng M., Ju Y. The energy industry in Xinjiang, China: Potential, problems, and solutions // Power. 2016. V. 160. № 1. P. 52–53.

Ekonomika Sintszyana na puti bystrogo razvitiya [Xinjiang's economy on the path of rapid development] // CRI online. 2017. 13 iyulya. [Elektrondy resurs] URL: http://russian.cri.cn/3069/2017/07/13/1s609960.htm [Karagan kuni: 13.07.2013] (in Rus.)

Fish I.S. China's hottest cities and Kashgar // Newsweek. 2010. Sept. 25.

Gross domestic product (GDP) of China in 2016, by region (in billion yuan) // Statista. [Elektrondy resurs] URL: https://www.statista.com/statistics/278557/gdp-of-china-by-region/ [Қараған күні: 20.12.2023]

Investment in Xinjiang up 19.6% in 2017 // China Daily. 2018. Jan. 29.

Kytaydyn modernizatsiya Strategiyasyn zertteu toby Kytaydyn Modernizatsiyasy turaly esep [Research Group for the Study of China's Modernization Strategy. China Modernization Report]. 2006. Pekin: Pekin Universitetinің Baspasy, 2006. (in Kaz.)

Li Tszyansin. Shynzhandagy aymaқtyk aleumettik-ekonomikalyk damudyn alshaktygyn taldau [analysis of socio-economic development of Xinjiang] // Soltүstik-Batys etnikalyk zertteuleri. 2008. 2-shyg. P. 53–63. (in Kaz.)

Razvedannye v etom godu zapasy uglya v rayonakh Khami i Turfan v Sintszyane sostavlyayut neskolko desyatkov mlrd t. [The explored coal reserves in the Hami and Turpan regions of Xinjiang this year amount to several tens of billions of tons.] // Russian.people.cn. 2009. 3 iyunya. [Elektrondy resurs] URL: http://russian.people.com.cn/31518/6670286.html [Қараған күні: 29.03.2024] (in Rus.)

Shynzhan audanynyn khalyk sharuashylygynyn osim statistikasy [Xinjiang Economic Growth Statistics]. [Elektrondy resurs] https://www.ts.cn/xwzx/szxw/202403/t20240329_20065806.shtml/ [Karagan kuni: 29.03.2024] (in Kaz.)

Tursyn B. Shynzhannyn Ontustik Aymagynyn aleumettik-ekonomikalyk damuy, problemalar, sharalar zhane olardyn manyzy [Socio-economic development of the southern regions of Xinjiang,

problems, measures and their significance] // Soltustik-Batys etnikalyk zertteuleri. 2003. 2-shyg. P. 74–79. (in Kaz.)

Xinjiang's economy expands 7.6 pct in 2017 // Xinhua. 2018. Jan 25.

[1] Sarkytkan K. [2] Yerbolat Ye.
[1] Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan
[2] Narkhoz University Economic College, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1] kaster0102@mail.ru, [2] erbolatelai@mail.ru

NATURAL AND ENVIRONMENTAL SITUATION OF XINJIANG AND PROBLEMS OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE POPULATION

Abstract. The purpose of the article is to analyze the natural and geographical, socio-economic, ecological situation, and special public environment of the Xinjiang Uygur Autonomous Region and study its level of socio-economic development in the context of market economic relations, comparing it with other developed areas of the state and differentiating its causes and consequences. Based on the goal, the following tasks are considered: the natural state and natural resource potential of Xinjiang, the stages of socio-political development, ethnic composition and geography of their settlement, the diversity of the level of economic development within the district, the ratio of the social status and natural-ecological environment of the district, especially the southern region, the economic and social policy pursued by the Chinese authorities and the analysis of its results. Historical, comparative, statistical, and narrative methods were used during the writing of the article. The main idea of the article is that the authors reveal Xinjiang's important strategic position at the domestic and international levels and present its importance in China's relations with the countries of Central Asia. The main results and analyses of the article are a description of the role of large infrastructure projects implemented based on the One Belt, One Road program in changing the cultural, economic and socio - demographic landscape of the region and, in connection with this, a financial and geographical differentiation of the causes and consequences of the emergence of many ethnic and social problems that directly affect social stability and sustainable development.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2022-2024 entitled: «Implementation of the CCP's minority policy in Xinjiang: history, present and future» (Registration number ZTN AR14869734).

Keywords: Xinjiang Uygur Autonomous Region, One Belt, One Road program, internal economic differences of Regions, interaction of ethnic groups, specifics of the ecological environment, problems of Social Development.

[1] Саркыткан К. [2] Ерболат Е.
[1] КазНУПУ имени Абая, Алматы, Казахстан
[2] Экономический колледж университета Нархоз, Алматы, Казахстан
E-mail: [1]kaster0102@mail.ru , [2]erbolatelai@mail.ru

ПРИРОДНО-ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ СИНЬЦЗЯНА И ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ НАСЕЛЕНИЯ

Аннотация. Цель статьи - проанализировать природно-географическую, социально-экономическую, экологическую ситуацию и особую общественную среду Синьцзян-Уйгурского автономного района и изучить уровень его социально-экономического развития

в условиях рыночных экономических отношений, сравнив его с другими развитыми районами государства и разграничив его причины и последствия. Исходя из поставленной цели, рассматриваются следующие задачи: природное состояние и природно-ресурсный потенциал Синьцзяна, этапы общественно-политического развития, этнический состав и география их расселения, разнообразие уровней экономического развития внутри района, соотношение социального статуса и природно-экологической среды района, особенно южного региона, экономическая и социальная политика, проводимая китайскими властями, и анализ ее результатов. При написании статьи использовались исторический, сравнительный, статистический и нарративный методы. Основная идея статьи заключается в том, что авторы раскрывают важную стратегическую позицию Синьцзяна на внутреннем и международном уровнях и представляют его значение в отношениях Китая со странами Центральной Азии. Основными результатами и анализами статьи являются описание роли крупных инфраструктурных проектов, реализуемых на основе программы «Один пояс, один путь», в изменении культурного, экономического и социально-демографического ландшафта региона и, в связи с этим, финансово-географическая дифференциация причин и последствий возникновения многих этнических и социальных проблем, напрямую влияющих на социальную стабильность и устойчивое развитие.

Благодарность:Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан 2022-2024 гг. под названием: «Реализация политики меньшинств КПК в Синьцзяне: история, настоящее и будущее» (регистрационный номер ИРН AR14869734).

***Ключевые слова*:** Синьцзян-Уйгурский автономный район, программа «Один пояс, один путь», внутренние экономические различия регионов, взаимодействие этнических групп, специфика экологической среды, проблемы социального развития.

Авторлар туралы мәлімет:

Кастер Саркыткан, география ғылымдарының кандидаты, Абай Атындағы Қазұпу профессоры, Алматы, Қазақстан.

Ерболат Елай, Педагогика ғылымдарының магистірі, Нархоз университетінің экономикалық колледжінің мұғалімі, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кастер Саркыткан, кандидат географических наук, профессор КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан.

Ерболат Елай, Магистр педагогических наук, преподаватель экономического колледжа университета Нархоз, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kaster Sarkytkan, candidate of geography sciences, professor of Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan.

Yerbolat Yelai, Master of Pedagogical Sciences, teacher of Narkhoz University Economic College, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 9 шілде 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАМР 06.56.31 https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.271

***[1]Байрам А.** **[2]Нуржаева А. М.**
[1, 2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]asselkarabassova@gmail.com, [2]a.n.6180083@list.ru

СИ ЦЗИНЬПИН ДӘУІРІНДЕГІ ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Қажылық сапар барысындағы құжаттарды рәсімдеу тәртібі. Патшалық Ресей Орта Азия аумағын толықтай өз қарамағына алғаннан кейін, қажылыққа барушы азаматтарға ресми түрде рұқсат алу және арнайы төлқұжат берілетіндігі туралы заң ережелерін бекіткен болатын. Осы негізде 1803 ж. 23 наурыз айынан бастап, Ресей мұсылмандары арасында қажылыққа барушыларды тізімге алу жүргізіле бастады. Қажылардың өтінішін қабылдап, оларға арнайы құжат беріп, құжатта қажылыққа аттанушының дене бітімі, бет әлбеті, бойы, жасы көрсетілді және Меккеге қай жолмен баратындығы, жазылды. Сонымен қатар, Ресей заңына толық бағынатындығы жөнінде қолхат берулері қажет болды. Мәселен, XIX ғ. 20-30-жж. қажылыққа барушы мұсылмандар қоқандықтар мен бұхарлықтар Семей мен Петропавлдағы күзет басқармасына Ресей заңдарына толықтай бағынатындықтарын білдірген қолхат бергендігін мұрағат құжаттары дәлелдейді (ҚР ОМА. Қ. 338. Т.1. Іс. 651:1).

Қажылыққа бару үшін сол заманда әрбір адамға, кезінде 100–300 рубль, қажылық паспорт алу үшін, маркаларымен, консульдық визамен қоса есептегенде, 12,6 рубль қажет болды (Мухтарова, 2009: 12).

1871 ж. 19 наурыз Жетісу облысының уездік губернаторының Түркістан генерал-губернаторының шетелге саудамен және Меккеге қажылыққа баратын мұсылмандарға билет алу және қолхат беру тәртібі бойынша бұйрықнамасы шыққан болатын. Бұл бұйрықнама Түркістан уалаятының газетінде «Орыс жұртына қараған мұсылмандарға Меккеге баруға билет беру тақырыпты» деген атпен жарияланды. Аталмыш мақалада қажылыққа бару үшін қажетті құжаттар бөлімдермен түсінікті етіп жеткізілген. Мақаланың жалпы мазмұны төмендегідей:

1-ші: Меккеге барған адамдарға билет (рұқсат қағаз) Ташкент пенен Алматыда беріледі. Онан өзге жерде берілмейді. 2-ші: Орысқа қараған Меккеге барамын деген мұсылмандарға уазеной әкіміне өздерінің осынан қарап тұрған облыстарынан ешбір алық-салық жоқтығына және тергеуге түспегендігіне және араласпағындығына және ешкімнің қарызы мойнында жоқтығына куәлік хат алып келсе керек. Үш жақсы, сенімді адамдардан кепіл қағаз алып келу керек. Ол кепіл қағазда әлгі үш кепіл болған кісі жөнейтұғын адамның айлық салықтары уағында төленіп тұратындығының, екінші, қалған бала-шағаларының ауқатының жеткендейінің және баратұғын адамның жол жүріп келуге ауқаты жететұғының және жолда қарыз қылмай қайтып келетіндігінің кепілін алса керек. Егер жолда қарыз қылса, ол қарызды өзі төлеймін деп кепіл болсалар керек. 3-ші: Оязной әкімдер әлгі кепіл қағазды көрген соң Меккеге баратұғын адамдардың қолына барып келуге тоқтаушылық жоқ деп хат қылып береді. Сонан соң бұл хатты баратұғын кісі алып губернаторға келіп билет алады. Төрт ай болған сайын уаезной губернатор Меккеге баруға билет берілген мұсылмандардың аттарын жазып, есебін генерал-губернаторға беріп тұрады (Мухтарова, 2009: 225).

Қажылық сапардағы қажет болған құжаттарды рәсімдеу мәселесі «Қазақ» (1913–1918) газетінде жиі көтеріп отырған. «Қажылардың есіне саламыз, Қажы хаты, Қажы жолы, Орынсыз шығын, Биылғы қажылар т.б атты мақалаларында қажылыққа барушыларға паспорт алғанда Меккеге деп емес, шет мемлекеттерге деп алудың маңыздылығы ескертілді. Ондағы мақсат зиярат етушілердің жолдағы алаяқтардың алдауы мен арбауына түсіп қалмау, оның үстіне паспортта Меккеге дегеннен гөрі саяхаттап деген жазу болса, қалаған парахоттарына мініп, барам деген жеріне еркін жетуге болатындығын баяндалған болатын (Смағұлова, 2015:112).

Ресей мұсылмандарының қажылық бағыттары мен Түркістандық тақиялар (теккелер). Түркістандық қажылардың Хиджазға жету бағыты Ресей мен Иран географиясы арқылы жүзеге асқандықтан Османлының осы мемлекеттер арасындағы дипломатиялық жағдайына байланысты қажылық бағыттары жиі өзгеріп отырды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей мұсылмандарының Үндістан, Кавказ және Ресей арқылы үлкен үш қажылық бағыты болды:

а) Кавказ және Солтүстік Парсы жолы: Қырманшах, Ханакин, Бағдад және оның төңірегіндегі шиіттік бағытты ұстанатын мұсылмандар үшін қасиетті орындар Казвин, Кербела және Наджаф қалалары арқылы - Мекке мен Мәдина қалаларына жету бағыты;

ә) Самарқанд және Бұхара арқылы Ауғанстан жолы: Мазари Шериф, Кабул және Пешавардан Бомбейге – теңіз арқылы Жидда мен Янбо қаласы арқылы – Мекке мен Мәдина қалаларына жету бағыты. «Самарқанд-Бұхара» бағыты қазақ қажылары үшін басқа бағыттарға қарағанда жақын, арзан болғаны үшін осы бағытты таңдайтын болған. Ұзындығы 1500 шақырымды құрайтын Самарқанд пен Пешавар арасындағы ұзақ әрі қиын жолды таңдаудың тағы бір себебі - Ресей әкімшілігінен паспорт алудың қиындығы және шетел құжатын алу мүмкіндігі болмаған қажылар үшін басты бағыт саналды. Бұхара-Ауғанстан шекарасынан өткенде шетелдік төлқұжат мәселесінің туындамағандықтан бұл бағытты таңдаушылар саны басым болғанын көруімізге болады.

б) Қара теңіз жолы: жағалаудағы Одесса қаласына жиналған қажылар Стамбұл, Суэц, Жидда немесе Янбо қалаларынан Мекке мен Мәдинаға баратын. Стамбұлдан Хиджазға дейін үш жол бағыты болды.

1. Хиджаз темір жолдары және Бейрут пен Яфта арқылы;

2. Теңіз жолы арқылы Суэц, Янбо және Жиддаға жету;

3. Темір жолы арқылы Мысыр арқылы Мекке мен Мәдинаға баратын бағыт. Теңіз жолын таңдағандар Стамбул-Александрия порттарын пайдаланды (Kütükçü, 2015: 187). Жалпы Ресей мұсылмандары қажылыққа Қара теңіз жолы (Одесса-Стамбул) арқылы барған. Басқа жолдар болса да, Одессадан шығатын паромдар үлкен және заманауи, сенімді, жаңа, әрі жолаушы билеттері әрқашан қол жетімді болуы, аптасына бірнеше рет паромдардың жүруі бұл бағытты таңдауға басты себеп болды. Жыл сайын қажылық кезінде Одесса мен Севастопольде мыңдаған жолаушылар жиналды, олардың басым көпшілігі қалаларда тыныығып, ары қарай сапарларын жалғастыратын (Sıbgatullına, 2009: 36).

3-кесте. Одесса – Мекке бағыты (Kütükçü, 2015:187)

Бағыт	**Арақашықтық (теңіз милі)**	**Ұзақтығы (сағат)**
Одесса-Синоп	**337**	**28**
Синоп-Стамбул	**310**	**27**
Стамбул-Порт Саид	**800**	**75**
Порт-Саид- Янбо	**558**	**51**
Янбо- Жидда	**200**	**20**

2-кесте. Одесса-Медине жолы (Kütükçü, 2015:187)

Бағыт	**Арақашықтық (теңіз милі)**	**Ұзақтығы (сағат)**
Одесса-Синоп	**337**	**28**
Синап-Стамбул	**310**	**27**
Стамбул-Бейрут	**850**	**78**

Бейрут-Медине	**Теміржолы арқылы**	

Стамбулдан Хиджазға дейін үш түрлі бағыт болды.

1- Стамбұлдан Бейрутке пароммен, сосын Хиджаз темір жолдарымен тікелей Мединаға жету.

2- Стамбұлдан Суэц арқылы Янбо мен Жиддаға паромға отырып, сол жерден жол арқылы қасиетті жерлерге жетеді.

3- Стамбұлдан пароммен Александрияға келу, одан Каир арқылы теміржол және қайтадан Суэц арқылы пароммен Жиддаға және одан қасиетті жерлерге келу (Sıbgatullina, 2009:36).

Осылайша, сол кезеңде қажылық сапарға Стамбұлға келгендердің саны Османлы территориясынан тыс басқа аймақтармен салыстырғанда Ресей мұсылмандар басым болды.

Жоғарыда аталған жолдармен келген Түркістандық қажылар Стамбулда бірнеше күн Сұлтанахмет, Эйуп және Үскідар аудандарында үш өзбек теккесінде (қонақ үйі) тұрақтап, сапарын жалғасытыратын болған (Andican, 2009: 275).

Бұл әлеуметтік құрылымдардың Түркістаннан Анадолыға келгендердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қоғамдық қор негізінде салынуы бұл ғимараттардың жөндеу шығындары және қажет болған жағдайда қажеттіліктерінің мемлекет тарапынан қамтамасыз етілгенін көруімізге болады (Okutucu 2017: 83). Өзбек теккелері (қонақ үйлері) және басқа да Түркістан теккелері, Орта Азиядан келетін түркі тектес ұлттардың уақытша тұрақтап қалулары үшін және басқа да қажеттіліктерін өтеуге көмектесті (BOA., BEO., 934/70012, 14 Nisan 1897).

XIX. ғасырда жол қауіпсіздігін қамтамасыз етілуі, әсіресе Ресейден Стамбұл арқылы және Үндістаннан мұхит арқылы келетін қажылардың саны артқан сайын, Жидда, Стамбул мен Дамаск қалалары қажылардың тығыз орналасқан негізгі орталығына айналды (Güler 2016: 1-9).

Осы кезеңде Түркістандық көпестер тарапынан Мекке және Мәдина қалаларында көптеген қонақ үй, қоғамдық қор ұйымы және білім беру ұйымдар салынған болатын. Жиддада қазақ қажыларының саны көбейіп, қонақ үй тапшылығы болғандығын көрген Құнанбай Өскенбайұлы тәкия (қонақ үй) салуға тапсырыс беріп, нәтижесінде Жидда қаласында қазақ тәкиясы (текия) салынған болатын (Ақшарқат, 2018). Алайда Османлы құжаттары мен жазбаларында қазақ тәкиясына қатысты ешқандай дерек табылмады.

Түркістан халқының Хиджаз темір жолын салуға қаржылай көмегі. Осман мемлекеті мен Түркістан арасындағы діни байланыстардың одан әрі жандануына әсер еткен маңызды мәселелердің бірі – Хиджаз темір жолы. Бұл темір жол қажылық сапарды жеңілдететін, әрі ислам әлемі, мұсылман халқы үшін маңыздылығы жоғары бағыттардың бірі болды. Теміржол құрылысы қолға алынғаннан бастап қайырымдылық қорлар құрылып, темір жол құрлысына қаржылай көмек мұсылман елдерден жинақтала бастаған болатын (Çetin, 2009: 41). Жоспарланған теміржол Шамнан басталып, Мәдина – Мекке қаласына дейінгі аралықты қамтыды (Dilek, 2012: 36).

Хиджаз аймағында темір жол құрылысын салу туралы алғашқы идеялар XIX ғасырдың екінші жартысында қолға алынып, Османлы территориясынан тыс аймақтағы мұсылмандардан темір жол құрлысы үшін қомақты қаражат жинақталған болатын (Metin, 2008: 26).

Османлы сұлтанының бастамасымен салынған Хиджаз темір жолының құрылысына Түркістан мұсылмандары да қаржылай көмек көрсетуге тырысты (Dilek, 2012: 36). Осман мемлекетінен қаржылық және саяси мәселелерде көмек алған Түркістандықтар темір жол құрылысы үшін Иане комиссиясына көмек берген болатын (Dilek, 2012: 37).

Хиджаз темір жолына қаржы жинау мәселесі бойынша 1913 жылы 26 шілдеде Самарқанд өлкесінің әскери губернаторы Түркістан генерал-губернаторына жазған

хабарламасында төмендегідей баяндайды: «Последние успехи турок, особенно, обратное занятие ими Андриаполя создали в мусульманском население небольшими группами и обсуждения положения, а в городе Самарканд кроме того и сбор некоторой суммы денег в пользу турок: собранная сумма отправлена в Константинополь с самаркандскими купцом Ташпулатом Абдухалыковым (депутат первой Государственной думы)» (ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс. 15799: 10) аталған деректен Түркістандық қажылардың қаражат жинастырып, Стамбулға жіберген. Оның тағы бір дәлелі Османлы орталық архивінде Түркістандық қажылардың Хиджаз темір жолына қаржылай жәрдем бергендігі туралы түбіртек те сақталған (Сур. 2).



2-сурет. Түркістандықтардың Хиджаз темір жолы үшін жіберілген қаржылай жәрдемі туралы түбіртек

Түркістан қажыларына Османлы сұлтанының көмегі. Осман империясы Хиджаз аймағына басшылық жасаған кезеңде өзіне жүктелген миссиямен бірге, көмек сұраған әрбір аймаққа саяси жағдайлар мүмкіндік беретін деңгейде қамқорлық көрсетті (Azmi, 1995: 5). Хиджаздың саяси билеушісі болғандықтан қажылықты толықтай бақылауында ұстады. Әлемнің әр аймағынан Меккеге қажылыққа келген азаматтарға «мемлекеттің сыйлы қонағы» деп құрмет көрсетілді. Отарлау кезеңінде орыс және ағылшындар басып алған елдерден келген қажыларға қолдау көрсетіліп, Османлы территориясынан өткен әр қажылық жасаушыға көмек көрсетуге тырысты (Güler, 2016: 4).

Османлы архив құжаттарындағы деректерде Османлы сұлтанының Түркістандық қажыларға ерекше қамқорлық жасап, қажылық сапар барысында материалдық жағдайы төмен қажыларға қаржылай көмек көрсеткені туралы деректер жиі кездеседі (Сур.3). Архив қорларының Ішкі істер және сыртқы істер министрлігінен жазылған хаттарда Үндістан мен Орталық Азиядан келетін қажылардың қаржылық жағдайының нашарлығына байланысты олардан төменірек виза алымы қабылданғаны айтылған (BOA., BEO. 711/ 53270, 4 Aralık 1895). Қажылыққа қатысты тағы бір құжатта аталмыш елдерден келген қажылардың жағдайы ескеріліп, олардың Мекке мен Мәдинаға қажылыққа баратындығы айтылып, он тиынға дейін көтерілген мүхр салығынан босатылып, алты куруш (тиын) болатын виза алымы алынғандығы туралы дерек кездеседі (BOA., BEO., 911/ 68267, 23 Şubat 1897 (21 Ramazan 1314).

Түркістан аймағынан саяси мақсатта келген дипломаттар Стамбулға келіп елшілік тапсырмаларды орындағаннан кейін қажылыққа баруға тілек білдіріп Османлы сұлтанының бөлген қаражат есебінен қажылық парызын орындап, мемлекетіне қайтатын болған.



3-сурет. Бұхара елшісінің жол шығындарының мемлекет тарапынан төленгендігі туралы анықтама

Османлы архив құжаттарында Бұхарадан келген елшілерге Османлы тарапынан көмек көрсетіліп, елшілікке барғандығы туралы дерек көптеп кездеседі. Сондай-ақ, бұл кезеңде Түркістан хандары қажылыққа баруды жоспарлаған саудагерлерді немесе төрелерді елші ретінде пайдаланып, қосымша ресми хабарламаларды қажылар арқылы жөнелтіп отырған (Andican, 2009: 202). Осы оқиғаға бір мысал 1826 жылы басты мақсаты қажылыққа бару болған Бұхаралық Мехмед Фазылға Стамбұлға келгенде Түркістаннан келген елші, әрі мемлекеттік қызметкер болғаны үшін сый-құрмет көрсетіліп, Османлы сұлтаны тарапынан қонақжайлылықтың бір мысалы ретінде қаржылай қосымша жәрдем жасалған (BOA, HAT, 1418/57993). Архив деректерінде аталмыш кезең аралығында Түркістан хандықтары арасында Бұхара хандығының Османлы сұлтанымен жақын қарым-қатынас орнатқандығы байқалады. Зерттеу барысында қазақ қажылардың сұлтан көмегін пайдаланғандығы туралы дерек кездеспеді.

Түркістандық кейбір қажылар Хиджазға бару үшін Стамбулға келгенде қаржылай өтінішпен бірге қосымша мәселелердің де шешілуі үшін арнайы өтініш жазатын болған. Бюрократиялық істерді жеңілдету түрінде көрсетілетін бұл қолдаудың негізгі мақсаты – кеденде заңсыз салық жинаудың алдын алу және олармен бірге әкелінген зарттарының қатаң тексерістен өткізбеуден туындаған болатын (BOA. DH.MKT**,** 677/1, DH.MKT, 1320/12).

Османлы мемлекеті тарапынан көрсетілетін тағы бір көмек тұрмысы төмен қажылардың паром ақысының мемлекет тарапынан төленуі болды. Осы кезеңде қажыға баратын адам санының көп болуы және тырысқақ (холера) ауруының кең таралуына байланысты қажылардың Хиджаздан эвакуациялану қажеттілігі туындап, материалдық жағдайы нашар қажылар Османлы сұлтанының көмегін пайдаланып, мемлекет қаражатынан барлық жол шығындары өтеліп, шетелдік паром компаниялары арқылы жеткізілген болатын. Бұл жағдайға тағы бір мысал 1900 жылғы бір ресми құжатта Самир және Омер Али есімді Бұхаралықтардың Хиджазға барып, Меккеде тұруды қалап, аты аталған азаматтардың тегін паром арқылы жеткізілгендігі туралы баяндалады (BOA., DH. MKT., 2441/70, 17 Aralık 1900). Қаржылық жағдайы төмен болған қажылардың тек Хиджаз аймағынан қайтқан жол шығындары ғана емес, сондай-ақ Стамбұлдан Хиджазға баратын жол шығындарының бір бөлігін Османлы сұлтаны тарапынан өтелгендігін көруімізге болады.

Осман империясы да аймақтың діни және саяси беделді азаматтарына да көмек көрсетті. Бұл көмектер аталған азаматтардың қалау, өтініші бойынша белгілі мөлшерде қолма-қол ақшалай төлем арқылы берілген болатын (BOA, A.AMD, 4/11, A.MKT.NZD, 30/75, İ.HR, 2098). Мысалы, Бұхараның маңызды ғалымдарының бірі Накшибенди шейх Сүлеймен Эфенди 1855 жылы қажылық ниетімен отбасы және 60-қа жуық шәкіртімен Урфаға келді, бірақ бұл жерден кетуге шамасы келмеген. Оның өтініші бойынша оған Дамаскіге баруына жеткілікті қолма-қол ақша берілген (BOA, İ.MVL, 347/15045).

1909 жылы Қашқардан жолға шығып, Бакуде ақшасы ұрланған Хажы Мансурдың ұлы Абдүлфеттах, Хызыр және Хажы Мехмед Стамбулға жаяу келген. Оларға мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп, Жиддаға тегін жіберілген. 1907 жылы Мәбейннен Садаретке жіберілген хатта Дағыстан, Бұхара және Қытайдан келген қажылардың басым көпшілігінің жағдайының төмен болуына байланысты паромға отырғызылғаны, паром ақысын төлей алмағандықтан қалған бес жүз лиралық шығындары мемлекет тарапынан төленгендігі және екі сағат аралығында паромдармен жөнелтілгені, қаржылық мәселелері құрметті қала басшысы тарапынан дереу шешімін тапқандығы туралы баяндалады (B.O.A., Y. PRK.A., 14/61, 18 Kasım 1907 (12 Şevval 1325).

Қорытынды

Османлы сұлтаны Түркістаннан келген қажылардың барлық қажеттіліктерін өтеуге тырысты. Алайда бұл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік-мәдени деңгейден саяси-экономикалық деңгейге көтеріле алмады. XVI ғасырдан бастап хандықтардың құлауына дейінгі аралықта Осман империясы мен Түркістан хандықтары арасындағы қарым-қатынастарды талдағанда елеулі саяси одақтастықтың болмағанын көруімізге болады.

XX ғасырда Орта Азия аумағындағы Түркістан хандықтарының Ресей патшалығының құрамына енуімен саяси жағдай бұдан да қиындай түсті. Ресейдің толық үстемдігі 1917 жылғы революциядан кейін күшейе түсті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қажылық діни рәсімдерге саяси рең беруге тырысатын маңызды бір саяси құрылымға айналды. Османлы басшылығы қажылықты Батыстың саяси және әскери үстемдігіне қарсылық көрсетудің негізгі құралына айналдыруға да тырысты. Алайда уақыт өте саяси маңызы жойылып, өзінің таза діни табиғатына оралды. Осман империясының іштей ыдырауы негізінде Хиджазды ислам билігінің астанасына айналдыру идеясы да сәтсіз аяқталғанын көруімізге болады.

Кеңес Одағы орнауымен қажылық сапар да тоқтатылды. 1936 жылдан бастап Түркістан облысы толығымен кеңестік жүйеге қосылды және осы жылдардан бастап коммунизм идеологиясы негізінде барлық исламдық ғибадаттарға, қажылық сапарға да тыйым салынды.

Әдебиеттер:

Andican A.Ahat. Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya. Istanbul: Doğan Egmont Yayıncılık, I. Baskı, 2009. s. 200.

Azmi Özcan, İngiltere, Arap Hilafeti ve Osmanlı Devleti (1876-1908), İstanbul, 1995.

Ақшарқат Ахметбек. Құнанбайдың тәкия үйі қайда? 27 сәуір 2018 // [Электронды ресурс]. URL: https://kaz.365info.kz/khynanbajdyn-takiya-yji-khajda-313017. (Қараған күні: 21.08.2024).

Васильев А. Д. Центральная Азия в политике России и Турции в XIX – первой половине XX в. Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Москва, 2023. 598 б.

Başbakanlık Osmanlı Arşivi (BOA). BEO. 711/ 53270, 4 Aralık 1895 (16 Cemaziyelahir 1313)

BOA., BEO., 911/ 68267, 23 Şubat 1897 (21 Ramazan 1314)

BOA, HAT, 1418/57993

BOA. DH.MKT, 677/1, DH.MKT, 1320/12

BOA., DH. MKT., 2441/70, 17 Aralık 1900

BOA, A.AMD, 4/11, A.MKT.NZD, 30/75, İ.HR, 2098

BOA, İ.MVL, 347/15045

B.O.A., Y. PRK.A., 14/61, 18 Kasım 1907 (12 Şevval 1325)

BOA., BEO., 934/70012, 14 Nisan 1897 (12 Zilkade 1314)

Dilek Çoban. II.Abdülhamid Dönemi Osmanlı Arşiv Belgeleri ve Basınında Türkistan, (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü, 2012, s. 212.

Güler M. XIX. Asırdan Günümüze Kırgızistan'da Hac Olgusu ve Osmanlı Devleti'nin Bölge Hacılarına Yaklaşımı, Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi / Cilt:18, Sayı:1, 2016, ss.1-16.

Çetin Emrah. Türk Basınında Hicaz Demiryolu (1900-1918). (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü., Kayseri, 2009. s. 211.

Kaya H. Uluslararası Politik Derinliklerde Anadolu. Bursa: F.Özsan Matbaacılık, 1999. 122.

Қазақстан Республикасының Орталық архиві. Қор – №267 (Казалинское уездное управление). Тізім – 1. Іс -№285 а. (Циркуляры Туркестанского генерал-губернатора). Парақ -5.

Kütükçü Mustafa. Rusya'da Haccın Tarihi Serüveni. Karadeniz (Black Sea-Черное Море) Yıl 3 Sayı 12. ss 178-190.

ҚР ОМА. Қор – №154 (Полицейский пристав г. Туркестана). Тізім – 1. Іс – №20 (20а) (Бумаги 1897 г.). Парақ – 7.

ҚР ОМА. Қор – № 44. (Семиреченское областное правление). Тізім - №1. Іс - №20752 (По письму Туркестанского генерал-губернатора о наблюдении умов мусульманского населения). Парақ - 11.

ҚР ОМА. Қор – № 44. (Семиреченское областное правление). Тізім - №1. Іс -15799 (О движении среди мусульман и их интерес проявляемый к болгарско-турецкой войне). Парақ – 1, 10.

Қазақстан қажылары. Ислам әлемі. Алматы, 2002. 312 б.

ҚР ОМА. Қ. 338. Тізім.1. Іс. 651 . Парақ – 1.

Мухтарова Г.Р. Ислам в Казахстане: паломничество (XIX –начало XX в.) // Сборник материалов. Состав и руководитель проекта Г.Р. Мухтарова (Абдраимова). Алматы: Баспалар үйі, 2009. 592 б.

Metin Hülagü. Bir Umudun İnşası Hicaz Demiryolu, İstanbul, Yitik Hazine Yayınları, 2008, p. 26.

Okutucu N. Hac Güzergahi Olarak İstanbul'un İnanç Turizmine Konu Çekim Unsurlari (19.Yüzyil Sonu Ve 20.Yüzyil Başi). İstanbul Üniversitesi, Yüksek Lisans Tezi, İstanbul, 2017. p. 233.

Смағұлова С.О. Қазақ газетіндегі қажылық мәселесі // Отан тарихы. 2015. № 3 (71). 110-117 бб.

Sarınay Yusuf. Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi Olarak İstanbul. Bilig-Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, Sayı 88, 2019, ss. 1-18.

Sibgatulina A. Kontakty tyurok-musulman Rossiiskoi i Osmanskoi imperii na rubeje XIX-XX vv, İnstitut vostokovedeniya RAH, Moskva, 2010, ss.17-18.

Sıbgatullına A. 19. Ve 20. Yüzyıl Başında Rusya Müslümanlarının Hacca Gidiş Yolları, Uluslararası Türk Dünyasının İslamiyete Katkıları Sempozyumu, 2009. 36 s.

Yakupov V. Haj hem gomra. Mekke-Medine buença yul kütsetkeçe. Haj gogaları. Kazan: İman"naşriyaty, 2010. s.11.

William Ruff. Sanitation and Security: The Imperial Powers and the Nineteenth Century Haj, Arabian Studies 6, 1982, s. 150.

References:

Andican A.Ahat. (2009). Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya [From Ottoman to Modern Turkey and Central Asia]. Istanbul: Doğan Egmont Yayıncılık, I. Baskı, s. 200. (in Tur.)

Azmi Özcan. (1995). İngiltere, Arap Hilafeti ve Osmanlı Devleti (1876-1908) [England, Arab Caliphate and Ottoman Empire (1876-1908)]. İstanbul, 1995. (in Turk.)

Akşarqat Ahmetbek. (2018). Qunanbaydın takiya uyi qayda? 27.04. 2018 URL: https://kaz.365info.kz/khynanbajdyn-takiya-yji-khajda-313017. (Karagan kuni: 21.08.2024). (in Kaz.)

Vasiliyev A. D. (2023). Tsentral'naya Aziya v politike Rossii i Turtsii v XIX – pervoy polovine XX v [Central Asia in the politics of Russia and Turkey in the 19th – first half of the 20th century]. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni doktora istoricheskikh nauk. Moskva. 598 p. (in Rus.)

Başbakanlık Osmanlı Arşivi [The Prime Ministry Ottoman Archive] (BOA). BEO. 711/ 53270, 4 Aralık 1895 (16 Cemaziyelahir 1313). (in Tur.)

BOA., BEO., 911/ 68267, 23 Şubat 1897 (21 Ramazan 1314) (in Tur.)

BOA, HAT, 1418/57993 (in Tur.)

BOA. DH.MKT, 677/1, DH.MKT, 1320/12. (in Tur.)

BOA., DH. MKT., 2441/70, 17 Aralık 1900. (in Tur.)

BOA, A.AMD, 4/11, A.MKT.NZD, 30/75, İ.HR, 2098. (in Tur.)

BOA, İ.MVL, 347/15045. (in Tur.)

B.O.A., Y. PRK.A., 14/61, 18 Kasım 1907 (12 Şevval 1325). (in Tur.)

BOA., BEO., 934/70012, 14 Nisan 1897 (12 Zilkade 1314). (in Tur.)

Dilek Çoban. (2012). II.Abdülhamid Dönemi Osmanlı Arşiv Belgeleri ve Basınında Türkistan [Ottoman Archival Marks and Beginnings of the Period of Abdülhamid II from Turkistan]. (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü. 212 p. (in Tur.).

Güler M. (2016). XIX. Asırdan Günümüze Kırgızistan'da Hac Olgusu ve Osmanlı Devleti'nin Bölge Hacılarına Yaklaşımı [The Hajj Phenomenon in Kyrgyzstan from the 19th Century to the Present and the Ottoman State's Approach to Regional Pilgrims] // Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi / Cilt:18, Sayı:1. 1-16 pp. (in Tur.)

Çetin Emrah. (2009). Türk Basınında Hicaz Demiryolu (1900-1918) [Hejaz Railway in the Turkish Press (1900-1918)]. (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Kayseri. 211p. (in Tur.)

Kaya H. (1999) Uluslararası Politik Derinliklerde Anadolu [Anatolia in the Depths of International Politics]. Bursa: F.Özsan Matbaacılık. 122 p. (in Tur.)

Kazakstan Respublikasının Ortalık arhivi [Central Archive of the Republic of Kazakhstan]. F – №267 (Kazalinsky district administration). L – 1. D. -№285 a. (Circulars of the Turkestan Governor-General). 5 p. (in Rus.)

Kütükçü Mustafa. (2015). Rusya'da Haccın Tarihi Serüveni [The Historical Adventure of Hajj in Russia]. Karadeniz (Black Sea) Yıl 3 Sayı 12. 178-190 pp. (in Tur.)

KR OMA. F – №154 (Police officer of Turkestan). L – 1. D – №20 (20a) (1897 g.). 7. (in Rus.)

KR OMA. F – № 44. (Semirechye regional government). L. №1. D - №20752 (According to the letter of the Turkestan Governor-General on the observation of the minds of the Muslim population). 11p. (in Rus.)

KR OMA. F – № 44. (Semirechye regional government). l - №1. D -15799 (On the movement among Muslims and their interest in the Bulgarian-Turkish war). 10 p. (in Rus.)

Kazakstan Kajylary [Pilgrims of Kazakhstan]. (2002). Islam Alemi. Almaty. 312 p. (in Rus.)

KR OMA. F. 338. L.1. D. 651. 1 p. (in Rus.)

Mukhtarova G.R. (2009). Islam v Kazakhstane: palomnichestvo (XIX –nachalo XX v.)[Islam in Kazakhstan: pilgrimage (19th – early 20th century)] // Sbornik materialov. Sostav i rukovoditel' proyekta G.R. Mukhtarova (Abdraimova). Almaty: Baspalar uyi. 592 p. (in Rus.)

Metin Hülagü. (2008). Bir Umudun İnşası Hicaz Demiryolu [The Construction of a Hope: The Hejaz Railway]. İstanbul: Yitik Hazine Yayınları. p. 26. (in Tur.)

Okutucu N. (2017). Hac Güzergahi Olarak İstanbul'un İnanç Turizmine Konu Çekim Unsurları (19.Yüzyıl Sonu Ve 20.Yüzyıl Başı) [Istanbul's Attractions for Faith Tourism as a Pilgrimage Route (Late 19th Century and Early 20th Century)]. İstanbul Üniversitesi, Yüksek Lisans Tezi, İstanbul. p. 233. (in Tur.)

Smagulova S.O. (2015). Kazak gazetindeki kajylik maselesi [Hajj problem in the Kazakh newspaper] // Otan Tarihi. № 3 (71). 110-117 pp. (in Kaz.)

Sarınay Yusuf. (2019). Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi Olarak İstanbul [Istanbul as the Visit Center of Turkestan Pilgrims]. Bilig-Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, Sayı 88. 1-18 pp. (in Tur.)

Sibgatulina A. (2010). Kontakty tyurok-musulman Rossiiskoi i Osmanskoi imperii na rubeje XIX-XX vv.[Contracts of the Muslim Turks of the Russian and Ottoman Empires at the turn of the 19th and 20th centuries] İnstitut vostokovedeniya RAH. Moskva. P. 17–18. (in Rus.)

Sibgatullına A. (2009). 19. Ve 20. Yüzyıl Başında Rusya Müslümanlarının Hacca Gidiş Yolları. [The Routes of Russian Muslims to Islam in the 19th and Early 20th Centuries] Uluslararası Türk Dünyasının İslamiyete Katkıları Sempozyumu. 36 p. (in Tur.)

Yakupov V. (2010). Haj hem gomra. Mekke-Medine buença yul kütsetkeçe. Haj gogaları [Hajj and Hajj Routes. Hajj and Hajj Route Guide to Mecca and Medina]. Kazan: İman naşriyaty. 11 p. (in Tat.)

William Ruff. (1982). Sanitation and Security: The Imperial Powers and the Nineteenth Century Haj, Arabian Studies 6. 150 p.

[1]Оспанова А.К. [2]Шораев Б.К.

[1] Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

[2] Научно-исследовательский центр археологии и этнографии, Кызылорда, Казахстан

E-mail: [1]ospanova_akmaral@mail.ru, [2]baglan_shoraev@mail.ru

ПРЕВРАЩЕНИЕ СТАМБУЛА В ОСНОВНОЙ ТРАНЗИТНЫЙ ПУНКТ

В ПЕРИОД ПАЛОМНИЧЕСТВА (КОНЕЦ XIX - НАЧ. XX ВВ.)

Аннотация. В статье рассматривается история казахского паломничества и религиозные связи между Османской империей и Туркестаном. Конец 19-го и начало 20-го веков были очень важным периодом с точки зрения политических, дипломатических и культурных отношений. В этот период увеличилось число паломников среди казахского населения. В исследовании рассматриваются факторы, влияющие на эту историческую ситуацию, и причины массового паломничества казахов. Цель исследования. Введение в научный оборот религиозных и культурных связей между Османской империей и казахским народом на основе архивных данных, исследования в новом направлении. Материалы и методы. Основными источниками исследовательской работы являются документы Османского государственного архива и материалы Центрального государственного архива Республики Казахстан. В исследовательской работе использовались исторические методы. Работы и научные выводы турецких и казахстанских историков, опубликованные в рамках темы исследования, представлены в сравнительном ракурсе. Результаты. Даны обширные сведения о маршрутах паломничества туркестанских паломников. Были представлены сведения о религиозных отношениях между Османской империей и Туркестаном, принятых царской Россией законах о хадже, финансовой помощи туркестанцев строительству Хиджаза, помощи османского султана туркестанским паломникам. Заключение. В 20 веке определено влияние российского вторжения на отношения между двумя странами. На основе данных Центрального архива Казахстана сравнивались противодействие России хаджу и преследования турок-османов и татар, которые занимались торговлей на территории Казахстана и призывали казахов к совершению хаджа. Особое внимание было уделено влиянию паломничества на дипломатию и экономику двух империй. Учитывая, что в то время Хиджазом управляла Османская империя, представлены новые сведения об основных мероприятиях в процессе обеспечения безопасности паломников и Хиджазской железной дороги, которая была одним из важнейших маршрутов паломничества, и ее политической важности.

Ключевые слова: Османская империя, Туркестан, Хадж, Такия (Текке), Царская Россия.

[1]Ospanova A.K. [2]Shorayev B.K.
[1] National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
[2] Scientific Research Center of Archeology and Ethnography Kyzylorda, Kazakhstan
E-mail: [1]ospanova_akmaral@mail.ru, [2]baglan_shoraev@mail.ru

TURNING ISTANBUL INTO A MAIN TRANSIT DURING A PILGRIMAGE (THE XIXth AND EARLY XXth CENTURIES)

Abstract. The article examines the history of Kazakh pilgrimage and religious ties between the Ottoman Empire and Turkestan. The end of the 19th and the beginning of the 20th centuries were a very important period in terms of political, diplomatic and cultural relations. During this period, the number of pilgrims among the Kazakh population increased. The study examines the factors influencing this historical situation and the reasons for the mass pilgrimage of the Kazakhs. The purpose of the study. Introduction into scientific circulation of religious and cultural ties between the Ottoman Empire and the Kazakh people based on archival data, research in a new direction. Materials and methods. The main sources of the research work are the documents of the Ottoman State Archives and the materials of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan. Historical methods were used in the research. The works and scientific findings of

Turkish and Kazakh historians, published within the framework of the research topic, are presented in a comparative perspective. Results. Extensive information about the pilgrimage routes of Turkestan pilgrims is given. Information was presented on religious relations between the Ottoman Empire and Turkestan, the laws on the Hajj adopted by Tsarist Russia, financial assistance from Turkestanis to the construction of the Hejaz, and the Ottoman Sultan's assistance to Turkestan pilgrims. Conclusion. In the 20th century, the influence of the Russian invasion on relations between the two countries was determined. Based on the data of the Central Archives of Kazakhstan, Russia's opposition to the Hajj and the persecution of the Ottoman Turks and Tatars who were engaged in trade in the territory of Kazakhstan and called on Kazakhs to perform the Hajj were compared. Particular attention was paid to the influence of the pilgrimage on the diplomacy and economy of the two empires. Considering that the Hejaz was ruled by the Ottoman Empire at that time, new information is presented on the main activities in the process of ensuring the safety of pilgrims and the Hejaz Railway, which was one of the most important pilgrimage routes, and its political importance.

***Keywords*:** Ottoman Empire, Turkestan, Hajj, Taqiya (Tekke), Tsarist Russia.

Авторлар туралы мәліметтер:

Оспанова А.К., PhD, Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейінің ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

Шораев Б.К., гуманитарлық ғылымдар магистрі, Археология және этнография ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Қызылорда, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Оспанова А.К., PhD, научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Республика Казахстан.

Шораев Б.К. магистр гуманитарных наук, научный сотрудник Научно-исследовательского центра археологии и этнографии, Кызылорда, Казахста

Information about the authors:

Ospanova A.K., PhD, researcher, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Shorayev B.K., master of Humanities, researcher, Research Center of Archeology and Ethnography, Kyzylorda, Kazakhstan

Келіп түсті 24 шілде 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАХР 03.81.51 https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.313

***[1]Дүйсенов Б.Д.** **[2]Мәсімханұлы Д.** **[3]Назиров Х.И.**
[1,2] Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
[3] «Алтын парақ» баспасы
E-mail: [1]bagdat75@inbox.ru, [2]masimkhan-63@mail.ru, [3]hasannazirov1@gmail.com

АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНЕН КЕЙІНГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР: ҚАРНАҚ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан аумағында Алтын Орда және одан кейінгі кезеңде орнатылған арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу мақсатында жүргізілген ғылыми экспедиция нәтижелері берілген. Түркістан облысы Кентау қаласына қарасты Қарнақ ауылы жанындағы Имам Бахили кесенесі (X–XI ғғ.) мен мыңжылдық «шежіре тұт» ағашы жанындағы қорым, Укаша ата кесенесіндегі арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді салыстырмалы талдау нәтижесінде қазақтың оңтүстік өңірлеріндегі тас қашау өнерін, жазу-сызу шеберлігін, тілдік мәдениетін, діни ұстанымын, әлеуметтік ахуалын терең танып білуге болады. Зерттеу мақсаты – Қарнақ қорымы мен Укаша ата басына қойылған құлпытастардың құпиясын ашу, тың дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу. Зерттеу материалдары – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлерінің 2023 жылы Түркістан облысына іссапары кезінде жиналған мәліметтер. Мақалада қолданылатын зерттеу әдістері – Қарнақ құлпытастарын зерттеген материалдарды зерделеп, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау, эпиграфикалық зерттеулерде қолданылатын ғылыми әдістердің барлығы кеңінен қолданылды. Зерттеу міндеттері – далалық экспедиция ұйымдастыру, эпиграфикалық ескерткіштердегі арабжазулы мәтіндердің түйінін шешіп, оқу, аудару, суреттерін құжаттау, тіркеуге алу, камералдық өңдеу. Зерттеу нәтижелері – Қарнақ қорымындағы төрт құлпытас пен Укаша ата кесенесіндегі бір құлпытастың мәтіндері алғаш рет толыққанды оқылып аударылды, салыстырмалы талдау жасалды.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алтын Ордадан кейінгі қоғамның дәстүр мен мәдениетіндегі сабақтастық пен өзгерістер (Батыс Қазақстан, Еділ-Орал, Дағыстан, Хорезм аймақтарындағы эпиграфикалық ескерткіштерді салыстырмалы зерттеу)» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR 18574063).

Түйін сөздер: Түркістан, топоним, эпиграфика, қорым, араб жазуы, құлпытас, Қарнақ.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік өңірі – арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер мен мұсылмандық мұраларымыз сақталған қасиетті өлке, қастерлі мекен. Белгілі бір кезеңдері киелі Түркістан, қасиетті Қарнақ, ордалы Отырар қалаларындағы Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенелері, Имам Бахили қорымы секілді тарихи орындардың қасында жерленіп, басына құлпытас орнату мәдениеті ерекше орын алғаны әрі мұсылман баласы үшін сакралдық таным болғаны тарихтан мәлім. Түркістан облысы аумағындағы эпиграфикалық ескерткіштердің біршамасы зерттеліп жарияланды. Әйтсе де, әлі де зерттеушісін күтіп жатқан құпиялы құлпытастар баршылық.

Араб әрпімен жазылған құлпытас жазулары эпиграфика саласының маңызды бөлігін құрайды, сол өңірдің тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен этнографиясы және діни наным-

сенімдерін айқындауда маңызды роль атқарады. XIV ғасырда Алтын Орда өрлеп тұрған тұстары эпиграфиялық ескерткіштер орнату мәдениетінде арабжазулы құлпытас, қойтас, сандықтас және т.б. қабіртастар орнату дәстүрі пайда болды. Бұның барлығы қазақтың тас қашау өнері мен жазу мәдениетінің айқын белгісі. Таста тарихын жазған қазақ халқының қабіртастарында елдің білімге деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Құлпытастарда Құран аяттары, хадистер, марсийалар, элегиялық, поэзиялық өлең жолдары, шығыс шайырларының шығармаларынан үзінділер, басқа да философиялық толғамдар қашалған. Бұдан бөлек, марқұмның қысқаша өмірбаяны, оның руы, тайпасы, бөлімі, аймағы, жалпы шежіресі, таңбасы, туған-өлген мезгілі, тасты қоюшы адамның аты және т.б. жазылады. Сонымен қатар, ою-өрнек салынады, әртүрлі архитектуралық шебер шешімдер қашалады, бұның барлығы құлпытастың құнын арттыра түседі. Қазақ құлпытастары әлемдік тас қашау өнері саласында ең алдыңғы орында десе де болады. Себебі, мұнда көптеген мәдениеттер мен білім-білік, жазу, тас қашау сияқты өнерлер синкреттелген. Эпиграфиялық ескерткіштерді терең зерттеу бірнеше ғасырлар бойы бір жерде өмір сүрген тайпалардың өмірі туралы мәліметтерді ашады.

2023 жылы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлері Д.Е. Медерова, Б.Д. Дүйсенов және Қ.С. Құрманбаева Түркістан облысының эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеу мақсатында Шымкент қаласы мен Түркістан облысына ғылыми экспедициямен барып қайтты. Осы экспедиция барысында табылған Қарнақ қорымының құлпытастарымен Укаша ата кесенесіндегі құлпытасты салыстырмалы зерттеу арқылы жаңа дереккөздер зерттеліп, ғылыми айналымға тартылып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында пайдаланылған негізгі материалдар – Түркістан облысы Кентау қалалық әкімдігіне қарасты, Қарнақ ауылы жанындағы Имам Бахили кесенесі (X-XI ғғ.) мен 1000 жылдық «шежіре тұт» ағашы жанындағы қорымының төрт құлпытасы және Қарнақ ауылынан 21 км қашықтықта орналасқан Укаша ата кесенесіндегі бір құлпытас.

Зерттеу әдістері – эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуде қолданылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Шығыс эпиграфикасы бойынша жазылған шетелдік, кеңестік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері ииі мен ретіне қарай пайдаланылды. Табылған материалдарды талқылап, талдап, саралап, жүйелеп, алынған нәтижелер бойынша ұсыныстар жасалды. Алтын Орда кезеңінен кейінгі, Жошы ұлысынан соң ұлт болып ұласқан елдердің жазба жәдігерліктерін, соның ішінде, қабір тастарындағы мәтіндерді оқу, аудару, зерттеу, салыстыру әдістері де ғылыми жұмыстың нәтижелі болуына септігін тигізді.

Талқылау

Қарнақ – орта ғасырлық Ишкан қалашығына сәйкес келеді. Тарихи қала орнында бірнеше рет зерттеу жұмыстары жасалған. Археологтар жұмыс барысында қалашықтың б.з. бірінші ғасырлары мен XVIII ғасыр аралығында әрекет еткендігін анықтаған (Туякбаев, 2009: 122). Сондай-ақ, кей ғалымдардың пікірінше, Ишкан қаласы, Шамсуддин Мұхаммед ибн Ахмед әл-Мақдисидың (946-990) «Ахсан әт-тақасим фи марифат әл-ақалим» атты еңбегінде Исбижаб (Сайрам) қаласына көршілес қалалар ретінде аты аталған «Шағылжан» (شغلجان) қаласымен бір қала деп көрсетілген (Агеева, Пацевич, 1958: 102). Мұнда ежелден мыс, шойын қорыту, қорғасын балқыту, оқ-дәрі жасау ісі жолға қойылған. Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазан XIV ғасырда осында құйылған (Байпақов, 2003: 650).

Ескі Қарнақ төрт дарбазалы, биік қорғаны бар қышлақ болған. XIII–XV ғасырда Қазақ хандығы дәуірінде маңызды қалалардың қатарына кірген. Тәуке хан (1635-1715) заманында

Қазақ даласына келген орыс елшілерінің жазбаларында Қазақ ордасының 32 қаласы бар екенін айта келе, Қарнақты да сол қалалар қатарына қосады (Артықбаев, 2018: 5; Роспись городков, 1932: 263). Қарнақ кезінде Қазақ хандығының руханияты мен мәдениеті үлес қосқан қалалардың бірі болған. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда, Қарнақта ерте кезде 22 медресе жұмыс жасаған, оның төртеуі үлкен медресе болған. XIX ғасырдың соңында Қарнақта төрт медресе істеп тұрған. Олар: Халфе медресесі, Шамухаммед (Шәмет) ишан медресесі, Молда Хашыр медресесі, Әбілхайыр қазы медресесі (Дербісәлі, 2009: 334–335). Халфе медресесін Бұхарадағы Нақшбандия-Мужаддидия сопылық тариқатының өкілі Мұсахан Дехбидиге (1709–1776) қол берген және оның «халифасы» – ізбасары атанған Қарнақтық «Қозы молда» лақабымен танылған Аймұхаммед ибн Хафиз молда салдырғаны айтылады [Хабибуллаев, 2017].

Қарнақ топонимының этимологиясына қатысты ғалымдардың нақты бір келісімі жоқ. Қарнақ сөзінің түптөркіні туралы түрлі пікірлер айтылып келеді. Көне әдебиеттерде Қарнақ аты алғаш Махмуд Қашқаридің (1008–1105) «Диуан лұғат әт-түрік» еңбегінде кездеседі. Қашқари: «Қарнақ – оғыздардың бір қаласы» – дейді. Демек, сол кездері Қарнақ қаласы осы атпен аталған. Жалғасында: «Қарнақ ер – қарынды кісі» – деп қарнақ сөзінің мағынасына мысал келтіреді (Ал-Кашгари, 2005: 439). Осыған орай, Қарнақ елдімекені орналасқан жері, төңірегі созылып жатқан байтақ дала ортасында қарын сияқты қампиып жатқандай көрінеді (Артықбаев, 2018: 5).

Г. Қосымованың пікірінше: «М. Қашқари «қарнақ» сөзін бірінші мағынасы етіп «қарынды ер» деген тіркесті береді, бұл «бай, тойымды» деген келтірінді мағынасы бар сөз... Олай болса, атау Қарнақ қаласының тұрғындарының жақсы тұрмысы бар, бай қала екендігін көрсетеді» (Қосымова, 2018: 52).

Қарнақ топонимі *қар* және *-нақ* жұрнағының қосылуынан пайда болған деген тезис те бар. Демек, көне түркі-бұлғар тілінде *қар* – қала, қорған, бекініс деген мағынаны береді. Ал, *-нақ* – жұрнақ. Демек, Қарнақ атауы «айнала-төңірек қоршалған, мықты бекіністі қала» мәнінде қойылған болуы мүмкін (Қазақтар, 1998: 341–342).

Өзбек ғалымы Л. Каримова пікірінше, Қарнақ сөзі екі морфемадан құралған, екеуі де түркі тіліне тән сөздер. Бірінші бөлігі: *қар* негізгі сөз болып қар (жауын) деген мағынаны береді. Екінші бөлігі: *-нақ* аффиксі болса, мекен-жайларды құрастыруда жиі қолданылады. Қарнақ қаласы баяғыда ойпат жазықта орналасқан елдімекен болғандықтан қыста жауған қар біраз уақытқа дейін тұрған. Сондықтан жергілікті халық бұл қаланы «қарлы жер» мағынасында Қарнақ деп атап кеткен (Каримова, 1982: 69–70).

Ал Б.С. Қошым «Нақ» тек қана жұрнақ па?» атты мақаласында *-нақ (-ақ)* деген жұрнақ мекен, орын, қоныс, жер деген мағына беретінін, сонымен бірге, *қар* сөзінің түркі-монғол тілдеріндегі қар, кер, қыр сөздері тау, тас, шың мағынасын беретіндігіне тоқталады. Қарнақ – «таудағы қала», «қырдағы қоныс» деген мағынаны береді деп тұжырымдайды (Қошым-Ноғай, 1992: 6).

М. Тұяқбаев «Қарнақ топонимі мен оның этимологиясы» атты мақаласында қарнақ топонимі мен этимологиясына кеңінен тоқталып, оны ру-тайпаларының этникалық тобының атымен байланыстырады. Дереккөздерге сілтеме жасай отырып, Оғыз ханның үшінші ұлы Жұлдыз ханның Қарнақ атты баласы болғанын айта келе, оны Қарнақ қаласының атымен байланыстырады. «Оғыз тайпаларының аттары сол өздері VI–VIII, IX–XI ғғ. қоныс еткен мекендеріне беріліп бүгінге дейін жеткен деуге толық негіз бар. Солардың бірі жоғарыдағы деректерде «Қарнақ, Қарнұқ, Карнак» түрінде кездесетін Қарнақ елді мекені демекпіз» – деп қорытындылайды (Тұяқбаев, 2014: 629–631).

Ж. Артықбаев өз мақаласында Қарнақ топонимін талдап: «Сунақ – суға жақын қала, Ташанақ – тасқа жақын қала, Қарнақ – Қаратау бауырындағы, Қаратауға жақын елді мекен» (Артықбаев, 2018: 5) – деген қорытынды жасайды.

Қарнақ – көнеден келе жатқан тарихи қала. Бұған Қарнақ және жанында Имам Бахили, Сопы Қаландар, Шапар баба, Шейх Мұхаммед, Тақия ата, Хайриддин ата, Қарабура секілді киелі мазарат орындары мен ескі қорымдар дәлел.

Сондай орындардың бірі Имам Бахили зираты (X–XI ғғ.). Қарнақ ауылының шетіндегі осы көне зират аумағында үлкен боп өскен кәрі тұт ағашы бар. Жергілікті тұрғындар бұл тұт ағашын «Шежіре-тұт», «Мажратұт» деп атайды. Тұт ағашының жасы бір неше ғасырлық екені сөзсіз. Тұт діңінің диаметрі шамамен 3 метрді құрайды, шеңбер өлшемі 9 метрден асады (Кожа, 2021: 10). Аңыз бойынша, тұт ағашын VIII ғасырда Орта Азияға Исламды таратуға келген қолбасшы Құтайба ибн Мүслим (669–715) отырғызған.



1-сурет. Имам Бахили зираты қасындағы мыңжылдық «Тұт ағашы»

Әмәуи әулеті кезінде (661–750) Хоросан билеушісі болған Құтайба ибн Мүслим 705-715 жылдар арасында Мәуараннаһрда, әсіресе, түркі тайпаларының исламдануына күш салғандығымен белгілі. Әмәуи әулетінің қолбасшысы Құтайба ибн Мүслим 709 жылы Бұхараны соғыссыз алып, Самарқан, Шаш (Ташкент) қалаларын бағындырып, Исфижаб (Сайрам) шаһарына дейін келгені туралы мәліметтер бар (Большаков, 2010: 101–111). Имам Бахили мен Құтайба ибн Мүслим бір кісі екені мәлім. Өйткені, Құтайба ибн Мүслим атымен атақты болған бұл қолбасшының толық аты: Әбу Хафз Құтайба ибн Мүслим ибн Амр әл-Бахили. Арабтың «Бахила» атты руынан шыққандықтан әл-Бахили ныспысымен аталады (Yiğit, 2002: 490).

М. Қожа «Сакральное дерево» атты мақаласында келтіргендей бұл көне алып ағаш туралы алғашқы жазба дерек Ресей императорлық армиясының генерал-лейтенанты, этнограф А.К. Гейнстің (1834–1892) «Әдеби шығармалар жинағында» кездеседі. Мұнда А.К. Гейнс зират және тұт ағашы туралы жергілікті адамдардың айтқан әңгімелерін келтірген. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан соң аз уақыттан кейін Имам Бахили (Құтайба ибн Мүслим) басшылығымен келген әскерлер Қарнақ қаласын бағындырып, халықты Исламға шақырады. Имам Бахили ауылдың маңайындағы қасында тұт ағашы болған үйге орналасып, қайтыс болғанға дейін сол жерде тұрған. Имам Бахили қайтыс болған соң, сол жерге жерленгені айтылады. Түркістаннан Әзірет Сұлтан бұл жерге жиі келіп, атын тұтқа байлайтын көрінеді. Содан бері мұсылман қолбасшысының жерленген жері де, тұт ағашы да, киелі саналады (Гейнс, 1898: 303–304). Негізінде, Құтайба ибн Мүслим 716 жылы Фарғана аймағында оққа ұшқан және сол жерге жерленген (Джамал ал-Карши, 2005: 114).

Зерттеу нәтижелері

Имам Бахили қорымы 3 гектарға жуық алаңды қамтиды және бұл жерде араб әрпімен жазылған құлпытастар сақталған. Қорымда 40-қа жуық құлпытас ескерткіштері осы күнге дейін жеткен, оның 4–5 тасында ғана жазулары сақталған. Көпшілігінде жазулар өшкен, құлап жатқан тастардың жерге қараған бетінде жазулар болуы мүмкін. Бұл арабжазулы тастарды оқу ұзақ уақытты талап етеді.

Қорымдағы құлпытастарға қатысты алғашқы ғылыми-зерттеу Д.С. Байгунаков пен Г.Е. Сабденовалардың «Мусульманские надгробные памятники Карнак (Туркестанская область) как историко-археологический источник» атты мақаласында жарияланды (Байгунаков, Сабденова: 2021: 167–178). Мақалада қорымдағы құлпытастардың формалары кеңінен зерттеліп, 9 топқа топтастырып қарастырылған. Ал, құлпытастардағы эпиграфикалық мәтіндерді оқуға аса назар аударылмаған. Тек 4, 5, 6, 7 – суреттерде көрсетілген құлпытастардағы мәтіндер шамалы оқылған.

Біз бұл мақаламызда аталған қорымдағы төрт құлпытас пен Қарнақ ауылынан 21 км қашықтықта орналасқан Укаша ата кесенесіндегі бір құлпытастағы эпиграфикалық мәтіндердің мағынасын ашуға тырысамыз.



2-сурет. Иесі белгісіз №1 құлпытастың алдыңғы беті

1. Құлпытас. Төрт бұрышты, ұзындығы 175 см, биіктігі 75 см. Алдыңғы бетінің жоғары жағына араб әрпімен үлкен шрифтпен ойып жазылған мәтін бар, бас жағы өшіп қалған. Сондай-ақ, екінші қатарда да жазу болғаны байқалады. Бірақ өкінішке орай сақталмаған. Басқа беттерінде жазу немесе ою-өрнек жоқ.

Алдыңғы беттегі арапша мәтін: [...محمد عربى لا إله ال الله محمد رسول الله]. Мағынасы: «…Араби Мұхаммед. Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Алланың расулы». Бұл жазудың төменгі оң жағына ашық алақан мен қайшы ойып, бедерлеп салынған. Құлпытастарда көп кездесетін ою-өрнектер мен суреттелген түрлі заттардың өзіндік мағынасы болады. Әдетте қайтыс болған кісінің руын, кәсібін, атағын көрсетеді. Құлпытастағы ашық алақан – марқұмның діни тұлға болғандығын, қайшы – оның кәсібін (яғни тігіншілік кәсіп иесі екенін) меңзейді (Нұрдәулетова, Нұржан, 2022: 65). Діни тұлғалардың құлпытастарына ашық алақан (бес саусақ ашық түрінде) бейнеленуі сопылық философиясында «білінбейтін бес нәрсе» (*Муғайабат хамса*) деп аталатын Алладан басқа ешкім білмейтін бес нәрсені меңзеуі ықтимал. Ол туралы Құранда Лұқман сүресінің 34-аятында баяндалған. Олар: 1) Қиямет күні қашан болатыны; 2) Қанша мөлшерде жауын жауатынын; 3) Жатырдағының ұл немесе қыз

екенін; 4) Адам ертең не табатынын; 5) Адам қай жерде өлерін білмейді. Сонымен қоса, ашық алақан – Исламның бес шарты немесе «дүние өмірінен ақыретке мал-дүние алып кетпеді, ашық алақанмен кетті» деген ұғымның образды бейнеленуі.

Д.С. Байгунаков пен Г.Е. Сабденова мақаласында бұл түрдегі құлпытастарды «Түркістан» типті құлпытастар деп атап, 3-ші топта қарастырған. Қорымда осы түрдегі 30-дан астам құлпытас сақталған, ең көп кездесетін құлпытас түрі де осы. Көбісінің бұрыштары немесе басқа да бөліктері қираған. Сондықтан ою-өрнектер мен жазулары толық сақталмаған. Кейбірінде мүлде жазу жоқ (Байгунаков, Сабденова, 2021: 170).



3-сурет. № 2 құлпытастың алдыңғы беті



4-сурет. № 2 құлпытастың артқы жағы



5-сурет. № 2 құлпытастың үстіңгі жағы

2. Құлпытас. Екі сатылы құлпытастар тобына жататын бұл құлпытастың үстіңгі пішіндері шағын. Алдыңғы, артқы және үстіңгі жақтарында араб әрпімен жазылған жазба бар. Екі сатылы бұл құлпытастың үстіңгі бөлігінде (жоғары сатысы) марқұмның аты жазылған: [ابن كوج محمد] «ибн Көш Мұхаммед». Негізгі төменгі бөлігінің (төменгі сатысы) алдыңғы беті ортасы ойылған, шеті рамка секілді жасалған. Ойып алынған жерімен шетіндегі рамкаға Құрандағы Бақара сүресінің 255-аятының (Аят әл-Курси)[13] негізгі бөлімі жазылған.

Орта жағындағы 3 қатар жазба:

1. بِسْمِ اللَّهِ ٱلرَّحْمـٰنِ الرَّحِيمِ اَللّٰهُ لَا اِلٰهَ اِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا
2. تَأْخُذُهُ سِنَةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمٰوَاتِ وَمَا
3. فِى الْاَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِى يَشْفَعُ عِنْدَهُ اِلَّا بِاِذْنِهِ يَعْلَمُ

Аяттың жалғасы жол жақ рамкада төменнен жоғары қарай жазылған:

1. مَا بَيْنَ اَيْدِيهِمْ وَمَا

Жалғасы жоғары рамкада жалғасады:

1. خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِنْ عِلْمِهِ اِلَّا بِمَا <شَاءَ> وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمٰوَاتِ والْاَرْضَ

Жалғасы төбе жағында жалғасады. Төбе жағында екі қатар жазу бар:

1. وَلَا يَؤُدُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ. بِرَحْمَتِكَ يَا اَرْحَمَ
2. الرَّحِمِينِ ١٢ ...

Артқы жағында тігінен үлкен шрифтпен жазылған 9 қатар жазба бар. Кей жерлері сынған, жазулары өшіп қалғаны байқалады. Артқы бетіне Ислам әдебиеттерінде кездесетін «калима таухид»[14] және «калима шаһадат»[15] деп аталатын екі дұға мәтіні жазылған.

[13] Бақара сүресі 255-аяты (Аят әл-курси) мағынасы: «Алла, Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді? Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол, өте биік, аса зор».

[14] Калима таухид мағынасы: «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Алланың расулы».

Алиев, К. Гусейн Джавид (Сочинения, в 10 томах, том 3). Баку: Наука и образование, 2018. 456 с.

Алиоглу, М. Романтизм Гусейн Джавида. Баку: Азернэшр, 1975. 217 с.

Джавид, Г. Сочинения (в V томах, том 2) (сост. ред. Джавид, Т.). Баку: Лидер, 2005. 352 с.

Джафар, М. Гусейн Джавид (сост. ред. Бабаханлы Г.). Баку: Дом-музей Г. Джавида НАНА, Наука и образование, 2019. – 298 с.

البطل، علي. الصّورة في الشّعر العربيّ حتّى آخر القرن الثّاني الهجريّ: دراسة في أصولها وتطوّرها (ط 3). بيروت: دار الأندلس. 1983. – 237 ص.

جبر، جميل. جبران في عصره وآثاره الأدبيّة والفنّيّة (ط 1). بيروت: مؤسّسة نوفل. 1983. – 217 ص.

جبران، خليل جبران. الأعمال الكاملة: النّصوص الأصليّة بالعربيّة والإنكليزيّة (ط 5). (تحقيق: نوفل، أنطوان ب.). بيروت: نوفل. 2017. – 992 ص.

خالد، غسّان. جبران الفيلسوف: شخصيّة العبقريّ في منافذ خلاصها، النّقد الاجتماعيّ والبنية الفردوسيّة، جدليّة الإنسان والألوهة (ط 2). بيروت: مؤسّسة نوفل. 1983. – 303 ص.

الخطيب، حسام. آفاق الأدب المقارن: عربيًا وعالميًا (ط 3). رام الله: 2018. – 271 ص.

1. راغب، نبيل. موسوعة الفكر الأدبيّ (الجزء الأوّل). الهئية المصريّة العامّة للكتاب. 1988. – 182 ص.

علّوش، سعيد. مدارس الأدب المقارن: دراسة منهجيّة (ط 1). المركز الثّقافيّ العربيّ. 1987. – 344 ص.

علّوش، سعيد. معجم المصطلحات النّقد الأدبيّ المعاصر: فرنسيّ – عربيّ، شرح واف لنحو 750 مصطلحًا (ط 1). (مراجعة: يحيى، كيان أحمد حازم والطّالب، حسن). بيروت: دار الكتاب الجديد المتّحدة. 2019. – 653 ص.

كيروز، وهيب. عالم جبران الفكريّ (الجزء الثّالث). (ط 1). بيروت: بشاريا للنّشر. 1984. – 327 ص.

مطلق، ألبير وبشروئي، سُهيل. "جبران خليل جبران في آثاره العربيّة والإنكليزيّة". في ذكرى جبران: أبحاث المؤتمر الأوّل للدّراسات الجبرانيّة (جمعها وحرّرها وقدّم لها: بشروئي، سهيل ومطلق، ألبير). بيروت: مكتبة لبنان،1981، ص ص 13-73.

المناصرة، عزّ الدّين. مقدّمة في نظريّة المقارنة (ط 1). عمّان: دار الكرمل للنّشر والتّوزيع. 1988. – 287 ص.

نعيمة، ميخائيل. المجموعة الكاملة لمؤلّفات جبران خليل جبران (الجزء الأوّل). بيروت: مكتبة صادر. 1949. – 211 ص.

References:

Alioglu, M. Romantizm Guseyn Dzhavida. Baku: Azerneshr, 1975. – 217 s. [in Azerbaijani]. Aliyev, K. Guseyn Dzhavid (Sochineniya, v 10 tomakh, tom 3). Baku: Nauka i obrazovaniye, 2018. – 456 s. (in Azerbaijani)

Al-Batal, Ali. Al-thurah fi al-shier al-arabii hattaa akhir al-qarn al-thaani al-hijri: dirasat fi usuliha wa tatawwuriha (t 3). Bayrut: Dar al-Andalus. 1983. – 237 s. (in Arab.)

Al-Khatib, Hussam. Afaq al-adab al-muqaran: arabiyyan wa alamiyyan (t 3). Ramallah: 2018. 271 s. (in Arab.)

Allush, Saeid. Madaris al-adab al-muqaran: dirasat manhajiyyah (t 1). Al-Markaz al-thaqafi al-arabi. 1987. 344 s. (in Arab.)

Allush, Saeid. Mujam al-mustalahat al-naqd al-arabi al-muasir: faransi – arabi, sharh waf li nahw 750 mustalahan (t 1). (Murajaat: Yahya, Kiyan Ahmad Hazim wa al-Talib, Hasan) Bayrut: Dar al-Kitab al-jadid al-muttahidah. 2019. 653 s. (in Arab.)

Al-Munasara, Izz al-din. Muqaddimat fi nazariyyat al-muqaranah (t 1). Amman: Dar al-Karmal li al-nashr wa al-tawzi. 1988. 287 s. (in Arab.)

Dzhavid, G. Sochineniya (v 5 tomakh, tom 2) (sost. red. Dzhavid, T.). Baku: Lider, 2005. – 352 s. . (in Azerb.)

Dzhafar, M. Guseyn Dzhavid (sost. red. Babakhanly G.). Baku: Dom-muzey G. Dzhavida NANA, Nauka i obrazovaniye, 2019. 298 c. (in Azerb.).

Jabr Jamil. Jubran fi asrihi wa athaarihi al-adabiyyah wa al-fanniyyah (t 1). Bayrut: Muassasat Nufal. 1983. 217 s. (in Arab.)

Jubran, Khalil Jubran. Al-aamal al-kaamilah: al-nusus al-asliyyah bi al-arabiyyah wa al-inkiliziyyah (t 5). (Tahqiq: Nufil, Antuan Bi). Bayrut: Nufal. 2017. 992 p. (in Arab.)

Khalid, Ghassan. Jubran al-faylasuf: shakhsiyyat al-abqari fi manafith khalaasiha, al-naqd al-ijtimai wa al-bunyah al-firdawsiyyah, jadaliyyat al-insan wa al-uluha (t 2). Bayrut: Muassasat Nufal. 1983. 303 p. (in Arab.)

Kayruz, Wuhaib. Alam Jubran al-fikri (Al-juz al-thalith). (t 1). Bayrut: Bisharya li al-nashr. 1984. 327 p. (in Arab.)

Mutlaq, Albir wa Bashrui, Suhayl. “Jubran Khalil Jubran fi athaarihi al-arabiyyah wa al-inkiliziyyah”. Fi dhikraa Jubran: abhath al-mutamar al-awwal li al-dirasat al-jubraniyyah (Jamaaha wa harraraha wa qaddama laha: Bashrui, Suhayl wa Mutlaq, Albir). Bayrut: Maktabat Lubnan, 1981. P. 13–73. (in Arab.)

Nuayma, Mikhail. Al-Majmuah al-kamilah li muallafat Jubran Khalil Jubran (al-Juz al-awwal). Bayrut: Maktabat Sader. 1949. 211 p. (in Arab.).

Raghib, Nabil. Mawsuat al-fikr al-arabi (Al-juz al-awwal). Al-Hayat al-misriyyah al-ammah lil-kitab. 1988. 182 p. (in Arab.)

Гасанов Р.
Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан
E-mail: rahasanoff@gmail.com

ДЖУБРАН ХАЛИЛ ДЖУБРАН МЕН ГУСЕЙН ДЖАВИДАТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨП ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ КӨРГЕН ӘЙЕЛДІҢ БЕЙНЕСІ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)

Аңдатпа. Бейнелік модель – белгілі бір кейіпкерді әртүрлі көріністерінде сипаттау, осы кейіпкерді жасау кезінде оның шығармашылық қиялын ынталандыратын, сондай-ақ шығармашылық жұмыс үшін қажетті тілдік құралдарды, материалдар мен бейнелерді табуға көмектесетін жазушының қиялында жасалған, сол немесе басқа жолмен жасалған тірі модель. Әдебиетте шыдамды әйел бейнесі, әсіресе, араб жазушыларының шығармаларында маңызды орын алады. Джубран Халил Джубран мен Хусейн Джавад – шығармалары әйелдер тағдыры туралы терең әлеуметтік және

философиялық ойларға толы екі көрнекті автор. Бұл зерттеу олардың шығармаларындағы шыдамды әйел бейнесін талдауға арналған.

Осы мақалада Ливан жазушысы Джубран Халил Джубранның (1883–1931) «Сынған қанаттар» романындағы және әзірбайжан жазушысы Хусейн Джавидтің (1882–1941) «Марал» пьесасындағы екі әйелдің бнейнсі, арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар зерттелген. Екі шығармада да шығыс қоғамдарындағы әйел мәртебесінің проблемалары қарастырылған. Бұл сол кездегі араб әдебиетіндегі алғашқы романдардың бірі «Сынған қанаттар» романындағы, сондай-ақ әзірбайжан әдебиетіндегі Кавказ қоғамындағы әйелдердің қасіретін бейнелейтін алғашқы драмалық шығарма «Марал» пьесасындағы мойынсұнғыш әйел бейнесі. Осы зерттеудің әдістемесі американдық салыстырмалы әдебиет мектебінің көзқарасына негізделген. Автор екі қаламгер өздерінің басты мақсаты – еркіндікке ұмтылған шығыс әйелінің бейнесін жеткізу жолында ұқсас жолды ұстанған деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: әйел бейнесі, Джубран Халил Джубран, Гусейн Джавид, салыстырмалы әдебиет, параллелизм.

Gasanov R.
Baku State University, Baku, Azerbaijan
E-mail: rahasanoff@gmail.com

THE IMAGE OF A LONG-SUFFERING WOMAN IN CREATIVITY JUBRAN KHALIL JUBRAN AND HUSSEIN JAVID (COMPARATIVE STUDY)

Abstract. A figurative model is a living model, one way or another created in the imagination of a writer, which stimulates his creative fantasy when describing a specific character in its various manifestations, and also helps to find the necessary linguistic means, materials and images for creative work when creating this character. The image of a long-suffering woman occupies an important place in literature, especially in the works of Arab writers. Jubran Khalil Jubran and Huseyn Javad are two outstanding authors whose works are full of deep social and philosophical reflections on the fate of women. This study is aimed at analyzing the image of a long-suffering woman in their works. This study examines two female images: from the novel Broken Wings by the Lebanese writer Jubran Khalil Jubran (1883-1931) and from the play Maral by the Azerbaijani writer Huseyn Javid (1882–1941), in order to identify similarities and differences between them. The image of the long-suffering woman occupies an important place in literature, especially in the works of Arab writers. The purpose of this study is to analyze the image of the long-suffering woman in their works. Both works touch upon the problems of the position of women in Eastern societies. This is the image of a submissive woman in one of the first novels in Arabic literature, «Broken Wings», as well as in the play «Maral», the first dramatic work in Azerbaijani literature that depicts the suffering of women in Caucasian society at that time. The methodology of this study is based on the approach of the American school of comparative literature. As a result, it was concluded that the two writers took a similar path in achieving their main goal - to convey the image of an Eastern woman striving to gain freedom.

Key words: The image of a woman, Jubran Khalil Jubran, Huseyn Javid, comparative literature, parallelism.

Автор туралы мәлімет:
Гасанов Рашад, PhD (Араб тілі мен әдебиеті), Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан.

Сведения об авторе:
Гасанов Рашад, PhD (Арабский язык и литература), Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан.

Information about author:
Hasanov Rashad, PhD in Arabic Language and Literature, Baku State University, Baku, Azerbaijan.

Келіп түсті 15 тамыз 2024 жыл
Қабылданды 26 тамыз 2024 жыл

ҒТАМР 16.41.39 https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.377

[1]Мухитдинов Р.С. ***[2]Мустафаева А.А.** **[3]Дулаева Э.З.**
[1]Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
[2,3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[1]E-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, [2]rummana@mail.ru,
[3]elnara1981dulayeva@mail.ru

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АППАРАТЫ: ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ («УСУЛ ЪИЛМ АТ-ТАБИЪА» ТРАКТАТЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытта аударма мен зерттеу нысанына айнала бастаған трактаттарының бірі «Мақалат әр-рафиға фи усул илм әт-табиға» (қысқ. Усул ъилм ат-табиъа) атты еңбегінің Ақыл бөліміндегі діни сөздер мен сөз тіркестері қарастырылып, олардың араб тілінен қазақ тіліне аудармалары беріліп, теолингвистикалық талдау жасалады. Трактаттың негізгі нысандары ақыл, нәпсі және рух болғанымен, Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз үш ұғымға тоқталып, олардың адам денесіндегі ғана емес, сондай-ақ жалпы дүниесіндегі орнын анықтай отырып, діни, оның ішінде Құран және хадистердегі мәтінмен ұштастырып, салааралық талдау жасайды. Трактат мәтіні арқылы автордың діни дүниетанымы, дінге көзқарасын, ұстанған ақидасы мен мазһабын анықтауға болады. Мақаланың мақсаты әл-Фарабидің Усул ъилм ат-табиъа трактатының мәтініндегі діни терминологиялық аппаратқа параллельді түрде тео- және лингвистикалық талдау жүргізу. Зерттеу нысаны ретінде әл-Фарабидің бір ғана еңбегінің бір тарауы және оның діни терминологиялық аппараты алынды. Зерттеу әдістері ретінде талдау, аударма, диахрониялық, синхрониялық, сипаттау, салыстыру, дереккөздерді анықтау, герменевтика, интерпретация қолданылды. Зерттеудің жаңалығы да әл-Фарабидің трактатындағы ақылға қатысты бөліміндегі дінмен байланысы бар мәселелердің діни мәтінге негізделген теолингвистикалық қырларының алғашқы рет қарастырылуы. Көрсетілген мақсатқа жету үшін бірнеше міндет қойылды: түпнұсқа тілі араб тіліндегі мәтін мен қазақ тіліне аударма мәтінді салғастыру; түпнұсқа тіліндегі діни терминдер мен ұғымдарды ажырату; олардың қолданысын діни негіз құрайтын еңбектермен салғастыру; оларға теолингвистикалық талдау жүргізу. Зерттеу нәтижелері ішінде әл-Фарабидің Усул ъилм ат-табиъа трактатының ақыл бөлімі толығымен қарастырылып, негізгі терминологиялық аппараты ажыратылып, теолингвистикалық талдау жасалып, діни және діни емес мәнмәтінде қолданыс тапқан бірқатар терминологиялық бірліктің дұрыс аудармасы мен түсіндірмесі берілді, сонымен қатар бөлімнің негізгі нысаны ақылдың Екінші ұстаз философиясы мен дүниетанымындағы орны анықталды.

Кілт сөздер: әл-Фараби, араб, трактат, дін, теолингвистика, аударма, интерпретация.

Кіріспе

Ғалымдардың, ақын-жыраулардың еңбектеріне теолингвистикалық талдау жасау ғалымның, ақын-жыраудың ұстанатын дінін, діни дүниетанымын, ақидасын, мәзһабын айқындауда маңызды саналады. Қазақ халқының ұлы тұлғаларының шығармаларына теолингвистикалық талдау жасау арқылы тек сол тұлғаның ғана емес, сол тұлға өмір сүрген ғасырдағы, ортадағы халықтың діни дүниетанымын да анықтауға мүмкіндік береді. Кейде автордың бір сөйлемі не бір сөзінің өзі оның ұстанған діни бағытын дәлелдеуге кілт болады. Осы мақсатта Қазақ даласынан шыққан ұлы ойшыл, еңбектері бір халықтың не дін

өкілдерінің емес, барша адамзаттың ғылыми мұрасына айналған Әбу Насыр әл-Фарабидің де діни дүниетанымын зерттеу мақсатында оның «Мақалат әр-рафиға» еңбегіне теолингвисткалық талдау жасауды мақсат тұттық. Бұл шығармаға толық мәтінтанулық талдау емес, әл-Фараби қолданған діни мән-мағынасы бар сөздері мен сөзтіркестеріне теолингвистикалық талдау жасаймыз. Жалпы әл-Фарабидің барлық еңбектеріне осындай теолингвистикалық талдаулар жасау арқылы оның діни дүниетанымы туралы толық қанды қорытынды жасауға болады.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде әл-Фарабидің бір ғана еңбегінің бір тарауы алынды. Сондықтан зерттеу әдістері ретінде тарауды ғылыми зерттеу әдістері таңдалды. Мысалы, әл-Фарабидің діни көзқарасын, бағытын анықтауда ислам ағымдарының ұстанымдары сай ерекше қолданысқа ие сөздерді анықтау, олардың мағыналарын талдау әдісі қолданылды. Сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын ашуда аударма әдісіне де жүгінілді. Сөздердің діни мәтіндердегі мағынасы мен әл-Фарабидің қолданысындағы мағынасын анықтау үшін диахрониялық, синхрониялық және сипаттау әдістері пайдаланылды. Әл-Фарабидің Құран аяттары мен хадистерге жасаған түсіндірмелерде герменевтика, интерпретация, талдау әдістері негізге алынды. Ғалымдардың пікірлерін анықтауда салыстыру әдісіне жүгінілді. Әл-Фарабидің дәлелге келтірген айғақтарын анықтау үшін исламтану ғылымдарында қолданылатын дереккөздерді анықтау әдісі де қолданылды. Бұл тақырыптың бір қыры бұрын жарияланған зерттеуімізде қамтылған (Мухитдинов, 2021: 92–100). Бұл зерттеуде сол мақалада талданбай қалған тақырыптар, мәселелер қамтылды.

Талқылау

Әбу Насыр әл-Фараби ортағасырлық энциклопедиялық ғалым, сондықтан сол кездегі ғылымның барлық салаларынан хабардар ғана емес, аударып қана қоймай, түсіндірмелерін жасап, зерттеу жүргізгені белгілі. Аталмыш ғылым салаларының ішінде салааралық зерттеулерге, оның ішінде ислам философиясына да назар аударды. Кеңес билігі тұсында назардан тыс қалған дінге тікелей немесе жанама қатысы бар еңбектер мен оларда қолданылған діни лексикалық бірліктерді анықтап, оларды интерпретациялау маңызды. Аристотельден кейінгі Екінші ұстаздың шығармаларында философиялық ұғымдармен қатар, ислам, оның ішінде ислам ақидасының мен фиқһының ұғымдары мен терминдері жиі кездеседі. Олардың мағынасын дұрыс түсіну бір жағынан ортағасырлық қолжазбаларды оқып аударуға, екінші жағынан әл-Фарабиді дұрыс түсініп, оның діни дүниетанымын дұрыс тануға септігін тигізеді. Әл-Фараби де логиканың ғана емес, ортағасырлық ислам философиясының өкілі болғандықтан, оның шығармаларын араб тілінен кез келген тілге аударғанда да, талдау жасағанда да, зерттеу нысан ретінде алғанда да, жоғарыда көрсетілген ислам ғылымдарының терминдері мен олардың дефинициялары білу маңызды. Осыны ескере отырып, бұл мақалада әл-Фарабидің «Мақалат әр-рафиға фи усул илм әт-табиға» (тура ауд. Табиғат ғылымы негіздеріндегі жоғары мақалалар) трактатының мәтініне теолингвистикалық талдау жасауды мақсат тұттық. Нәтижесінде, әл-Фарабидің сөздерін Құран кәрім кітабымен, Мұхаммед пайғамбардың хадистерімен және исламтану ғылымдарындағы ақида, фиқһ және басқа да салалары бойынша жазылған еңбектермен салыстыра отырып, мәтінтаулық талдау жүргізілді.

Орта ғасырлардан бері ислам әлеміндегі ғалымдар Мұхаммед пайғамбардың «Әрбір маңызды сөз не іс Алланы еске алусыз басталса, ол (сөз не іс) берекесіз не кесілген» (Ибн Ханбал, 1995: 395) атты хадисіне сүйеніп, шығармаларын Алланың атымен («Бисмилләмен») бастауды дәстүрге айналдырған. Ортағасырларда басталған бұл дәстүр түрі автордың мұсылман дініне қатыстылығын білдіріп, қазір де жалғасын тауып, әсіресе араб әлемі, Иран

сияқты елдерінің ресми хаттарында да үнемі пайдаланылып, мұсылман халықтарының дәстүрі мен әдетіне айналған іс десек болады. Әл-Фараби де өзге мұсылман ғалымдары секілді «Мақалат әр-рафиға» кітабын «بسم الله الرحمن الرحيم» (Бисмилләһи әр-Рахмани әр-Рахим) тіркесімен бастайды (әл-Фараби, 2022: 3). Трактаттың келесі жолын «وبه نستعين» деп Алладан жәрдем сұрай отырып, Оның (Алланың) әлемдердің Раббысы екенін айта отырып, Оған мадақ айтады. Бұл да араб тілді немесе басқа да тілдерде сөйлейтін мұсылмандардың хадистен алынған әдебі саналады. Өйткені Мұхаммед пайғамбар бір хадисінде әл-Әсуад ибн Сариғ деген сахабаға: «Расында, сенің Раббың мадақты жақсы көреді», – деген (әл-Бухари, 1998: 463). Мұсылмандардың Жаратушы Аллаға мақтау-мадақ айту арқылы Одан жәрдем сұрауларына қатысты басқа да хадистер жеткен. Әл-Фараби қарастырылып отырған трактатында ислам мәдениетіне сәйкес, Мұхаммед пайғамбарға, оның отбасы мүшелеріне, барша сахабаларына салауат пен сәлем айтумен сөзін жалғастырады. Бұған негіз Алла тағала Ахзаб сүресінің 56-аятында: «Шын мәнінде, Алла және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады *[Алладан – рақым, періштелерден – жарылқау, дұға]*. Уа, иман келтіргендер! Сендер де оған *[Пайғамбарға]* салауат пен саламаттылық тілеңдер!» деген (Қасиетті Құран, 2015: 505). Осы аяттағы «салауат» сөзі қазақ тілінде «игілік» мағынасын береді (Арабша-қазақша сөздік, 2016: 409). Ал «сәлем» сөзі болса, араб тілінен аударғанда, «бейбітшілік» мағынасында (Арабша-қазақша сөздік, 2016: 343) қолданылады. Алайда бұл екі лексикалық бірлікті теолингвистикалық тұрғыдан қарастырсақ, «салауат» сөзінің мағынасы айтушыға байланысты анықталады. Жоғарыдағы аяттағы «салауат» сөзін көпшілік ғалым келесідей түсіндіреді: Алла тағаланың Мұхаммед пайғамбарға салауат айтуы «Алланың оған деген мейірімі, рақымшылдығы» деген мағынада; періштелердің салауат айтуы «Періштелердің оған жасаған истиғфарлары (яғни Алладан ол үшін кешірім сұраулары), ал адамдардың Мұхаммед пайғамбарға салауат айтулары болса, адамдардың оған дұға жасауы. «Сәләм» сөзінің негізгі мағыналары «бейбітшілік, амандық, саулық», ал Пайғамбарға сәлем айту болса, «оған бұ дүниеде денсаулығының, дінінің, қабірде денесінің сау болуы және ақыретте де әртүрлі ауырытпалықтардан сау болуын тілеп дұға жасау» деген мағына береді (Ислам, 2024).

Жалпы бұл мәселеге қатысты Ибн әл-Қайим кең көлемді зерттеу жүргізіп, جلاء الأفهام في فضل الصلاة والسلام على خير الأنام (Жәләу әл-әфһам фи фадл әс-салати уәс-сәләм ала хайр әл-әнәм) (әл-Жәузи, 1987) атты еңбегін де жазған. Ары қарай сол ислами дәстүрмен Екінші ұстаз Мұхаммед пайғамбардың отбасы мен барша сахабаларына да салауат пен сәлем арнаған. Осы жерде әл-Фарабидің وصحبه أجمعين (уа сахбиһи әжмағин) тура ауд. барша сахабалары сөзінен ғалымның исламның «әһлу әс-сунна уал-жамаға», яғни сунна бағытын ұстанғанын түсінуге болады. Себебі исламның шиға бағытындағылар сунниттер секілді барша сахабаларды құрмет тұтпайды, өкілдері де Мұхаммед пайғамбарға салауат айтылғанда онымен бірге тек оның отбасы ғана айтылады және сахабаларды қосу негізсіз деп санайды (Ақаид, 2024). Осындай бірнеше тіркеске теолингвистикалық талдау жасау арқылы тек өмір сүрген қоғамның ғана емес, сонымен қатар автордың да діни бағыты мен дүниетанымын анықтауға болады. Трактатын жалғастыра отырып, әл-Фараби назарын оқырманға ауыстырады да, сөзін اعلم هداك الله (иғләм һәдәкә Аллаһу) «Алла саған һидаятты нәсіп етсін» деп дұға жасап, «мынаны біл!» деп сөзін бастайды. Тіркестегі «һидаят» араб тілінен аударғанда «жол көрсету», «жолға салу» мағыналарын береді (Әл-Муғжам әл-уасит, 1989: 978), ал діни контекстегі мағынасы болса, «Алла тағала барша адамзатқа соңғы дін ретінде таңдаған ислам жолымен жүру», ал қазақ тілді діни мәнмәтінде «һидаят» немесе «тура жол» деп аударылып жүр.

Келесі кезекте діни шығармаларда «Алла» сөзі секілді жиі кездесетін «субхана» және «тағала» екі сөзіне тоқталамыз. Әл-Фараби де замандастары сияқты трактатында аталмыш екі сөзді көп қолданған. «Субхан» сөзі «пәктеу, дәріптеу, мадақтау» сияқты мағыналар

береді (Арабша-қазақша сөздік, 2016: 978), ал қазақ тіліне аударылған діни әдебиеттерде, көбінесе «кемшілік атаулыдан пәк» ретінде аударылып жүр. Бұл сөзді «кемшіліксіз» деп те аударуға да болады. Сөздің діни мағынасын интерпретацияласақ, «Алла тағаланы Оған лайықсыз барлық сипаттардан тазалау, ұзақ ұстау». Бұл жердегі «Алла тағалаға лайықсыз немесе лайықты емес» тіркес тек кемшілік сипаттары ғана емес, барша жаратылыста бар уақытша сипаттарды да білдіреді, яғни туу, пайда болу, жоқ болу, бір мекенде тұру және т.б. жаратылыстардың жаратылыс екендігін айғақтайтын барлық сипаттан Алла тағаланы биік ұстау, бұл сипаттарды да Аллаға лайықты емес деп түсіну және соған сену де жатады. Ал «тағала» лексикалық бірлігіне келсек, сөз «жоғары болу, биік болу, жоғары тұру» мағыналарын береді (Арабша-қазақша сөздік, 2016: 494). Бұл сөз де «субхан» сөзі секілді «Алла тағалағаны басқа жаратылыс атаулыдан жоғары қою» мағынасын береді. Қазақ тілінде «тағала» сөзі «Алла тағала», «Құдай тағала» және «Тәңір тағала» ретінде кеңінен қолданылады да, көбінесе аударылмай, Құдайдың сипаты ретінде параллель жүреді.

Әл-Фарабидің бұл «Мақалат әр-рафиға фи усул илм әт-табиға» еңбегінің негізін ақыл, рух және нәпсі құрайды. Әл-Фарабидің ойынша, ақыл рух пен жанға қарағанда нәзік, қасиетті нұр және оның бастауы, пайда болуы Алланың ең мәртебелі дидарының нұрынан Өзінде ең бастан бар кәміл ақылдан жаратқан. Екінші ұстаз бұл үштікті (ақыл, нәпсі, рух) Алланың адамзат баласының бойына Өзінің құдіреті, ирадасы (қалауымен) және күш-қуатымен салған рухани нәзік жаратылысы ретінде санайды. әл-Фараби трактатта қолданған құдірет және ирада ұғымдары ислам ақидасы аясында Алланың сипаттары ретінде жиі талданатын ұғымдармен пара-пар. Бұл жерден де оның ислам ақидасы ғылымында жазылған еңбектерге сүйенетіндігін байқаймыз. Одан кейін әл-Фараби осы үштіктің жаратылысына тоқталып, олардың пайда болуының негізі Алланың әмірінен туындайтынын түсіндіреді. «Алланың әмірі» дегенде әл-Фараби Ясин сүресінің «Егер де бір нәрсені *(жаратуды)* қаласа, бар әмірі: «Бол!» деп айту ғана һәм ол бола қалады *(дәл солай бір сөзбен өліні қайта тірілте де алады)*» (Қасиетті Құран, 2015: 531) 82-аятында келген мағынаны меңзеп отыр, яғни Алла бір нәрсені жаратуды қаласа, «пайда бол!», «жаратыл!» деп қана бұйрық береді.

Әл-Фараби ары қарай уахи мен илһәм терминдерін қолданады. Ол Алла тағаладан адамзатқа келіп тұратын нәрселерді (уаридат) Пайғамбарға «уахи», басқа адамдарға (мысалы, әулиелерге) қатыстыны «илһәм» (аян) деп атайды, яғни Алла адамзатқа берілетін хабарларды уахи және илһәм (аян) деп екіге жіктейтін ақида саласының мамандары секілді әл-Фараби де екіге бөліп қарастырады. «Уахи» сөзінің теолингвистикалық талдауы Р.Мұхитдинов зерттеуінде толық жасалған (Мухитдинов, 2021: 96). Одан кейін осы сөзін растау үшін «Және сол сияқты саған да *(уа, Мұхаммед)* Өз әмірімізден Рухты *[Құранды]* уахи еттік» (Қасиетті Құран, 2015: 590) деген Шура сүресінің 52-аятын дәлелге келтіреді және сүннеттің де уахи саналатындығына «Һәм ол *[Мұхаммед пайғамбар]* желіктен сөйлемейді. Ол *[Құран]* – тек *(Пайғамбарға)* түсірілген уахи ғана» (Қасиетті Құран, 2015: 641) деген Нәжім сүресіннің 3-4 аяттарын дәлелге келтіреді. Ол аятта Мұхаммед пайғамбардың тек өз әуейінен сөйлемейтіні, оның тек өзіне уахи етілгендерді ғана жеткізетіні айтылған. Жалпы теолингвистикада (әсіресе ислами бағытта жазылған мәнмәтінде) да, исламтану ғылымдарының барлық саласында да кез келген мәселені талқылау барысында Құраннан, Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен дәлел келтіру, Құран мен сүннет негізінде тұжырым жасау қалыптасқан дәстүр. Әл-Фараби де осы дәстүрмен өзінің пікірлерін Құран аяттарымен, Мұхаммед пайғамбардың хадистерімен қуаттап отырған. Бұл ислам философиясы мен оның өкілдерінің Батыс философиясы мен оның өкілдерінен айырмашылығы мен артықшылығы. Әл-Фараби одан кейін ақылдың жаратылысына кеңінен тоқталып, оны (ақыл) илһәми нұр деп санап, сосын хайуани рухқа осы раббани ирададан (тура ауд. Құдайы қалау) мен құдіреттен берілетіндігін айтады.

Әл-Фараби трактатында Алланың ғылым, мағрифат (білім, тану), құдірет, ираданы жүрекке орналастырғандығын жазады да, адамның жүрегі мен ақылдың нұры арқылы Алланың сырымен барша денеге тарайтынын түсіндіреді. Егер әл-Фарабидің ойын топшылайтын болсақ, ақылдың да, білімнің де, ираданың (қалаудың) да орналасқан жері жүрек екенін аңғарамыз. Жалпы алғанда, ислам ғалымдарының арасында, әсіресе тәпсір ғалымдардың арасында ақылдың орнына, атап айтқанда адамның миы және жүрегіне байланысты екі түрлі пікір қалыптасқан. Адам ақылымен ойланатыны белгілі, ал «оның денедегі орны қайда?» деген сұрақ ерте заманнан бері талас тудыруда. Көпшілік философтар ақылдың орны ми десе, тәпсірші ғалымдардың көпшілігі ақылдың орны жүрек деген пікірді ұстанады. Ақыл мен оның физикалық орналасуы келешекте жеке ғылыми зерттеудің тақырыбы деуге болады. Екінші Аристотель саналатын әл-Фарабидің де мұрасында көпшілік мұсылман ғалымдарын «ақылдың денедегі орны» деген пікірді қолдайтындығын байқаймыз. Бұл тақырыпқа әл-Фарабидің сөзін талдау барысында алда тағы тоқталамыз. Оның пайымдауынша, Алла илһәми ақылдың нұры арқылы ариф (білушіге, танушыға) Өзінің сипаттарын танытады. Бұл пікірін қуаттау үшін қудси хадисте келген « ما وسعني سمائي ولا أرضي ووسعني قلب عبدي المؤمن» (Мен аспаныма да, жеріме де сыймаймын, Мен мүміннің жүрегіне сыямын) мәтінді дәлелге келтіреді. Хадисті көпшілік ғалым әлсіз (дағиф) деп санағанымен, имам әл-Ғазали «Ихия улум әд-дин» кітабында келтірген (әл-Ғазали, 1998: 15). Әл-Фараби осы хадиске «Менің (Алла тағала) ғылымым, құдіретім, ирадам сияды» деп шарх (түсіндірме) жасайды. Ғалым бұл хадисті дағиф санап, дәлелге жарамайды деп уәж айтуышылардың табылатындығын білгендей, ұстанымын Зумәр сүресінің 22-аяты «Әлде Алла кеудесін Исламға ашқан әрі Раббысының нұрына ілескен жан ба *[сол кәпірмен тең бола ма]*? Алланың зікіріне *[Құранға]* жүректері қатайғандар үшін неткен қасірет?! Солар анық адасуда» (Қасиетті Құран, 2015: 96) және Мұхаммед пайғамбардың « **النُّورُ إِذَا دَخَلَ الْقَلْبَ انْشَرَحَ وَانْفَتَحَ**» (Егер нұр жүрекке кіретін болса, ашылады және кеңейеді» (әл-Кәләбази, 1999: 99) деген тағы бір хадисімен қуаттай түседі. Осы жерде Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың арасында болған танымал сұхбаттағы Абайдың сынап қойған сұрағына Мәшһүрдің «Абайдың Құдайы қайда екенін білмеймін, Менің Құдайым жүрегімде» деген сөзінің негізі осы хадис болар деген ой айтуға болады.

Одан кейін әл-Фараби адамға ғылымды, құдіретті, ираданы (қалауды) аян ететін ақылдың нұры мүміннің жүрегіне салған Алланың нұры екендігін жеткізіп, оны адамға ескерту үшін Алла тағаланың «Алла − көктер мен жердің Нұры *[Нұрландырушысы]*! Оның нұрының мысалы: ішінде шырағы бар *(қабырғадағы)* ойықтай, шырақ шынының ішінде, ал шыны дүр жұлдыздай. Ол *[шырақ]* шығыста да, батыста да емес, бір құт-берекелі зәйтүн ағашынан *(майымен)* тұтанады. Оның майы, тіпті от тимесе де, жарық беруге дайын. Нұр үстіне нұр! Алла қалағанын *[қалаған пендесін]* Өз нұрына бастайды. Алла адамдарға мысалдар келтіреді. Әрі Алла – әрбір нәрсені Білуші» (Қасиетті Құран, 2015: 414) деген Нұр сүресінің 35-аятын түсіргендігін айтады. Осыдан кейін әл-Фараби осы сөйлемнің интерпретациясына көшеді. Бұл интерпретацияға сәйкес, аяттағы «Оның нұрының мысалы» дегеніміз «мүміннің жүрегі» және ол мүмін – Пайғамбар. Ал «ойықты» (мишкәт) – оның (Мұхаммед пайғамбардың) кеудесі деп түсіндіріп, «Шырақ» (мисбах) болса, оның кеудесіндегі ақылдың нұры, ал «шыны» (араб тілінде зужажа) – мүміннің жүрегі. Мүміннің жүрегін «Шыны дүр жұлдыздай» деп жұлдызға теңейді. Әл-Фарабидің пікірінше, ақылдың нұры, ғылым, мағрифат пайда болғанда осылардың барлығы жарық беруге дайын тұрады. Сонымен қатар ол «бір құт-берекелі зәйтүн ағашынан *(майымен)* тұтанады. Оның майы, тіпті от тимесе де, жарық беруге дайын» болады. Әл-Фараби осы аяттағы зәйтүн ағашын «Алла тағаланың мүмін құлдың жүрегіне еккен ғылым мен мағрифаттың ағашы» деп анықтама беріп, мұнда Алланың хикметі бар деп санайды. Осы хикмет оның «шығысқа да, батысқа да иілмей тура болуын қамтамасыз етеді». Әл-Фараби ғылым мен мағрифаттың нұрын ақылдың

нұры Алланың әмірінен (жоғарыда талданған) алады деп санайды да, сондықтан оның материалы (араб тілінде мәддасы) шамға тамызық болатын май секілді деген. Одан кейін Екінші ұстаз: «Сонда нұрдың үстіне өзі секілді нұр түседі және бұл Алла тағаланың «Нұр үстіне нұр! Алла қалағанын *[қалаған пендесін]* Өз нұрына бөлейді. Алла адамдарға мысалдар келтіреді. Әрі Алла – әрбір нәрсені Білуші» деген сөзінің мәнісі болады. Бұл ақылдың сипаттары және оның Алла тағаланың жоғары хикметімен ағып отыратын керемет нұрлары», – дейді (әл-Фараби, 2022: 5). Әл-Фараби ойын жалғап: «Бұл да Алла тағаланың ақылды жаратқанда оған: « أن العقل حين خلقه الله تعالى قال له أقبل فأقبل وأدبرْ فأدبرَ فقال وعزتي وجلالي لا أركبنك إلا في أحب الخلق إليّ وهو عقل النبي صلى الله عليه وسلم» (Ақылды жаратқанда Алла тағала оған: «Кел!» – деді, ол келді. «Кет!» – деді, ол кетті. Сонда Өзімнің үстемдігіммен, ұлықтығыммен қасам ішемін! Сені (яғни ақылды) Өзіме ең сүйікті жаратқаныма саламын» деді. Ол Пайғамбардың ақылы еді» деп айтуына дәлел болады», – дейді (әл-Фараби, 2022: 5). Әл-Фарабидің бұл сөздерінің негізі хадисте келгенімен, мағынасы жағынан сәл айырмашылық бар. Сондықтан да оны хадис деп атамаса керек. Ал хадистің мәтінінде бұл « لَمَّا خَلَقَ اللهُ عَزَّ وَجَلَّ الْعَقْلَ، قَالَ لَهُ: أَقْبِلْ فَأَقْبَلَ، ثُمَّ قَالَ لَهُ: أَدْبِرْ فَأَدْبَرَ، وَقَالَ: مَا خَلَقْتُ خَلْقًا هُوَ أَحَبُّ إِلَيَّ مِنْكَ إِنِّي بِكَ أَعْبَدُ، وَبِكَ أُعْرَفُ، وَبِكَ آخُذُ، وَبِكَ أُعْطِي» (Алла азза уажәллә ақылды жаратқанда оған: «Кел!» – деді, ол келді. «Кет!» – деді, ол кетті. Сонда Алла: «Маған сенен сүйіктірек нәрсе жаратпадым. Сенімен Маған құлшылық жасалады, сенімен Мені таниды. Сенімен аламын. Сенімен беремін) деп келген. Көпшілік мухаддис ғалымдар бұл хадисті де дағиф санаған. Хадисті имам әт-Табарани өзінің «әл-Муғжам әл-әусат» кітабында (әт-Табарани, 1993: 190) және имам әл-Байһақи «Шуғаб әл-иман» кітабында риуаят еткен (әл-Байһақи, 2003: 348). Әл-Фараби жоғарыда айтылған «Ақылдың орны жүрек» деушілерге осы хадисте де дәлел бар деген. Ғалымның бұл пікірді қолдайтындығына келесі сөзі дә дәлел болады. Ол осы пікірді айтқаннан кейін сөзін: « وإن زعم زاعم أنه في الدماغ أو سائر البدن فتلك أنواره التي تخرج أولا من القلب بما أراده الله تعالى من الإلهام ثم تعود إليه كما يخرج الإنسان من بيته الذي هو مسكنه ثم يعود إليه والله أعلم بغيبه وأحكم» (Тіпті ақылды мида не барлық денеде деп ойлаушы ойлайтын (болжаушылар болжайтын) болса да (яғни ақыл жүректе). Өйткені ол әуелі Алла тағаланың илһамнан (аяннан) қалағанын алып, жүректен шығатын нұрлар. Сосын ол адамның тұратын үйіне қайтқанындай соған (яғни жүрекке) қайтады. Алла Өз ғайыбындағыны (әл-Фараби бұл жерде біздің әлемнен тыс жаратылыстарды, ғайып әлемін меңзеп отыр) жақсы біледі және «Ең Дана» деп жалғастырады. Мына сөйлем арқылы әл-Фарабидің өз сөзін түпнұсқада жазып, талдауды қаладық. Себебі оның осы сөздерінен оның бірнеше ойын анықтауға болады. Бірінші, әл-Фараби «ойлаушы ойласа да» деген мағынаны араб тіліндегі «زعم» етістігімен берген. Бұл етістік «ойлау» деген мағынаны бергенімен әлсіз пікірге, әлсіз ойға, жалғанға, күмәнді нәрселерге қатысты қолданылады (Әл-Муғжам әл-уасит, 1998: 394). Сондықтан оны қазақ тіліне «жорамалдау», «шамалау», «долбарлау» деп аударған дұрыс. Діни еңбектерде бір мәселеге қатысты бірнеше пікір келгенде әлсіз, күмәнді пікірге осы «زعم» етістігі қолданылады. Бұл да әл-Фарабидің ислам діні ғылымдарындағы ғалымдардың қолданған әдісін қолданғандығын көрсетеді. Әл-Фарабидің пікірінше, «ақылдың орны ми» деген пікір – әлсіз пікір. Осы бір сөзге талдау жасау арқылы да әл-Фарабидің бұл мәселеге қатысты көзқарасын анықтауға болатындығын осы жерде көз жеткіздік дей аламыз. Бұл да оның шығармаларына теолингвистикалық талдау жасаудың маңыздылығын көрсетеді. Сосын діни еңбектерде қарсы тараптың пікірін келтіріп, оның әлсіз тұстарын, өз пікірінің күшті тұстарын баяндағаннан кейін қарсы пікірдегілерге құрмет көрсетіп «Ең дұрысын Алла білуші» деп аяқтайтын әдіс бар. Әл-Фараби де тура осы әдіспен «Ақыл мида» деушілердің пікірін құрметтеп, «Алла Өз ғайыбындағыны жақсы біледі және Ең Дана» деп сөзін аяқтайды.

Зерттеу нәтижелері

Әл-Фараби «Мақалат әр-рафиға фи усул илм әт-табиға» (Табиғат ғылымы негіздеріндегі жоғары мақалалар) атты еңбегіндегі «Ақыл» туралы мақаласында ақылдың жаратылысы туралы өз зерттеулерін Құранның аяқттарына тәпсір жасау (түсіндіру), Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне шарх (түсіндірме) жасау арқылы, соларды негізге ала отырып жүргізеді. Оның сөйлемдерінен, сөз саптауларынан, қолданған сөздерінен келесідей діни көзқарастарын анықтай алдық. Олар:

1. Әл-Фараби өзін Құран мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерін басшылыққа толық алатын мұсылман ретінде танытады.

2. Әл-Фарабидің сөзін бисмилләмен, Пайғамбарға салауат айтумен бастағанан кейін, сахабалардың барлығын салауаттар мен сәлем айтуы негізі айғақ болмаса да, оның исламның сүнниттік бағытын ұстанатындығын көрсетеді.

3. Хадистердің сахих-дағифтығын (дұрыс, әлсіз) ескере отырып, оларды дәлел ретінде пайдаланғандығы хадис ғылымынан, хадистің түрлерінен, олардың дәлелге жарау-жарамауынан хабардар болғандығын байқатады.

4. «Ақылдың орны жүрек пе, ми ма?» деген мәселеде көпшілік философ ғалымдар секілді емес, көпшілік мұсылман ғалымдары секілді «Ақылдың орны жүрек» деген пікірді ұстануы оның кәлам, тәпсір ғалымдарының да пікірлерін қуаттайтын тұстары бар екендігін айғақтайды.

5. Әл-Фарабидің ислам ғылымдары бойынша жазылған ғылыми еңбектерде қолданылатын терминдерді, кейбір тілдік айналымдарды қолдануы оның ислам ғалымдарының дәстүрін де басшылыққа алатындығын көрсетеді.

Қорытынды

Әл-Фарабидің ақидасын, мәзһабын, жалпы діни ұстанымдарын анықтау үшін оның барлық еңбектеріне кешенді зерттеулердің ішінде арнайы теолингвистикалық талдау жүргізу маңызды. Оймызды қорыта келе, әл-Фарабидің және басқа да қазақ даласынан шыққан ойшылдарының еңбектеріне, шығармаларына теолингвистикалық талдау жасау арқылы олардың діни ұстанымдарын, ақидаларын, мәзһабтарын анықтауға болатындығын және мұндай зерттеулердің маңызды екендігін тұжырымдаймыз. Зерттеу нысанына айналған Мақалат әр-рафиға фи усул илм әт-табиға трактаттың Ақыл бөлімінің негізінде қолданылған терминологиялық сөздер мен сөз тіркестеріне тоқталып, ортағасырлық ғалымның басқа да замандас ғалымдар секілді Құран мен Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне негізделіп, олардың мәтіндерімен ұштастыра зерттеу жүргізгенін анықтадық. Сонымен қатар, ортағасырлық ислам философиясы мен жалпы философияны толғандыратын мәселелердің бірі ақылдың адам ағзасындағы орнына қатысты әл-Фараби оның (ақылды) миға емес, жүрекке орныққандығын алға тартады.

Әдебиеттер:

Ақаид. [Электронды ресурс]. URL: https://aqaed.net/faq/4319/ (Қараған күн: 06.08.2024).

Арабша-қазақша сөздік / Түзушілер: Ы.Палтөре, Ж.Жүсіпбеков, Р.Мухитдинов, Қ.Қыдырбаев т.б. Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2016. 918 б.

Ахмад ибн Ханбал. Муснад. Каир: Дәр әл-хадис, 1995. 8 т. 546 б.

Әбу Бәкір әл-Кәләбази. Бәхр әл-фәуәид (Мағани әл-ахбар). Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-илмия, 1999.

Әбу Насыр әл-Фараби. Усул Ъилм ат-Табиъа (Табиғат ғылымының негіздері) / Қазақ тіліне ауд.: Ы.М. Палтөре, орыс тіліне ауд.: А.А. Мустафаева. Алматы: «Асыл кітап» Баспа үйі, 2022. 102 бет.

Әбу Хамид әл-Ғазали. Ихия улум әд-дин. Бейрут: Дәр әл-мағрифа, 2018. 3 т.

Әл-Муғжам әл-уасит. Стамбұл: Дәр әд-дуғуа, 1989. 1067 б.

Ибн Қайим әл-Жәузи. Жәләу әл-әфһам фи фадл әс-салати уәс-сәләм ала хайр әл-әнәм. Кувейт: Дәр әл-уруба, 1987 б.

Имам Әбу Бәкір әл-Байһақи. Шуғаб әл-иман. Һинд: Мәктәбәту әр-рушд, 2003. 6 т.

Ислам. [Электронды ресурс]. URL: https://islamqa.info/ar/answers (қараған күн: 06.08.2024).

Қасиетті Құран және Қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы / Ауд.: С.З. Ибадуллаев. Алматы: 2015. 744 б.

Мухаммад ибн Исмағил әл-Бухари. Әл-Әдәб әл-муфрид. Әр-Рияд: Мәктәбату әл-мағариф, 1998. 460 б.

Мухитдинов Р.С. Әл-Фарабидің «Усул ъилм ат-табиъа» трактатына теолингвистикалық талдау (еңбектегі «ақыл» бөлімі негізінде) // Әл-Фараби университеті. Шығыстану сериясы. 2021. № 3 (98). Б. 92-100.

Сулейман ибн Ахмад әт-Табарани. Әл-Муғжам әл-әусат. Каир: Дәр әл-харамайн, 1993. 7 т.

References:

Abu Bakr al-Kalabazi. Bahr al-Fawaid (Maghāni al-Akbar). Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyah, 1999.

Abu Hamid al-Ghazali. Ihya Ulum ad-Din. Beirut: Dar al-Ma'arifa, 2018. 3 vol.

Abu Nasr al-Farabi. Usul Ilm at-Tabiʿa (Fundamentals of Natural Science) / Translated into Kazakh by: Y.M. Paltore, into Russian by: A.A. Mustafayeva. Almaty: “Asyl Kitap” Publishing House, 2022. 102 p.

Ahmad ibn Hanbal. Musnad. Cairo: Dar al-Hadis, 1995. 8 vol. 546 p.

Al-Mujam al-Wasit. Istanbul: Dar ad-Du'a, 1989. 1067 p.

Aqaid. [Electronic Resource]. URL: https://aqaed.net/faq/4319/ (accessed: 06.08.2024).

Arabic-Kazakh Dictionary / Compilers: Y. Paltore, J. Jusipbekov, R. Mukhitdinov, Q. Qıdırbaev, et al. Almaty: “Nur-Mubarak” Publishing House, 2016. 918 p.

Ibn Qayyim al-Jawzi. Jala al-Afham fi Fadl as-Salati wa as-Salam ala Khayr al-Anam. Kuwait: Dar al-Uruaba, 1987.

Imam Abu Bakr al-Bayhaqi. Shu'ab al-Iman. Hind: Maktabat ar-Rushd, 2003. 6 vol.

Islam. [Electronic Resource]. URL: https://islamqa.info/ar/answers (accessed: 06.08.2024).

Muhammad ibn Ismail al-Bukhari. Al-Adab al-Mufrid. Riyadh: Maktabat al-Ma'arif, 1998. 460 p.

Mukhitdinov R.S. Al-Farabi’s “Usul ʿilm at-tabiʿa” Treatise: A Theolinguistic Analysis (Based on the “Intellect” Section) // Al-Farabi University. Oriental Studies Series. 2021. No. 3 (98). P. 92–100.

Sulaiman ibn Ahmad at-Tabarani. Al-Mujam al-Awsat. Cairo: Dar al-Haramain, 1993. 7 vol.

The Holy Quran and Its Meaningful Translation into Kazakh / Translated by: S.Z. Ibadullaev. Almaty: 2015. 744 p.

[1]Мухитдинов Р.С. [2]Мустафаева А.А. [3]Дулаева Э.З.

[1]Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

[2,3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[1]E-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, [2]rummana@mail.ru,

[3]elnara1981dulayeva@mail.ru

ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ АППАРАТ АБУ НАСРА АЛЬ-ФАРАБИ: ТЕОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ (НА ОСНОВЕ ТРАКТАТА «УСУЛ ИЛМ АТ-ТАБИЯ»)

Аннотация. В данной статье рассматривается один из трактатов Абу Насра аль-Фараби «Макалат ар-рафига фи усул илм ат-табиа» (крат. Усул илм ат-табиа), который стал объектом перевода и исследования только после обретения Казахстаном независимости. В исследовании приведены религиозные слова и словосочетания в разделе «Разум» настоящего трактата, их перевод с исходного – арабского на казахский язык, а также теолингвистический анализ. Составляющими трактата являются разум, душа и дух, на которые Второй Учитель акцентирует внимание, определяя их место не только в теле человека, но и в его окружении в целом, сочетая их с религиозными текстами, включая Коран и хадисы, и проводит междисциплинарный анализ. Изучение текста трактата позволит определить религиозное мировоззрение автора, отношение к религии, отнесенность к какому-либо вероисповеданию. Цель статьи заключается в проведении тео- и лингвистического анализа в комплексе религиозному терминологическому аппарату в тексте трактата аль-Фараби «Усул илм ат-табиа». Объектом исследования является одна глава трактата аль-Фараби и ее религиозный терминологический аппарат. Методы исследования – анализ, переводческий, диахронный, синхронный, описание, сравнение, источниковедческий, герменевтика, интерпретация. Новизна исследования определяется с изучением теолингвистических аспектов главы трактата. Для достижения цели были поставлены следующие задачи: сравнить и сопоставить исходный текст на арабском и переведенный текст на казахский язык; определить религиозные термины и понятия в исходном тексте; сравнить их использование с ключевыми исламскими трудами – Кораном и хадисами; провести их теолингвистический анализ. В результате исследования был полностью рассмотрен раздел, посвященный разуму трактата аль-Фараби «Усул илм ат-табиа», выделен основной терминологический аппарат, проведен теолингвистический анализ, выполнены перевод и интерпретация ряда терминологических единиц, используемых в религиозном и нерелигиозном контексте, а также определено место разума в наследии Второго учителя и его мировоззрении.

Ключевые слова: аль-Фараби, арабский язык, трактат, религия, теолингвистика, перевод, интерпретация.

[1]Mukhitdinov R.S. [2]Mustafayeva A.A. [3]Dulayeva E.Z.
[1]Egyptian University of Islamic culture Nur Mubarak, Almaty, Kazakhstan
[2,3]al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan
[1]E-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, [2]rummana@mail.ru,
[3]elnara1981dulayeva@mail.ru

TERMINOLOGICAL APPARATUS OF ABU NASR AL-FARABI: THEOLINGUISTIC ANALYSIS (BASED ON THE TREATISE ‘USUL ILM AT-TABIYAH’)

Abstract. This article examines one of Abu Nasr al-Farabi's treatises, ‘Maqalat ar-Rafiqa fi Usul ʿIlm at-Tabiʿa’ (commonly referred to as Usul ʿIlm at-Tabiʿa), which has been the focus of translation and research only since Kazakhstan gained independence. The study presents an analysis of religious terminology in the ‘Aql (mind)’ section of this treatise, including its translation from the source language Arabic into Kazakh and a theolinguistic analysis. The treatise discusses key components such as aql, nafs, and rukh, emphasizing their roles not only in the human body but also in the broader context of the environment. Al-Farabi integrates these concepts with religious texts, including the Quran and Hadith, and conducts an interdisciplinary analysis. This examination aims to elucidate the author's religious worldview, his stance towards religion, and his affiliation with a particular faith. The purpose of the article is to perform a theo- and linguistic analysis of the

religious terminology in al-Farabi's Usul ʿIlm at-Tabiʿa. The object of the study is one chapter of al-Farabi's treatise and its religious terminology. The methods of the study are analysis, translation, diachronic, synchronic, description, comparison, source study, hermeneutics, interpretation. The novelty of the study is determined by the study of the theolinguistic aspects of the chapter of the treatise. The study undertakes the following tasks: comparing the original Arabic text with its Kazakh translation; defining religious terms and concepts in the original text; comparing their use with key Islamic texts such as the Quran and Hadith; and conducting a theolinguistic analysis. The study reveals a comprehensive review of the section on mind in al-Farabi's treatise, identifies key terminology, performs a theolinguistic analysis, translates and interprets several terminological units used in both religious and non-religious contexts, and determines the place of aql in the legacy of the Second Teacher and his worldview.

Keywords: al-Farabi, Arabic language, treatise, religion, theolinguistics, translation, interpretation.

Авторлар туралы ақпарат:

Мухитдинов Рашид Сражович Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің доценті м.а., Алматы, Қазақстан.

